МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТҮРКІ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

IV ТОМ

МӘДЕНИ МҰРА

“МӘДЕНИ МҰРА” МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ТАЛДАП-БЕЛГІЛЕНДІ

D:\ 2\ 2 \kazaxctan tarihi turali turki derektemeleri 4 tom\a.tif_page 4

“МӘДЕНИ МҰРА” МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Құл-Мұхаммед М. А., *бас редактор*
Тәжин М. М., *бас редактордың орынбасары*
Нұрғазин Н. М., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж. М.
Әбусейітова М. Қ.
Әуезов М. М.
Байпақов К. М.
Бұрханов К. Н.
Ертісбаев Е. Қ.
Зиманов С. З.
Кекілбаев Ә.
Қасқабасов С. А.
Мағауин М. М.
Мәмбеев С. А.
Нұрпейісов Ә. К.
Нысанбаев Ә. Н.
Рахмадиев Е. Р.
Сұлтанов Қ. С.
Сүлейменов О. О.
Тасмағамбетов И. Н.
Хұсайынов К. Ш.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Р. Б. СҮЛЕЙМЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ШЫҒЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ

МӘДЕНИ МҰРА

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ТУРАЛЫ ТҮРКІ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

IV ТОМ

МҰХАММЕД-САДЫҚ ҚАШҒАРИ

ТАЗКИРА-ЙИ ‘АЗИЗАН

Алматы
“Дайк-Пресс” 2006

ББК 63.3 (5 Каз)
Қ 18

“МӘДЕНИ МҰРА”
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
ШЫҒЫСТАНУ СЕКЦИЯСЫ:

Әбусейітова М. Қ. (төрайым),
Муминов Ә. Қ. (төрайымның орынбасары),
Медерова Д. Е. (жауапты хатшы),
Еженханұлы Б., Базылхан Н., Нұрманова А. Ш.

Кіріспе, қазақ тіліне аударма, түсіндірмелері,
мәтін факсимилесі, көрсеткіштер
А. Ш. Нұрмановаңікі

Ғылыми редакторы **Ә. Қ. Муминов**

ISBN 9965-798-34-6

© Нұрманова А. Ш., аудармалар, түсіндірмелер, мәтін факсимилесі, көрсеткіштер, 2006
© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

КІРІСПЕ

Қазақ тіліндегі толық аудармасы мен мәтіні алғаш рет шығарылып отырған "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасы мұсылман әдебиетінің агиографиялық (манақиб) жанрына жатады[1]. Онда діни қайраткерлердің ішіндегі аса көрнекті сопы шейхтардың жасаған діни ғажайыптары мен батырлығын суреттейтін әңгімелер жинақталған. Агиографиялық шығармалар белгілі бір сопы шейхтардың өмірінен мәлімет беріп қана қоймай, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірден, географиялық орта мен халықтардың салт-дәстүрлерінен мол мағлұмат береді. Мұндай шығармалардан айқын тарихи фактілерді саралап алудың қиындықтары көп, өйткені оларда бұл фактілер аллегориялық, символдық жолдармен және субъективтік тұрғыдан сипатталған. Сипатталған оқиғаларды тура мағынасында түсінуге келмейді, әрі шығарманы жазған діндар кісінің өз көзқарасы мен өзіндік тілі және әңгімелеу мәнері болады. Сондықтан шығармалар нақты ғылыми тұрғыдан қарастырылып, зерттелуі қажет, сонымен қатар олардың шынайылығын осы уақиғалар суреттелген қарсы көзқарастағы шығармалармен салыстырып, зерттегенде ғана анықтауға болады. Агиографиялық шығармаларға Кеңес заманында көңіл аударылмай, олар арнайы зерттеу аясына қамтылмай келді. Қазіргі уақытта бұл мазмұндағы шығармаларды зерттеудің маңыздылығы анық болды. Осыған орай алдымен аталмыш шығармалардың мәтіндерін және олардың түсіндірмелер берілген аудармаларын жариялау өзекті ғылыми міндет болып отыр.

---

[1] *Zarcone Th.* L'hagiographie dans le monde turc // *Aigle D.* (éd.). Saints orientaux. Paris: De Boccard, 1995. P. 55–67; *Исмоилов Л.* Жития мусульманских святых (манакиб) как исторический источник XVI в. Кемерово: Кедр, 2001.

Мұхаммед-Садық Қашғаридің "Тазкира-йи 'азизан" шығармасы — Нақшбандийа ағайындастығы (тариқат)[2] тұрғысындағы парсы және түркі тілдерінде жазылған агиографиялық шығармалармен байланысты және осы дәстүрді[3] жалғастыратын шығарма. Мұндай шығармаларда әңгіменің өзегі болып отырған шейхтардың әулиелігін, киелілігін дәлелдеу үшін өзінен бұрын жазылған шығармалардан алдында өткен әулиелердің мәліметтері компилятивті түрғыда көшіріліп беріліп отырады. Олардың ішінде Қожаған[4] шейхтары, әсіресе ағайындастықтың эпонимі Баха' ад-дин Нақшбанд (1318—1389)[5], оның шығармашыл шәкірті Қожа Мұхаммед Парса (1420 ж. қайтыс болған)[6] және басқалар өте маңызды орын алған.

Қожа Убайдаллах Ахрар аш-Шаши (1404—1490)[7] Нақшбандийа тариқатының ішінде үлкен өзгертулер жасап, жеке-дара басшы (пишва-йи тариқат) дәстүрін енгізді. Бұның нәтижесінде Нақшбандийа тариқаты зор ықпалға ие болып, Орта Азия өмірінде шешуші саяси факторға айналды. Осындай жаңалықтың енгізілуі салдарынан XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында Нақшбандийа тариқаты шейхтары арасында өзара бақталастықтар болды[8]. Бұл күресте осы тариқаттың ферғаналық өкілі Махдұм Ағзам (Ахмад Хʷаджаги ибн Джамал ад-дин Касани

---

[2] *Algar H.* A Brief History of the Naqshbandi Order // *Gaborieau M., Popovic A., Zarcone Th.* (éds.). Naqshbandis. Cheminements et situation actuelle d'un ordre mystique musulman. Istanbul-Paris: Isis, 1990. P. 3—44; *Акимушкин О. Ф.* Накшбандийа // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Под редакцией С. М. Прозорова. Том I. М.: Восточная литература, 2006. С. 306—308.

[3] *Исмоилов Л.* Жития мусульманских святых... С. 6.

[4] *Хисматулин А. А.* Хʷаджаган // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 414—425.

[5] *Акимушкин О. Ф., Некрасова Е. Г., Тураев Х.* Накшбанд // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 299—306.

[6] *Муминов А. К., Пауль Ю.* Мухаммад Парса // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 293—296.

[7] *Каримов Э. Э.* Ахрар // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 43—45.

[8] *Бабаджанов Б. М.* Политическая деятельность шайхов Накшбандийа в Мавераннахре (I пол. XVI в.): Автореферат дисс. ... канд. ист. наук. Ташкент: Институт востоковедения АН РУз, 1996.

Дахбиди, 1464–1542)[9] жеңіп шықты. Сол кезден бастап күні бүгінге дейін Махдум Ағзамның дүниежүзіне кең тарап кеткен сансыз ұрпақтары көрнекті қызмет атқарып келеді. Олардың басым көпшілігі Мауераннахрда[10], Шығыс Түркістанда[11], кейбірі Үндістанда[12], Қазақстан жерінде[13] де бар. Кезінде оның ұрпақтарының біразы Шығыс Түркістанда саяси билікке жеткен[14]. Олар өз ішінде екі топ болып (Афақийа немесе Ақтаулықтар[15] және Ысқақийа немесе Қаратаулықтар)[16] бөлініп, мұның салдарынан саяси билік үшін ұзақ уақыттарға созылған тартыстар болған.

Нақшбандийа тариқатына қатысты агиографиялық шығармалар ішінде Махдум Ағзам ұрпақтарының басымдылығына, олардың саяси рөлінің күшеюіне, аумақтың рухани өміріндегі ықпалының ар-

---

[9] *Бабаджанов Б. М.* Махдум-и А'зам Парса // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 262–263.

[10] *Каттаев К.* Махдум-и А'зам және Дахбед. Самарқанд: Соғдийан, 1994 (өзбек тілінде).

[11] *Schwarz H. G.* The Khwajas of Eastern Turkistan // Central Asiatic Journal. 20/4 (1976). P. 266–295.

[12] Үндістандағы Нақшбандийа туралы: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм: краткая история / пер. с англ. М. Г. Романов. СПб.: Издательство "ДИЛЯ", 2004. С. 262–267, 322–328; *Zarcone Th.* Une route de sainteté islamique entre l'Asie centrale et l'Inde: La voie Ush-Kashgar-Srinagar // Cahiers d'Asie centrale, Tashkent-Aix-en-Provence: Édisud, 1–2. 1996. P. 227–254.

[13] Қазақ қожалары ішіндегі Қылышты қожа руы өздерін Махдум Ағзам ұрпағы деп есептейді. Олардың сиынатын бабасы Бұрхан ад-дин Қылыш мазары, ол Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында орналасқан. Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан қаласының тұрғыны Амал-қожа Ибадуллаевтың қолындағы парсы тілінде араб жазуымен жазылған шежіреде Қылышты қожа әулеттерін тікелей Махдум Ағзаммен байланыстырады (Ә. Муминовтың ауызша дерегі, 2006 ж. желтоқсан айы, Алматы).

[14] *Togan I.* Chinese Turkestan. Under the Khojas // Encyclopaedia Iranica. vol. V (1992). P. 474–476.

[15] *Saguchi Toru.* The Revival of the White Mountain Khwajas, 1760–1820 (from Sarimsaq to Jihangir) // Acta Asiatica. Bulletin of the Institute of Eastern Culture (The Toho gakkai. Tokyo). 1968. № 17.

[16] *Togan I.* Differences in Ideology and Practice: The Case of the Black and White Mountains Factions // Journal of the History of Sufism. 3. Paris: J. Maisonneuve, 2001–2002. P. 25–38.

туына байланысты оларға арналған шығармалар дараланып, өзіндік жергілікті ерекшелігі бар жеке бағытқа айналды[17]. Оларға арналған көптеген шығармалар жазылды. Қазіргі кезге дейін қолжазба күйінде қалып отырған бұл шығармаларды зерттегенде олардың авторларының өзіндік көзқарасын және қай тарапқа жақтас екенін, оның Афақийа және Ысқақийа бағыттарының қайсысын мақтап, қайсысын даттап отыратынын айқын анықтаудың үлкен мәні бар.

Автор

Авторы тарихшы және діни қайраткер — Мұхаммед-Садық Қашғари (1849 ж. қайтыс болған).

Мұхаммед-Садық Қашғари Махдұм Ағзам ұрпақтарының қай бағытын ұстанушы деген мәселеде екі пікір қалыптасқан. О. Ф. Акимушкин өз зерттеуінде Мұхаммед-Садықты ақтаулықтардың жақтаушысы[18] деп санаса, Ю. Г. Баранова оны қаратаулықтардың жақтасы дейді[19]. Біздің зерттеулеріміз бойынша Мұхаммед-Садық Қашғари Ысқақийа, яғни қаратаулықтар бағытының өкілі, бұл пікірімізге дәлел болатындай төмендегідей мәліметтер бар. Біріншіден, ол өз шығармасын Қашғар әмірі Осман бек ибн Хади бектің және оның анасы Рахима-ағашаның сұрауымен[20] жазған. Олардың қаратаулық қожалардың жақтастары екендігі белгілі. Сонымен қатар автор кейбір бөлімдерді Ысқақийа қожалары тарихына арнаған. Афақийа/ақтаулықтар жақтастары туралы сөз болғанда, олар туралы жағымсыз: *бидғатшы*, *рафизит*, т. б. деген сөздерді қолданып отырады.

---

[17] Махдұм Ағзам ұрпақтары туралы шығармаларды дербес тақырып ретінде зерттеу туралы алғашқы ұсынысын жасаған профессор Девин ДеУиске (АҚШ, Индиана университеті) алғысымызды білдіреміз.

[18] Шах-Махмуд ибн мирза Фазил Чурас. Хроника / Критический текст, перевод, комментарий, исследование и указатели О. Ф. Акимушкина. М., 1976. С. 323.

[19] *Абусеитова М. Х., Баранова Ю. Г.* Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII–XVIII вв. (биобиблиографические обзоры). Алматы: Дайк-Пресс, 2001. С. 333.

[20] *Мұхаммед-Садық Қашғари.* Тазкира-йи ʻазизан. Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург филиалының қолжазбасы, шифры — D 191. Б. 3[6].

Мұхаммед-Садық Қашғаридің өмір сүрген тұсында жазылған тарихи еңбектердің ешқайсысында оның қай жылы туылғаны жөнінде нақты дерек кездеспейді[21]. Өз шығармасында автор өзі туралы төмендегідей мәлімет береді: 1) атын Мұхаммед-Садық Қашғари деп атайды, мысалы өзін "Бұл кемтар да бейшара пақыр, яғни Мұхаммед-Садық Қашғари", "Пақырлардың пақыры, кемсіндердің кемсіні Молла Садық Қашғари", "Молла Садық", бәйіттерінде "Куәгер Садық", "Садық" деп, 3б, 4б, 70а, 124б, 126а, 127б, 132а, 135б, 137а, 138а, 163а, 174б—12 бетте 15 рет атайды; 2) автордың өзі шығарған 11 поэтикалық шумақтары шығарманың: 4б, 70а, 124б, 126а, 127б, 132а, 135б, 137а, 137б, 162б, 174б парақтарында келтірілген. Бұл шығармаларын автор, біріншіден, өзі бастап отырған іске пәрмен сұрау, одан соң сипаттап отырған оқиғалардың әсерімен, соларға өз көзқарасын білдіру мақсатында жазған.

Мұхаммед-Садық Қашғаридің өмір тарихынан нақты мәлімет сақталмағанымен, оның өзі жазған көптеген шығармалары жетіп отыр[22]. Олар:

1. "Зубдат ал-маса'ил", парсы тілінде
2. "Тазкира-йи асхаб-и кахф"[23], парсы тілінде

---

[21] Мұхаммед-Садық Қашғаридің шығармашылығын зерттеп жүрген кейбір кісілер тарихи мәліметтер жетіспеген жағдайда өз болжамдарын айтып жүр. Мысалы, Мұхаммед-Садық Қашғари 1138/1725 жылы Қашғар қаласында Мулла Шах Алам Ахун есімді діни қайраткердің жанұясында дүниеге келген. Алғашқы сауатын әкесінен ашып, Қашғардың атақты конфессиялық оқу орындарының бірі — Дәулетбағ иелігіндегі "Мадраса-йи хамидийада" парсы тілін, қисап, әдебиет, тарих, жағрафия пәндерін оқып, діни білімін жетілдірген. Өз заманының білімді кісілерінің бірі болып шыққан. Қашғар хандық медресесінде тәлім берген. Ол хижраның 1266/1849 жылы 128 жасында Қашғардағы бір саяси топаланда қаза тапқан дейді. Бұл мәліметтер ақиқаттан алшақ (Мұхаммед-Садық Қашғари. Тазкира-йи азизан. Қашғар: Қашғар ұйғыр нашрийаты, 1988).

[22] *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей Института востоковедения Российской академии наук / Отв. ред. О. Ф. Акимушкин. М.: Издательская фирма "Восточная литература" РАН, 2002. С. 192.

[23] "Тазкира-йи хазрат-и султан-и асхаб ал-кахф". СПб. С. 562: *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... С. 193; "Тазкира-йи асхаб-и кахф" — Турфандағы үңгір туралы аңыз, бұл туралы қараңыз: *Shinmen, Yasushi.* The History of the Mausoleum of the Ashab al-Kahf in Turfan // The Memoirs of the Toyo Bunko. 62 (2003). P. 83—104.

3. "Адаб ас-салихин"[24]
4. "Кийафат ал-башар"
5. "Рисала-йи каспидар"

Сонымен қатар парсы тілінен түркі тіліне аудармалары:

6. "Та'рих-и искандарийа ва тадж-нама-йи шаһи" немесе "Тарджума-йи та'рих-и Табари"[25]
7. "Тарджума-йи та'рих-и Рашиди"
8. "Раузат ал-ва'изин-и Фарахи"[26]
9. "Мунаджат"[27]

Бұл шығармалардың ішінде ең көлемді әрі дерек, мәліметтері бәрінен мол осы "Тазкира-йи 'азизан". Орта Азия мен Қазақстан тарихын зерттеушілер үшін өте маңызды дерек көзі болып табылады.

Шығарманың аталуы

Ғылыми еңбектерде бұл шығарманың төрт түрлі аталымы белгілі. Біріншісі "Тазкира-йи 'азизан"[28] (Әзіз-әулиелердің өмірбаяны), екінші "Тазкира-йи қожаған"[29] (Қожағандардың өмірбаяны) деп

---

[24] Шығыстық мұсылман қауымының әдет-ғұрыптарының жинағы болып табылатын "Адаб ас-салихин" шығармасын 1895 жылы Н. С. Лыкошин Стамбулда шыққан литографиялық басылымынан орыс тіліне аударып Ташкентте жеке кітап етіп шығарған, ал 1900 жылы ол Түркістан генерал-губернаторы С. М. Духовскойдың үкімімен жарияланған "Сборник материалов по мусульманству" жинағының II томына қосылған. Мухаммед Садык-и-Кашкари (Адаб-уль-салихын). Кодекс приличий на Востоке. Ташкент: Камалак, 1992.

[25] "Та'рих-и Искандарийа ва тадж-нама-йи Шаһи" немесе "Тарджума-йи Та'рих-и Табари" аудармасының бар екендігін кезінде Ш. Уәлиханов атап кеткен. Бұл аударма қашғарлық Хаким-бек Искандер-вали ибн Эмин-ходжаның ұлы Йунус Таджидің үкімімен жасалынған. *Валиханов Ч. Ч.* Собрание сочинений в пяти томах. Т. I. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1961.

[26] "Раузат ал-ва'изин". СПб. D 150: *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... С. 193.

[27] Мухаммад Садык Кашгари. "Мунаджат". СПб. В 734: *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... С. 336.

[28] "Тазкира-йи 'азизан" атауы: СПб. D 191, $6^{б}$ парақта; СПб. В 776 қолжазбада $8^{б}$ парақта.

[29] "Тазкира-йи қожаған" атауы: СПб. D 126, $4^{а}$ парақта.

аталынады. Үшіншісі — "Тазкира-йи Жаһан"[30] (Жаһанның өмірбаяны). Шығарманың төртінші аталымы — "Китаб-и дурр-и мазхар"[31] (Оқиғалар інжуі кітабы).

"Тазкира-йи қожаған" деген атау шығарманың қысқартылған нұсқасының аталуы. "Тазкира-йи Жаһан" аталуының себебі Мұхаммед-Садық Қашғаридің бұл еңбегінде XVIII ғасырдың ортасындағы шығыстүркістандық көрнекті діни-саяси қайраткер — қаратаулық қожа — Қожа Жаһан аталып кеткен Йақұб-қожамның өмірбаяны негізгі орын алады. Шығармада басқа да әзіздердің өмірбаяндары берілген. Сондықтан сипаттамалық болып табылатын "Тазкира-йи Жаһан" деген атау мамандар арасында сирек қолданылады. Біздің ойымызша, ғылыми зерттеулерде кеңінен қолданылып келе жатқан, әрі шығарманың өзінде де осылай деп аталған "Тазкира-йи 'азизан" атауы шығарманың мазмұнына толық сәйкес келеді.

Шығарманың қай уақытта жазылғаны туралы сенімді дерек жоқ. В 770 нұсқасында 1251/1835–36 жыл көрсетілсе, Мухлисовтің каталогінде сипаттамасы берілген, 1955 жылы Қашғар қаласында табылған нұсқасында[32] 1771 жыл деп жазылған. Л. В. Дмитриева, С. Н. Муратов, М. А. Салахетдиновалардың пікірінше — 1182/1768–69 ж. немесе 1771 жылдарды шығарманың алғашқы редакциясының жазылу мерзімі деп, ал 1235/1819–20 және 1251/1835–36 жж. шығарманың қысқартылған нұсқасының жазылу мерзімі деп санауға болады.

Мазмұны

Шығарма құрылымдық жағынан кіріспеден (муқаддима) басталады, бөлімдері көбіне тақырыптық жағынан бөлінбей, сол замандағы шығармашылық дәстүрге орай тұрақты сөз тіркестерімен, мысалы, "Әмма естімек керек ...", "Естімек керек ...", "Әлқисса, ...", "Көрмек керек ..." деген сияқты сөз тіркестерімен белгіленген. Біз

---

[30] "Тазкира-йи қожағанның" СПб. В 770 нұсқасында көрсетілген.

[31] "Китаб-и дурр-и мазхар" атауы: СПб. В 776 қолжазбада 1^{6} парақта.

[32] *Мұхаммед-Садық Қашғари.* Тазкира-йи 'азизан. Қашғар: Қашғар ұйғыр нашрийаты, 1988.

оқиғалық бөлімдерге тақырып қойып (барлығы 83 бөлім), оны тік жақшаның ішінде беріп отырдық.

Кіріспе бөлімінде Мұхаммед Пайғамбарға, сахабаларына, саййидтерге, барша әулиелерге, тапсырыс берген Қашғар хакімі Осман бекке, оның анасы Рахима-ағашаға мадақ айтып, шығарманы жазу себебін баян етеді. Шығарманың Махдум Ағзам тарихынан басталатын негізгі бөлімі Қожа Ысқақ-Уәли мен оның ұрпақтарының тарихына арналған. Ал автордың өз заманынан бұрынғы тарихты қамтитын бөлімі Мұхаммед-Аваз Самарқандидің "Зийа' ал-қулуб" шығармасының мәліметтері негізінде жазылған. Әңгіме арасында аталмыш әулиелерге байланысты ғажайып-аңыздық оқиғаларды да баяндап кетеді, мысалы "Ұштұр халифа оқиғасы", "Имам Шафиғидің жиені Имам Тахауидің Имам Ағзам [Ханафи] мазхабына таратылым берген оқиғасы", "Ахунд Зихни мен Ахунд Иса оқиғасы", "Қожа Хамуш туралы аңыз", т. б. әңгімелер осындай.

"Тазкира-йи 'азизанның" орта тұсынан былай, мысалы қырғыздармен, қалмақтармен арадағы жаугершілік және одақтастық қарым-қатынастар, қазақ сұлтаны Есім (шығармада Хашым) ханның Қашғарда таққа отырғаны, ақтаулықтар мен қаратаулықтар арасындағы күрес, қалмақ төрелері Дабаржи мен Амур Синаның арасындағы тақталас және қытай басқыншылығы секілді нақты тарихи оқиғалар баяны басталады. Шығарма қаратаулық қожалардың қазаға ұшырауын баяндаумен аяқталады.

Шығарманың өн бойында Құран Кәрімнің: 17: 82; 18: 46; 2: 156; 2: 18; 2: 30; 21: 107; 21: 35; 28: 76; 2: 216; 3: 146; 3: 185; 3: 7; 4: 59; 49: 10; 51: 56; 55: 26; 6: 59; 64: 12; 67: 5; 68: 4; 8: 17; 8: 66; 9: 120; 9: 40; 94: 1; 94: 5; 94: 6; 95: 4; 7: 34 — 30 аяттарына 46 мәрте сілтеме берген. Сонымен қатар $40^{а}$, $47^{а}$, $47^{б}$, $48^{а}$, $56^{б}$, $59^{б}$, $68^{а}$, $69^{а}$, $70^{б}$, $86^{б}$, $90^{а}$, $115^{а}$, $117^{а}$, $134^{а}$, $143^{б}$, $147^{б}$, $148^{а}$, $156^{б}$, $169^{а}$ парақтарында хадистерден үзінділер келтірген.

Барлығы 117 поэтикалық шумақ (бәйіт, ғазал, мәснәуи, назым) келтірілген, оның 85-і түркі тілінде, 32-сі парсы тілінде.

Қашғарлық нақшбандийа-қожаған дәруіштер ағайындастығы қожаларының өміртарихын суреттеуге арналған "Тазкира-йи 'азизан" шығармасында баяндалатын негізгі оқиғалар желісін былайша жүйелеуге болады: әдетте Махдум Ағзам аталушы, сопы шейхы Ахмад ибн Джалал ад-дин Қожаги-йи Касанидің (949/1542 ж.

өлген) тұқымдары, шығыстүркістандық қожалардың өмірі мен қызметінің баяны түрінде жазылған Шығыс Түркістан тарихы Шығыс Түркістанда XVI–XVIII ғасырларда болған саяси және жаугершілік оқиғалардың сипаттамасы; Махдұм Ағзамның үлкен ұлы Қожа Каланның (1006/1597–98 ж. қайтыс болған) жақтаушылары – ақтаулық қожалардың, Махдұм Ағзамның кіші ұлы Қожа Ысқақтың жақтаушылары – қаратаулық қожалардың өзара тартыстары; қожалардың Орталық Азия елдерімен, Жоңғариямен және Қытаймен қарым-қатынасы тарихы және саяси оқиғаларға қырғыздардың, қазақтардың қатысуы, т. б.

Шығарманың деректемелері

Шығармадағы оқиғалардың көпшілігі автордың өз көзімен көргені, көрген кісілердің айтқаны негізінде баяндалған. Мұхаммед-Садықтың біз үшін құнды осы шығармасын жазу барысында пайдаланған деректемелерін шартты түрде екіге бөлуге болады: 1) Жазба деректемелер, олардың саны аз, Қожа Ысқақтың қызметіне арналған бөлімдері негізінен Мұхаммед-Аваз Самарқандидің "Зийа' ал-қулуб" шығармасындағы мәліметтерді қайталайды[33]. Мұхаммед-Садық бұл шығарманы Мұхаммед хан билік құрған кезеңнің бірінші жартысын сипаттауда пайдаланған. Дегенмен Қожа Ысқақтың мұрагерлері – қаратаулық қожалардың тарихы туралы мәліметтерінің басқа шығармалар мәліметтерінен дербестігі үстем.

Мәтінге негіз болған жазба деректемелер арасында нақшбандийалық шығармалар ерекше орын алады, олар: Абд ар-Рахман Жамидің (817–898/1414–1492) "Нафахат ал-унс мин хадарат ал-қудс", Али Сафи ал-Кашифидің (939/1532–33 ж. қайтыс болған) "Рашахат 'айн ал-хайат", т. б. шығармалар.

Мәтін бойында Құраннан беріліп отыратын көптеген айаттар, хадистерден келтірілетін көптеген үзінділер негізінен Бурхан ад-

---

[33] "Зийа' ал-қулубтың" 5[а] парағындағы мәтін "Тазкира-йи азизанның" 22[б] парағымен, "Зийа' ал-қулубтың" 24[а]–25[а] парақтары – "Тазкира-йи 'азизанның" 22[б] парағымен; "Зийа' ал-қулубтың" 25[б] парағы – "Тазкира-йи 'азизанның" 23[а] парағымен сәйкес келеді: Материалы по истории киргизов и Киргизии. Вып. 1. М., 1973. С. 177–184.

дин Махмуд ибн Ахмад ал-Бұхаридің (1174–1175 жылдан соң қайтыс болған) "ал-Мұхит ал-бурхани фи-л-фиқх ан-ну'мани", Сад ад-дин Тафтазанидің (1390 жылы қайтыс болған) "Шарх 'ақа'ид ан-Насафи" деген шығармасынан, Әбу Иса ат-Термезидің "аш-Шама'ил ан-набавийа" атты хадистер жинағынан алынған.

Оқиғаларды суреттеу барысында Жалал ад-дин Румидің "Маснави-йи ма'навиінен", Хафиз Ширазидің "Диуанынан", Мир Әлішер Науаидің шығармаларынан үзінділер келтіріп отырған. Парсы тілді бұл шумақтарды қазақ тіліне аударуда біз парсы поэзиясының білгірі, ұстазымыз Сафар Абдуллоның кеңестеріне сүйендік, сол үшін алғысымыз шексіз.

Ауызша деректемелер. Автор оқиғаларды баяндау барысында көбіне өз көзімен көргенін жазған немесе сол оқиғаларға қатысқандардың мәліметтерін пайдаланған. Мәтіннің ұзын-ырғасында Хазірет Қожа Мұхаммед-Қасым, Хазірет Мажид, яғни Ахунд Молла Сайид, Хазірет Қожа Хасан (Афақ қожаның ұлы) секілді кейбір мәлімет айтушыларының аттарын атап өтеді. Көбіне мәлімет берушінің есімін атамай, "Әңгімешілер былай деп айтады", "Және бағзылары бір аңыз айтады" деп те жазған. Сонымен қатар шығармашы өз туыстары мен өзі өмір сүрген әлеуметтік ортада кең таралған, бала кезінен естіген рулық аңыздар мен шежірелер мәліметтерін келтіріп отырады.

Шығарманың Қазақстан тарихы мен мәдениетінің деректемесі ретіндегі маңызы

Осы күнге дейін шығыстанушы-ғалымдар агиографиялық шығармаларды көрнекті шейхтар мен ишандардың өмірбаяны ретінде қарастырып, өздерінің зерттеулерінде оларды сирек пайдаланған. Соңғы кезде жүргізіліп жатқан зерттеулер көрсеткендей, олар әулеттік хроника шеңберінен асып сол заманғы қоғамның әлеуметтік-саяси және рухани өмірінен жан-жақты ақпараттар береді[34]. Осындай

[34] Әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихты зерттеудегі агиографиялық шығармалардың маңыздылығына өз кезінде П. П. Иванов (Хозяйство Джуйбарских шейхов. К истории феодального землевладения в Средней Азии в XVI–XVII вв. М.-Л., 1954) көңіл аударған.

агиографиялық шығармаларды қарастыру Орта Азия мен Шығыс Түркістан арасында тілдік, тұрмыстық және діни ортақтық негізінде тығыз экономикалық, саяси және мәдени арақатынастың болғанын көрсетті. XVI ғасырдың екінші жартысы — XIX ғасырдың 60-шы жылдары аралығындағы Шығыс Түркістанның рухани және саяси өмірі мен оның Орта Азиямен, Қытаймен, Жоңғариямен және Орта және Кіндік Азияның басқа да аймақтарымен саяси және мәдени байланыстары бойынша бағалы деректеменің бірі — белгілі тарихшы және аудармашы Мұхаммед-Садық Қашғаридің (1265/1849 ж. қайтыс болған) "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасы.

XVI ғасырдың басында Йаркенд хандығының пайда болуының өзі XV ғасырдың соңында — XVI ғасырдың басында Орта Азия мен Қазақстанда болған оқиғалармен, яғни Мауераннахрға көшпелі өзбектердің басып кіруімен байланысты болды[35].

Шығыстүркістандық агиографиялық шығармаларда қазақтар мен қырғыздардың XIV ғасырдан бастап Шығыс Түркістанда болған барлық оқиғаларға белсенді қатысып отырғандығы айтылады, яғни қазіргі Шыңжаң халықтары Орталық Азия мен Қазақстан халықтарымен тарихи, экономикалық және мәдени салаларда біртұтас болған. Көптеген ғасырлар бойы бұл халықтар тығыз араласып, ортақ жауларына әлденеше рет бірлесе тойтарыс беріп, өздерінің саяси тәуелсіздігін қорғап қалып отырған. XIX ғасыр бойында Шығыс Түркістан халықтары Цин империясына қарсы жеті мәрте үлкен көтеріліс жасаған, бұл көтерілістерге өзбек, қазақ, қырғыз, т. б. халықтар белсенді қатысқан. Әрбір сәтсіз көтеріліс соңында көтеріліс басшылары Орта Азияға қашып, сол жерлерде пана тапқан.

Нақты бұл шығарманы аудару барысында ондағы оқиғалар баяндалатын өңірдегі мемлекет басқару ісіндегі зайырлылық пен дініліктің арақатынасы өзекті мәселе болғанына көз жеткіздік. Бұл тақырыпта бұған дейін жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде қожалар мемлекет басына келіп, дін мен мемлекет басқару ісін ұштас-

---

[35] *Кутлуков М.* Рукописи и документы по истории Восточного Туркестана в XVI–XIX вв. и его взаимосвязи со Средней Азией // Актуальные проблемы советского уйгуроведения. Материалы I Республиканской уйгуроведческой конференции. 29–31 мая 1979 г. Алма-Ата, 1979. С. 202–208.

тырды деген түсінік қалыптасқандай болған. Алайда аудару барысында қожалар сұлтандық тағында отырғанымен, зайырлылық пен діниліктің бір-бірінен қашанда дербес болғаны, оларды біріктіруге келмегендігі анық болды (Мысалы аудармадағы: "Хазірет Қожа Афақ-қожам" бөлімі, мәтін факсимилесінің $31^б$ парағы). Соның өзінде, бұл шығармада мұсылман халықтарының шет жерлік, басқа діндегі жаулап алушыларға қарсы жүргізген тәуелсіздік жолындағы күресінде халықты осы күреске біріктірген, жұмылдырушы күш Ислам туы болғаны анық көрінеді ($76^б$ парақ).

Тағы бір маңызды мәлімет — сол замандардағы Қазақстан тұрғындарының рухани өмірінде Нақшбандийа ағымының үлкен әсері болғандығына салмақты дәлелдер келтірілген ("Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли" бөлімі, мәтін факсимилесінің $22^б$ парағы және "Қазақ Хашым сұлтан оқиғасы" бөлімі, мәтін факсимилесінің $38^а$—$39^б$ парақтары).

Зерттелу тарихы

Көптеген ғалымдар зерттеу еңбектерінде "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасынан үзінділер аударып пайдаланылған. Ғылыми әдебиетте Мұхаммед-Садық Қашғаридің "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасын алғаш атаған Шоқан Уәлиханов болды[36]. Өзінің "Жоңғария очерктері" атты еңбегін "Тазкира-йи қожаған" шығармасына негіздеп жазған[37].

1856 жылы ағайынды Мичеллдер Лондонда Орталық Азияны зерттеген Ресей ғалымдарының еңбектерінің жинағын ағылшын тілінде шығарды, бұл жинақта Ш. Ш. Уәлихановтың еңбегі көрнекті орын алған[38]. Генри Беллью "Қашғар тарихы" деген еңбегінде Мичеллдер басылымы арқылы Ш. Ш. Уәлихановтың еңбегін пайдаланды[39]. В. В. Григорьев Карл Риттердің еңбегін "Землеведение"

---

[36] *Баранова Ю. Г.* Ч. Ч. Валиханов и исследование рукописного наследия уйгурского народа // Известия МОН РК, НАН РК. Серия общественных наук. 1999. 2 (220). Март-апрель. С. 3—7.

[37] *Валиханов Ч. Ч.* Очерки Джунгарии // Избранные произведения. М.: Наука, 1986. С. 265—293.

[38] *Michell, John and Robert.* The Russians in Central Asia. London, 1865.

[39] Ол Д. Форсайттың Йаркенд пен Қашғарға барған миссиясының есебіне кірді: *Bellew H. W.* History of the Khashghar // Report of a Mission

атымен аудармасын жасағанда, қосымшаларында Ш. Уәлихановтың "Тазкира-йи 'азизаннан" келтірген мәліметтерін кеңінен қолданған[40].

1897 жылы ағылшын шығыстанушысы Н. Элайес сол кезде марқұм болып кеткен Р. Шоудың Мұхаммед-Садық Қашғаридің шығармасынан мазмұндап жазған еңбегін алғы сөзі, кіріспесі және түсініктемелерімен баспадан шығарған[41].

1904 жылы В. В. Бартольд "Отчет о командировке в Туркестан" атты есебінде сол кезде жаңа табылған, белгісіз автордың "Та'рих-и Кашгар" шығармасының мәліметтерін аталмыш шығарма мәліметтерімен салыстырған[42].

1905 жылы немістің шығыстық-деректанушысы М. Хартманн Мұхаммед-Садық Қашғаридің шығармасын зерттеген еңбегін[43] жарыққа шығарды, онда шығыстүркістандық қолжазба ескерткіштерге шолу бөлімінде В. В. Бартольдтың ілгеріде аталған еңбегін қосымша етіп берген. М. Хартманн шығарманың толық аудармасын жасамай, ондағы баяндалған оқиғалардың мазмұнын ғана берген. Соған қарамастан М. Хартманның еңбегінің арқасында "Тазкира-йи 'азизан" осы тақырыпта жүргізілген зерттеулерге кеңінен тартылып, ғылыми айналымға енген деуге болады.

---

to Yarkund in 1873, Under Command of Sir T. D. Forsyth with Historical and Geographical Informations Regarding the Possesions of the Amir of Yarkund. Calcutta: Foreign Department Press, 1875.

[40] *Григорьев В. В.* Землеведение К. Риттера. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россиею. Восточный или Китайский Туркестан. Выпуск второй, дополнения. СПб., 1873. С. 354–390.

[41] The History of the Khojas of Eastern Turkistan, Summarised from the Tazkira-i-Khwâjagân of Muhammad Sādiq Kâshgharî, by the Late Robert Barkley Shaw. Edited with Introduction and Notes by N. Elias, Published as Supplement to the Journal of the Asiatic Society of Bengal. Vol. LXVI, part 1. Calcutta, 1897.

[42] *Бартольд В. В.* Отчет о командировке в Туркестан // *Бартольд В. В.* Сочинения. Т. VIII. М., 1973. С. 174–191.

[43] *Hartmann Martin.* Ein Heiligenstaat im Islam: Das Ende der Čaghataiden und die Herrschaft der Choğas in Kašgarien // Der Islamische Orient. Berichte und Forschungen. Vol. I. Berlin: Wolf Peiser Verlag, 1905. S. 195–374 (reprint: *Hartmann Martin.* Der Islamische Orient. I. Berichte und Forschungen. II. Die arabische Frage mit Einem Versuche der archäologie Jemens. III. Unpolitische Briefe aus der Türkei. Mit zahlreichen Anmerkungen und nachweisen und mehreren Registern. Amsterdam: APA – Oriental Press, 1976. S. 195–374).

Мұхаммед-Садық Қашғаридің еңбегін зерттеуде қазақстандық шығыстанушылар да үлес қосқан. С. Моллаудов, И. Сайдуллаев, В. П. Юдин бұл шығарманың поэтикалық құрылымын зерттеп, әдеби-көркемдік қасиеттеріне лайықты бағасын берген[44]. Олар D 191 нұсқасының 135б, 138б, 4б, 145а парақтарындағы 4 ғазалды және 135а—136а; 137а парақтардағы мәснәуилерді кириллица жазуына аударып басқан.

"Тазкира-йи ʻазизанның" қырғыздар тарихынан үзінділерді М. А. Салахетдинова өз еңбектерінде жариялаған[45]. Ол Санкт-Петербург D 191 шифрлы қолжазбасынан 74 (38а), 75 (38б), 149 (76б), 150 (77а), 151 (77б), 153 (78б), 162 (83а), 163 (83б), 164 (84а), 165 (84б), 168 (86а), 169 (86б), 172 (88а), 188 (96а), 189 (96а/б), 190 (97а), 191 (97б), 192 (98а), 193 (98б), 194 (99а), 196 (100а), 198 (101а), 205 (104а), 207 (105а), 208 (105б), 209 (106а), 223 (112а), 224 (112б), 231 (117а), 232 (117б), 237 (120а), 240 —252 (121б - 127а), 258 —259 (129б-130а), 272 (136б), 274 (137б), 276 (168б), 277 (139а), 280 (140б), 311 (156а), 316 (158б), 322 (161б), 323 (162а), 324 (162б), 325 (163б), 327 (164а), 334 (167б), 335 (168а), 338 (169б), 339 (170а), 341 (171а), 343 (172б) — яғни барлығы 63 беттен қырғыздар туралы баяндалған үзінділерді бөліп алып аударған.

1988 жылы "Тазкира-йи ʻазизанның" Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданының сирек кездесетін қадым ескерткіштер зертханасында сақталған бір ғана қолжазбасы бойынша төте жазумен хатталған басылымы жарық көрген[46]. Олардың қолында үш нұсқасы болған, бірақ ішіндегі ең толық нұсқа деп Молла Абдусамат нұсқасы негізінде ғана хатталған. Қолжазба беттері белгіленбей, түсіндірмелер берілмеген, сонымен қатар шығарма мәтінінің факсимилесі берілмеген. Араб тілінде берілген айат, хадистер мен парсы

---

[44] *Сәйдуллаев И.* Муһәммәт Садиқ Қәшқәрий ижадида тәзкирә жанри // Ұйғур әдебияти вә фольклордики жанрлар. Алмута, 1980. Б. 125; *Сәйдуллаев И.* Муһәммәт Садиқ Қәшқәрий // Ұйғур әдебиятиниң қисқичә тарихи. Алмута, 1983. Б. 86; *Моллаудов С.* XVIII әсир ұйғур поэзияси (тәтқиқат вә текстлар). Алмута, 1990. Б. 203.

[45] *Салахетдинова М. А.* Сочинение Мухаммед-Садыка Кашгари "Тазкира-и ходжаган" как источник по истории киргизов // Известия АН Киргизской ССР. Т. I (Фрунзе, 1959). Вып. 1 (история). С. 93—125.

[46] *Мұхаммед-Садық Қашғари.* Тазкира-йи азизан. Қашғар: Қашғар ұйғыр нашрийаты, 1988. — 418 б.

тіліндегі өлең шумақтары түпнұсқа тілде қалғанымен, төте жазумен хатталып берілген. Бұл басылым қазіргі заманғы деректану ғылымының талаптарына сай келмейтіні айқын.

Қолжазба нұсқалары

Қазіргі уақытта "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасының 20-дан астам нұсқасы белгілі[47]. Бізге белгілі жеті нұсқасы Санкт-Петербургтегі Шығыстану институты қорында[48], бір нұсқасы Өзбекстанда[49], үш нұсқасы Қытайда[50], бір нұсқасы Францияда[51], екі нұсқасы Ұлыбританияда[52], екі нұсқасы Германияда[53]. "Тазкира-йи ʻазизанның" парсы тіліндегі нұсқалары да белгілі[54].

Санкт-Петербургтегі Шығыстану институты қорында – B 776, C 582, C 583, D 127, D 191 мәтінді толық қамтитын нұсқалары

---

[47] *Papas A.* Soufisme et politique entre Chine, Tibet et Turkestan. Étude sur les Khwajas Naqshbandis du Turkestan Oriental. Paris: Librarie d'Amérique et d'Orient, 2005. P. 5.

[48] *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... № 761–767. С. 210–212.

[49] ҚР ҒА Шығыстану институтының қолжазбалар қорында "Тазкира-йи ʻазизан" шығармасы инвентарлық № 45 шифрымен сақталған. Бұл нұсқа кезінде А. А. Семеновтің каталогінде "Дар ал-мазфар" аталуымен (дұрысы "Дүрр ал-мазхар") көрсетілген: *Семенов А. А.* Каталог рукописей исторического отдела Бухарской Центральной Библиотеки. Ташкент, 1925.

[50] 1957 жылы баспадан шыққан "Ұйғур классик әдибияти қолъязмалариниң каталоги. 1. Шиңжаң йәрлик музейиға тәйярлиқ көрүш башқармиси, 1957-жил, май. Түзгүчи Юсупбек Мухлисов. 9 рәсим, 2+52 бәт" каталогінде № 128 сипаттамасында "Тазкира-йи ʻазизанның" Қашғарда 1955 жылы табылған нұсқасын атап өтеді. Онда шығарма 1771 жылы жазылған деп көрсетілген. 1825 жылы Молла Мұхаммед Сұлтан көшіріп жазған: *Мұхаммед-Садық Қашғари.* Тазкира-йи азизан. Қашғар: Қашғар ұйғыр нашрийаты, 1988.

[51] *Muhammad Sadiq Kashghari.* Tadhkira-yi ʻAzizan 274. Institut de France 3357 (trad. partielle Robert B. Shaw, 1897).

[52] *Muhammad Sadiq Kashghari.* Tadhkira-yi ʻAzizan. Or. 5338; Or. 9660: Hofman, Turkish Literature IV. P. 25–29.

[53] *Muhammad Sadiq Kashghari.* Tadhkira-yi ʻAzizan. Or. Oct. 1313; Or. Fol. 3292: Hofman, Turkish Literature IV. P. 28–29.

[54] *Семенов А. А.* Указатель персидской литературы по истории узбеков в Средней Азии. Ташкент, 1926. С. 15; *Storey C. A.* Persian Literature. A Bio-Bibliographical Survey. Vol. II. Fasc. 1. London, 1956. P. 392–393.

және B 770 және D 126 шифрларымен қысқартылған мәтін редакциясы сақтаулы.

B 776 нұсқасы толық әрі палеографиялық белгілерге қарағанда ертеректе жазылған нұсқа, мәтін ішіндегі түзетулерге, қосымшалар мен сызылған жерлеріне қарағанда басқа нұсқамен салыстырылып, тексерілген. Барлығы 274 бет, беттің пішімі 21,5 х 13 см, мәтін пішімі 14,5 х 8,5 см; жол саны 13. Шығыс қағазында, қара және қызыл сиямен (киноварь), наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы шығыстық, былғары терімен қапталған картон. Көшірілген уақыты — XVIII ғасырдың соңы. Көшірілген жері — Шыңжаң.

C 583 — толық нұсқасы. Барлығы 321 бет, беттің пішімі 24 х 16 см, мәтін пішімі 15 х 10 см; жол саны 11 немесе 13. Шығыс қағазында, қара және қызыл сиямен, наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы шығыстық, былғарымен қапталған картон, ескі шығыстық әдіспен қалпына келтірілген. Көшірілген уақыты — XVIII ғасырдың соңы. Көшірілген жері — Шыңжаң. Қолжазбаның кемшілігі: соңында екі беті жетіспейді.

D 127 — толық нұсқасы. Барлығы 151 бет, пішімі 31,5 х 21,5 см, мәтін пішімі 23 х 14 см; жол саны 17. Шығыс қағазында, қара және қызыл сиямен, наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы шығыстық, терімен қапталған картон. Көшірілген уақыты — XIX ғ. Көшірілген жері — Шыңжаң. Қолжазбаның кемшілігі: бірінші және 151-беттері жұлынған.

C 582 — толық нұсқасы. Барлығы 135 бет, пішімі 31 х 20 см, мәтін пішімі 23 х 13 см; жол саны 17 немесе 19. Шығыс қағазында, қара және қызыл сиямен, наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы шығыстық, терімен қапталған картон, бір қапсырмасы бар. Көшірілген уақыты — XIX ғ. соңы. Көшірілген жері — Йаркенд. Көшірушісі — молла Мұхаммед Йа'құб.

D 126 — қысқартылған нұсқасы. Барлығы 110 бет, пішімі 32 х 21 см, мәтін пішімі 27 х 12,5 см; жол саны 20. Европа қағазында (филигрань), қара сиямен, наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы орыстық, терімен қапталған картон, қапсырмасы бар. Көшірілген уақыты — XIX ғ. Көшірілген жері — Петербург. Көшірушісі Х. Фейзханов.

B 770 — қысқартылған нұсқасы. Барлығы 92 бет, пішімі 21,5 х 14 см, мәтін пішімі 16,5 х 10 см; жол саны 20. Шығыс қағазында, қара және қызыл сиямен, наста'лиқ жазуымен жазылған. Мұқабасы шығыстық, терімен қапталған картон. Көшірілген уақыты — XIX ғ.

Көшірілген жері — Шыңжаң. Қолжазбаның кемшілігі: парақтары ауысып кеткен, мәтін кей жерлерінде су тиіп бұзылған.

"Тазкира-йи ʻазизанның" D 191 шифрлы нұсқасының кодикологиялық белгілері:

Қолтаңбасы — настаʻлиқ.

Сия — мәтіні қара сиямен, тараулардың атаулары қызыл сиямен (киноварь) жазылған.

Қағаз — шығыстық.

Мұқаба — шығыстық, былғарымен қапталған картон мұқаба.

Көшірілген жері — Йаркенд (174[6] парақта көрсетілген).

Көшірілу мерзімі — Л. В. Дмитриеваның сипаттауы бойынша XIX ғ. деп берілген[55].

Көшіріп жазушылар — әкесі мен ұлы — Маулана Мұхаммед Йусуф Йарканди және ʻАбд ал-Латиф ибн Маулана Мұхаммед Йусуф (174[6] парақ).

Қолжазба иелерінің аттары: ʻАбд ал-Латиф ибн Маулана Мұхаммед Йусуф және Айюб хан (мұқабаның төменгі қабының ішкі бетінде жазылған).

Сақталуындағы кемшіліктер — 3[a] парақта сия дағы бар.

Басылым принциптері

Бұл басылымның негізгі мақсаты — аталмыш шығарманың Санкт-Петербургте сақталған D 191 қолжазба нұсқасы мәтінінің факсимилесін жариялап, ғылыми айналымға енгізу. Басылымға В. П. Юдиннің, қазіргі кезде оның жұбайы Ю. Г. Баранованың қолында сақтаулы қорынан алынған микрофильм негіз етіп алынды. Шығарманың, жоғарыда айтып өткендей, әлем қорларында сақталған көшірмелері көп, олардың бәріне қол жеткізу оңай емес. Сонымен қатар дүниежүзі қорларындағы қолжазбалар толық санатқа алынған деуге келмейді, каталогтеу жұмыстары барысында жаңа нұсқалары табылуы ықтимал. Демек, бұл нұсқалардың басын қосып, сыни мәтінін даярлау болашақтың ісі. Сондықтан, қолжазбаның бір

---

[55] *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... № описаний 761–767. С. 210–211.

нұсқасының аударылып, факсимиле мәтінімен қоса жариялануын алдағы жүргізілетін үлкен жұмыстың бастамасы деуге болады.

Қолжазба түпнұсқада өзіндік пагинация болмағаны себепті факсимиле мәтінінің парақтарын нөмірлеу кезінде М. А. Салахетдинова ұсынған қазіргі заманғы бет нөмірлеу әдісін қабылдамай, Л. В. Дмитриеваның шығыс пагинациялау дәстүрін ұстандық[56]. Қазақша аудармада түпнұсқа мәтіннің бет нөмірі тік жақша ішінде, мәтіннің бағыттары нұсқарлармен берілді. Мысалы, [↑1⁶/2ᵃ↓].

Мәтінді аудару және түсіндірмелер беру барысында осыған дейін шыққан зерттеулерді толық пайдаландық. Тәржіме барысында мәтіннің өзінде жоқ, бірақ мазмұнын анықтай түсу үшін қосылған сөздер тік жақшаның ішіне алынып беріліп отырды.

Пайғамбардың, сахабалардың, қожалардың есімдеріне қоса берілген діни атақтар мен эпитеттер, діни тұрақты сөз тіркестері қазақ оқырманына түсінікті болып, мәтінді оқуда қиындық келтірмеу үшін аударылып берілді, жиі қолданылып, кіріккен сөз тіркестері қазақ тілінде айтылу ерекшелігімен берілді, мысалы: "ғаләйһис-салам", "әл-хамд ли-л-Лах!", "сұбханах уа тағала", т. б. Қазақ тіліне сіңісіп кеткен кейбір кісі, жер, мансап атаулары мен діни терминдер де мәтін ішінде қазақ тілі заңдылығымен берілді. Олардың түпнұсқа жазылуы глоссарийде жақша ішінде Крачковский/Ромаскевичтердің жүйесіне негізделген транслитерация әдісімен көрсетілді.

Қасиетті кітаптан алынған үзінділер "Құран айаттарының алфавиттік көрсеткіші"[57] бойынша анықталып, Уағап қажы Қыдыр-

---

[56] *Дмитриева Л. В., Мугинов А. М., Муратов С. Н.* Описание тюркских рукописей Института народов Азии АН СССР. Том I: История / Под ред. А. Н. Кононова. М., 1965; *Дмитриева Л. В., Муратов С. Н.* Описание тюркских рукописей Института востоковедения. Том II: История, акты, библиография, энциклопедии, география, календари / Под редакцией А. С. Тверитиновой. М.: Наука, 1975. № описания 28. С. 59; *Дмитриева Л. В.* Каталог тюркских рукописей... №№ описаний 761–767. С. 210–211; *Салахетдинова М. А.* Сочинение Мухаммед-Садыка Кашгари "Тазкира-и ходжаган" как источник по истории киргизов // Известия АН Киргизской ССР. Т. I (1959). Вып. 1 (История). С. 101–125.

[57] *Муḥаммад Фу'âд 'Абд ал-Бâқӣ.* ал-Му'джам ал-муфахрас ли-алфâẓ ал-Қур'ân ал-Карӣм [басылған жері және мезгілі көрсетілмеген].

ханұлының "Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі"[58] басылымы бойынша қазақша тәржімеде беріліп отыр.

Хадистердің тәржімесі берілген жоқ, себебі түпнұсқа мәтінде олардың соңынан түркі тілді аудармасы берілген, мағынасы сол бойынша тәржімеленді.

Мәтін бойында берілген парсы, түркі тілді ғазал, бәйіт, мінажаттарды сөзбе-сөз дерлік тәржімелеп, мағынасын сақтауға тырыстық, көркемдеу, ұйқастыру мақсат етілмеді.

Бұл орайда ескерте кететін бір жайт, көшірушінің араб, парсы тілдері бойынша сауаты кемшіндігінен болуы керек, араб тіліндегі хадистер мен айаттар және парсы тілді ғазалдар көбіне қате көшірілген.

Басылым соңында кісі есімдеріне, жер-су атауларына көрсеткіштер және діни, сопылық терминдерге глоссарий берілді.

Шығыстану ғылымына қадам басуыма үлкен себеп болып, жетекшілік еткен ұстазым М. Қ. Әбусейітоваға, микрофильм нұсқасын бергені үшін Ю. Г. Барановаға көп-көп алғысымды білдіремін, 2003 жылы Ресей Ғылым академиясы Шығыстану институтының Санкт-Петербург филиалында мамандануда болған кезде осы қолжазбаға көңіл аударып, құнды ғылыми кеңестер берген белгілі ғалымдар О. Ф. Акимушкинге, Т. И. Сұлтановқа, С. Г. Кляшторныйға, қолданылымдық кеңестер берген ғылыми редактор Ә. Қ. Муминовке; "Тазкира-йи 'азизан" туралы Германияда, Англияда, Қытайда шыққан зерттеулердің көшірмесін алуға көмектескен профессор Минору Савадаға (Япония), профессор Девин ДеУиске (АҚШ) алғысым ерекше.

Кіріспенің ағылшын тіліне аудармасын дайындауға көмектескен Ә. С. Ендібаеваға және доктор Аллен Франкке (АҚШ), түсіндірмелерді, көрсеткіштерді дайындауға көмектескен әріптестерім Б. Б. Аязбаевқа, Д. Е. Медероваға рақметімді айтамын.

А. Ш. Нұрманова

---

[58] Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Уаһап қажы Қыдырханұлы. 1991 жылғы басылымнан қайта қаралған жаңа аударма. Алматы: Дәуір, 2002.

INTRODUCTION

This book, text and complete translation of which is published for the first time, belongs to hagiographic (manāqib) genre of Muslim literature[59]. It is a collection of stories about miraculous deeds and heroism of outstanding Sufi shaykhs. Hagiographies provide data not only on lives of definite Sufi shaykhs, but also inform its reader about political, economic, social and cultural backgrounds, geographical environment and traditions of that period. It is quite difficult to sort established historical facts out of hagoigraphies, because they are given subjectively, in allegorical and symbolical ways. One shouldn't understand stories told in such book too directly, because religious man, who wrote it, definitely had his own opinion, language and narrative style. Hagiographies are to be considered and studied in the view of science, besides in order to determine their veracity it is necessary to review and compare these works with other ones describing the same events in opposite views. For their religious content and veracity raising doubt, in the Soviet period hagiographies did not attract much attention and hitherto have not been a special research area. Nowadays the significance of studying books with such content has become clear. In this purpose, first of all, the relevant scientific duty is to publish texts and commented translations of the above-mentioned works.

Muḥammad-Ṣādiq Kāshgharī's book — "Tadhkira-yi 'Azīzān" is connected with hagiographies about the Naqshbandīya brotherhood (ṭarīqa, ṭarīqat)[60] in Persian and Turkic languages and continues this tradition

---

[59] *Zarcone Th.* L'hagiographie dans le monde turc // Aigle D. (éd.). Saints orientaux. Paris: De Boccard, 1995. P. 55–67; *Исмоилов Л.* Жития мусульманских святых (манакиб) как исторический источник XVI в. Кемерово: Кедр, 2001. С. 6.

[60] *Algar H.* A Brief History of the Naqshbandi Order // *Gaborieau M., Popovic A., Zarcone Th.* (éds.), Naqshbandis. Cheminements et situation actuelle d'un or-

by itself[61]. To demonstrate the holiness of shaykhs who are narrated in these works about, some information about previously lived saints are compositevely copied there from other works. Among them Khʷājagān shaykhs[62], especially Bahā' ad-Dīn Naqshband (1318–1389)[63] who gave his name to the brotherhood, his creative disciple Khʷāja Muḥammad Pārsā (died in 1420)[64], and others are emphasized.

Khʷāja 'Ubaydallāh Aḥrār ash-Shāshī (1404–1490)[65] made changes in Naqshbandīya and introduced tradition of an independent head (pishwā-yi ṭarīqat). As a result, the Naqshbandīya made a profound impact and became politically dominant in the Central Asia. At the end of the XV century and the first part of the XVI century his innovation caused competitions between Naqshbandīya shaykhs[66]. The Ferghana representative of the Naqshbandīya – Makhdūm-i A'ẓam (Aḥmad Khʷājagī ibn Jamāl ad-Dīn Kāsānī Dahbīdī, 1464–1542)[67] won this struggle. Since then Makhdūm-i A'ẓam's innumeralble offspring have been playing important role. His descendants are spread all over the world. Most of them

---

dre mystique musulman. Istanbul-Paris: ISIS, 1990. P. 3–44; *Акимушкин О. Ф.* Накшбандийа // Ислам на территории бывшей Российской империи. Энциклопедический словарь. Под ред. С. М. Прозорова. Том I. М.: Восточная литература, 2006. С. 306–308.

[61] *Исмоилов Л.* Жития мусульманских святых... С. 6.

[62] *Хисматулин А. А.* Хʷаджаган // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 414–425.

[63] *Акимушкин О. Ф., Некрасова Е. Г., Тураев Х.* Накшбанд // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 299–306.

[64] *Муминов А. К., Пауль Ю.* Мухаммад Парса // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 293–296.

[65] *Каримов Э. Э.* Ахрар // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 43–45.

[66] *Бабаджанов Б. М.* Политическая деятельность шайхов Накшбандийа в Мавераннахре (I пол. XVI в.): Автореферат дисс. ... канд. ист. наук. Ташкент: Институт востоковедения АН РУз., 1996.

[67] *Бабаджанов Б. М.* Махдум-и А'зам // Ислам на территории бывшей Российской империи... Том I. С. 262–263.

are in Mawarannahr[68] and Eastern Turkestan[69], some are in India[70], as well as in Kazakhstan[71]. In due time some of his descendants obtained political power in the Eastern Turkestan[72]. But they were divided into two parties (Āfāqīya or Āqtāghliqs[73] and Isḥāqīya or Qāratāghliqs[74]), it was followed by long-lasting rivalry for political power.

Among hagiographies concerning the Naqshbandīya, the books devoted to Makhdūm-i A'ẓam's descendants have been segregated and become a separate local genre, because of a great number of his descendants as well as increase of their political power and regional religious impact[75]. But they are not studied yet and still kept as manuscripts. At present the matter of studying and publishing books of this genre has taken on much significance. While writing books about events that happened in Eastern Turkestan and neighboring countries, what author thinks about it and what

---

[68] *Kattayev K.* Makhdūm-i A'zam and Dahbed. Samarqand: Soghdiyān, 1994 (in Uzbek).

[69] *Schwarz H. G.* The Khʷājas of Eastern Turkistan // Central Asiatic Journal. 20/4 (1976). P. 266–295.

[70] On Naqshbandīya in India: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм: краткая история /пер. с англ. М. Г. Романов. СПб.: Издательство "ДИЛЯ", 2004. С. 262–267, 322–328; *Zarcone Th.* Une route de sainteté islamique entre l'Asie centrale et l'Inde: La voie Ush-Kashgar-Srinagar // Cahiers d'Asie centrale, 1–2 (1996). Tashkent–Aix-en-Provence: Édisud. P. 227–254.

[71] Among Qazāq khʷājas the Qïlïshtï-khʷāja tribe people are inclined to believe that they are Makhdūm-i A'ẓam's descendants. They pray for the Burhān ad-Dīn Qïlïsh mausoleum located in Janga-Qorghān region of Qïzïl-Orda oblast'. In genealogy table written in Persian language in Arabic script and owned by Amal-khʷāja Ibādullayev, who lives in Turkestan town of the South Kazakhstan oblast', the Qïlïshtï-khʷāja dynasty derives from Makhdūm-i A'ẓam (Muminov's oral information, December 2006, Almatï).

[72] *Togan I.* Chinese Turkestan. Under the Khojas // Encyclopaedia Iranica. Vol. V (1992). P. 474–476.

[73] *Saguchi Toru.* The Revival of the White Mountain Khʷajas, 1760–1820 (from Sarimsaq to Jihangir) // Acta Asiatica. Bulletin of the Institute of Eastern Culture (The Toho gakkai. Tokyo). 1968. № 17.

[74] *Togan I.* Differences in Ideology and Practice: The Case of the Black and White Mountains Factions // Journal of the History of Sufism, 3. Paris: J. Maisonneuve, 2001–2002. P. 25–38.

[75] We are grateful to Prof. Devin DeWeese (The Indiana University, IN, USA) who firstly made a proposition to study materials on Makhdūm-i A'ẓam's descendants as a separate subject.

party he supports do attach important peculiarities to content of a book. Concerning Muḥammad-Ṣādiq's manuscript under discussion, author's support of either Āfāqīya or Isḥāqīya has a critical importance.

Author

The author is a historian and religious figure – Muḥammad-Ṣādiq Kāshgharī (died in 1849).

There are two opinions on which party of Makhdūm-i A'ẓam's descendants Muḥammad-Ṣādiq Kāshgharī did support. In his research Oleg Akimushkin thinks that Muḥammad-Ṣādiq supported Āqtāghliqs[76], Iulia Baranova tells that he was on Qāratāghliqs' side[77]. Our researches provided us with the following data proving that Muḥammad-Ṣādiq Kāshgharī was on the side of Isḥāqīya, i.e. Qāratāghliqs. Firstly, he wrote his book by request of Amīr of Kāshghar 'Uthmān-beg ibn Hādī-beg and his mother Raḥīma-āghāja[78]. It is known that they belonged to adherents of Qāratāghliq Khʷājas. Besides, the author devoted a few chapters to history of Isḥāqīya Khʷājas. While telling about Āfāqīya/Āqtāghliq and their followers, he uses negative religious words as *bid'atchi* (innovator), *rāfiḍī* (shi'ite) etc.

ларының бірі Хазірет Маулана Мұхаммед-Қазының[133] қабылдауынан [болар]. Ол жаратылысынан ақылгөй, заманның шамшырағы". Бұл уақытта Құдайдың *карханасының*[134] құлы зор *халінде*[135] Ташкентке келді деген хабарды естідім. Ол әзіздің таңдаулы қызметкерлерінің жолы ақ болды.

Назым (парсы):

Қызметкерлерің келіп етті өз мекеніндей,
Қабылда бізді, сәулелі ет, зұлымдық өлсін.

Сол себептен Касан[136] (аймағынан) осы кісінің қызметіне кіру үшін жолға шықтым. Ташкент аумағына жеткенде сол түнде [↑$8^{6}/9^{a}$↓] уақиға [аян] көрдім: бір жамалы құбылған әзізді [Маулана Мұхаммед-Қазыны] көрдім, ол бір әсем күй аспабын қолыма беріп "шерт" ("чалғыл") деді. Жақсы шерттім. Бұл түстің жорытуымен бір уақытта Ташкентке келдім, бір қаландарханаға түсіп кітаптарымды сонда қойдым. Жұма күні еді, жұма намазына барып, халайық арасына көз салдым. Кенеттен түсімде елестеген жамалы құбылған [кісіні] көрдім. Сол уақытта таныдым, аяғын сүюге мұрсат алдым.

Назым (түрки):

Бас көтермей, тағзым ет, көктегі жардың зиратына,
Кім ғашық болса, сүйіктісі жүрегінің есігін ашады.

Хазірет Ишан[137] мейірімді ананың рақымшылық үйіндегідей қорғансыз мені қанатының [астына] алып, аймалап, қолымды алып үйіне апарды. Сұрады: "Не арызбен келіп едіңіз?" Мен айттым:

---

[133] Ол туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М.* Мухаммад Кази // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 292–293.

[134] Кархана деп Нақшбандийа тариқаты аталған. Нақшбандийа ілімі туралы қараңыз: *Meier F.* Zwei Abhandlungen über die Naqšbandiyya. I. Die Herzensbindung an den Meister. II. Kraftakt und Faustrecht des Heilegen. Istanbul-Stuttgart: in Kommission bei Franz Steiner Verlag, 1994.

[135] Хал (мистикалық хал) туралы: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 351–359, 364–365.

[136] Өзбекстандағы Наманған облысы Касансай ауданының орталығы.

[137] Бұл жерде Хазірет Маулана Мұхаммед Қазыны айтып отыр.

"Ділімде дерт пайда болды, дауасын білмеспін". Хазірет Ишан айтты: "Сенің дертіңе екі жаһан Иесінің суығы және дүние ақіреті тылсымы басты себеп". Және айтты: "Біз молламыз, жамағат біздің алдымызда білім, амал алу керек, сіз де ғылым-дәріс қылғайсыз". Мен айттым: "Иә, ұлы пірім, менде оқырға пұл жоқ". Хазірет айтты: "Әр нені қабыл етермін". [↑9ᵃ/9⁶↓] Мен айттым: "Ей, Алла!". Рақымы түсіп қабыл қылды: "Хазірет Ишан Убайдалла Ахрардың ұлы атасының рисалаларын оқығайсыз".

Осылай рисала оқумен шұғылдандым, екі-үш сабақ оқып едім, қатты қажыдым. Хазірет бұл халді көріп, шақырып алып: "Қалайсыз?" деп сұрайды. Бұл пақыр: "Көп шатасқанмын", — дедім. Ишан айтты: "Аз уақытқа рисала оқымақты тоқтатыңыз".

Біраз уақыт өткеннен кейін Хазірет Ишан ғылым іздеуші-жарандарына айтыпты: "Біздің шейхтық тағымызға отырар, биік ұшар сұңқар келіпті, бізге оның тәрбиесі ләзім-парыз. Үміт етеміз, бізге кешірім етерсіздер", — деп дәрісті аяқтады.

Хазірет Қожа Убайдалла Ахрар Хазірет Маулана Йақұб Чархидің қызметінен шабыттанып келгеннен кейін өзінің ең жақын жарандарымен сұхбат қылғаймыз деп, бір үй салып еді. Әр кірпішті [өз қолымен] қалаған еді, өзінің таңдаулы жарандарымен бірге қабырға көтеріп, ниеті дұрыстармен бірге шейхты еске алып, рақымымен бірге *ханақа* тұрғызып еді. Ол үйді Хазірет Ишан өзі тұрып сыпырып, [↑9⁶/10ᵃ↓] дәрет суы мен топырағын дайын қылдырып қойды. Әмір Нұр ад-динді (ол менің нағашым еді) өзімен бірге ертіп келген еді. Оны аспаздыққа және дәрет суын дайындаушылыққа тағайындады. Бұл пақырды [Махдұм Ағзамды] өз қызметіне *шілде*[138] (арбаʻин) ниеті жолымен енгізді, пақырға көп шапағатымен қамқоршылық жасап, тамақ жеген уақытында өз жанына отырғызып, [тағамның] әр кесегін алғанымда айтар еді: "Әзір болғыл, ғафілменен жемегейсің, жаман істе қаларсың" деп. Әр мезетте, әр кезде ескерту қылып айтар еді: "Әр кесекті алғанда "бисмилла" дегейсің, шайнағанда "әл-Уахид!", жұтар кезде "әл-хамд ли-л-Лах" дегейсің", — деп көп өсиет қылар еді.

---

[138] *Шілде* (арбаʻин) отыру туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М.* Чилла // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 448–449.

[Нақшбандийа тариқатындағы *шілде* (арба'ин) отыру туралы]

Хазірет Баха әл-Хақ уа-д-дин Қожа Нақшбанд[139] хақында нақыл қылады: Хазірет Қожа Ала ад-динді тура жолға қояр кезде көп көңіл бөліп, өз қасына отырғызып, әр кез өзінен жырақ қылмас еді. "Егер сен менен жырақ болсаң, нәпсің табиғатыңды пәре-пәре қылар деп қорқамын", — дер еді. Осы себептен Хазірет Қожа Ала ад-динге тез арада ұлы жеңістер нәсіп болды.

Онан кейін Самарқандқа Хазірет Маулана Мұхаммед-Қазы *шілдеге* отырды деген хабар келді. Хазірет Ишан ізбасарларынан Хазірет Маулана Мұхаммед-Имин және Маулана Мұхаммед Қануни бастап [адамдар] келді. Көптеген ұлы, керемет сұхбаттар [↑10ª/10⁶↓] болды және кереметтер көрсетті.

Бағзы махдұмзадалар естіп, айтқан екен: "Хазіреті Қожаған, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, тариқатында *шілде* (арба'ин) отырмақ жоқ еді". [Ол жауабына]: "Хазірет Ишан біріктіруші тұлға, яғни Алланың барлық әулиелері тариқаттарын бұл Нақшбанд тариқатына жинаушы[140], әр заманда ол заманның ең таңдаулы [кісісіне] және қауымның ең таңдаулы кісісіне өз тариқатын ашады. Ол тариқаттар шариғаты бұл тариқат үшін тыйым салынған емес".

Және Хазірет Махдұм Ағзам, *оның қабіріне нұр жаусын*, айтады: "Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, мені мемлекетті бағыттауға (иршад) жеткізді. Менің амалдарым Хазірет Ишан қожаған жо-

---

[139] Нақшбанд, Бахā' ад-дīн Нақшбанд Муҳаммад ибн Бурхāн ад-дīн Муҳаммад ал-Буҳāрī (1318–1389), Ҳᵛāджа-йи Бузург және Шах-и Нақшбанд атымен әйгілі болған, XIV ғ. ортаазиялық сопылықтың ірі қайраткері. Ол туралы қараңыз: *Акимушкин О. Ф.* Накшбанд // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 299–301; *Tosun N.* Bahâeddin Nakşbend. Hayatı, Görüşleri, Tarîkatı [XII–XVII. Asırlar]. Istanbul: İnsan Yayınları, 2002; *Гордлевский В. А.* Бахауддин Накшбанд Бухарский // Избранные сочинения. Кн. 3. М., 1962. С. 369–386; *Семенов А. А.* Бухарский шейх Бахауд-дин. 1318–1389 // Восточный сборник в честь Н. И. Веселовского. М., 1914. С. 202–211.

[140] Нақшбандийаның көп тариқаттарды біріктіргендігі туралы қараңыз: *Schwarz F.* Unser Weg schliesst Tausend Wege ein ... Derwische und Gesellschaft im islamischen Mittelasien im 16. Jahrhundert. Berlin: Klaus Schwarz Verlag, 2000.

лына сәйкес пе, әлде емес пе? Бұған [олардың] ризалықтары бар ма, әлде жоқ па?" — деп ойға түскен едім. *Илхам* жетті: "Хазірет Қожаған, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, мазаратына бармақ керек, олар не міндет қылса, соны орындамақ керек" деді.

Бұхара жаққа беттедім. Ғаламның [барша адамының] мүршиді Қожа Жаһан, *Алла тағала оның қабірін нұрландырғай*, нұрға толы мазарына жеттім. Оның таза қасиетті аруағына сиындым (таваж-жух). Моладан әуез естідім: "Сен — Қожаған тариқатының ең көрнекті де таңдаулылары қатарынансың. Сенің қасиетің көрініс тапты, мүбарак болсын". Онан соң менен не керемет болса, ол Құдауәнданың, *сұбхана*, рақымдылығымен, Хазірет Қожағанның жәрдемімен болды. Осы себептен барлық керемет пен берекет [↑10⁶/11ᵃ↓] дүниеге келді һәм қиямет күніне дейін келер, *Алла қаласа*!

Айтылуынша, Хазірет Қожаған тариқаты[141] (ол Хазірет Сыддық Акбар, *Алланың рақметі болғай*, тариқаты) жабық еді, жолы байланып тосқауыл қойылған еді. Хақ, *сұбхана уа тағала*, біздерді бұл тариқатты дамыту үшін болмысқа келтірді. Құдайға шүкір, Алла мейірімімен, [басқа] тариқаттар бар болса да, бұл [Нақшбанд тариқаты да] пайда болды.

Хазірет Маулана Мұхаммед-Қазы *шілдеден* шығып, негізгі [шыққан] жеріне жөнелді. Мені сол жерде қалдырды. Мен тағатсыз болып, жылап, зарлап Хазірет соңынан жөнелдім. Әр күн Хазірет таңертең көшкен жерге мен ақшамда келер едім. Әрбір кісі мені бұл мазасыздықта көрсе, рақымы түсер еді.

Назым (түрки):

Бақытты сол — бүйра шашты сұлулары бар,
Тынышсыздықты алып, бойына тыныштық береді.

Онан кейін *чиллахана* құрумен шұғылдандым. Ол заманда бұл әлсіздің халі өзгеруде еді, ғажайып халдерде жағдайы ұлылар қол беріп, барлық әнбие, әулиелер, аруақтар, аспан мен жердегі барлық періштелер жақсы көрініште жанарыма көрінді. Мейірім мен

---

[141] Ол туралы қараңыз: *Хисматулин А. А.* Хᵃаджаган // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 417—425.

қамқоршылық көрсетіп, әрбірі өз тариқатына шақырды. Мен пақыр ешқайсысына ілтипат қылмадым. Мұның бәрі емтихан екен, өз тариқатымда нық қадам еткенім оларға мәлім болды. Барлығы маған тәрбиеші болды, әрбірі жеке-жеке шапағат [↑11ᵃ/11ᵇ↓] қылды. Неше түрлі ғажайып ахуалдарды көрсетті. Күндіз-түні тағатсыз болдым, тынышсыздықтан зар жылар едім. Көзіме аспан мен жер бір көрінер еді. Тағатсыздықтан лай аяқтарыммен ұлы ұстазымның кілеміне шығып, ұлы пірдің қолтығына бас сауғалайтын едім. Хазірет Ишан да құшағына алып, мейірім қылар еді. Өзіме келіп, ойланар едім. Осындай астамшылық менің [бойымнан] шығып, әдептілікпен кешірім тілер едім.

[Махдұм Ағзамның кереметтері]

Ол заманда Хазірет Ишан Ташкентке кетті. Мен Касанға келдім. Мәлім болды: ұлы әкем ауырып, өлім алдында екен. Оның сиынған күші (таважжух) бұл пақырды ықтиярысыз (Касанға) келтірді. Екі күннен кейін бұл дүниеден жүріп кетті. Айтады: **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[142]. Барлық ұлағаттылар әзір болып, оны жерледі. Онан соң туыстар жиылып, ас дайындаумен болды. Мен пақыр пайдасыз іс істеп жүрген жігерсіздерге айттым: "Ахмад[143] Моғұл жамағатымен келіп, [сіздерді] тонап, асты жер!" дедім.

Бұл сөзімнен халайық мені масқаралап, "диуана, ессіз" деп ұйғарды. Ол уақытта мен сондай халде едім, тіпті он сегіз мың ғаламда аспан мен жерде еш нәрсе, тозаңдай нәрсе де құпия емес еді, барлық құпиядан хабарым бар еді.

Таң алды уақытында ас [↑11ᵇ/12ᵃ↓] тартпаққа дайындалуда еді. Ахмад Моғұл моғолдар жамағатымен келіп, атыраптағы мұсылмандарды тонап, асты жеді. Барлық халық қалаға тығылды. Моғолдар келіп әр тараптан оқ атты, оқтары маған әсер етпеді. Моғолдар бұл өз көздерімен көрген істі тамаша қылып: "бұл [кісі] — сиқыршы" десті. Ақырында шариғатты мойындамаушы (мункир) залымдар келіп, қолымнан ұстап, сүйретіп, шыңырау

---

[142] Құран Кәрім, 2: 156.

[143] Мәтінде: احمد مغول

жарынан лақтырды. Шыңырау астында бір тас тақта бар екен. Онда түстім, сүйектерім күлпарша болды. Осы халде ғайыптан әулиелер жамағаты келді. Ол төңіректе бір диірмен бар екен, мені сол диірменге алып барды. Диірмен тасына жатқызып ырғатты, осыдан сүйектерім орнына келді. Алла жамағаты [әулиелер] маған мынадай насихат пен басу қылып айтар еді: "Хазірет Ибраһимді[144], *ғалəйһи-с-салам, манжаныққа* салып, отқа тастады. Хазірет Закарийаға[145], *ғалəйһи-с-салам*, ара салды, Хазірет Жиржисты[146], *ғалəйһи-с-салам*, неше мәрте өлтіріп, қазанға салып қуырды" — деп, біздің бұрынғы өткен пайғамбарлар қиссаларын баян қылар еді. "Не үшін Алланың құпиясын аштың, Алланың құпиясын ашқан күпір" — деп, бұл жамағат көзімнен ғайып болды. Мені аштық жеңді, кенеттен көзім жабыққа түсті. Жоғарыда бір нан тұрғанын көрдім. Ол нанды алуға қауқарым жоқ, қабырғаға сүйеніп нанды алып жедім, мұндай ләззатты нанды әсілі жемеген едім.

Туыстарым [↑12ᵃ/12ᵇ↓] шыңырауға тастағанды жырақтан көріп, "өлген екен" деп сеніпті. Жау кеткеннен кейін сүйегін тауып аламыз деп, шыңырауға кісі түсіріп, ептеп осы тереңге түсіпті. Содан тірі тауып: "Ғажап, сен осындай жерге түсіп, аман қалғансың және бір ғажабы біз бұл тереңнің ішіне жеткенде көп кісінің дауысы ке-

---

[144] Ибраһим — бір Құдайға сиынушылықты уағыздау барысында ол бірнеше тас пұтты қиратады да, басқаларға оны бас пұт жасады дейді, олардың бұл сөзге сенбеуін сенімдерінің жалғандығының дәлелі ретінде пайдаланады. Патшаның алдына алып келеді, жазасына оны отқа жағуға бұйырады. Алла оны өлімнен құтқарып, оған сенім білдірген Лұтпен бірге Палестинаға алады.

[145] Закарийа' — Құрани бейне, діндарлардың бірі, Йахйаның әкесі, інжілдік Захария. Құрани аңызға қарағанда ол жеребемен Мәриямның тәрбиешісі болып таңдалады. Ұлының өлімінен кейін ол қуғыншылардан қашып ағаштың қуысына тығылады, Ібіліс оны көрсетеді де, жаулары ағашты шауып, Закарийамен бірге аралап өлтіреді.

[146] Жиржис — мұсылмандық аңыздардың бейнесі, Аллаға берілген діндар кісі, Иса апостолдарының бірінің оқушысы, Палестинадан шыққан. Дінсіздерден қашып, Ирақка, пұтқа табынушы әрі рақымсыз Мосул патшасына келеді. Патша оны сенімінен айныту үшін әртүрлі азапқа салады, Жиржис оларға шыдайды, содан патша оны жазалауға бұйырады, бірақ әрбір жазадан кейін Алла оны тірілтіп отырады. Жиржистің әулиелі мазары Ташкент облысы, Тойтөбе қаласында.

лер еді, қазір сенен басқа кісі жоқ" десті. Ақырында үйге алып баратын болды. "Зембіл әкеліп жырақ тұрыңдар" дедім. Олар зембіл әкелді. Алла жамағаты келіп жан-жағымнан ұстап, зембілге салды. Туысқандарым келіп, үйге әкелді. Ұзақ уақыт ауруға душар болдым. Әрқашан Алла жамағаты [әулиелер] келіп зембілге қараса, тыныштық пен жеңілдік болар еді. Олар шығып кетсе, барша ағзаларыма дерт пайда болар еді, тыныштық болмас еді. Бұл жағдай туралы бәріне мәлім болды, кейбірі оған сенбес еді, бұл жағдайға сенім білдірмес еді.

Өйткені Алла тағала бұлардың көз, құлақ, ділдеріне білместік пердесін қойды, [бұл себептен] хидаятқа жол жоқ. **Демек, олар (тура жолды таба алмайтын) ем қонбас саңырау, мылқау, соқыр**[147], Алланы білу жемістері *мункирлерге* қабыл, нәсіп болмас. Пайғамбарлар ғажайыбын қабыл ету кәпірлерге [арғы дүниеде] куәлік етпес.

Әй, жүрегі жаралы дәруіш! Хазірет Махдұм Ағзамның, *Алла оның қабірін жарық еткей*, кемелділігін, жоғары мәртебесін Алла ұлылары жамағатынан білмек керек. Олар [әулиелер] оның [Махдұм Ағзамның] қызметіне келер еді. Хазіреттің басына түскен халді [↑$12^{б}/13^{а}$↓] жеңілдетер еді. Бұл дүниедегі оқиғаны олардың көзі арқылы көрер еді. Хазірет Ишан *хал* жеңген шағында айтар еді: *Ринлар*[148], ессіз-сопылар [Құдаймен] бірігу үшін *мәй* сатар шаһарға[149] келіп және *мағрифат*[150] *хумханалары*[151] есігін ашып қойып: "келіңдер, дарын құмырасын босатып, бұл [Құдаймен] бірігу *мәйіне* тойыңыздар, мәңгі мастық болсын" — дер еді.

Және Хазірет араб пен *ажам* саййиді — Махдұм Ағзам, *оның қабіріне нұр жаусын*, айтады: Хазірет ұлы пірім Хазірет Маулана Мұхаммед-Қазы, *Алла оның қабірін жарық еткей*, бір уақытта денесі қышыма кеселіне ұшырады. Қиын аурудан тағатсыз болып, барлық өз ізбасарлары арасында айтты. Бұл жамағат шексіз махаббатпен дем салады, бірақ еш ғашық пен садықтың діліне, ауруына еш әсер етпеді. Құдай тағаладан сұрады, ешбір ізбасарларынан кере-

---

[147] Құран Кәрім, 2: 18.

[148] *Ринд* — Құдайға жан-тәнімен берілген сопы, дүниеде дінсіз-күпірдің өмірін сүруші.

[149] Бұл жерде *мұрақабаға* шомып дегенді білдіреді.

[150] Алла туралы құпия ілім, сопылық тариқаттағы үшінші саты.

[151] *Хумхана — мәй* (қасиетті шарап) құятын құмыраларды сақтайтын орын.

мет шықпады. Бұл сөздерді естігеннен менде ғажап пайда болды. "Ей, әрекетсіздер!" деп, кебіс тұратын жерде отыр едім, Хазірет Ишанға жалбарынып, беймазалықты көтеріп, өзіме алдым. Осы кезде оның кеселі жазылуға бет бұрып, яғни тәнінен кетіп, [↑13ᵃ/13ᵇ↓] толық жазылды. Ұлы Пірім дұғаға қол жайып, мінажат қылды: "Ей, сиынушы ием! Ей, әлем қайырымдысы! Үміт етемін, қиямет-ке шейін бұл әулиелермен байланысым болсын, олардың әулеттері [ұрпақтары] үзілмесін". Бұл дұғалар Хақ тағала дәргаһына қабыл болып, бұл рухани байланыс үшін, жарық дүниенің ақырына дейін бұлардың әулеттері үзілмес.

[Сайид Бұрхан ад-дин Қылыштың дүниеге келу тарихы]

Бұл Хазірет Махдум Ағзам әулеттерінен рухани байланыс үзіл-местігіне және бір себеп бар еді: Хазірет Махдум Ағзам, *Алла оған рақымды да риза болсын*, бабасы Хазірет Сайид Камал ад-дин Мажнун Мәдина-йи Мунавварада Раузат-и Ан-Хазрат[152], *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, маңайында тұратын еді. [Хақты] іздеу дерті шалып, бұл дерттің тәбібі Әулие Алланы іздеуде жүре-жүре, жүргінші Ферғана уәлаятына жетті. Ферғана уәлаятының шеткі өлкелер орталығы Үзгенд шаһары шетінде біраз уақыт дем ал-ды. Сол уақытта сол уәлаят Хазірет Сұлтан Илек Мазидің[153] қол астында еді. Ол Алла әулиелерінен еді, мұсылмандардың әмірі Хазірет Әбу Бәкір Сыддық[154], *оған Алланың рақметі болғай*, нәсіл-

---

[152] Раузат-и Ан-Хазрат — Мұхаммед Пайғамбардың қабірі.

[153] Илек Мази (Ӣлӣк-и Мāдӣ) — Үзгент сұлтаны. Шығармаларда Илек-и Маза/Илек ал-Мази сұлтан деп те жазылады, Қарахандар әуле-тінен шыққан, Орталық Азияның жаулап алушысы Насыр Арслан-ханды (1011—12 немесе 1012—13 жж. өлген, Үзгентте жерленген) атайды. Ол Қарахандар әулетінің негізін салушы Сатұқ Бұғра ханның (955 ж. өлген, Қашғарда жерленген) тұқымы. Ол туралы қараңыз: *Абашин С. Н.* Бурхан-иддин-Кылыч // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 76—78.

[154] Әбу Бәкр Сыддық (572—634). Ол туралы қараңыз: *Большаков О. Г.* Абӯ Бакр аṣ-Ṣиддӣқ // Ислам: Энциклопедический словарь. М.: Наука, 1991. С. 8—9.

дерінен және "Жеті сұлтанның" бірі еді. Хазірет Сұлтан Илек Мази, *Алла оған рақымды болғай*, Хазірет Саййид Камал [↑13⁶/14ᵃ↓] ад-дин, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұл уәлаятқа келместен бұрын: "Пәлен уақытта бір саййидзада бұл уәлаятқа келер. Оның нышаны болады, қай кезде болмасын, ұйықтағанда бір айдаһар сипатындағы періште оған сая қылып, қорғаныш етер. Сіздің қызыңызды көкте соған некеге бұйырып тұр" — деген *илхам* алған еді. Хазірет Сұлтан күтуде еді. Сол уақыт жетіп, қызметкерлерінің біріне бұйырды: "Пәлен жайда бір кісі бұл сурет, бұл нышанда *такйа* қылған. Жырақтан әдеппен әзір тұр, бір уақытта оянар, айдаһар ғайып болғаннан кейін, қосшыларына барып, менің сәлемімді айтарсың: "Бұл шаһардың патшасы шақырады" деп.

Уақытында бұл кісі келіп арыз-сәлемді жеткізді. Хазірет Саййид Камал ад-дин айтты: "Мен отанынан жолға шыққан Алла пенделерінменмін, [Алланы] іздегендер есігінен шығуға маған мүмкіндік жоқ". Патша қызметкерлері бұл хабарды Сұлтанға жеткізді. Сұлтан айтты: "Және арыз айт, егер рұқсат болса біз олардың қызметіне барсақ". Ол кісі келіп арыз қылды. Хазірет Саййидтің мейірімі түсті. Кездесуден басқа шара жоқ еді. Сұлтан Дәруіш сұхбат жасап, мейіріммен Алланың аятымен айтты: **Аллаға, Пайғамбарға бойсұныңдар, егер оған теріс айналсаңдар (Пайғамбарға келіп-кетері жоқ[155]).** [↑14ᵃ/14⁶↓] Әуелі біздің барғанымыз [дұрыс] — деп, келді. Сұлтан алдынан шығып, Хазірет Саййидті мырзалықпен қарсы алып, үйіне түсірді. Сұлтан: "Бір қызым (ʻажиза) бар" деп арыз қылды. Ол: "Қалауыммен бір мақсат үшін отанымнан шығып едім, маған басшылықтың (кадхудачылық) қажеті жоқ" деді. Сұлтан қиылып айтты: "Хақиқат бұл уақиғадан хабар берді, бұл қызды сізге көкте некелеп қосыпты". Амалсыз қабыл етті. Хазірет Сұлтан қызын Хазірет Саййидке үйлендіріп, патша тойын өткізді. Хазірет Саййид-сұлтанның кемелді (сахиб камал) екені мәлім болды. Әлденеше уақыттан соң Саййид оның қызметінде болып, кемелді (сахиб камал) болды. Біраз уақыттан кейін Саййид [Алла үйіне] ынтықтық (кашиш) жетіп отбасы мүшелерімен Мединеге қайтты.

---

[155] Құран Кәрім, 64: 12.

Біраз уақыт ғұмыр кешті, ажалы жақындады. Саййид Бұрхан ад-дин Қылыштың[156] анасы оған жүкті еді. Хазірет Саййид тұрғындарға өсиет қылды: "Маған мұндай *илхам* болды, менен бір ұл дүниеге келеді. Оның есімін Саййид Бұрхан ад-дин атарсыздар. Ол *сахиб камал* Құтыб болар, оның әйелінен *сахиб камалдар* дүниеге келер. Қиямет күніне шейін және қияметте олардан рухани байланыс үзілмес".

Хазірет қайтыс болғаннан кейін Хазірет Саййид Бұрхан ад-дин [↑14⁶/15ᵃ↓] дүниеге келді. Сұлтан [Илек Мази] әлі тірі еді. Сұлтан Саййид Бұрхан ад-динді жанына алдырды. Хазірет Сұлтан неше уақыт өмір өткізді. Ақырында өз тағына Саййид Бұрхан ад-динді отырғызды. Хазірет Сұлтан фәниден бақиға[157] аттанды, **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[158].

[Хазірет Саййид Бұрхан ад-динге *жазба* жеткені туралы]

Хазірет Саййид Бұрхан ад-дин тақ салтанатында отырып, әділет жолын ұстанды. Кенеттен оған Аллаға ғашықтық — *жазба* жетті. Сұлтан Ибраһимге патшалық тағының жүгін арқалатты. Хазірет заман Құтыбы болған Шейх Маслахат Хоженди[159] қызметіне келіп, [оған] өз еркін (рутба-йи ирадат) берді.

Хазірет Сұлтан Саййид Бұрхан ад-диннің кәміл дарынын көрмек керек. Сол сәтте әуелгі кеште Шейх мейірім қылып айтты: "Менің арнайы құжырамда Сұлтан Саййид үшін жеті қабат кілем салыңдар" деп қызметшісіне бұйырды. Саййид Бұрхан ад-дин сол [жатар] уақытта: "Өте жоғары екен" деп, үш төсекті алдырып, төрт төсекті өзі жастанды. Содан, төртінші аспанға шейін перде көтеріліп, өз көзімен [куә] көрді. Таңертең Хазірет Шейх қызметіне келді. Хазірет Шейх мейіріммен айтты: "Перзентім, егер менің

---

[156] *Абашин С. Н.* Бурханиддин-Кылыч. С. 76–78.

[157] Фәни мен бақи туралы: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 359–361.

[158] Құран Кәрім, 2: 156.

[159] Шайх Маслахат Хожендидің киелі мазары Тәжікстанның Соғд облысы Хужанд қаласы орталығында.

пәрменімше болып, төсеніштеріңді азайтпасаңыз, бұл кеште жеті қабат аспанды куә көрер едіңіз".

Онан кейін әлденеше уақыт өтіп Хазірет Шейхтың қызметінде кемелдікке жетті. Шейх [↑15ᵃ/15ᵇ↓] дұға-қайыр жасап, ілтипат қылды: "Қиямет күніне дейін сіздердің әулеттеріңізден рухани байланыс үзілмесін" — деді.

Хазірет Шейх о дүниеге сапар шеккеннен кейін, Үзгенд уәлаятына қайта оралып, халықты басшылығына алды. Мұхаммед пақырлары тариқатымен[160] өмір сүрді. Оның қасиеті өте зор еді. Көпшіліктің ішінен бір кісі әдепсіздік қылса немесе көңілінде қарсылық қылса, Алланың әулиелері, Алла жомарты, Пайғамбардың сипаты пайда болып, сол уақытта [ол кісінің] өмір жібі үзіліп, қайтыс болар еді.

[Саййид Бұрхан ад-диннің Қылыш аталу себебі]

Бір әзіз оның Әулие Алла, Кәрім Алла сипатты болғанын көңіліне алып, "Хазірет Саййид-сұлтанның бұл сипатының себебі не екен?" деп ойланады. Содан ол әзіз өзінен кетіп (айни бихудлуқ), аян көрді. Көзіне көрініс пайда болды, бір жалаңаш қылдай өткір қылыш әулие аспанынан пайда болады. Масалар әр тараптан келіп, өздерін қылышқа ұрып, екіге бөлінді. Бір мезетте өзіне келіп, Саййид-сұлтанға айтты: "Әй, әзіз, құпия қылышта ма, әлде масаларда ма?". Бұл әзіз көп қынжылды, кешірім қылды. Одан соң осынау күшпен "Саййид Бұрхан ад-дин Қылыш" аталды.

[Хазірет Махдұм Ағзам ұрпақтары]

Бұлардың әулеттері Хазірет Махдұм Ағзамға шейін көпшілігі керемет иесі, *хал* иесі, Құтыб болып өтіпті. Бұл ғаламдағы құтыбтардың Құтыбы, халықтар арасындағы тайпалардың мұршиді, араб пен *ажам* арасындағы шейхтардың Шейхы, өткендердің *фирқасының* қолбасшысы [↑15ᵇ/16ᵃ↓] [Құран] білгіштер арасындағы құпия, ақиқат білгіш, таңдамалы Сұлтан, әулиелердің лайықты би-

---

160 "Мұхаммед жолы", яғни Мұхаммед Пайғамбардың өмір жолына еліктеушілер.

леушісі, жомарт — Махдум Ағзам, яғни Хазірет Маулана Қожағи Ахмад-и Касани, содан кейінгі аты ал-Дахбиди, *Алла тағала оның қабірін нұрландырғай*, ұлы әулиелердің жарығы, әлем халқы сыйнатын кісі. Оның ісінің кемелі дүниенің төрт бұрышында, әлемнің әр шетінде мәшһүр. Уәлаяттардың нұры, құдіреті жаһанның барлық шаһарларында танымал еді. Ол Қожаған силсиласы тариқатының қасиеттерін кеңінен дамытқан болатын. Алла әулиелеріне әр уақыт сенімді болыпты, *мүршид* ол ғасырдан тариқаға нұсқау қылып мәңгілікке төрт халифа қалыпты. Хазірет Ишан Махдум Ағзам, *Алла тағала оның қабірін нұрландырғай*, өзінен [тараған] діндар жетпіс үш халифа өмір сүріпті. Әрқашан тақтық жайнамазда сиынып отырып, жаратылысқа нұсқау және тариқадан баян қылыпты.

Хазірет Махдум Ағзам, *Алла тағала оның қабірін нұрландырғай*, әулеттері туралы нақыл қылады: "егер халық бір-екі атты мінсе, мен пақырдың [халифалары] Алла мейірімімен жетпіс үш пілді ертеп мініп, әрбіреуі бір шаһар, бір уәлаят ішінде тариқат дамытар. Алла махаббатының ұрығын Құдай пенделерінің діліне шашып, әулиелік кереметтерімен махаббат нұры әсерін жеткізіп, басшылық қылар. [↑16ᵃ/16ᵇ↓] Екі қасиетті де шәріф қала Мекке мен Мединеден бастап Қытай шекарасына дейін бар әлемде әулиелік нұрларын таратар. Халифалар бұл шаһарларға келіп-кетіп тұрар" депті.

Назым (түрки):

Тек сенің махаббатыңмен сұлуым жаһанға шаттық келді,
Жүзіңе құмарлық көңіл мүлкін мәңгілік етті,
Таңдаулылары әлемнің сенен игілік тілейді халыққа,
Қиямет күніне дейін сипатыңды есте сақтау үшін.

[Бабыр патша оқиғасы]

Нақыл қылды: Үндістан уәлаятында Бабыр[161] атты бір патша бар еді, ол заманда патшаға бір хош уақиға келді. Сұлтан атты бір патша көтеріліп, жаушылық төніп, сансыз әскер жиып, [Бабыр]

---

[161] *Babajanov B. M.* Zahîr al-Dîn Muhammad Mîrzâ Bâbur et les Shaykhs Naqshbandî de Transoxiane // Cahiers d'Asie centrale. № 1–2 (1996). Tachkent–Aix-en-Provence: Édisud. P. 219–226.

патшаға қарсы тұрды. [Бабыр] патша Хазірет Қожаған тариқатына шын берілген, сенімді еді. Олардың қасиетті аруақтарына жалбарынды. Сол кеште Хазірет құтыбтардың Құтыбы — Хазірет Қожа Убайдалла-қожам ғайыптан пайда болды. Патша одан көмек тіледі. Сол арада Хазірет Махдум Ағзамнан, *оның қабіріне нұр жаусын*, үшбу *захир* суреті көрініс берді. Хазірет Қожа Ахрар "Бабыр патшаны Хазірет Махдумға тапсырдым және маңызды еттім, көмек сіздерден болғай" деп, ғайып болды. Патша өзіне келді. Сол күні ұлы соғыс болды. Бәрі өз көздерімен көрді. Хазірет Махдум Ағзам бар жамағатымен ғайыбтан әзір болды. Дұшпандар әскеріне бірлесе ұрыс салды, ұлы жеңісті, [↑16^{б}/17^{а}↓] ғанибет уақиға болды. Сол күні қазынасына неше құйма тіллә қосылып, қолына көп дүние алды.

[Қожаған аруақтарына] сиынып, Дәруіш Мұхаммед Қозы атты атақты әулие бір кісі бар еді, оны Самарқандқа жіберді. Үшбу мазмұнда *назым* (түрки):

Шах шабуылдады, сенен қорғаныш,
Сенен алып бар қиындықтың шешімін,
Көмек қылып қажетінше қорғадың,
Таптым пана жомарттың сәулесінен.
Жер бетін көзді ашып-жұмғанша ретке келтірдің,
Үнді, Ирақ жүруге жолға шықтың,
Жұмақ құсы сенде бар, менде жоқ,
Хан шатырының жұмақ құсы.

Барша ықылас пен ілтипат көрсетіп, күллі сенімімен бұл *бәйіт-терді* де жолдады:

Әрне пақырларға, жақындарыма емес менің,
Оларға мен жан-ділімменсенгенмін.
Сен кетпе жырақ, шахтық қыл, дәруіштік
Сізді, Шахты іздеуші, пенде дәруішпін.

Бұл екі бәйіт осы жинақтан:

Соңында өз құштарлығың сұр өмірді заяға кетіреді,
Алла адамдарының жанында өз істерімнен шермендемін.
Бір назар сал Рақым, шаршаған, сарғайған жүрегіме,
Қожалықты тастадым, қожалыққа пендемін.

Ол кісі келіп уақиғаны баян етті, патшаның ықыласын жеткізді. Хазірет Ишан қабыл етіп, Алла құпиясына және шексіз ақиқатына сиынушылық туралы "Бабырийа" атын қойып бір рисала [арнауға] тәртіп беріп, ілтипат етті. Қазіргі уақытта бұл рисала араб арасында да, *ажамдық* Иран, Үндістан және Тұран жерінде де "Байт чахар рисала" ішінде аталады.

[Махдұм Ағзамның әйелдері]

Сонымен [↑17ᵃ/17ᵇ↓] білмек керек: Хазірет Махдұм Ағзамның, *Алла оған рақымды да риза болсын*, төрт әйелі бар еді.

Бірінші әйелі Касан саййидтерінен Мир Иусуф Саййидтің қызы Тағай Анхазірет еді. Бұл әйелінен үш ұл, екі қызы бар еді. Әуелгі ұлдары (1) Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Имин — ол Ишан Калан атымен мәшһүр. Одан — (2) Қожа Дуст, (3) Қожа Баха ад-дин, (4) Қожа Абд ал-Халық. Бұл қайырымды Құдайдың бергені, бітпес қадірліліктің көзі. Хазірет Қожа Дуст халифалардың бастысы, сопылардың, *сақилардың* жол нұсқаушысы, дүниенің өзегі. Хазірет Қожа Баха ад-дин ұлы атасының қызметінде исламға шақыру (даʻват) мақамына, *иршад* рұқсатына жетіп еді. Хазірет керемет пен аянның сауыты, ғажайып Қожа Абд ал-Халық үлкен ағасы Хазірет Ишан Каланнан рұқсат пен нұсқауға жетті.

Және бір әйелі бұл Би-Мәлике Касани — Касан патшаның қыздарынан еді. Одан екі ұл, екі қыз. Біреуі Хазірет Қожа Мұхаммед және біреуі Хазірет Қожа Сұлтан-Ибраһим. Ол әйелін "Қашғар бәйбішесі" дер еді, Хазірет Сұлтан Сатұқ-Бұғра хан Ғазы[162] әулетінен еді.

[Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли туралы]

Кереметтер аспанының орталық өзегі, әулиелер аяны, патшалардың патшасының құпиясы, әулиенің нұрлы назары, арыстан бейнелі

---

[162] Ол туралы қараңыз: *Grenard F.* La légende de Satok Boghra Khân // Journal Asiatique. IX. T. 15 (1900). P. 5–79; *Hamada M.* Le mausolée et le culte de Satuq Bughrâ Khân // History of Sufism. 3. Paris: J. Maisonneuve, 2001–2002. P. 63–87.

Әлидің аяны, яғни Хазірет [↑17б/18а↓] Қожа Ысқақ-Уәли, *оның қабіріне нұр жаусын*, осы әйелінен [Би-Мәлике Касаниден] туылған еді.

Бұл әйелі бірде Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиге жүкті болғанда үйге кірсе Хазірет Махдұм, *Алла оған рақымды да риза болсын*, әйеліне орнынан тұрып, тағзым қылып айтар еді. "Әй, Бибі, бұл тағзым сіз үшін емес, сіздегі перзент үшін. Хазірет Қожаған силсилаларына бас болып, Қожаған тариқатын кең таратар. Бар әлемнің әулиелік күн сәулесінен нұры түсер, ислам қуат алар, күпірлік жоғалар. Бұның әулетінен бірнеше *сахиб камал* пайда болар" дер еді.

Ақыры Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли туылды. Оған аса үлкен құрмет көрсетілді. Бәйбішеге айтты: "Бұл перзент хақында көп әзірлік қыл, тазалықпен күт, қараусыз қалдырма, қателік жібермегейсің" деп өсиеттер қылар еді.

Нақыл: Құдайға жақын серік, құпияға жақын, әлем ғашығы, яғни Хазірет Қожа Мұхаммед-Қасым Хазірет Махдұм Ағзамның таңдаулы, ең жақындарынан еді. Ол айтады: "Бір күні Хазірет Махдұм Ағзам қызметінде отырып едім, көп кісі бар еді. Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли ол уақытта он жасар еді. Менің құшағымда отырып айтты: "Жұмақ пен тозақ адамдарының кебісінің айырмасы не?". [↑18а/18б↓] Мен айттым: "Пай, Қожам, бұл хикаяттың уақыты емес". Құпия жеке мәжіліс құрып Хазіреті Махдұм Ағзамға уақиғаны баян қылдым. Хазірет Махдұм Ағзам айтты: "Оған базар нанын беріңдер". Базар нанын алдыртып бердім. Хазірет Махдұм Ағзам сонан кейін сауал қылды: "Иә, перзентім, жұмақтық пен тозақтық [адамдардың] кебістерін енді айырарсың деп үміттенемін" — деді. Ол басын төмен салды".

Қожа Мұхаммед-Қасым тағы айтады: "он жасар Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли менің қолымда еді. Хазірет Махдұм Ағзам қызметінде отырып едім. Әр уақытта Хазірет Махдұм Ағзам Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлидің жүзіне қарап мұбарак басын ырғалтар еді. Біраздан кейін Хазірет Махдұм Ағзам маған қарап айтты: "Әй, Қожа Мұхаммед-Қасым, бұл перзентімнен ғапыл болма, қызметіңе жауапты қара, *Алла қаласа*, ол ғалым болып, Қожаған силсиласы осы перзентімнің уақытында кемеліне жетер, таралымы нәтижелі болар. Өзге перзенттерім де қызмет көрсетер, бірақ бұл перзентім уақытында көбірек таралар".

Қожа Мұхаммед-Қасым айтады: "Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли менің иығымда отырған еді. Хазірет Махдум Ағзам, *оның қабіріне нұр жаусын*, гаремнен көңілді, шадыман күйінде шықты. Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиді құшақтап, қызарған бетінен сүйді, көп мейірленіп, менің жағыма [↑18^{б}/19^{а}↓] қарап айтты: "Кеше мынадай уақиға көрдім, [бұл балам] аспанда Құс жолындағы биік тау басында отырып, машриқ тарапына азан қылады, барлық кісі екі тараптан жауап береді. Мәлім болды бұл перзенттің дауысынан машриқ пен мағрибтың халқы бұл перзенттің шексіз сеніміне кіреді".

Нақыл: Қадірменді, кемелденген, таңдаулы Хазірет Мажид, яғни Ахунд Молла Саййид, мейірімі мен артықшылығы кемелдіктің шыңында еді. Айтты: "Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли қызметіне инабат етейін деп келдім. Хазірет Ишан қабыл етпеді. Көпшілікпен бірге пана іздедім. Хазірет Ишан айтты: "Ей, Молла Саййид, менде дәруіштік жоқ. Сіз мені қате таңдапсыз". Айттым: "Хазіретім, мен Хазіреті Махдум Ағзам, *Алла оған рақымды да риза болсын*, қызметінде едім". Айтты: "Ей, Молла Саййид, бұл перзентім Қожа Ысқақ биік ұшар қыран, Хақ тағаланың мейірімі бұл перзентіме көп түскен. Бұл перзентімде ерекше, көңіл аударар нышандарды көріп тұрмын. Әуелгі нышан, бұл перзентім туған кеште көрдім: ыстық бір нәрсе келіп [мен] пақырдың жанына кірді. Оның нұры әлемді жарық қылды, таң сәрі уақыты еді, хабар келді: "Құдай тағала бір ұл перзент керемет қылды". Сол уақытта көзім бұл перзентке түсті, сол сансыз сәуле менің ділімде [↑19^{а}/19^{б}↓] көрінді. Бұл перзентім туылды, оның қадамымен менің үйімнен қараңғылық пен бейберекеттік ғайып болды. Әрқашан бұл перзентімді көрсем, менің ділімді жарық қылады, сәулесі көңілімді көтереді".

Және Қожа Мұхаммед-Қасым айтады: "Бір күні Хазірет Махдум Ағзам, *Алла оған рақымды болсын*, қызметінде едім, оған бір кісі сыйға (нийаз) ат берді. Ол атты [Қожа Ысқақ-Уәлиге] берді. Одан Ишан Калан бұл ат маған лайықты деп тартып алды. Хазірет Махдум Ағзам ренжіп: "Егер ат оларға болса, рухани *нисбат* сіздерге болсын" деді. Бұл хикаят, уақиғаны Хазірет Махдум Ағзамнан естігем және көргем. "Сізді Хақтың Уәлиі деп білемін" деді. Хазірет Ишан [Қожа Ысқақ-Уәли] қабыл қылды.

Мен пақыр [Ахунд Молла Саййид] пенделік шырмауына кірдім, инабат қылдым".

[Қожа Ысқақ-Уәлидің кереметтері]

Нақыл: Құранды жаттаған, Әлем хазіреті жарандарынан, яғни Хафиз Низам нақыл қылады: "Бір күні Хазірет Қожаның қызметінде Исфидук ауылында едім. Хазірет Ишан жарандарына айтты: "Дайын болыңдар, бір үлкен қоныс Балх шаһарының суы мен ауасы көңіліме түсті" деп, жарандарымен Балх шаһарына беттеді. Ол уақыттың Фаридуны, ғасырдың сыйы, яғни Молла Мұхаммеди Саххаф Хазірет Махдұм Ағзамның Ұлы халифаларынан еді. Хазірет Ишанның қызметіне алдынан Әму ('Амуд) дариясына дейін шығып күтіп алды. [↑19⁶/20ᵃ↓] Балхтың барлық таңдаулы және қара халқы қарсы алды. Тек Ахунд Молла-йи Хурдак Хазірет Махдұм Ағзамның Ұлы халифаларынан еді, ол қарсы алмады. "Мен Хазірет Махдұм Ағзамнан толық рұқсат алған кісімін, Хазірет Қожа Ысқақ Хазірет Маулана Лутфаллахтан[163] рұқсат алған қандай да бір махдұмзада, біз олардан да алда жүрушіміз" — деп қорықпады. Хазірет Ишан Балх шаһарына кірді. Молла Хурдак-халифа келмеді. Бұл іс Хазірет Ишанның ойына реніш болды. Неше күндер өтті.

Мұхаммед хан Балх патшасы еді. Жаушылар арқылы Хазірет Ишаннан бір өтініш қылды: "Халифа Молла-йи Хурдак үлкен кісі — Пір, келмекке шамасы жоқ, сіздер барып көріңіздер, халқына мейірліге Жомарттың [Алланың] шапағаты үзілмес" деп. Хазірет Ишан ханның өтінішімен халифа үйіне келді. Халифа шықпайды. Хазірет Қожа Ысқақ-Уәлидің ойына хан түсті: "мен [ханның] өтінішімен бұл жерге жетсем, Халифа осы күнге дейін шықпайды" деп. Хан Хазірет Ишанның мүбарак көздерінен жас шыққанын көріп қобалжыды. Хан [оның] көз жасының себебі не екенін сұра-

---

[163] Ол туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М.* Лутф Аллах Чусти // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 242–243; *Babajanov B. M.* Mawlānā Lutfallāh Chūstī. An Outline of his Hagiography and Political Activity // Zeitschrift der Deutschen Morgenlaendischen Gesellschaft. 149 (1999). P. 245–270.

ды. Хазірет Ишан: "Бізді келтірген ауру сұрағы ма әлде қаза сұрағы ма?". Хан бұл сөзге [↑20ᵃ/20ᵇ↓] таң қалды. Бір кісіні ішке кіргізді, ол шығып айтты: "Халифа опат болды" деді. Жан-жақты айқай-шу, жоқтау басты. Осы кезде хан Хазірет Ишанға қарады. Ишанды көрмеді. Халық Хазірет Ишан бар ықыласымен қарғыс дұға қылды деп ұйғарды. Содан халифаға берілген халықтар Хазірет Ишанға кінә тақты. Халифаны жерледі.

Бірнеше күн өткен еді. Ханның Шах Махмұд-сұлтан атты бес жасар бір ұлы бар еді, ауру болды. Үш күннен кейін Хазірет Ишан көргелі барды. Сағаты өтіп кеткен еді. "Сұлтан қаза болды" деп ханға хабар жетті. Хан қатты толқып үйге кірді. Перзентінің мүрдесін көрді. Қайғы тұтып перзентінің мүрдесін құшағына алып, Хазірет Ишанның аяғына қойып айтты: "Иә, Хазіретім, Хазіреттер Хақ тағалаға жетер дұға жасау керек, дұғаңыздың берекетінен бұл перзентке өмір керемет болғай". Халифаның берілгендері айтты: "егер Халифа болса, тілеу (таважжух) айтып тірілтер еді" дейді. Хазірет Ишан Құдай тағаланың дәргаһына бар жанымен мінажат етті: "Алла, Жалал Құдіреттің, Камал азиматтың құрметімен, бұл бейшараны шерменде қылмағайсың. Ей, дәрменсіздердің қамқоры, бейшаралардың панасы, Алла Пайғамбарының пәк әулеті дұға қылады, қабыл ет". Өстіп нала қылды, аспандағы періштелер налаға [↑20ᵇ/21ᵃ↓] келді. Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, дұғаны қабыл қылды. Сөйтіп, Сұлтан түшкіріп, жүгіріп кетті. Хан [баласын] құшты, ынтығып сүйініп, бұл ессіз [баласының] мұбарак басынан айналды. Хазірет Ишан тоқтатты. Балх шаһарының ішінде шу көтерілді: "Өлікті тірілтіпті" — деп, осылай зорайтып мәлімет тарап кетті.

Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли түскен жерлерде бір хабар тарап еді. Ол хабарда лағынетті лашын құсы ханның кептерлеріне тиісер еді. Ол лашыннан хан көп зардап шегер еді. Шарасыз хан Хазірет Ишанға кісі жібереді. Хазірет Ишанға өтініш етіп: "осы бір лашынды ұстап, кептерлерді құтқар, бейшараларға тыныштық болсын" деп. Хазірет Ишан ой үстінде (мұрақаба) еді, басын көтерді. Хан арызын баян қылды. Хазірет Ишан айтты: "Хан бізді құс аулаушы деп тұр ма, ұсақ-түйекпен мазалап?". Хафиз Низамға "Шығып бұл жануарды ұста" деді. Хафиз шығып құсты ұстап, ханның кісісіне берді. Бұл жағдай Хазірет Ишанды қапа қылды. Хазірет Ишан Хисар уәлаятына аттанды. Ханға бір күннен кейін ауру пайда болды. Осы аурудан опат болды.

[Ысқақийаның пайда болуы. Қожа Ысқақ-Уәлидің қырғыз, қазақ жерлерінде ислам таратуы]

Естімек керек: Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиге Хазірет Махдұм Ағзамнан, *Алла оған рақымды болсын*, анық рұқсат, нұсқау болмаған еді. [↑21ᵃ/21ᵇ↓] Хазірет Маулана Лутфаллах Махдұм Ағзамға емшектес (хамшира) еді. Хазірет Маулана Мұхаммед-Қазыдан Хазірет Маулана Лутфаллахқа рұқсат [иршад] болып еді. Бірақ рухани *нисбат* Хазірет пірден Хазірет Махдұм Ағзамға өтіп еді. Ол жағынан Хазірет Маулана Лутфаллах *нисбат* етіп, Хазірет Махдұм Ағзамға инабат қылып еді. Хазірет фәниден бақиға жөнелгеннен кейін рухани *нисбат* Хазірет Маулана Лутфаллахқа[164] қалды. Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли Бұхарада білім алар еді. Анхазірет (Пайғамбар), *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, рұқсатымен Маулана [Лутфаллах Чусти] Бұхарадан шақыртып алып, қызына қосып, Мауланада аманат тұрған рухани *нисбатты* да тапсырды. Ол жарандарына да айтты: "Әр қажеттеріңе піріміз Хазірет Махдұм Ағзамнан және менен талап қылар едіңіздер, енді соны Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиден талап қылғайсыңдар" деп *иршад* рұқсатын және барлық рұқсатты берді. Бұл тағдыр Ысқақийаны[165] берді.

Хазірет Ишан Калан тарапындағы *мүрид-мұхлистерінің* сенімі бойынша рухани *нисбат* Хазірет Махдұм Ағзамнан ұлы дәреже және жоғары мақсат иесі болған белгілі Қожа Жуйбариға[166] қалды. Одан Ишан Калан атымен белгілі Хазірет Қожа Мұхаммед-Иминге өтті. Хазірет Ишан Каланнан қиямет күніне дейін, олардың

---

[164] Бұл жерде Лутф Аллах Чусти ибн Фатх Аллах (шамамен 1485–1571). Ол туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М.* Лутф Аллах Чусти // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 242–243.

[165] Ол туралы қараңыз: *Papas A.* Soufisme et politique... P. 5.

[166] Қожа Ислам Жуйбари (1563 ж. өлген). Ол туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М., Шуппе М.* Джуйбари // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 138–139; *Schwarz F.* From the Scholars to Saints: The Bukharan Shaykhs of Ğūybār and the *Ziyārat* to the Four Bakr // Из истории культурного наследия Бухары. Бухара, 1997. Вып. 6. С. 36–49; *Paul J.* La propriété foncière des cheikhs Juybari // Cahiers d'Asie centrale. № 3–4 (1997). Tachkent–Aix-en-Provence: Édisud. P. 183–202.

[әулетіне] мәңгілікке қалды дер еді. Құдай біледі, не болса да әрбір әулет *нисбаттан* құр алақан емес [↑21⁶/22ᵃ↓].

Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли Анхазіреттің [Пайғамбардың], *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, мүбарак бейнесіне ұқсар еді. Ол туралы Хазірет Махдум Ағзам айтар еді: "Қашан да Мұстафаны, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, уақиғада (халге түскенде) көретінмін, осы перзент бейнесінен аян беретін" деп, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәлиді көрсе сүйіп, жібіп кететін. Жарандар сауал қылса, осы уақиғаны баян етіп, айтатын: "Бұл перзентке Хазірет Расулға, *ғаләйһи-с-салам*, жасайтын ерекше құрметімді көрсетемін".

Нақыл: Абд ал-Латиф-сұлтан[167] Үргеніш хандарынан еді. [Ол заман] Құдайдан қорқатын және ақпейілділік уақыт еді. [Абд ал-Латиф-сұлтан] Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлидің халифасы еді. Ол айтады: "Бір күні Хазірет Расулдың, *ғаләйһи-с-салам*, "Шама'ил-намасын"[168] оқып отыр едім, *халге* түстім, өзімнен кетіп, мынаны көрдім: Әулиелердің қолбасшысы, яғни Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, бейнесінде көрініп жан-жағына нұр шашып тұрды. Демім алқымымнан ұрды. Біраздан кейін өзіме келдім. Хазірет Ишан қызметіне келіп: "Хазірет Ишан Хазірет Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, бейнесінде отырып, жан-жағында нұр түрленіп және ғайып болып тұрды. Осындай ғажайыпқа қалып, қайран болдым" дедім. Осы *халде* Хазірет Ишан басын [↑22ᵃ/22⁶↓] көтеріп айтты: "Ей, Сұлтан, неге таңғаласың, біз Расул, *ғаләйһи-с-салам*, әулеттерінен-біз. Егер перзент бағзы халде ата-бабаларына ұқсаса несі ғажап". Бұл пақыр халде мұндай құпия көрініске таңғалып: "Мені кешіресіз" дедім".

---

[167] Абд ал-Латиф, Са'идийа әулетінен, Моғолстанда 1080/1670 ж. хандық құрған. Жалпы Шығыс Түркістанда қожалардан бұрын билік құрған хандар туралы қараңыз: *Шах Махмуд Чурас*. Хроника / Критический текст, перевод, комментарий, исследование и указатели О. Ф. Акимушкина. М.: Наука, 1976; Тāрӣх-и Кāшғар. Анонимная тюркская хроника владетелей Восточного Туркестана по конец XVII века. Факсимиле рукописи Санкт-Петербургского филиала Института востоковедения Академии наук России. Издание текста, введение и указатели О. Ф. Акимушкина. СПб.: Петербургское востоковедение, 2001.

[168] Абу Иса ат-Термезидің "аш-Шама'ил ан-набавийа" атты хадистер жинағы.

Нақыл: Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли, *Алла оған рақымды да риза болсын*, Абд әл-Кәрім[169] хан шақыруымен Қашғарға келеді. Абд әл-Кәрім хан ілтипатпен қарсы алып, [Қожа Ысқақ-Уәлиді] Қашғарға отырғызды. Бірақ ханнан бақыт құсы ұшып, ол жағдайда хан Хазірет Ишанды мақұл көрмеді, ілтипатсыз болды. Қырық күндей кездеспеді. Бір бағасыз, кәрі торы атты жібереді. Хазірет Ишан оны көріп, түсі бұзылып айтты: "Біз сол үшін деп келсек, ол бізге қылмыс қыла ма? Әлбетте бізді бұл жерден кетірмек", — дейді. Үш күннен кейін ханнан Хазірет Ишанның өз өлкесінен шығуын сұраған хат келді.

Хазірет Ишан жарандарымен қырғыз, қазақ еліне келіп, ол жерлерде соншама кереметтер көрсетті: дұғаменен өліктерге жан бітіріп, ауруларға шипа қылып, шөлдерде бұлақтар ашып, *пұттардан* Калима-йи Шариф дауысын келтіріп, сирек те ғажайып істер жасап, он *пұтхананы* сындырып, жүз сексен мың кәпірді иманға келтіру мүмкіндігін алады, тура жолға салады.

Абд әл-Кәрім хан болса Хазірет Ишанға кісі жіберіп, кешірім сұрады. Хазірет [↑22[б]/23[а]↓] Ишан осыған байланысты тағы Қашғарға келді. Бірақ ханның ілтипаты кем болды. Бұдан Хазірет Ишанның көңіліне реніш ұялады. Мұхаммед сұлтан сенім мен ықыласын білдіріп таң сәріде Хазірет Ишанның қызметіне келді. Хазірет Ишан айтты: "Ей, перзент, бұл уәлаяттың патшалығы осындай мүмкіншілікте ақыры күмәнсіз сізге тапсырылар" деді. Мұхаммед[170] хан ықыласпен ұйып, фатиха сұрады. Айтты: "Иә, Хазіретім, әуелі жаным *нийаз*, сонан соң уәлаяттар *нийаз*" — деді. Ертесіне, таңертең Абд ал-Кәрім хан Канжафурға[171] отыз мың кісімен аттанды. Жетінші күн болғанда, кеште Канжафур тарапынан бір барлаушы пайда болып, ат дүбірін аңдап, шейхтерін ескертіп, баспана-шатырларын тастап қашып кетті. Бақылаушыдан басқа еш нәрсе жоқ еді. Хазірет Ишан ілгеріде "Абд әл-Кәрім бекер ренжітті. Канжафур жеңісі Мұхаммед хан қолында" деп айтып еді. Сол уақытта Мұхаммед ханға "Сіз тез барыңыз, жеңіс сіздің қолыңызда" деді. Бұл жағдайда Мұхаммед хан бес жүз кісімен шаһар

---

[169] Абд әл-Кәрім хан 968—1000/1560—1591 жж. хандық құрған.

[170] Мұхаммед хан 1000—1018/1591—1610 жж. Моғолстанда хандық құрған.

[171] Канджанфу, кейіннен Синганфу — Қытайдың Шэньси провинциясының орталығы.

Бұлғарға барса, хан шаһар бағы ішінде екен. Ұстап алып өлтірді, ол өлкені жеңіп, Хазірет Ишанға *нийаз* қылды.

Абд әл-Кәрім ханның жаушылығы артты, достық тамам болды. Хазірет Ишан Мұхаммед ханды тәрбиеледі. Бір күні араға Абд әл-Кәрім хан хикаяты түсті. [↑23ᵃ/23ᵇ↓] Хазірет Ишан айтты: "Құдай тағаладан үміт қыламын, біздің ісімізді оның залалынан сақтасын", мүбарак басын төмен салып, көзінен жас саулады. Жарандары да налып, жылап, *мурақабаға* түсті.

Молла Сангин-халифа айтады: "Бір уақытта өзімнен кетіп, бір шаһар бағының ішінен шықтым, бұл көрініс ғаламның мысалы болғай. Бір ортаның төріндегі тақта Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғалəйһи уа-саллам*, отырыпты. Хазірет Ишан орталарында тұр екен". Абд әл-Кәрім ханның ілтипатсыздығынан хикаят қылады. Хазірет Расул, *ғалəйһи-с-салам*, жоғары қарайды, ағаш арасында бір тырна отыр екен. Хазірет Пайғамбар, *салла Аллаһ ғалəйһи уа-саллам*, "ұрыңдар бұл тырнаны" — деп, көп шу болады. Хазірет Ишан таяқ ұстап кірісті, тырна жерге құлап түсті. "Аллах Акбар!" Хазірет Ишан айтты: "əл-хамду ли-л-Лаһ!", Расул, *ғалəйһи-с-салам*, бізді Абд әл-Кәрім жамандығынан құтқарды" — деп. "Ей, Молла Сангин, сіз бұл күн не түс көрдіңіз" — деді. Ол қайран болып: "Тақсыр" — деді. Үш күннен кейін "Абд әл-Кәрім хан өлді" деген хабар жетті. Хазірет Қожа Ширази айтады: "Патшалық салтанаты Мұхаммед ханға берілді" деп. Солай тәжірибе көрдім. Осы сый үшін көп қиналдым, болар іс болды. Кім Сахиб-Уәлидің көңіліне қаяу түсірсе, өз қолымен өз өмірінің жібін үзеді.

Әлқисса, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли Қашғар, [↑23ᵇ/24ᵃ↓] Йаркенд, Хотан, Ақсуда болып он екі жыл мекен етті. Бар халықты ақиқат жолына салды және Мұстафа шариғатын жандандырып, неше кісілерді *сахиб камал* қылып, өмірінің ақырында Самарқандқа оралды.

[Ұштұр халифа оқиғасы]

Хазірет Мұхаммед ханның сенімі біраз уақыттан кейін әлсіреді, айтты: "Біздің ата-бабаларымыз Сұлтан Алып-атаға[172] ықылас

---

[172] Мәтінде: Алфтӣ. О. Ф. Акимушкин Алп-ата деп жазады: *Чурас*. Хроника... С. 165; Хартманн бұл атты Элфата (Elfata) деп оқиды: *Hartmann M.*

пен сенім қылып, мүшкілдіктеріне жеңілдік сұрап келіп тұрған екен, мен де барып одан көмек тілейін" — деп, барлығы бірге барып, ат, бұйым апарып, қой сойып, ұлы ас қылып, дұға қылған жағдайда еді.

Хикаят естімек керек: Жар ағасы, Жаһан және заманның тура жолға салушысы етіп Ұштұр/Шұтұр халифамды[173] Хазірет Ишан өз орнына Қашғарға халифа етіп қойып кеткен еді. Бұл Ұштұр халифам өте зор және жігерлі кісі еді. Ол сол жамағаттың құзырында Сұлтан Алып-атаның моласына мініп, аяғымен тебінді. Хан бастаған жамағат көріп шошып кетті. Сол мезетте бір үлкен айдаһар пайда болып, халифаға тап берді. Халифа семсерді алып, тұрған жерінде Хазірет Ишан [Ысқақ-Уәли] жетіп келіп, семсермен айдаһардың басынан шауып екі айырды. Хан бастаған барлық жамағат өз көзімен көріп, куә болды. Налып, көз жасын төкті, Хазірет Ишанның мүбарак [↑24ᵃ/24ᵇ↓] қадамдарына жығылды, барлық амал-істерін орындап, шәһарларын *нийаз* қылып, таза иманмен инабат етті.

Назым (түрки):

Ей, көңіл, кел, жанымнан нақты шешім қабылдадым,
Таза етіп, шынайы серт беріп, антты одақ еттім.

Назым (түрки):

Бір тәнге өлім енбей, өзгені
Баршадан таңдап, біреудің жанын құрбан етті.

Нақыл: Бұхарадан Абдалла хан бауыры Рүстем сұлтанды елу мың кісімен Қашғарға аттандырды. Мұхаммед ханның қолы Йар-

---

Ein Heiligenstaat im Islam. S. 204; Жалпы XIV–XVI ғғ. әулиелері туралы қараңыз: *Kim, Ho-Dong.* Muslim Saints in the 14th to the 16th Centuries of Eastern Turkestan // International Journal of Central Asian Studies. № 1 (Seoul, 1996). P. 285–322.

[173] Мәтінде: Ұштұр. Дмитриева мен Муратовтың сипаттамасында да Уштур деп оқыған: *Дмитриева Л. В., Муратов С. Н.* Описание тюркских рукописей. С. 60; Хартманн бұл атты Аштар (Aštar) деп оқиды: *Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 204; Шутур деп оқылуы да кездеседі: *Чурас.* Хроника... С. 164. Ол туралы толығырақ қараңыз: *Чурас.* Хроника... С. 279.

кенд жолында еді. Хазірет Ишанға хабар берді. Қашғардың қамалын мықтады. Ол тараптан әскер келіп шаһарды қоршап тұрды. Мұхаммед хан өз әскері бұл әскер алдында дарияға тамған тамшыдай екенін көрді. Бастарын қатерге тігуге мәжбүрлікпен, мінажатта көз жасын төгіп, пана тіледі. Хазірет Ишан көңілді күйде пайда болып, айтты: "Таңда, *Алла қаласа*, жеңіс болса керек. Әлбетте соғыс қылғайсың, жеңіс сенің тарапыңда" деп, ғайып болады. Таңда Мұхаммед хан бес мың атты және жаяу әскерімен соғыс қылып, жауды жермен-жексен қылды. Хазірет Ишан айтып еді: "Менің панам арқасында қорықпаңыздар, егер бір сәт қорықсаңыздар, бір кісі құтылмайды". Ақырында Рүстем сұлтан жеңіліп, Самарқандқа [↑24ᵇ/25ᵃ↓] Абдалла хан қасына барды. Абдалла хан: "Не себептен сіздер талқандалдыңыздар?" деп сұрады. Рүстем сұлтан айтты: "Қатты қысым көрдік, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли ақ киіммен, ақ атқа мініп жүз мың найза қарумен, қаладан соғысқа шықты. Біздің әскерімізді шегіндірді. Хазірет Ишан ол жаққа болысты. Егер бізді қорғаса бір кісі шығын шықпас еді". Абдалла хан Хазірет Ишанға дұшпандық ойлап, сол дұшпандықтан өліп кетті.

Мұхаммед хан бұл жеңістің шүкіршілігіне және уәлаяттардың барлығын Хазірет Ишанға *нийаз* қылды. Соңынан Мұхаммед хан бұл шаһарларды Хазіретке үш мәртебе *нәзір* қылды.

[Қожа Ысқақ-Уәлидің қайтыс болуы]

Қисса ұзақ, қысқарту абзал. Хазірет Ишан фәни әлемінен бақи әлеміне аттанды. Исфидукта жерленді. Исфидуктың тұрған жері: Дахбидпен арасында бір өзен бар, солтүстік жағында Исфидук, оңтүстік жағы Дахбид[174].

Хазірет Қожа Ысқақ-Уәлиді Дахбид ішінде Хазірет Махдұм Ағзамның нұрға толы мазарының, яғни ұлы аталарының аяқ жағына жерлеуге нұсқау болды. Бір күні Хазірет Махдұм Ағзам, *Алла оған рақымды да риза болсын*, нақыл қылыпты: "Хазірет [Пайғамбар], [↑25ᵃ/25ᵇ↓] *ғаләйһи-с-салам*, айтқан екен: "Әр кісі мені мен Осман-

---

[174] *Веселовский Н. И.* Дагбид // Записки Восточного отделения Императорского русского археологического общества. Т. III. СПб., 1889. С. 85–96.

ның[175] арасында жерленсе, ол кісі бейіште болады". Сол себептен Хазірет Осман, *Алланың рақметі болғай*, Бақи көрстаны жерінің аяғында жерленіпті. Маған да аян, мәлім болды, мені мен перзентім Қожа Ысқақтың арасында жерленгендер де бейіш тұрғындары". Бұл себептен өсиет қылып еді: "Исфидукта жерлегейсіздер" деп. Содан [Махдұм Ағзамды жерлеуге] ұлылардың мазаратына, "Бағ-и буландқа" апару мақсатында еді.

Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли жеті жасар кезінде, Хазірет Махдұм Ағзам, *Алла оған рақымды да риза болсын*, жамағаты жарандарымен Кухек[176] дариясы алдына келеді. Суының тасыған кезі еді. Халифалардан екі кісі дарияға кірді, су ағызып, өте алмады. Жағдайлары нашар болып тұрған еді. Хазірет Қожа Ысқақ-Уәлиге Алла қайрат беріп, дарияға бір қамшы ұрды, дария екіге бөлінді, ортасы құрғақ болып, бір ғажайып көрініс болды. Барлығы өтті. Хазірет Махдұм Ағзам айтты: "Ей, перзентім, біздің алдымызда суға қысастық қылдыңыз, ақыр соңында өшін алар, алмай қоймас".

Бір заманда Хазірет Ишан, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли мазарларын су жапты. Ержүрек Самарқанд патшаларынан жақсы іс [↑25[б]/26[а]↓] болып, мүбарак ата денесін арулап, "Бағ-и буландқа" [көшіріп] қойды. "Бағ-и буланд" патшалардың бағы еді, патшалар таудағы бағын нұр толған мазарлар, олардың әулеттерінің пайдалануы үшін *уақф* қылған еді.

[Қожа Ысқақ-Уәлидің ұрпақтары]

Әлқисса, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәлиден, *оның қабіріне нұр жаусын*, екі ұл қалып еді. Біреуі Қаф[177] тауының самұрығы, бақыт басының жалғыз құмай құсы, мұсылмандардың шамшырағы, яғни Ха-

---

[175] Ол туралы қараңыз: *Большаков О. Г.* 'Усмāн // Ислам. С. 242–243.

[176] Кухек – Зарафшанның ескі аты: *Салахетдинова М. А.* Сведения о киргизах в "Абдулла-намэ" Хафиз-и Таныша // Известия Академии наук Киргизской ССР. Серия общественных наук. Том II. Вып. 3 (История). Фрунзе: Издательство АН Киргизской ССР, 1960. С. 173–181.

[177] Қаф – жерді сақинадай құрсап тұрған таудың аты, көзге көрінер және көрінбес дүниенің шекарасы. Ол туралы қараңыз: *Месхидзе Дж. И.* Каф // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 185–189.

зірет Қожа Құтыб ад-дин[178], қазір оның ұрпақтары "Бағ-и Буландта" дұғагөй. Және біреуі, бақыт нышаны, заманының сирегі, Хақ жолын нұсқаушы, яғни Хазірет Қожа Шади[179], *Алла оның қабірін нұрландырғай*, оның игілікке толы мазары Қашғар жерінде, ізі мен естелігі Ақсу уәлаятында. Бұлардың әулетінің мазары астаналық Йаркендте. Хазірет Қожа Шахбаз атты бір ұлы Ақсуда жеті жасында қайтыс болған еді. Мүбарак денесін Йаркендке апарарда, Ақсу халқының ұлысы мен кішісі, барлығы тілеп: "біздің мазаратта ескерткіш, зиярат орны болғай" деп, сонда жерледі. Қазір ол мазарат үлкен. Хазірет Қожа Шадидің әзіз негізі, есім шәріптері Қожа Нажети.

Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұл шаһардан [↑26ᵃ/26ᵇ↓] әрбір шаһарларға халифа тағайындады. Қашғарға Ұштұр халифаны, Йанги-Хисарға Қожа Қасым халифаны, Хотанға Ибн Йусуф халифаны, сол кездегі тәртіп бойынша Моғолстан астанасы Йаркендке Хазірет Қожа Шади әзізді өзінің орнына отырғызып қайтқан еді. Хазірет Қожа Шади әзіз біраз уақыт адасуда болған (отқа табынушылар) жолы кішілерді Хақ жолына салып, нұсқаушылық басында отырып, неше кісілерді кәміл етті.

[Қожа Афақтың Қашғарға келуі, афақийаның басым болуы]

Бірақ ол уақытта Хазірет Ишан Каланның бір ұлы Хазірет, жұмсақтық пен ұялшақтықтың көзі, шындық пен тазалықтың қазынасы, *нақибтардың* Құтыбы, ақсүйектердің тірегі, яғни Хазірет Қожа Йусуф ұлдарымен бірге, яғни сиынушылық молшылығының көрінісі, тіршілік беретін жаратушының мейірімі түскен Хазірет Қожа

---

[178] Қазіргі кезде Ферғана уәлаятында тұратын Маулана Лутфалла Чустидің ұрпағымыз дейтін қожалардың қолындағы шежіре мәліметтеріне сәйкес Лутфалла Чустидің екі қызы ғана болған. Бұл қожалар Лутфалла Чустидің Биби Нуқайа атты қызы мен Ысқақ-Уәлидің некесінен туылған Құтыб ад-дин Ахмадтан тарайды: *Мухаммад Муфти Ахангарани*. Маулана Лутфалла манақибы. Ташкент: Имам ал-Бухари халықаралық қоры, 2002. 139-б.

[179] Қожа Шади негізгі аты Мұхаммед Йахйа ибн Қожа Мұхаммед Ысқақ (шамамен 1055/1645–46 ж. өлген).

Афақ[180], негізгі есімі Қожа Хидаяталла еді. Афақ деп бұл жаңанда айтылар, мағрибтан машриққа уәлилік, қожалықпен мәшһүр болып, жаңанның бар халқына пенденің берілгендік белбеуін беліне байлағаны себепті Қожа Афақ аталды. Бұл екеуі Қашғарға шарапатты қадам басты. Қашғар халқы бұлардың әзіз, кереметтеріне құрметтер білдірді.

Бұл уақытта Абдалла хан[181] Йаркендте, ұлы Жолбарыс сұлтан Қашғарда Абдалла сұлтанға қысым көрсетер еді. Жолбарыс [↑26⁶/27ᵃ↓] сұлтан Қашғарда, Нур ад-дин сұлтан Ақсуда нық тұр еді. Көнбістікті көзіне ілмес еді. Бірақ Хазірет Қожа Мұхаммед-Йусуф-қожам, әсіресе, Хазірет Қожа Афаққа көп әзіз-акрамдар қылып, ілтипат білдірер еді.

Бір күні [Жолбарыс] Сұлтан шатырынан жаяулар ішінде бір кісі есек мініп кетіп бара жатқанын көрді. Сұлтан "Бұлар кімдер?" деп сұрады. Патшаның нөкері: "Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Йусуф" деп жауап берді. Сұлтан бағасы алтынға теңдес арғымақ атты шығарды. Хазірет Қожа Мұхаммед-Йусуфті есектен түсіріп, атқа мінгізді. Ол қайта есекке мініп, атқа Хазірет Қожа Афақты отырғызды. Айтты: "Ей, перзент, өзіңіз көріңіз, бұл Хазірет Қожа Афақ. Өзімнің [жалғасымды] осыдан көремін, қариямын, жаңан патшасы қабірде болып, мен жерде Хазірет Қожа Афақ-патша бейнесінде өмір кешемін". Хазірет Ишан Қожа Шади де Қашғардағы өзіне *нийаз* болған жер, мүліктерін бұларға [афақийларға] тапсырды. Қашғар халқы да Жолбарыс сұлтан[182] бастап, барлығы — ұлысы мен кішісі, бұларға қол беріп (даст-и ирадат), *муридтікке* кірді.

[Хазірет Ишан Қожам Шадидің өлімі, оның ұрпақтары]

Хазірет Ишан Қожам Шади әзізге қаза жетті, **Өзекті жанда өлмейтін пенде жоқ**[183], мағынасын қабылдап, тағдырдың, мәңгіліктің хүкіміне мойынсұнды. **Біз Алланың пендесіміз және оның**

---

[180] Қожа Афақ — Афақийа бағытының негізін қалаушы. Оның өмірбаяны туралы қараңыз: *Жалилов* О. Āфāқ Қожа манāқибы. Андижан: Хайāт, 2001 (өзбекше).

[181] Абдалла хан 1048–1078/1638–1667 жж. хандық құрған.

[182] Жолбарыс хан 1078–1080/1667–1669 жж. хандық құрған.

[183] Құран Кәрім, 3: 185.

алдына қайтып барамыз[184]. [↑27ᵃ/27ᵇ↓] Йаркенд жылау-сықтаудан азан-қазан болды. Исмаил хан[185] бастаған күллі ғұламалар мен фазылдар, әмірлер, әсіресе мемлекеттің барлық халқы күйзеліп, баршасы қайғырып жерледі.

Екі махдұмзада бұдан жәдігер қалды. Біреуі бақытты Сарв-и Жуйбар әулиелі ағашының жемісі Хазірет Қожа Абдалла. Және біреуі саййидтар ықылымы патшасы, шарапат салтанатының *шахиншахы*[186] Хазірет Абдалла-қожам соншама ұлы халифа, *сахибкар* еді. Бұл екі махдұмзада буыны бекімей қалған еді, олардың рухани тәрбиесімен Исмаил хан шұғылданды, әзіздер мен кереметтерді келтіріп, бұл екі махдұмзаданы өз ұлындай көретін еді, сөйтіп хан [осы махдұмзадаларға] қол берген (даст-и ирадат) еді.

Назым (түрки):

Патша, сіздің жомарттығыңызға бір арызым бар,
Ұлықтарға не қылдың, кішіктерге соны қыл,
Әзірге ол кішік, Құдай салса, көресің соңыра,
Бұл ұлылықтың пақыры, назды дұғасынан біл.

[Ысқақийлар мен афақийлардың арасындағы тартыс]

Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, ханның шақыруымен *шаһидтерге* фатиха оқымақ үшін Қашғардан Йаркендке келді. Хан бастаған барлық халық мемлекеттің толық мойынсұнғандығын білдіріп, қонақжайлылық көрсетті. Соңында ханның көңілінен шығып, Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Йусуфқа [афақийалық] қол [↑27ᵇ/28ᵃ↓] бермек болды. Бұл сөз халық арасында мәшһүр болды. Хан [Исмаил хан] таңда барлық ғұламалар мен әмірлерді жинап қол бермек болды. Сол күні Хазірет Ишан Қожа Шади әзіздің халифаларының [ысқақийа] бәрі жиналып, екі әзізді мойындарына көтеріп, ханға арыз қылды: "Әділетті әлемнің патшасы, көпшіліктің панасы, дүниенің иесі,

---

[184] Сонда, 2: 156.

[185] Исмаил хан 1080–1091/1670–1681 жж. хандық құрған.

[186] Шахиншах — шахтардың шахы, парсы патшаларының титулы.

оған [Қожа Мұхаммед-Йусуфке] қол берген шариғатқа сәйкесті ме екен?". Хан сұрады: "Бұл не оқиға?". Халифалар айтты: "Хан бастаған барлығы біздің пірімізге инабат қылып еді. Піріміздің мүбарак денесі болмағанымен, рухы осында. Бұл екі махдұмзадамыз бар. Әзірше өздері кемеліне жетпегенмен, істері жеткен соншама халифа бармыз. Бейшарамыз, тәжірибелі, кемеліне жеткен *мүршидпіз*, "*әл-хамд ли-л-Лах!*", піріміздің сәждесін бос тастамаймыз, қалайда Нақшбанди-Қожаған силсиласын ұстанып отырмыз. Ал, таңда хан Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Йусуфке қол бермесе кешірім етеміз" — дейді. Хан себебін сұрады. "*Мүрид* өз пірінен [ысқақийадан] кетіп, басқа *мүршидке* [афақийаға] инабат қылмақ. Егер бұл керемет дәлел-негіз, аян талап ететін болса, келісеміз. Тәрбиешіміз Құдай мен Пайғамбар. Егер рұқсат берсе қалмаймыз, махдұмзаларымызды, піріміздің денесін алып кетеміз" деді. Хан қапа болып, қайран [↑28ᵃ/28ᵇ↓] қалды. Еш тарапқа хүкім айтпады. Біраздан кейін "Халифалар бүгінгі кеште сіздер сиыныңдар" — деді басын төмен салып. Хазірет Ишан Қожа Мұхаммед-Йусуф та "сиынса дұрыс, бір пайдасы болар, таңда жауап берсем" деді. Дәруіштік ісін дәруіштер жақсы біледі, әр кісі өз ісіне кәміл.

Назым (парсы):

Уәлиді уәли көре алады,
Мұстафаны Әли көре алады.

Бұл кеште дәруіштер бұл дүниенің берекесіздігінен безініп, ажырап, Хақ жолына бет бұрды, барлық күш-жігерін жинап, бір-бірлеріне қарсылық жолына түсті. Әсіресе Ұштұр халифаның Абд ал-әзіз-халифа атты ұлы бар еді. Ауызы көбік, көзі қан толған кеседей, Аллаға тұнған қызылтілділігінен Ұштұр мас болатын. Өзіне бір келіп, бір кетіп талықситын еді. Бұларды талап жолына түсірген кісі бар еді.

Әңгімешілер былай деп айтады: Исмаил хан түс көреді: бір үлкен ақ түйе сырттан шаһарға кіріп, Алтын[187] [мазарының] алдына келеді. Алтыннан бір кішірек түйе шығып бұл түйемен арпалы-

---

[187] Алтын — Йаркендтің солтүстік жағындағы қорым, жергілікті хандарды жерлеген, кейіннен қожалардың мазары болды.

сады. Ақыры кіші түйе үлкен түйені жеңеді. Хан оянып кетеді. Оқиғаның негізін түсінеді.

Хазірет Қожа Мұхаммед-Йусуф ханмен [Исмаил хан] кездеспей Қашғарға жүріп кетеді. Бір күндік [↑28[б]/29[а]↓] жол жүріп еді. Сол кеште Йанги-Хисардың Туфлық деген жерінде "өлім сүйгенді сүйіктісіне қосады" нақылының мазмұнымен бұл фәни әлемінен бақи әлеміне аттанады. **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[188]. Хазірет Қожа Афақ әзіз Қашғардан келіп мүбарак денесін алып, Йағду деген жерде жерледі. Қашғар халқына жоқ қылды. Олардың жылаған зарлары көкке жетті.

Йаркенд ішінде махдұмзадалар мен халифалардың белсенділігі арты. Оларға [ысқақийларға] қол берушілердің сенімдері мықты болды. Қалғандары да қол беруге ұйғарды. Исмаил хан біраз уақыттан кейін Хазірет Ишан — Хазірет Қожа Афақты Қашғардан қуып шығарды. Қашғарға ұлы Бабақ сұлтанды отырғызып, бұл шаһарларда сондай гүлдену болды. Ілгері-кейінді еш хандар уақытында осындай гүлдену болған емес. Он екі жыл бойы тұрғындар кедейлікті білмеді. Бұл өлкеде әскердің бар-жоғы білінбеді. Зұлымдық, әділетсіздік сөздері құлаққа естілмеді. Ғұламалар мен фазылдардың беделі күшті болды. Мұстафа шариғатының жұлдызы жанды.

Бір күні хан сарайында отырып, барлық ғұламалардың сарайға келе жатқанын жырақтан көреді. Хан [Исмаил] дайындық қылып, екі рәкағат намаз оқып, шүкіршілік пен жарылқасын айтып, мінажатқа тіл ашты: "Иә, әлемдер Құдайы! Бұл бүлікшіл ұятсыздарға мұнша абырой беріпсің, [↑29[а]/29[б]↓] мұнша ұлы мәртебелі ғұлама, фазылдар талапсыз, сұраусыз менің үйіме келер. Бұл Фазыл Карамыңның шүкірлігіне қаншама іс қылғаймын, егер жүз мың мүмкіндігім болса, қиямет күніне дейін іс істеймін" — деп, мадағы мен ырзалығын бітіргенше, ғұламалар кіруге рұқсат сұрады. Хан үн берді. Ғұламалар кірді, Ханға кешірім берді, ырзалығын қабылдады. Ғұламалардың ойы анық болды (парсы):

Кел, ей, шарап құюшы, құмар ыдысын алып кел.
Рақат өмір мезгілі келді, әділетті Шах заманы.

---

[188] Құран Кәрім, 2: 156.

Хазірет Қожа Абдалла-қожам кішілік жағдайда опат болып еді. Хазірет Махдум Ағзам-зада үлкені Хазірет Абдалла-қожам неше уақыт өмір өткізді. Халықты сенімге бастап, құлдық ұру тағында, тура жолға салушылар тариқатында өмір сүрді. Жасы қырыққа жетпеген еді. [↑29⁶/30ᵃ↓] Бұдан екі махдумзада жәдігер қалды. Біреуі саййидтік гүл бағының бүршігі, шарапаттың тояты, Бадахшанның лағылы — Хазірет Арк-қожам, есімінің шәріп негізі — Хазірет Қожа Шуайб-қожам. Және бірі — көркемдер ішіндегі ең сүйкімдісі, сұлулықтың ерекшесі, атақты тәж киген сардары, яғни Қожа, дүниелік шәріп есімі — Хазірет Қожа Данийал-қожам. Абыройы кемел, қадір тағында бірнеше мүддәт өмір сүрді. Хан бастаған барлық халық махдумзадаларымыз деп құрметтеп, тариқатына кірді.

[Хазірет Қожа Афақты Исмаил хан Қашғардан қуып шыққаны. Афақ қожамның қалмақтармен келіп Қашғарды алып, тақ салтанатына отырғаны]

Хикаят естімек керек: Хазірет Қожа Афақты Исмаил хан Қашғардан қуып шыққан еді. Қашғардан шығып шаһардан-шаһарға жүріп, Кашмир арқылы Чин мемлекетінен Чу деген жерге түсті. Бұл жерде чин кәпірлерінен *брахман-шейхтары* бар еді. Аскетизм мен керемет, аянмен көтеріліп, ұлағат сөзбен еліктіріп, кәпірлерді *мазхабтарына* бір қадам тартар еді. Тариқалық бір *ханақа* және бір жай *ғибадатханасы* бар еді. Барлық кәпір сонда жиылар еді. Оның жолы сонда түсті. Кәпірлерге әртүрлі ғажайыптар, барлығына керемет құдіретпен [аспанға] көтерілулер көрсетіп, жерге түсті. Кәпірлер бұл нешік [↑30ᵃ/30⁶↓] кісі деп қайран қалды, ақыры барлығы басшыларына келді. Хазірет Қожа Афақ ғайып әлеміне (мұрақаба) сапар шегіп, кәпірлерді жеңді. Хазірет иманының панасына сиынды. Бір саййид тауына, осыншама үлкен тауға [көтеріліп], тоғызыншы аспанға дейін зәредей жарық таппады. Жауыз кәпірлер әлсіреп келіп, сенімге кірді. Сауал қойды: "Кімсіздер, қайсы уәлаяттан келдіңіздер?". Хазірет айтты: "Мен мұсылмандар *фирқасының* қожасымын, әсіресе Қашғар, Йаркенд халқы менің *мүрид-мұхлисім*. Қазір бұл шаһарларды менен біреу келіп тартып алды, мені қуып

шықты. Сіздерден бұйымтайым бар, кісі жіберіп, жұртымды қолыма алып бергейсіз". *Брахман*[189] айтты: "Бұл жерден ол жерге кісі бармақ қиын" — деп, қалмаққа хат арнап: "Ей, Төре-хан, Хазірет Қожа Афақ аса үлкен де ұлы, құдіретті екен. Қашғар, Йаркендтің Қожасы екен. Исмаил хан оның жұртын тартып алып, мұны қуып шығыпты. Әскермен барып, жұртын қолына алып беру керек, қиналмассыз. *Нама тамам уа-с-салам*" деп жазды.

Хазірет Қожа Афақ бұл хатты қалмақ төресіне жеткізді. Төре толық келісіммен, хат мазмұнына сәйкес амал қылып, өз әскерімен Қашғарға аттанды. Қашғар халқы Хазірет Қожа Афақтың Санги деген кәпірмен бірге келгенін аңғарды. Бабақ сұлтан әскерімен шығып, бетпе-бет келді. Ақыры қалмақтар жеңіп, Бабақ сұлтанға оқ тиіп, шейіт [↑30[б]/31[а]↓] болды. Ақыр соңында Қашғар халқы бас иді. Қашғарды тәртіпке келтіріп, Йаркендке аттанды. Йаркендтен Исмаил хан әскері бұлардың алдынан шығып, соғыс қылды. Бірақ тағдырдың жеңіс көмегі хан тарапында емес еді. Бұл жағдайда Йаркенд хакіміне оқ тиіп, шейіт болды.

Хан [әскерін аямай соғысқа жұмылдырса], ұрыс қылышы көп шабылса, жеңіс өз тарапында боларын білді, бірақ халайыққа азары көп боларын парасаттылығымен ұғынды. Бұл жағдайда хан өз нөкерлерімен әскер алдына шығып, шаһар халқына өсиет қылып: "Бұл екі махдұмзаданы бас қылып, шаһарды мекен етіңіздер, осыны шарт қылғайсыздар. Егер өз дінімізше қойып, өзімізден сардар қойса дарбазаны ашамыз, әйтпесе ашпаймыз" деді. Ақыры бұл шартты қабыл қылғаннан кейін, дарбазаны ашты. Қожа Иахйа, яғни Хазірет Хан-қожамды таққа отырғызды. Ол Хазіреттің үлкен ұлы еді. Оны Қашғарға отырғызып, Исмаил хан барлық нөкерлерімен қуылды[190]. Іле тауында хандар тұрғылықты мекен қылмайтын еді.

Хазірет Қожа Афақ-қожам мемлекет тұрғындары шартымен, қалмақтар кетерінде қызметіне, құр және бекер кетпесін деп, мың

---

[189] Аңыз бойынша Афақ қожа Тибеттегі V Далай-Ламаға барады, ол қалмақ ханы Ғалдан-Бошоктуға (1696 ж. өлген) хат жазады.

[190] Бұл оқиға 1678 жылы болған. *Кутлуков М.* Из истории международных связей в Центральной Азии в 1755—1859 гг. (сведения кашгарских историков) // Из истории Средней Азии и Восточного Туркестана в XV—XIX вв. Ташкент: ФАН, 1987. С. 60.

тон бастан-аяқ киім берейік деп, мың теңге есеп қойып, төлем берді. Кейін дінбұзар адамдар пайда болып, сағат сайын көбейді. [↑31ᵃ/31ᵇ↓] Сол уақыттан мүмкін ғаламның соңына дейін, ғұлама және сопылар басынан дінбұзарлық (бид'ат) жоғалмайды.

Хазірет Қожа Афақ-қожам ақыры сұлтан тағына нық отырды. Ол *мағрифаттың* дариясына сүңгіген еді. Бірақ қожалықпен бірге тақ-сұлтандық сәйкеспеді[191]. Ол жағдайда Исмаил ханның інісі Мұхаммед-Имин[192] ханмен келісіп, Тұрфаннан алдырып сұлтан тағына отырғызды. Мұхаммед-Имин ханның емшектесі Хазірет Қожа Афақ *нисбатына* кірген еді. Мұхаммед-Имин хан Хазірет-ке қол берді. Өзінің тайпаларымен барып, қалмақтардан көп кісі тұтқындап алып келді. Нажанд төре де қолға түсті.

Біраз уақыттан кейін сопылар жеңді. Әртүрлі бұзық істер жасай бастады. Хазірет аңдамады, өйткені құдайға берілгенге мас еді. Мұхаммед-Имин хан өзі қауіптеніп, қорқып, қашып шықты. Ақырында ханды өз нөкерінен бір кісі шейіт қылды, **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[193]. Хазірет Қожа Афақ-қожам тағы да сұлтан тағына отырды.

[Хазірет Қожа Шуайб-қожам мен Қожа Данийал-қожам тарихы]

Қисса етпек керек: екі махдұмзада — атақты Қайдар-и Каррар әулетінен қалған бұл екі махдұмзада, яғни Хазірет Қожа Шуайб пен Хазірет Қожа Данийал-қожам Хазірет Қожа Афақтың сұлтандық тағында отырғанын көрді. [Қожа Афақтың] сопы-диуаналарының пиғылдары өзгеше, тағаты бұзық еді. Бұл махдұмзадалар уақытты [↑31ᵇ/32ᵃ↓] ғанибет санап, өз қол астындағылардың кейбірін серік қылып, басқа жерлерден қайыр күтіп шет елдерге кетіп, Кашмирді мекендеді.

---

[191] Сопы шейхтардың саяси билікке араласуы туралы қараңыз: *Gross Jo-Ann*. Multiple Roles and Perceptions of a Sufi Shaykh: Symbolic Statements of Political and Religious Authority // *Gaborieau, Popovic, Zarcone* (èds.). Naqshbandis. P. 109–121.

[192] Мұхаммед Имин хан 1681–1692 жылдары хандық құрған.

[193] Құран Кәрім, 2: 156.

Біраз уақыттан кейін, [махдұмзадалардың] екі-үш халифасы Алтын мазаратына бір түнде зиярат қылып келеді. Бір диуана-сопы кезігіп, бұларды әбден қорлап, сүйретіп Хазірет Қожа Афақ-қожамға алып келеді. Хазірет: "Сіздер нендей кісісіздер?" деп сұрады. Олар "Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли әулетінің махдұмзадаларының кісісіміз" деді. Хазірет бұл сөзді естіген соң өз сопыларына ашу қылды, тәртіп берді. Бұл халифаларға толық ілтипатпен айтты: "Біз бір қорғаушының әулеттерінен болсақ, ата-бабаларымыз мұндай қарама-қайшылық пен тайталасқа бармаған болса, біздерден не кәрім, қайшылық болсын, бірақ арадағы шәк келтіру мен келіспеушілікті көтермейміз ".

Назым (түрки):

Иә, Раббы, шәк келтіру мен жаман ниетті кетір,
Болсын екеуі бірге, жаушылықтан құтылсын.

Хазірет: "Махдұмзадалардың жер-суы бар ма?" деп тағы сұрады. Халифалар айтты: "Қашғарда Файзабадты, Хотанда Ақсарайды, Йаркендте Тоғыз-кентті, Ақсуда Ақжарды *нәзір* еткен еді. Бұл жерлердің қаржы-қаражатын махдұмзадаларға сыйға тартып, *ханақаға* беріп тұрар еді". Хазірет хүкім айтты: "Қазіргі және бұрынғы тариқатта бұл жерлердің меншігі сіздерге берілер. Жарандарың осында келсе, бәріміз бір қоғам болсақ жақсы болар еді. Бірге жүргейсіздер, [↑32ᵃ/32ᵇ↓] махдұмзадаларға кісі жібергейсіздер, олар да келсін. Әр жағдайда бірге болайық, дүниеде де, ақиретте де теңдес құрбы болғаймыз" — деп, көп мархабат көрсетеді.

Халифалардың жан-жаққа тарағандары, қол астындағылары Алтын мазарын жай тұтып, бұл жердің меншігін, қаржы-қаражатын алып, махдұмзадаларға сыйлық қылып, абыроймен тұрды. Еш кісі ренжітпеді. Махдұмзадаларға халифалар мына мазмұнда бірнеше мәрте хат жазды: "Біз, ғалымдарыңыз, ауқаттымыз, халіміз былай: Хазіреттің біздерге ілтипаты көп. Махдұмзадалар бұл мемлекетті сенімді дос көрсе дейді, егер шәріп қадам қылса, жақсы болар еді. *Нама тамам уа-с-салам*".

Ақырында [махдұмзадалар] бұл хаттан көп әсер алады, бұл тарапқа келуге көңілдері ауады. Бірнеше рет қадам баспақшы болады, бірақ жүрексінер еді. Алланың жазғанымен Санжуға келді.

Хат жазды: "Ей, биік сағадаттың күні, нұрлы қамары, шарапаттың тояты. Ей, жаһан жүзіндегі жалғыз түпнұсқа, яғни Хазірет Қожа Афақ, біз сіздің шақыруыңызбен Йаркендке қадам келтірерміз. Біз бір қорғаушы әулетіненбіз. Өзіміздің хақымыз бар. Екіншіден, ешқандай пенде уағыз бермейді. Әсіресе, ата-бабаларымыз халыққа Ислам шариғатынан баян қылып келіп еді, өзгелер олардан рәсім мен сенімді [↑32^{б}/33^{а}↓] үйреніп еді. Өзгелер сіздерден тәлім алуы керек, біздердің сенімімізге күдік болмасын десеңіз, хатқа өз мөріңізді басып жіберсеңіз, сеніммен барармыз. *Нама тамам уа-с-салам*".

Бұл хат Хазіретке жеткен хош уақытта қуанып, жауабына мына мазмұнда мөр басылған *аман-намасын* жазды: "Әлбетте, махдұмзадалар келсін, әрнені Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, біздерге не бұйырса да бірге көргейміз. Кіріспейміз, бұрын не тариқада тұрсаңыздар, әрі қарай да сонда тұрғайсыздар. Бірақ одан жақсырақ болады, өйткені хандар жеке, біздер өздеріңе ағайынбыз. Ағайынның ағайынға рақым көрсетуі — уәжіп. Оны істемеу — ауыр күнә. *Нама тамам уа-с-салам*".

Бұл хат махдұмзадаларға жетті. Сенімдерінде күдік қалмай, Йаркендке келмек болды. Бірақ [жүректері] өкініш пен күдіктен еш арылмады. Ақырында Хазірет Қожа Шуайб-қожам айтты: "Ей, інім, Данийал-қожам, жақын арада Йаркендке қадам басамыз, менің жүрегім көтерілмейді, алға басқан әр қадамым кейін кетеді. Бұл мемлекет көзіме қан теңізі болып көрінеді. Егер өзім бармағымды дұрыс көрсем, сіздің барғаныңызды қаламаймын. Нәсіліміз таусылмасын, тағдыр бұл тариқаны бітірмесін. Мәлім болсын" — деді.

Бірнеше кісіні [↑33^{а}/33^{б}↓] жолдас қылып, жолға шықты. Тизаб дариясы жағасына жеткенде, сол кеште төрт жүз сопы-диуана келіп, Хазірет Қожа Шуайб-қожамды шейіт етті, **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[194], мүбарак денесін топыраққа сұлатып, дарияға тастады. Бірнеше мүддәт бұл зұлым істі еш кісі Хазіретке естіртпеді. Оның *мүрид-мұхлистері* шырақ, дұға, *тәкбір* айтып, өздерінің іштерінде ұстады.

Бірақ махдұмзадалардың бұрыннан бір ділі таза, сопы қызметкері бар еді. Бір күні қара киім киіп, жүзіне қара жағып, Хазіреттің "Мәснәуиді" оқып болып, дұға тәкбір жасағанынан кейін, өзінің нала,

---

[194] Құран Кәрім, 2: 156.

зарымен бар халықтың арасына кіріп, *сама*[195] қыла бастады. Барлығы қайран қалды. Хазірет сұрады: "Не қылған кісісің, неге, жүзіңді бұл күйге жеткізгендей не жағдай болды? Неге бұл күйге түстің, кім не қылды саған? Егер қатты дерт жетсе, айтшы, бұл халіңнің жөнін?". Бұл кісі айтты: "Мен махдұмзадалардың кісілеріненмін, біздерді Хазірет шақырып, рұқсатымен, уәдесімен махдұмзадалар келіп еді. Тизаб дариясы жағасына жеткенде, төрт жүз кісі барып, шейіт етті. Уәдеңізді сіздер сақтамасаңыздар, өзгелерге нешік. (Өлең): "Қағбадан күпір алып келсе, мұсылмандар қайда барады?". Хазірет бұл өлім хабарын [↑33^{б}/34^{а}↓] естіп: "О, қасірет! О, қасірет!" — деп қолдарын тізесіне соқты. Диуана-сопыларға ашумен айтты: "Ей, жендет сипатты диуаналар, сендер өздеріңе бейнет жасадыңдар, бізге бейнет жасадыңдар. Біздерді қиямет күніне дейін жаманатты қылдыңдар. Сендердің бұл істеріңе өшін алмай қоймас. Сендер ол жерде Хазіретті опат қылғандарыңнан кейін де Ақбаш хан неше мың диуаналарды, сопыларды жинап, Диірмен арығында қойдай бауыздап, сазайларыңды тарттырар. Өшің барға әрқашан қайырымды бол!"

Хазірет барлық әмірлері мен ғұламаларымен атқа мініп, өлген адамға дұға үшін, Тизаб жағасына барды. Махдұмзаданың денесін тастаған жерді көрді, су кешіп, Хазірет өзі аттан түсіп, денесін алып шықты. Мүбарак көздерінен жас ағып, барлығы налып, жоқтап, мүбарак әзіз-акрам денесін түйеге жүктеп, үзеңгісін өзі алып, Йаркендке апарды. Барлық халық жиналып, намаздап Алтынлық мазаратына жерледі.

[Хазірет Қожа Данийал-қожам тарихы]

Қисса естімек керек: Хазірет Қожа Данийал-қожам диуаналар зұлымдығынан қашып, ағасының насихатымен Самарқандқа беттеді. Дахбидке барып, Хазірет Махдұм Ағзам, *Алла оған рақымды болсын*, моласын көріп, жылап айтты: "Ей, ұлы бабам! Не үшін басымыздан бақ тайды, [↑34^{а}/34^{б}↓] неге үйіміз ойрандалды, қаңғырып жүрміз. Пана етерлік жай таппаймыз, жақындарымыздан көргеніміз қантөгіс. Бізді осындай күйге жеткізіп, неге шарасыз еттің. Күнәмізді кешір" деп, арыз айта-айта мүбарак көздерін шаң басып, ұйқыға кетті.

---

[195] Сама' туралы: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 374—378.

Аян көрді: Хазірет Махдұм Ағзам, *Алла оған рақымды да риза болсын*, Хазірет Қожа Ысқақ-Уәли бастаған барлық аруақтар жиылып, айтты: "Ей, сүйікті перзент, Қожа Данийал, басыңызды көтеріңіз, қайғыға берілмеңіз, сабыр қылыңыз, сабыр — қуаныштың кілті. Тырысып бағыңыз. Хазірет Мұртаза Әли Карам Алла айтыпты: **Қиындық қыспағына түскенде "А лам нашрах"[196], "Уср"[197], "Йусарин"[198] және "Тафрах"[199] [аяттарын] ойла,** яғни саған әр уақытта қиыншылық түссе ойлан, басыңа түскен бір қасірет ауырлығына екі жеңілдік бар. Тағы ойлан, халің хош болар. Ей, перзент, осындай мүмкіндікте ол мемлекеттердің қожалығы саған және сенің перзентіңе тапсырылады" деп ғайып болады. Хазірет Қожа Данийал-қожам оянды. Қауіпті көңілі бұл түстен орныгып, "Баг-и Буландқа" барды. Бабалары Хазірет Ишан Қожа Ысқақ, *оның қабіріне нұр жаусын*, мазарларына зиярат қылып, бірнеше мүддәт онда болды. Онан Хожентке барып, Кадхұда болды.

[Маулана Йақұб Сұлтанның дүниеге келуі, Жаһан-қожам аталуы]

Құдайдың қазыналарының кілті, [↑34[б]/35[а]↓] Алла құдіреті рәміздерінің ашушысы, білімді ғұламалардың жәрдемшісі, *арифтардың* Құтыбы, нәби мен пайғамбарлардың мұрагері, яғни Хазірет Маулана Йақұб Сұлтан-Жаһан-қожам Хожендте туылды. Дүниеге келгенше, кәмелетке жеткенше соншама ғажайыптар көрініс болды. Егер толық айтылса, баян қылынса, аз уақыт тыңдауды қалайтын тыңдаушыларды зеріктіреді. Сол себептен қысқартылды.

Хазірет Қожа Йақұб-қожамды Қожа Жаһан атауға себеп мынадай еді: Сар-и халқа-йи Қожаған[200], яғни Хазірет Қожа Абд

---

[196] Құран Кәрім, 94: 1 — "(Ей, Мұхаммед!) Сенің кеуденді ашпадық па?" аятына ишара.

[197] Құран Кәрім, 94: 5 — "Әрине, әрқалай қиындыққа қоса жеңілдік бар" аятына ишара.

[198] Құран Кәрім, 94: 6 — "(Тағы айтайық): әрбір ауырлықтың бір жеңілдігі бар" аятына ишара.

[199] Құран Кәрім, 28: 76 — "Сен әспенсіме, асқақтағанды Құдай, шынында жақтырмайды" аятына ишара.

[200] Қожаған ұйымының басы.

әл-Халық Ғиждуваниден[201] тәрбие алып еді. Сол үшін ол Қожа Жаһан аталып, белгілі болды.

Және бағзылары бір аңыз айтады: Хазірет Қожа Данийал-қожам бұл перзентін Бұхара Шәріпке алып барады. Бұл шаһарда сол уақыттың әулиесі бар еді. Оның керемет аяны мәшһүр еді, оның қызметіне келеді. Бұл Ұлық парасат-құтымен көріп баян етті: "Бұл перзент нысанында мынандай мәлім болды — Жаһангер болар, сопылық ілімі мен нақыл ілімін жинақтар. Парасат түсінігі, ақылмен білуде теңдессіз, қайталанбас болар, Шайыр диуанын түзгенде өз заманында теңдесі болмас. Жұмыс жүргізгенде бүкіл дүние оны қабыл етер. Бұл перзентті Қожа Жаһан атаңдар" деп есім қойды. Сол себептен Қожа [↑35ᵃ/35ᵇ↓] Жаһан деп ат қойылды.

Барлық Хазірет Шейх Маслахат Хоженди мазарына барып, қамқорлық тіледі. Хазірет Шейхтан көп қайыр-береке табар еді. Білім жолында, оқу барысында қиындықты жағдайлар болатын болса, шешім берер еді. Өз шайырларында ишарат ететін (түрки):

Біз де осындай дәрежеге жеттік топырағынан Хожендидің.
Бір уақытта Самарқанд, Бұхара, Балхта
Ғалым, фазылдар бірге *машраб* түзер еді.
Оларға шексіз ізет пен құрмет көрсетер еді.

Ахунд Молла Машһүри бәйіт айтар...
Назым (түрки):

Дүниеге түсті жаннат бағынан Адам.
Болмашы еді, Балх шаһарынан өзі мәшһүр [болды],
Болашақта Йаркендтің ұлысы.

[Хазірет Қожа Афақтың өлімі, Ханым патша оқиғасы]

Хикаят естімек керек: Хазірет Қожа Афақтан. Йаркендтің сұлтандық тағында отырып, Мұстафа шариғатына *дадқаларға* патшалық билігін сұрар еді. Кейбір кезде шейхтық тағында отырып

---

[201] Қожа Абд ал-Халық ибн Абд ал-Жалил (1180 немесе 1220 жылы өлген). Ол туралы қараңыз: *Акимушкин О. Ф.* ал-Гидждувани // Ислам на территории бывшей Российской империи... Т. I. С. 112—114.

мүрид, мұхлистерге адаб пен тариқаттан тәлім беріп, *халқа-и зікір*[202] түзер еді. Кейде "Мәснауи" оқытып, Хақиқат білімінен баян қылып, ғашықтықпен аян беріп, бір мың, екі мың халықты *халге* түсірер еді. Өзін өзі ұмытар еді (түрки):

Шарап құюшы, құй, толтыр құмарды бұл күні,
Таппайсың сен енді сондай Мәснауи Шахын,
(Алланың) көзінің құшағындасың, Оның алдындасың.
Кім Шахиншах, Маулави орнында — тура жол.
Ариф сұлтанындай, яғни Маулана-йи Рум.
[↑35[6]/36[a]↓] Тағдырда шын аты "Либаси Мәснауи".

Ханым патшадан ұлдары бар еді, әсіресе бір перзенті, көзінің нұры бар еді. Аспан мен кереметтің Құтыбы, тура жолдың кіндігі, тылсымның аяны, патшалардың патшасы, әулие мен қайранның нұрлы жанары, қызыл сөздің сәулелі қазынасы, адамзат білімінің көзі, күллі бақыттылардың бақыт бағының гүлі, уәлаяттың нұрлы ағашы, екінші Йусуф, жұмақтың гауһары, яғни Хазірет Қожа Хасан[203], *Алла оған рақымды да риза болсын*. Бұл перзенттің болмысы ұлағатты, мүбарак жаратылысынан ақылды, барлық құрметтің бірегейі еді.

Өзі кейде айтар еді: бұл мемлекетке қалмақ жамағатымен келіп, сұлтандық тағында отырдым, сол күнде Құдай Пайғамбары есігінде ұяттылықтан бас көтере алмас едім. Құдайға шүкір, бұл перзентім болмысымен ұят тіледі, қара жүзі ағарды. Әлқисса, біраз уақыттан кейін Хазірет Қожа Афақ фәни әлемінен бақи әлеміне жүріп кетті[204]. **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[205]. Хазіреттің мүбарак денесін алып, Қашғарда Иағду жерінде жерледі. Қайғырып жылағаннан азан-қазан болды, күннің өзі *хижаб* пердесі ішіне жасырынды, әлем қараңғы болды.

Ханым патша перзенттерімен бірге Йаркендте, Йахйа-қожам Қашғарда таққа отырды. Бірнеше күннен кейін Ханым патша Йаркендте ғылым басшылығындағы ғұламалармен, әмірлерімен

---

[202] *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 368—374.

[203] *Кавахара Яёйи.* Афақ қожаның ұлы Қожа Хасан шежіресі // Шарқшунаслик. № 12. 2004. 98—103-бб. (өзбекше).

[204] Афақ қожа 1693—1694 ж. өлген.

[205] Құран Кәрім, 2: 156.

Қашғардағы [↑36ᵃ/36ᵇ↓] аса құрметті мазаратқа зиярат қылмақ үшін қадам басты. Хазірет Қожа Йахйа қарсы алды. Барып Хазіреттің мазар топырағының басына түсті, көп құрмет қылды. Хазірет Қожа Йахйа шаһар ішінде қонып, таңертең Хазірет мазаратына барып, Ханым патшаға сәлем етті.

Бір күні Йаркенд ғұламасы Молла Ахунд мырза Барат Хазірет Қожа Йахйаны жеке шығарып, мәслихат айтты: "Иә, Хазірет Қожа Йахйа! Мемлекет билеушілік қиын болды, Ханым патша әйел кісімен мемлекет басқарып болмас, жау да көп. Бұл тараптан қырғыз, ол тараптан қалмақ, дұшпандар жақын. Сіз астаналық Йаркендке барып, хан ретінде сұлтандық тағында болсаңыз. Ханым патшазадалармен Қашғарда ұлы дұға қылып отырса, дұшпандар арамыздан дос таба алмас, мемлекет тұтқалы болар" — деп ақыл берді.

Хазірет Қожа Йахйа айтты: "Мемлекет халқы айтар, атасы өлгеннен кейін, бұл анасымен билік (қала)[206] үшін таласып қалды дер". Ахунд және айтты: "Мемлекет ішінде ұят қалмады, ұятпен бірге мемлекет ойран болып құлайды. Нәубет [келіп, билік] қолдан кеткен соң, пұшайман мен өкініш дес бермес".

Бұл жағдай туралы Молла-Сақиға хабар жетіп кеңеске келді. Бұл кеңесте билік бөлінді. Бұл құпияны Молла-Сақидың әйелі аңдап, Ханым патшаға жеткізеді. Ханым патша ашуға мініп, Хазірет Қожа Йахйаны өлтірмекке ұйғарады. Неше кісіні қолына қылыш беріп дайындайды. [↑36ᵇ/37ᵃ↓] Таңда Хазірет Қожа Йахйаға келді. Ханым патша ашуланып: "Ей, Қожа Йахйа, сізге не ләзім, мен мұнда мазаратта қонғаймын, сіз шаһарда рақатта қонғайсыз. Мен мейманмын, анаңызбын. Бірнеше күн мен жылап, көз жасымды төгіп жатсам, бұл не деген әдепсіздік. Сіздердің қай ата-бабаларыңыз хан болған екен. Біздің ата-бабамыз хан болған. Сіздің ата-бабаларыңыз оларға дұғагөй болып келген, хандықта бүлік, көтеріліс қылмақпысыз? — деген мағынадағы қатты сөздерді айтты.

Хазірет Қожа Йахйа: "Мен Хазіретке және сіздерге қызмет бола ма деп, Қашғарда отырып едім. Уа Алла! Бұл да дұғагөйлік" деп көптен-көп кешірім өтінді.

Бұл жерде қандай жағдайға да әзір Лутф Букаул деген зирек кісі бар еді. Іс өзгеше болатынын біліп, осы жерде ишарат қылды. Хазірет Қожа Йахйаны тез арада өз қанатының астына алды. Сол сағат-

---

[206] Йаркенд — Моғолстанның астанасы.

та Ханым патша Йаркендке жүрді. Йаркендке кіргеннен кейін, бір түнде диуаналар балтамен Ахунд Мырза Барат-ахунды шейіт етті.

(Парсы):

Қандай ғажап тасжүрек адам еді,
Қылышты Мырза Бараттың мандайына қадаған.

Әлқисса, [↑37ᵃ/37ᵇ↓] Хазірет Қожа Йахйаны Хазіреттің опатынан кейін, Ханым патшаның рұқсатымен шейіт етті. Үш ұлы бар еді, екеуін һәм шейіт етті. Бір ұлын — Қожа Ахмад-қожамды — Тушук тауға қашырып, диуаналар сонда сақтады. Саййид бек Қашғардың хакімі еді, оны да шейіт қылды. Ханым патша Молла-Сақиды Қашғарға хакім қылды.

Бірнеше күннен кейін Хазірет Қожа Ахмад-қожамды алып келіп, Қашғарға хан көтерді. Молла-Сақи қашып Йаркендке кетті. Ханым патша Йаркендте ұлы Қожа Махдиді хан көтеріп — Патша-Қожа атады. Бұл уақытта көп қантөгісті уақиғалар болды, тіпті Ханым патшаны Жаллад ханым (Қанішер ханым) атады.

Хазірет Қожа Йахйаның опатынан алты айдан кейін, Ханым патшаны диуаналар пышақтады. Сауыт киіп жатқан екен, қылыштары өтпеді, киімінің етегін көтеріп қылыш ұрды, жаны шыққанша. "Бұл істі маған анық Қожа Махди қылды" — деп, өліп кетті.

[Хазірет Қожа Данийал-қожамның Йаркендке келуі]

Әлқисса, бос қалған мемлекетті Мұхаммед-Имин ханның інісі Ақбаш хан[207] келіп, бұл өлкені алып, Йаркендте мың диуананы қой бауыздағандай бауыздады, қапыда диірменге салып, ұн тартқандай етті. Қашғар тағына Сұлтан Мұхаммеди хан ұлын отырғызды. Хазірет Қожа Йахйаның бір қызы бар еді, [↑37ᵇ/38ᵃ↓] оны Сұлтан Ахмадқа қосты.

Ол уақытта Қашғарға Каландар бектің ұлы Мұхаммед-Имин бек уақытша хакім еді. Йаркендтегі патшазадаларды Ақбаш хан Үндістанға қуып жіберді. Хазірет Қожа Данийал-қожамға хат

---

[207] Мұхаммед-Му'мин хан ибн Сұлтан Са'ид Баба хан, 1692—1701 жж. хандық құрған.

жолдады. Хаттың мазмұны: "Хазірет Данийал-қожам, бұрыннан біздің ата-бабаларымыз сіздердің ата-бабаларыңызға *ирадат* пен инабат қылып, дұға күшімен мемлекетті билеп келген. Енді біздің уақытымызда сіздер де, әлбетте, бұл өлкеге келіп, адасқандарды тура жолға салғайсыз. *Нама тамам уа-с-салам*".

Естімек керек: Хат мазмұнына бағып Хазірет Қожа Данийал-қожам бала-шағасымен Хожентten Қашғарға шәріп қадам қойды. Арзу-Мұхаммед [бек] бастаған қырғыздар шығып қарсы алды, шаһарға шақырды. Бірақ ол шаһарға кірмеді: Қашғар халқы біздің қожамыз [афақийалық] бар[208], басқалардың [ысқақийаның] қажеті жоқ деп қабылдамады. Қырғыздар кешірім сұрап, Йаркендке алып жүрді. Йаркенд халқы хакімі бастап, барлығы қарсы алып, ынтықтықпен, жомарттықпен шаһарға кіргізіп, қожалық орнына отырғызды.

[Қазақ Хашым[209] сұлтан оқиғасы]

Біраз уақыттан кейін [Қожа Данийал-қожам] мемлекетті хансыз билеуге болмайды екен деп, барлық халық бірауыздан қолдап, қазақ хандарынан Хашым сұлтанды [Йаркендке] келтірді.

Қашғарда Хазірет Қожа Ахмад-қожамды [афақийа] өз орнына отырғызды. Қырғыз Арзу-Мұхаммед *қарахан* болып, Қара Зәңгі [↑38ᵃ/38⁶↓] бек, Жаруб бек хакім, есік-аға болысып, мемлекеттің тұтас билігі осылардың қолында еді. Йаркенд халқына [ысқақийларға] қарақшылық пен көшеде ұрлық жасап, көп уайым әкелер еді.

Бір күні Қара Зәңгі бек бес жүз атты әскермен, Жаруб бек бес жүз қарулылармен Йаркендке аттануға ұйғарып: "Біріміз Алтын дарбазасы арқылы тұйық шаһарға кіріп, қазақ хандарынан Хашым сұлтан дегенді ұстап, байлап шыққаймыз. Біріміз Ханаках дарбазасы арқылы кіріп, Хакім Алам-Шах бек "Жарық басты" (шикам

---

[208] Бұл жерде Йахйа-қожаның ұлы Қожа Афақтың немересі Ахмед-қожа айтылып отыр: *Салахетдинова М. А.* Сочинение Мухаммед-Садыка Кашгари "Тазкира-и-ходжаган" как источник по истории киргизов // Известия АН Киргизской ССР. Т. I. Вып. 1. (История). 1959. С. 101.

[209] Бұл шығармада қазақ ханының аты — Хашым деп жазылған "Та'рих-и Қашғар" қолжазбасында (факсимиле мәтіннің 103⁶ парағы) Ишим түрінде берілген, біздің ойымызша да дұрысы осы Ишим — Шығай ханның ұлы Есім хан: "Тāрīх-и Кāшғар". 89-б.

кәлла), есік-аға Шах Жағфар деген көрнекті кісіні ұстап, байлап, Хазірет Қожа Данийалмен қоса алып шығамыз" деп келісті.

Әлқисса, бұл екі дінсіз Йаркенд шаһарына жақын келгенде, бұларға "жау әскері шаһарға жақын келді" деген хабар жетті. Хазірет Данийал-қожам, Алам-Шах, Шах Жағфар әрқайсысы өз сарайларының дарбазасын бекем қылып, күзетке кісі қойып, [қаланың қорғанысына] шара жасамады.

Хашым сұлтан киінбеген, бейхабар тұрған еді. Сол жерде жасауылдың асасын алып, бір арық ат тұрған еді, соны мініп, қазақтарды жиып, "Аттан!" деп әмір қылып, дұшпан әскеріне қарсы шықты. Дарбаза алдында бетпе-бет келді. Жаруб бек деген қырғыз бес найзагер ілестіріп, сұлтанға шапты. Сұлтан арық атпен қорқынышсыз қарсы шапты, жақын келген Сұлтанды найзамен [↑38^{б}/39^{а}↓] ұрды, найза екі пәре болды. [Хашым сұлтан] асамен бар пәрменімен [Жарубтың] басынан салды, сүйегі пәре-пәре болды.

Назым (парсы):

Көзсіз ерлік жарайды қан майданда өлмеуге,
Бірақ кәрі тауықтың қайсысы болмасын қанжарға ілігеді.

Содан Хазірет Махдум Ағзам, *Алла оған рақымды болсын*, айтқан екен: "Әр кісіге Жаратқаннан қайырым болса, ақырында мұратына жетер".

[Хашым сұлтан] және үш-төрт қырғызды асамен ұрып өлтіреді. Қырғыздар қайран болып, жеңіліп, шегінеді. Хашым сұлтанның бұл ерлігін аңдап, Хазірет Қожа Данийал-қожам мен Алам-Шах бек, Шах Жағфар бек әскер бастап шығып, сұлтанның қол астына келді. Сұлтанға патшалық киімін кигізіп, соғыс қажеттерін мұқият әзірледі.

Сол сағатта Қара Зәңгі бастаған бес жүз кісі дарбаза алдына жетті деген хабар келді. Сол жағдайда қарсылық етіп, бетпе-бет келді. Соғыс уақиғасы көп болды. Ақыры күн батып, кеш болды. Қашғар әскерінен аяушылық сұраған дауыстар шықты. Йаркенд әскері өш алуды сұрады, қол жинады.

Назым (түрки):

Бақыт жұлдызы дию ықпалымен батып кетті,
Аламан, бұл жәбірден, ей, Шах-и алам, аламан.

Таңда қырғыздар амалсыз мәслихатқа елші жіберіп: "Енді біз Йаркенд шекарасына келмейміз, Жаруб-мырза сіздердің қолыңызға тұтқынға түсті, бізге оны жіберіңіз. Йаркендтен бізге үш мың кісі түсті, біз оны жібергейміз" деді. Хазірет Қожа Данийал-қожам Хашым сұлтан бастап, [↑39ᵃ/39ᵇ↓] барлығы мақұл көрді. Бірақ Жаруб мырза тұтқындардың ішінде жоқ болып шықты, оның Хашым сұлтанның асасынан өлгені белгілі болды. Алып келіп, жарақат ізінен тазалап, ағашпен бойын түзеп, киім кигізіп, бір арық атқа мінгізіп, қол-аяғын бекітіп алып жүрді. Қырғыздар жырақтан Жаруб бектің басын көтермей келе жатқанын көрді.

Әлқисса, оны бұл тараптан қоя берді, қырғыздар үш мың тұтқынды қоя берді. Бұл тұтқындар келіп, әскерге қосылғаннан кейін ғана қырғыздар мырзаларының опат болғанын көрді. Ойбайлап, жеке-жеке жоқтады. Кейін Йаркенд тарапына мүлдем көз салмады.

Хазірет Қожа Данийал-қожам Хашым сұлтан жеңісіне шаттанып, қуанышта болып, бұл бақытты жеңістің құрметіне той өткізді. Рақат өмір кешіп, ғибадатқа жығылды.

Біраз уақыттан кейін Хашым сұлтанға Хазірет Қожа Данийал-қожам тарапынан күмән туды, жаулық, қорқыныш көрініс тапты. Сұлтан өзі де күдіктеніп, қауіптеніп, өз жарандарын алып Қазақ жеріне шеттеді. Йаркенд тағына Хазірет Қожа Данийал-қожам отырып, біраз уақыт билік етті.

[Іле қалмақтарымен арақатынасы, Данийал-қожамның қалмақтарға тұтқын болған оқиғасы]

Хикаят естімек керек: Іле жеріне ескі жау қалмақтардың [↑39ᵇ/40ᵃ↓] қадамы жақын еді. Хазірет Қожа Афақ-қожамның басшылығымен атқарылған дұғалар Мұхаммед-Имин ханға күш дарытып, кезінде қалмақтарға қарсы неше мың әскермен барып жауласып, отыз мың қалмақты тұтқындап келген еді.

[Қалмақтар] өзіне келіп, мұсылмандардың жаугершіліктен естерін жимаған жағдайын ғанибет санап, шет жерлік әскерлер Йаркенд қақпасына келді. Хазірет Данийал-қожам мұсылмандардың кәпір [араласқан] әскерімен қарсы келіп, жедел соғыс қылмаққа

дайындықтары жоқ екенін парасаттылығымен түсінді. Амалсыз, **[Аллах] елшілерінің басынан өткенінен қашқан жарамайды** (хадисі) мазмұнымен шайқасқа бел буып, шын берілгендікпен кәпірлерге қарсы шықты. Кәпірлер де қатты соғысып, [жеңіске жетті].

[Амалсыз] бұлардың [қалмақтардың] құрмет-қошеметін орнына келтіріп, Йаркенд тағына отырғызды. Кәпірлер әскері Йаркендті алып, жандары тыншып, енді Йаркендтен әскер алып Қашғарға бет алды. Хазірет Данийал-қожамды Қашғарға дейін серік бол деп, ақыл-кеңес үшін алып жүрді. Қашғарда бірнеше күн соғыс қылды. Ақырында олар қарсы тұра алмай, бірауыздан келісіп, қақпасын ашты.

Хазірет Қожа Данийал кәпірлерге: "Егер сіздерге мұсылмандар өлкесі керек болса, Қорғаушы панасы астындағы мұсылман қожаларын өлтірмеңіздер, өйткені олар мұсылман Пайғамбары [↑40ᵃ/40ᵇ↓] нәсілінен, олардың өліміне халқы мен перзенттері ешқашан риза болмас, бірге пышақтасып, құшақтасып өлер" деп мәслихат айтты. Кәпірлер бұл сөзді мақұл көрді, өлтіруден бас тартты. Қашғардың әмірлеріне өз ықтиярынша шешім беріп, Хазірет Қожа Данийал-қожамға Йаркендке қайтуға рұқсат бермей, еліне алып жүрді. Йаркендке кісі жіберіп елін, әйелдерін мүлкімен көшіріп, өз елінде ізет пен құрмет көрсетіп, абыройынан айырмады.

Йаркенд пен Қашғарға өздері қалаған кісілерді хакім қылды. Хазірет Қожа Ахмад-қожамды тұтқынға алып, елінен, жерінен шеттетті. Бірақ Хазірет Данийал-қожам, Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала, фазыл инаятымен* кәпірлер өлкесінде кемел ізетпен, абыроймен тұрды.

Назым (парсы):

Елге жақсылық істеуші әзіз болар әрқашан,
Наданы әзіз болған елге лағынет айтамын.

[Данийал-қожамның қалмақ әйелден туған ұлының оқиғасы]

Жеті жылға шейін бұл жолмен тұрды, ей, әзіз, өз құлағыңмен енді бір хикмет-белгі есті. Хазірет Кәрім шебер, Көмекші [Алла] мейірімімен тамаша қыл. Бұрынғы уақытта Мұхаммед-Имин, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, Іле жеріне талан-тараж салып, отыз

мың кәпірді тұтқын қылып келген еді. Төре жамағаттарынан да кісі тұтқындалып еді, көбісі мұсылман болып еді[210]. Бұл төре *фирқасынан* бір сахибжамал қызы бар еді. Хазірет [↑40⁶/41ᵃ↓] Қожа Данийал бұл қызды исламға кіргізіп, некеге ықтияр қылып еді. Үміт тамшысы меруерт құтысында орын теуіп, таза судың үлкен меруертінің мәйегі, гауһар сипатты, сансыз сипаттағы нысанамен белгілеген екен.

Йаркендке шығып, қалмақ әскерлері көп тұтқын түсіргенде мұсылмандарын да, мұсылман еместерін де өз қолына алып еді. Бұл қызды Төре қалмақ сардарларының біріне күйеуге берген еді. Бұл күйеуі әр уақытта жеке кездесейін деп жақын келсе, қыздың денесі қалшылдап, бір айбат пайда болар еді, өзіне жақындатпас еді. Сөйтіп, жүктіліктен босанғанша пәктікте болды. Бір күні босанады, сол кезде, зұлмат әлемінен тірі су пайда болды деп айтады.

Айтады: таңертең әлем жарқырап кетеді, бір пәк бейнелі, пәк табиғатты сәби болмысқа келіп, Йусуф Қынғанның белгісі көрінеді. Баланы жақсылар тәрбиелеуге машғұл болып, осындай жағдайда оның ақыл-түсінігі кемел болады. Қалмақтардың жолымен хат-білім алады. Кәпірлер бұл баланың түсінік, біліміне қуанады. Жеті жасқа жетеді, бірақ ешкім білмес еді, бұл мұсылман баласы ма, әлде басқа ма? Анасы әрқашан бұл ұлды көрсетуге еш мұсылман таппай, шарасыз қиналуда еді. Бұл құпия пердесін ашуға сенімді ешкім жоқ еді.

Төре [↑41ᵃ/41⁶↓] ордасы мұсылмандар елінен неше айлық алыста еді. Кездейсоқ бір күні бұл елге бір мұсылман саудагердің жолы түсті. Жүре-жүре бұл әйелдің үйіне жетеді. Әйел әлдебір мұсылманның кәпір еліне кездейсоқ келгенін көріп, қуанып қалады. Бұл *мухаммас* осы жағдайға лайықты келеді:

Назым (түрки):

Жабырқауға ай жүзді, түн-ақшамда күтпеген жерден серік келді,
Тамаша, сәуле тұнған, күн бейнелі аян келді,
Көңіл үйіне жер бетінде табылмас мейман келді,
Орнық, ей көңіл, дене ішіне жан бітті,
Қуан, ей қамыққан жан, жас өмір келді.

---

[210] Қалмақтардың Ислам дінін қабылдауы туралы қараңыз: *Conermann Stephan*. Religiositaet zwischen Islam und Lamaismus (13. bis 18. Jahrhundert) // Die Mongolei — Aspekte ihrer Geschichte und Kultur, hrsg. von Johannes Giessauf. Graz, 2001. S. 78–100.

Ақырында бұл саудагерді жеке шығарып, баланы әзір қылып, құпияны ашты. Хат жазып, хатты саудагердің қолына берді: "алып барып, Хазірет Қожа Данийал-қожамға тапсырғайсыз, бұл жағдайымды ауызша да баян қылғайсыз. Уа, Алла, бір-екі кісінің иманына дәнекер бол, әйтпесе қиямет күні Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, алдында жүзің қара болғай" деді.

Саудагер бұл хатты Хазірет Қожа Данийал-қожамға жеткізді. Бұлар да хаттың мазмұнынан аян тауып, ойына алды. Ақиқат уақиға сондай еді: перзентінің хақы жүрегіне от түсіріп, осы халде саудагерді [↑41⁶/42ᵃ↓] алып, Төре ордасына барды. Оқиғаны Төреге баяндап, арыз етті. Төре хатты оқып, саудагерден ауызша да сұрады. Өз қызметкерлерінің бір үлкенін, Хазірет Қожа Данийал-қожам тарапынан халифа Абдалла және Ахунд Молла Ибраһим атымен танылған молда бастап бірнеше кісіні жіберді. Егер уақиға рас болса, бұл перзентті алып мұсылмандар қолына тапсырғайсыздар, егер қабыл етпесе күйеуін, перзентті, қатынды алып келіңдер. Ал қате болса бұл мұсылмандардың басына жалғаншылық азабын келтіргейсіңдер — деп, өсиетін тамам қылды.

Әлқисса, бұлар қалмақ еліне жетті, оқиғаны тәптіштеп жеткізді. Әйел болған оқиғаны мойындады, бірақ күйеуі мойындамады, перзентті бұларға көрсетпеді. Жырақтан балаға мұсылмандарды көрсетіп: "Әне адамжегіштер келді, сені, біздің баламызды, алып кетіп жемекші" деп қорқытты. Бұл себепті баланың зәре-құты қалмады, мұсылмандардан қашып, бармады. Барған кісілер ештеме істей алмады. Мұсылмандарда еш жөн-жора қалмады. Кәпір-қулар мәслихат жасап, шешім айтады.

Хазірет Қожа Данийал-қожам сұлу да сымбатты, ділі таза және ержүрек, қайталанбас жан еді. Назым (түрки):

> Хор қызынан кем емес, періште ме әлде пері ме?
> Адам жыныстыда [↑42ᵃ/42⁶↓] одан сұлу көрмедік.

Бұл әйелді көріп, таңғалып, жаны ашыған екен. Ол бар болмысымен айтады: "Бұл перзент Қожа Данийалдан" деп. Ақырында келісімге келе алмай, барлығы Төре ордасына қайтып келді. Бұл күйеу қалмақ төре жамағатынан еді, әдемілік бейнесі де бар еді. Қоңтайшының аяғына жығылды, жылап-еңіреп арыз айтты: "Төре

хан, ей жаңан патшасы! Бұл кәрі құлыңа рақым ет, бұл "ақ шалмалылар" егер өз дін шариғаттарынша жарғы қылса, амалсыз етіп, бұл перзентті менен ажыратып алады. Менің мұнан басқа перзентім жоқ. Оған мейір-махаббатым көп еді, егер бұл перзенттен айырса, жанып, күл боларым шәксіз" деді.

Назым (түрки):

Ей жүз мың, ей кем ділдардан айырылсам,
Бұлбұлмын адасқан, гүлзарымнан айырылсам,
Ешкімді білмеспін, не керек жардан айырылсам,
Сымбатты, сұлудан айырылсам.

"Бұл жолы бауыры айырылған мұңлық құлыңа мейірімің түссін, үкіміңмен уайымымды аластатсаңыз".

Назым (түрки):

Мейірім қыл бұл күлмес, аһылап, күрсінгенге
Қылмасаң егер, отты аһым жайылар жер-жаһанға.

Амалсыз қалмақтың жанашырлары бірігіп, бір айла ойлады. Әлбетте, перзентті қалмаққа қалдыру қажет. Төре: "таңда мұсылмандар өз жолынша киім киіп, шалмасын байлап, қалмақтар өз рәсіміншe киініп *сұрұнға* келсін" деп жарлық қылды.

Таңертең Тимур хан, Ерке хан және Хазірет Қожа Данийал-қожам бастаған мұсылмандар бір тарапта, қалмақтың [↑42^{б}/43^{а}↓] сардарлары бір тарапта қатар түзеп отырды. Балаға неше рет жеке шығарып айтты: "Бұл ақ шалмалылар адамжегіштер, олар қауіпті, жақын барма, сені ұстап алып жейді. Әлбетте, жүгіріп барып атаңның құшағына отырғайсың" деп оқытып, *сұрұнға* алып келді. Мұсылмандар өз тарапынан [баламен] сөйлесу үмітінен айырылған болатын. Хазірет Қожа Данийал-қожам баламен сөйлесе алмай, ұлы аталарынан медет тілеп, өз әлемінен кетіп, Хақты көретін дариясына шомып отыр еді.

Төре жеті жасар ұлдан сұрады: "Ей, ұл, атаң қалмақ па, әлде Қожа Данийал ма? Қайсысы сенің атаң болса, барып соның құшағына отыр" деді. Бұл бала әуелі қалмақтар жаққа бұрылып, бәріне қарады, қалмақтарға қарай жүрейін деп барып, қатты

дауыстап жылап келіп Хазірет Қожа Данийал-қожам құшағына жығылып, хош болды. Екі жақтың арыз, өкпесі көктің тасын жарық етті. Барлығы жылады, көз жасы таусылып, жылау тоқтады.

Назым (түрки):

Саңырау болар көңіліне әсер етпейтін болса,
Жер жүзін топан су басқан аңыздан хабар.

Қоңтайшы да көп жылады, айтты: "Ей, Қожа, Хақ жоғарыдан [↑43ᵃ/43ᵇ↓] қарар берді, мәлім болды, ақиқат сіздікі екен, ұлыңызды алыңыз, қожалығыңыз хақ екен. Бұл төрт шаһардың қожалығын және патшалығын сізге бердім. Барып өз шаһарыңызда мекен етіңіз" деп, рұқсат берді.

Хазірет Қожа Данийал-қожам Хазірет Хаққа, *сүбхана уа тағала*, шүкір айтып, бұл кәпірдің тұтқын-шырмауынан босанып, Хазірет Қожа Жаһан-қожамды төренің жанына қалдырып, салтанатты жүріспен Йаркендке келді. Баланы жақсы қызметкерлері жанына алып, ислам киімін кигізіп, ұлы той жасап, сүндетке отырғызды. Сәбиді Ислам Шариф Йусуф-қожа атады.

Әлқисса, Хазірет Қожа Данийал-қожам бірнеше жыл астаналық қала Йаркендте салтанат тағында отырды. Қашғар, Ақсу, Қотанға үкімін жүргізіп, халықты тура жолға салып, адасушылықтан қайтарып, дат-сұрақтарын шариғат шекарасынан шығармай үкім етіп, Құдай тағаланың ғибадатына берілді, шүкіршілікпен өмір кешірді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам білім алумен шұғылданып, осындай мұрсатта маңдайына бұйырған несібесін алды.

Қалмақтар Хазірет Қожа Афақ-қожамның уақытында жүз мың кісіден жүз мың тіллә алатын. Сол жүз мың тілләні [↑43ᵇ/44ᵃ↓] бұл Моғолстан шекарасында *жизйа* етіп алып тұрды. Бағзы уақытта Іле жеріне барып қалмақтармен кездесіп келер еді. Жеті жыл осылай өмір өтті.

[Қалмақ арасындағы бөлінушілік, тақталас оқиғасы]

Қоңтайшының кәмелет жасқа жеткен қызы бар еді. Тұрғыт қалмақтарының төресінің ұлы бар еді. Екеуін қосып той жасамақ болады. Ол жеті шаһардың Хазірет Қожа Данийал-қожам бас-

таған әмірлерін, сансыз сардарларын тойға шақырады. Бұлар амалсыз бағыныштылықпен Іле жеріне барады. Қоңтайшы бұлардан мұсылман рәсіміншe тойға дүние талап қылады. Олар өздерінде барын берді, оған қанағаттанбай Үндістан маталарын, дүрр мен гауһардан кем еместі, зүбәржат, хризолит, бадахшандық лағыл, маржан, қызыл алтын, асыл тастарды талап етті. Мұсылмандарда ондай зат жоқ еді. Ақырында бір күні жарлық етті: егер таңда бұл аталған заттарды тауып бермесеңдер барлықтарыңның бастарыңды аламын деп, уақыт берді.

Назым (түрки):

Ей, мұсылмандар, бұл не хал, тағдыр атты тұтқында,
Жүз мұсылман халқын бір мұсылман емес алды.

Бұл кәпірдің астамшыл саясаты әмірлері мен сардарларының да шыдамының шегіне жетті. Олар наразы болып, Хазірет Қожа Данийал-қожамның аяғына жығылып, айтты: "Ей, қожам, бұл үлкен пәле шегіне жетті. Хазірет бір жолын қылғайсыз, осындай мүшкіл халді ата-бабаларымыз жеңілдеткен. Сізден де [↑44ᵃ/44ᵇ↓] аян болғай, бұл кәпірдің сізді де, бізді де өлтіруге мүмкіндігі бар".

Хазірет Қожа Данийал-қожам басын төмен салды. Сәлден кейін басын көтеріп айтты: "Ей, мұсылмандар, бұл кеште барлығымыз да Хазірет Кәрім Ойлы [Аллаға] және Хазірет қожаған аруақтарына сиыналық, олар бізді сақтауы керек".

Әлқисса, бұл кеште барлық мұсылмандар бір-екіден жиналып, жан-ділімен жебеушіге жылап-сықтап жалбарынды. Хазірет Қожа Данийал-қожам дұға айтып қол жайды, мұсылмандар қол жайып "Әмин" деді. Әуелгі таң сәріге шейін дұға қылды.

Мұсылмандарға жақсы хабар жетті: "Ей, мұсылмандар, Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, біздерді бұл кәпір қолынан азат қылды. Үміт қылып, бірге тұрғайсыздар. Дұға қабыл болды. Қоңтайшы, лағынет атқыр, өлді. Орнына ұлы Ғалдан Шерен[211] төре болды" деп. Бұл хабарды естіп мұсылмандар кәпір ордасына барып, жағдайды аңдады.

Қоңтайшының қатыны "өз ұлымды төре қыламын" деп, күйеуіне у беріпті. Ғалдан Шерен бөлек анадан еді. Оны да өлтірмекші бо-

---

[211] Ғалдан Жирғын.

лыпты. Бұл хабарды бір пақыр Ғалдан Шеренге жеткізіпті. Ғалдан Шерен кәпірлер сардарларын жинап, оларға жағдайды айтады. Бұлар келісіп, өгей анасын өлтіріп, інілерін [↑44^{б}/45^{а}↓] өлтіріп, тақ салтанатына шығып отырады.

Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, бұл кәпірдің көңіліне ынсап сыйлық қылып, ол үкім қылды: "Ей, мұсылмандар, отаныңызға қайтыңыздар, Хазірет Қожа Данийал-қожам, сіз де отаныңызға қайтыңыз. Бұл төрт шаһардың қожалығын бердім. Атамның уақытынан бүгінгі күнде жақсы тұрғайсыздар" деп, бәріне рұқсат берді. Хазірет Қожа Данийал-қожам бастап, барлығы отанына қайтты. Шүкірлік айтып, бірнеше уақыт тыныш өмір сүрді.

[Қожа Данийал-қожамның қайтыс болғаны]

Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиге, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, хан *нәзір* еткен су мен жерлерде иелік етті. Бұл мемлекеттерден алынатын *баж-хараждың* дін исламның әлсіздігінен, кәпір елінің күштілігінен амалсыз қалмаққа берді. Ақырында, **Өзекті жанда өлмейтін пенде жоқ**[212] үкімімен ажал ыдысының құпия уын дәуреннің шарап құюшысы қолынан татып және Алла үкімімен қазаға ризашылық беріп, шүкір-алғыс қылып, өсиет айтты, барлық үлкені мен кішісін Хазірет Хаққа, *сүбхана уа тағала*, ата-бабалар аруақтарына тапсырды. Хазірет Қожа Жаһан-қожамға көп ілтипат көрсетті: "Ей нұрлы бауырым, бұл кішкентай қарындастарымыздың тәрбиесіне жеңіл қарамаңыз, мүмкіндігінше Шексіз [Алла] ғибадатынан бос қалмаңыз. Құдайдың заңы — шариғатқа, үкімдеріне бас қойыңыз. Халқыңның дат-сұрағына [↑45^{а}/45^{б}↓] қысым қылма, шариғатқа қайшы келуден сақтасын. Амал іліміне бекем болыңдар. Біздерге Анхазіреттен, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, амал ілімі мирас қалған, дүние мирас қалған емес. Бұл кәпірлерге сенімді болуға уәде бергеннен басқа шара таппадым. Уа, дариға, ислам қылышын сермей алмадым. Амалсыз бұл арыз-арманмен ақирет сапарына жолға жиналдым. Сіздер бұл арызды оқығайсыздар. Хазірет Кәрім [Алла] қамқоршы болар, Рақым [Алла] пенделеріне мейірімді, Жомарт сіздердің хақыңызда аян беріп, бұл

---

[212] Құран Кәрім, 3: 185.

дұшпандардың күштері нашарлаған халінде сіздерге ғанибет уақыттар нәсіп болғай. Бұл қара жүзіңіз қызарып, шерменделік жойылсын. Мұсылмандардың мекенін қайтарып, сенімі жоқ бұл кәпірлерге Ислам қылышын көтергейсіздер. Саййид-задалық абыройды қолдан бермей, Махшар күні Құдай мен Алла Пайғамбарынан қысылмайсыздар" деп, өсиетін тамам қылып, жанын Хаққа тәсілім етті. **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[213].

Айтуынша, таза қиямет болды, айғай-ұйғайдан аспан асты толды, күн зұлмат пердесі ішіне тығылды. Мәжіліс шамын жағып, барлық ел жиылып жылап, үлкен-кішісі бірігіп Алтын мазарына жерледі.

[Қожа Данийал-қожамның ұрпақтары]

Онан бес ұл, бірнеше қыз қалды. Ұлдарының үлкені (1) Хазірет Қожа Жаһан-қожам, (2) Хазірет Қожа Аййуб-қожам, (3) Хазірет Қожа Йусуф-қожам, (4) Хазірет Қожа Хамуш-қожам, (5) негізгі есімі Хазірет Қожа Низам [↑45[6]/46[a]↓] ад-дин-қожамды Хазірет Қожа Убайдалла-қожам атар еді. Патша қыздарына Хазірет Қожа Жаһан-қожам көп жақсылық етті.

Перзенттері Хазірет Қожа Жаһан-қожамға ұлы аталарының орнында сенім білдіретін еді. Астана қала Йаркендтің тағына — Хазірет Қожа Жаһан-қожам отырды. Қашғарда — Хазірет Қожа Йусуф-қожам отырды. Ақсуда — Хазірет Қожа Низам ад-дин-қожам. Қотанда — Хазірет Қожа Убайдалла-қожам. Бұл әзіздердің барлығы да заң-жосықты шариғат жолымен үкім етіп, Исламды кең таратты.

[Хазірет Қожа Жаһан-қожам қызметі]

Хазірет Қожа Жаһан-қожам өмір бойы бұл шаһарларда ғұлама, діндарлар, білімділер, фазылдармен бірге халықтың мінез-құлқы бұзылғандарын жанды сөздерімен түзеп, реніш-күйіністен құр-сүлдері қалған шала-жансар пенделерге жан сыйлап, жақсылық қылар еді. Мемлекеттің әмір, уәзірлерімен бірге жиылып, мемлекет аумағына қажеттерін білгізіп, кедейлердің сұрағына шариғатқа сәйкес үкім беріп, әділеттілік жолын ұстар еді. Кейде та-

---

[213] Құран Кәрім, 2: 156.

рих кітаптарын оқытып, ұлы әулие, әнбиелердің, керемет иелерінің (сахиб карамдар) аруақтарына бағыштататын еді. Шығармаларын дұға қайырмен оқыр еді. Кейде *диуан, газал, мәснәуи* кітаптарын [↑46ᵃ/46ᵇ↓] ортаға салар еді, мағынасынан баян етіп, рақат *хал* пайда болар еді. Мәжілісте отырғандар көбелектей бастары айналып, өздерін садақа, *нийаз* қылар еді. Кейде *назым* гауһарын тізбелеп, көңіл қырманына от салып, қызба шайырлардың жүректі жандырар бәйіттерін айтып берер еді. Шайырлардың ерекше, нәзік мағыналы *газалдарына* тура жауап ретінде *мухаммас* және *мусаддас* түзетін еді. Кейде ақындар патшасы тағында отырып, шайырлармен уақыт өткізіп, заманның шайырларының түсінікті тілді *абийаттарын* жырлап, ұнатқан шығармашыға патшалық сыйлық беріп, патша киімін кигізіп, өз қатарына отырғызып, ұлағаттайтын еді.

Әр аптада, дүйсенбі, сәрсенбі күндері ғұлама, фазыл, ахунд, Сайиид Қожа Ысқақпен (Қожа Ахунд аталып кеткен) бірге арнайы медресеге баратыны белгілі. Бұлар дәрісханаларға барып, жарандардың қайсысының түсінігі жақсы, оқуға ілтипаты берік, оларды бірінші орынға шығарып сыйлық беріп, ерекшелер еді. Бағзы білімсіз надандарға насихат айтып, жазалап, намысын қайрап, дұрыс жолға салар еді. [↑46ᵇ/47ᵃ↓] Әртүрлі тағамдар, сыйлық беріп, жақсылық қылар еді. Кейде дәруіш, тәліптермен, дос-жарандармен бірге оларға тариқаттың баянын, құпиясын тәлім қылатын. Барлық үлкен-кішіге осы ұлы тариқат хақында талаптар қойып, бұл жайбарақат уақыт, ақиқат заманына шүкірлігін айтар еді. Ілгері-кейінде осындай уақыт, мұндай бейбітшілік бұл жұртта болған емес. Бағзылар Хазірет Сұлтан Хүсейн-мырзаның уақытына ұқсатар еді. Бағзылары айтар еді: "егер бұл уақыт ол уақытқа ұқсаса да, екі сұлтан арасында айырмашылықтар бар" деп.

[Пайғамбар әулетінің құлқы жөнінде]

Себебі Сұлтан Хүсейн-мырза-заданың мінез-құлқы жақсы емес еді. Шаһ-и Жаһанның [Хүсейн-мырза] шыққан тегі екі дүниенің Хазірет Қожасы, адамдар мен аруақтардың Сайииді, Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ галәйһи уа-саллам*, әулетінен дейді. Осындайға көреген пайғамбар хадисі сәйкес: **Пайғамбар, *галәйһи уа-саллам*, айтады: Менің діндар әулеттерімді қадірлеңіздер, діндар еместерді де**, яғни Менің әулетімді Құдай үшін ұлағаттаңыздар,

дінсіздерді де Мен үшін қадірлеңіздер. Бұл хадис-шәріпте осы әулет жайында әңгіме қылған. Шығу тегі жақтан екі *нисбат* бар: сыртқы тегі мен рухани тегі. Сыртқы тегі деп ныспысын айтар, пәленнің баласы пәлен деп. Рухани тегі деп зиялылығын айтар еді. Пайғамбар, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, амалдарын, ісін атқарумен [↑47ᵃ/47⁶↓] *нисбат* жетер, бұл *нисбат* үш сыныптан тұрар, әуелгі сыныбы *захир* ілімі мен *захир* амалынан тұрар, *батин*[214] ілімі мен *батин* амалынан белгі болмас, бұл сыныпты *захир* ғұламалары деп атайды. Екінші сынып *батин* ілімі мен *батин* амалынан пайда болар, *захир* амалы мен ілімі қағидаларынан сауап болмас. *Батин* ілімінің тазалығынан керемет аян түсер, бұл сыныпты *түркі машайық* атайды.

Назым (парсы):

Сүйіктім мектепке бармаған, хат танымаған,
Сүйкімділігімен шеберлікпен жүзді оқытты.

Үшінші сынып *захир* ілімі мен *батин* ілімін біріктірер *ахкам шариадан*, амал *салихтан* және суннаны ұстанудан тұрады. Сонымен қатар *захир* адаб шариғаты мен *батин* ақиқаты және тариқат қасиетінен де ада болмас. Бұл сыныпты *расихин* ғұламалары деп атайды. **Оның мағынасы тек Аллаға аян дейді білімпаздар**[215], яғни *ташаббухатты* (дұрысы — муташабихат) аяттарын білетін ғалым жоқ, бұл сыныптың дәрежесіне тек Алла тағала сәйкес келер, жалғыз Ол терең білімді ғалым болар. "Ғұламалар Пайғамбарлардың мұрагері" деген хадис бұл сынып қадіріне тура келер. Яғни Пайғамбардан, *ғаләйһи-с-салам*, дүние мирас қалған емес, ілім мен *амал* мирас қалған. Хазірет Пайғамбар, *ғаләйһи-с-салам*, білімдері екі түрлі болады. Бірі *нубууатқа* (пайғамбарлыққа) байланысты ілім, оны *шарʻи* ілімі деп атайды. Енді бірі әулиелікке байланысты ілім, оны *батин* ілімі деп атайды. Солай болмысы берекетті кісі, бұл екі түрлі ілімнің әрбірінен де несібе табады. [↑47⁶/48ᵃ↓] Егер осындай сипаты болмаса, оны Пайғамбар мұрагері демектік дұрыс емес. Өйткені мұрагер дегеніміз — өлген кісінің

---

[214] *Захир* мен *батин* туралы қараңыз: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 23.

[215] Құран Кәрім, 3: 7.

барлық дүниесінен заңды құқықпен несібе етер. Мысалы, атаның кей затына ие болып, кейбіріне ие болмаса, яғни қызыл алтынға иелік етіп, несібе етсе, ал таза күміске иелік етпесе, оны ұл демек дұрыс болмас. Хазірет Қожа Жаһан-қожамда бұл *нисбаттар* түгел болыпты, *захир* ілімін де, *батин* ілімін де бәрін алыпты.

Назым (түрки):

Сұрасаң есеп олардан, ол Нақшбанд-сани
Кім десең *насабтан*, ол Мұстафа әулетінен.

Ол болмысынан айтыпты: ғұламалардың, Алави[216] сайиид-зада-лары ішінде бұл рухани *нисбат* кем көрініс табар. Бұл тайпаларда осы *нисбат* жалғасса адам мен бүкіл мақұлықтан ешкім оларға теңдес бола алмас. Бұлар Алла Расулының, дін Исламның пайда болмағы, ғаламның құрылымы тариқат пен ақиқат лайықты болуының арқасында. **Шейх өз ізбасарлары арасында Пайғамбар өз үмбеті арасындағыдай** хадисіне сай бұлардың дәрежесі жетілген, яғни менің үмбетімнің ғұламалары Бани Исраил[217] пайғамбарларына ұқсайды. Екінші хадис тәржімесі: Шейх-*мүршид* өз қауымы *мүридтері* ішінде Пайғамбарға ұқсайды.

[Қожа Жаһан-қожамның адами және рухани шежіресі]

Сонымен, Хазірет Қожа Жаһан-қожамның сыртқы *нисбат* силсиласы төмендегідей: Хазірет Қожа Йақуб ибн Қожа Данийал ибн Қожа Убайдалла ибн Қожа Шади ибн Қожа Ысқақ [↑48ᵃ/48ᵇ↓] ибн Қожа Махдум Ағзам ибн Қожаги ибн Сайиид Жалал ад-дин ибн Сайиид Бұрхан ад-дин ибн Сайиид Қожа ибн Сайиид Бұрхан ад-дин Қылыш ибн Сайиид Камал ад-дин ибн Сайиид Жалал ад-дин ибн Шах Хасан ибн Шах Хұсайн ибн Сайиид Мұхаммед Сайиид Ахмад ибн Убайдалла ибн Абдалла Афзал ибн Убайдалла Ағраж ибн Сайиид Талиб ибн Имам Әли-йи Мұса-йи Риза ибн Имам Мұса Казим ибн Имам Жағфар Садық ибн Имам Мұхаммед Бақыр ибн Имам Зайн ал-Абидин ибн Имам

---

[216] ‘Алави — Әли ибн Аби Талиб ұрпақтары.

[217] Бани Исра’ил — израильдіктер.

Хұсайн, *Алланың рақметі болғай*, ұлы Әли мен, *Алла оны ұлықтағай*, Фатима-йи Захраның, *Алланың рақметі болғай*, Хазірет Мұхаммед Мұстафаның қызы, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*!

Рухани *нисбаттарының* баяны: **Мүминдерге рақымы, шипасы бар Құранды түсіреміз. Залымдардың шеккен зияны арта түседі**[218], дәлелімен Сүйіктінің ақиқат Құран Каламы, мейірімді шипасы, олар Хазірет Расулдың, *ғаләйһи-с-салам*, мүбарак діліне дейін таратылады. Еш нәрсе бақи қалмайды, Алла керемет ғайыбынан Калам Алла ішінде баян түсірді. **Тағала айтады: ... мейлі жас, мейлі кепкен зат болсын, барлығы лаухулмахфузда түгел жазулы**[219] және Алла сүннетінде және болмысында осылай анық болды. Хақтың рақымы мен мейірімі Ең Кемел [Пайғамбар] делдал болмай біреуге жетпес. Ол кісі [Пайғамбар] кемелінде еді, Анхазіретім еді. Алла ғайыптан Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, шарапатты батинінде аян берді. [↑48ᵇ/49ᵃ↓]

Назым (парсы):

Ақиқат Биік сарайдан (Алла үйі),
Түсті Мұстафаның шәріп-көкірегіне.

Содан Ол [Пайғамбар] барлық мейірім Иесінің делдалы — Анхазірет болды. Шынымен Құранның захир мен батин жағы бар, батиннің де өз ішінде жеті қабаты бар яғни Құранда *захир* мен *батин* бар, жеті *батинге* дейін жетеді. Құранның *захирінен*, шариғаттың *захир* ілімінен ғұламалардың *захир* көкірегіне ғибрат құйды. Құран *батинінің* ғибраты шариғаттың *батині* және ақиқаттың тариқат ілімі *батиндерінен* тұрады. Әулие Алладан бұлардың нұрлы жүректеріне сыйға тартты.

Назым[220] (парсы):

Біз Құраннан алдық негізді,
Сөйтіп теріні лақтырып тастадық.

---

[218] Құран Кәрім, 17: 82.

[219] Құран Кәрім, 6: 59.

[220] Маулана Жалалиддин Балхи-Руми. Ол туралы қараңыз: *Zarcone Th.* Le Mathnavi de Rumi au Xinjiang // *Bouillier V. & Servan-Schreiber C.* (Éds.). De l'Arabie ā l'Himalaya. Chemins croises en homage ā Marc Gaborieau. Paris: Maisonneuve et Larose, 2004. P. 197–210; *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 178–184.

Білгін, ей Талиб, Рахматтың назары мен *батині* шипа еді. Айтылады: мүміндерге Хазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, тұқымдары мен асхабтарынан он сегіз кісіні белгіледі. Олардың бұл мағынаны түсіну мен қабылдау қабілеті бар еді. Бұл — он сегіз кісіден барлығынан қадірлісі, ұғымталы әрі ең ұлысы Хазірет Әбу Бәкір Сыддық еді, *Алла оған риза болғай!* Анхазіретке кемел махаббаты және сәйкестігі бар еді.

Назым (түрки):

Махаббат оты мүбарак бауырын күйдіріп еді.
Аһылағанда махалла Мәдинеге
Қуырылған иісі жетіп, толтырып кетер еді.
Көкірегінен түтін шығар, бауырынан кәуап иісі.

Сол себептен бұл дарынды, қабілетті болмысынан Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, бұл шипалы рухани шәрбат қасиетті әулиелердің саййиді **(Әбу Бәкір Сыддық) екеуі барып, үңгірді паналады**[221], шынайы іздеуші және талаптанушылардың жары, [↑49ᵃ/49ᵇ↓] яғни Хазірет Әбу Бәкір Сыддықтың, *Алла оған риза болғай*, көкірегінде көрініс тапты.

Назым (парсы):

Бұның барлығы Сыддықтың көкірегінен шығады,
Күмәнсіз оның болмысынан ақиқат шығады.

Хазірет Әбу Бәкір Сыддықтың бұл шәрбатты шипасы, рухани қасиеті мен ерекше қабілеті алып Құдіреттің негізі Хазірет Салман-и Фаристың, *Алла оған риза болғай*, көкірегіне өтті. Қожа Салман-и Фаристан ол ақиқат нұры Қасым ибн Мұхаммед ибн Әбу Бәкір Сыддыққа, *Алла оған риза болғай*, өтті, одан Қожа Хазірет Имам Жағфар Садыққа, *Алла оған риза болғай*, одан Әбу Йазид Бистамиға, одан Хазірет Қожа Әбу-л-Хасан Харақаниге, одан Хазірет Шейх Әбу-л-Қасым Курканиға, одан Хазірет Шейх Әли Фармади, одан Әбу Йусуф Хамаданиға, одан Хазірет жаһан қожасы Абд ал-Халық Ғиждуани көкірегіне сый болды. Хазірет Қызырдың, *ғаләйһи-с-салам*, көкірегінде орнықты. Хазірет Қожа Абд ал-Халық Ғиждуаниды Қызыр,

---

[221] Құран Кәрім, 9: 40.

ғаләйһи-с-салам, бала кезінен оқытып, тәрбиелеумен [↑49^{б}/50^{а}↓] шұғылданды. Сұхбат пірі — Шейх Әбу Йусуф және *ирадат* пірі — Хазірет Қызыр, *ғаләйһи-с-салам*, еді. Осы себепті Хазірет Қожа Абд ал-Халық Ғиждуаниды Қожаған *халқасының* басы атайды. Одан төрт халифа қалды. Әуелгісі Қожа Ахмад-Сыддық, Қожа Ариф-Ривгари, Қожа Әулийа-Калан және Қожа Ахмет Иасауи.

Ол Қожа Ахмад-Сыддық шейхтік *маснадына* отырды. Бұл [Қожа Ариф-Ривгари, Қожа Әулийа-Калан] екеуі оның қызметінде болды. Онан кейін *маснадқа* отырды. Хазірет Қожа Ариф Қожа Махмұд Анжир-фағнавиға *ижаза* берді. Қожа Махмұд *хафийа* зікірінен *жахрийа*[222] зікіріне өтті. Бұхара ғұламалары Хазірет Қожа Махмұдқа сауал қойды: "Шейх, *Жахрийа* зікірін қай *нисбаттан* алдыңыз?". Қожа Махмұд айтты: "Ұйқыдағылар оянсын, бейқамдар білер болсын, осы жолға жүз бұрсын, барлық бақыттың негізі ақиқат жолына тәубеге келсін, осы жолдың ұстанушысы болсын".

Хазірет Маулана Хафиз ад-дин айтады: "Ниеттеріңіз дұрыс болса, сіздерге бұл халал". Хазірет Махмұдтан бұл мағына Хазірет әзізан — Қожа Әли Рамитаниға өтті. Хазірет әзізаннан ол дәуренінің кәміл *мұршиді*, жалғызы Қожа Мұхаммед Баба-йи Саммасиға[223] жүз бұрды. Бұлардан ол кемел жамағатының саййиді, *хал* адамдарының *фирқасының* сүйеніші Хазірет Әмір Саййид Кулалда[224] нышан берді. Бұлардан бұл ақиқаттың құпиясы [↑50^{а}/50^{б}↓] аспан мен жердің сәулелісі, яғни Хазірет Қожа Баха ал-хақ уа-д-динға өтті (тажалли). Хазірет Қожа Бузург шәріп қасиеті қуатты шағында еді. Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, толық білім сенімімен Хазірет

---

[222] Жахрийа зікірі — Алланы арнайы сөз тіркестерімен аттарын дауыстап мадақтау, еске алу. Ол туралы қараңыз: *Бабаджанов Б. М.* Зикр-и джахр // Ислам на территории бывшей Российской империи: Энциклопедический словарь. Вып. 4. М.: Восточная литература, 2003. С. 30–31; *Algar H.* Silent and Vocal Dhikr in the Naqshbandi Order // *Dietrich A.* (Ed.) Akten des VII. Kongresse fuer Arabistik und Islamwissenschaft. Goettingen: Vabdenhoeck & Ruprecht, 1976. P. 39–46; *Fletcher J. F.* The Naqshbandiyya and the Dhikr-i arra // Journal of Turkish Studies. Cambridge, Mass., 1977. P. 113–119.

[223] Қожа Мұхаммед Баба Саммаси (755/1354 ж. өлген) — Қожа Әли Рамитанидің рухани мұрагері.

[224] Саййид Әмір Кулал (шамамен 1281–1370), қожаған шейхы. Ол туралы қараңыз: *Акимушкин О. Ф.* Кулал // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 224–226.

Қожа Абд ал-Халық Ғиждуани руханиаттарына, бұның халдеріне медеткерлік етіп, содан Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, шәріп *батиніне* Ұлы Сарай есігі құдіреті хақында рақым жеткізген еді. Бұл *нисбат* ақыры Бұхарада Хазірет Қожа Бузургтың шәріп *батинін* көрініске келтірді.

Хазірет Маулана Абд ар-Рахман Жами[225] айтыпты (парсы):

Теңге соғу Йасрибтен Батхқа[226] өтсе,
Нәубет ақырында Бұхарада соғатын болады.
Бұл зердің сұлулығынан ешкім пайда көрмеді,
Шах Нақшбандтың зерленбеген ділінен басқа.

"Нафахат ал-унс" деген кітабында келтіріпті.

Хазірет Қожа Бузург айтады: Бұхара мазарларына әр түні зиярат қылып, өзімнен кетіп, уақиға көрдім: Қыбла қабырғасы жарылып, бір ұлы тақ көрініс берді. Ол таққа Бақытты отырыпты, оның алдына перде тартыпты, тақ алдында бар атыраптың жамағаты дайын болыпты, мәлім болды: бұлар өткен әулиелер екен. Осы жағдайда ол жамағаттан біреуі келді, ол Хазірет Қожа Абд ал-Халық Ғиждуани екен. Бұл жамағат Оның [Пайғамбардың] халқы деп, әрбірін *инабатпен* атап таныстырды.

[↑50[б]/51[а]↓] Хазірет Қожа Ахмад, Хазірет Қожа Сыддық, Хазірет Қожа Ариф Ривгари, Хазірет Қожа Әулие Калан, Хазірет Қожа Махмұд Анжир-фағнави және Қожа Әли Рамитани, *Алла оның қабірін қасиетті етсін*, Қожа Мұхаммед Баба-йи Саммасиға нәубетіне жеткенде айтты: "Бұлар сіз *халат-и хаяттарыңызда* көрген, сізге *кулах* берген сіздің шейхыңыз, оларды танырмысыз?". Мен айттым: "Танимын". Онан кейін бұл жамағат айтты: "Әзір бол, бар болмысыңмен тыңда". Хазірет Қожа Абд ал-Халық Ғиждуани неше сөздер айтты: "Құдай тағаланың жолының тарамдары сізге онан қате болмасын". Мен қаладым, Хазірет Қожалары-

---

[225] Жами, Нур ад-дин Абд ар-Рахман ибн Низам ад-дин Ахмад ибн Шамс ад-дин Мухаммад (1414–1492). Ол туралы қараңыз: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 184–187; *Вахидов Ш., Фармонова Д., Эркинов А.* Джами // Ислам на территории бывшей Российской империи. Вып. 4. С. 25–27.

[226] Батх – қала.

ма сәлем қылдым. Ол арадағы пердені көтерді. Хазірет Қожаға сәлем қылдым, құпиялы *назары* қабыл етіп, мынадай сөздер айтты: "Сенің тариқатыңның таралымының басы, аяғы, ортасында атқарылатын міндеттер бар, ол қажеттіліктің бірі барлық *хал* мен ұзақ жолда шариғат пен тариқатқа шын берілгендік жолында болу. Сүннет пен *азиматқа* амал қылып, *бидғаттан* қашық болу қажет. Ақырында *азимат* пен *сүннет* толық болғай еді". *Жахрийа* зікірін тәрк етті. Хазірет Әмір Кулалдың сұхбатынан іш тартып, кейін Хазірет Әмір Саййид Кулалға болмысы нұрланып, құпиясы белгілі болды. Хазірет Қожа Бузург Хазірет Саййид Кулалдың болмысына еш ілтипат етпеді. Хазірет Қожа Абд ал-Халық Ғиждуани әмір-ишаратарымен бұл мадақ көпке кетті.

[↑51ᵃ/51ᵇ↓] Саййид Мир Кулал өз жарандарына Хазірет Қожа Баха ад-динмен сұхбаттасуға тыйым қойды: "Баха ад-дин сиқыршы, *мазхабы* нашар" деп. Мүридтерден Шейх Әмір Хұсейн атты біреуге қысыммен айтты: "Баха ад-динмен сұхбаттаспа" — деп. Бұл Әмір Хұсейн етік сатушы еді. Бір күні Хазірет Қожа Баха ад-дин Шейх Әмір Хұсейнді көрмек үшін дүкеніне кіріп, есікті қатты жапты. Хазірет Қожа Бузургке айтты: "Пірім Хазірет Саййид Мир Кулал маған сізбен сұхбаттасуға тыйым қойған". Хазірет Қожа Баха ад-дин айтты: "Жеңіл бол да тысқары шық, не отырып сауда қыл". Әмір Хұсейн бір етік шығарып отырып сауда бастайды, нарқынан сөз қылады. Ақыры Хазірет Қожа Бузург сатып алды да, айтты: "Өтірікшілік сенен шығар, ойла, бір етікті осынша бағалайсың, ақырында сенің жұмысың не болғай" деп жүріп кетеді. Шейх Әмір Хұсейн тағатсыз болып, дүкенді тастап Хазірет Қожа Бузург артынан жүреді.

Хазірет Қожа Бузург сахабаларымен — Хазірет Қожа Йусуф, Қожа Мұхаммед Парсалармен[227] отырған еді. Таңғалдырып Шейх Әмір Хұсейн ессіз кіріп келді. Хазірет қуанышпен инаят қылды: "Ей, Әмір Хұсейн, сенің үшін имам *мужтахидтар* пәтуаларын жеткіздім. Пәтуаның мазмұны: [↑51ᵇ/52ᵃ↓] шейхтардың, *Алла олардың баршасына разы болғай*, сөзі бойынша, осы түрінде ақирет жолында

---

[227] Қожа Мухаммад ибн Мухаммад ибн Махмуд Шамс ад-дин ал-Хафизи ал-Бухари (1420 ж. өлген). Ол туралы қараңыз: *Муминов А. К., Jürgen Paul.* Мухаммад Парса // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 293–296.

түзу жолдағы бір пір-*мүршидке ирадат* (бергеннен) кейін және бір пір-*мүршидтің* ісін теріс қылу, шариғат пен тариқатта рұқсат етілген бе, етілмеген бе? Рұқсат, барша адамзат бір хүкімде, назар да бір, мақсат та бір".

Назым (парсы):

Мақсат біреу, Қағба бұл жолда,
Жүз дауыс [келер] келісімі жоқ дәруіштерден
Өзгені емес, оны көрмек ахуалында-дүр.

"Адамзатқа бір тағдыр, Алланың әуелгі толық *мүршидіне* таныстық қылса, екінші пірге қылған *инабаты* (бағыштауы) жалған. Бірінен теріс айналғаны, бәрінен теріс айналғаны, бірін қабылдағаны, бәрін қабылдағаны. Шейхтар тариқатты өз кітаптарында дәлелдеген. Тек Алла біледі!".

Бұны Мұхаммед ал-Хафизи Хазірет Мұхаммед Парса, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, хатқа жазып алды. Онан кейін Хазірет Қожа Баха ад-дин Нақшбандтан бұл хақиқат дариясын Хазірет Маулана Йақуб Чархидің қасиетті діліне кірді, одан бұл шипа дариясы Хазірет Қожа Убайдалла-қожам Ахрардың ділінде көрінді.

Назым (парсы):

Білер пақырлықтың дәрежесін
Қожа Убайдалла Ахрар.
Одан тарқар дүниеде шахтық *нисбаты*,
Дәруіштіктің жұлдызы — Убайдалла.

Имам Қожа-йи Ахрардың қасиетті ілімі, ықпалы кең таралды. Бұл санға қанағат қылмады. Хазірет Қожа Бузургтан және Шейх Әбу Бәкір Қаффал Шаши[228] руханиаттарына әулие Алладан көп медет жетті. Бұл құпия [↑52ᵃ/52ᵇ↓] дариясы ділінe жетті.

Хазірет Қожа Ахрардан бұл *нисбат* Хазірет Маулана Мұхаммед Қазыға нұр көрсетті. Одан Хазірет Махдум Ағзам Ахмади Қожағиға, *Алла оған рақым еткей*, өтті. Хазірет Махдум Ағзам-

---

[228] Мухаммад ибн Али, Абу Бакр ал-Каффал ал-Кабир аш-Шаши (904—976). Ол туралы қараңыз: *Прозоров С. М.* ал-Каффал // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 189—191.

нан бұл Алланың байлық (файз)[229] дариясы екіге айырылды: бірі — Мұхаммед Ислам Қожа Жуйбари діліне аманат бауының ұшы келді. Олардан бұл аманат Хазірет Ишан Калан Қожа Мұхаммед-Иминге тапсырылды. Одан оның қадірлі інісі Қожа Баха ад-динге берілді. Бұлардан нұр дидарлы Хазірет Калан Қожа Хашым Дахбидида нұр көрді. Одан бауыры Хазірет Ишан Қожа Ахмади-Мұхаммед-Йусуфта көрді. Одан сүйікті кәмелетке жеткен перзенті Қожа Афақта көрініс тапты.

Назым: Мен білмедім бұл *нисбат* қай қолға өткенін.

Және бір бұтақша Хазірет Махдум Ағзамнан Хазірет Мауланан Лутфалла Чустиге аманатқа берілді. Хазірет Мауланадан бұл аманат *нисбаты* Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәлиден нұр көріп, Хазірет Қожа Шади-әзізде нышан берді. Жан перзенті Хазірет Қожа Убайдаллада көрінді. Одан жан перзенті Хазірет Қожа Данийал-қожамда көрінді. Одан *сахиб камал* перзенті, яғни Хазірет Мауланa Йақуб [↑52[б]/53[а]↓] Жаһан-қожамда нұр орнықты. **Егер мен тіпті бір бармаққа жақындасам жанып кетемін.**

Мисра (парсы):

Көркем кіріспені еттім тамам,
Қаламым ұшы өткір болды.

Содан мәлім болды Хазірет Қожа Жаһан-қожам заманының Құтыбы, Хақтың жолдасы, куәлік дариясына шомған еді. Бірақ өзін аян қылмай салтанат пердесіне жасырынып, ғұламалар мен шайырлармен бірге жол көрсетер еді, ғафіл мен *захир* арасын білер еді. Мағына білгіш еді, рух құстары жұмақ әлемі кеңістігінде сауық қылып, ағаш арасында мекен қылған екен, ділі қасиет үйінің (харамхана) есігі, ол хақында Алла рақымы мен рахматы шексіз әсер қалдырар.

[Ахунд Шах Абд ал-Қадыр Муржидің Хазірет Қожа Жаһан-қожамды аянда көргені]

Нақыл қылынады: Йаркендтің бас мүфтиі діл [рухани] байланысы бар Ахунд Шах Абд ал-Қадыр Муржи айтады: "Бір мұбарак бақытты кеште — лайлат ал-Қадыр, лайлат ал-Бараа кешінде

---

[229] Файз — бұл жерде сопылық түсінік — рухани басшылық.

қасиеттілерден бір нышан-белгі келді. Түн ортасының бір жартысы өтіп еді, ол кісі дәрет алып, беті-қолын жуып, екі рәкағат намаз оқып, кешірім сұрап *тахажжутты* әлі бастамаған еді. Сол *халде* өзінен кетіп, уақиға көреді: бұл шаһардың төр жағынан бой көтерген бір биік ғимаратта ұлы тақты көреді. Қабырғаның жоғарғы тіреулеріне көзі түседі. Қайыр-дұға жасайды. Ғимараттың ұлы тағында нұрлар көрінеді, Күн мен Айдай бұл нұрдан періштелер әлемі пайда болды [↑53ᵃ/53⁶↓]. Бұл ұлы ғимарат ішінде жүз әлжуаз қиылып маған жол берді. Кіріп, бір бұрыштан көз тастадым. Шах өзіне дүние фәниде адам баласы қиялында да көрмеген алтыннан тақ құрыпты, лағыл мен гауһарлы қобдишадай етіп жасатыпты. Бұл тақта Бақытты [Пайғамбар] отырыпты. Жүз мың күндік аяққиімдерінен мускус иісі шығатын, садақасы тамшыға арзымас, бірі жасыл киімде, бірі қызыл киімде екі шахзада отырғанын көрді. Бұл Бузургтың жан-жағына төрт кіші тақ қойыпты. Төрт ұлы кісі отырыпты. Бұларды айнала сап түзеп сан жетпес ұлы жамағат отырыпты. Бұл тамашаны көріп, өзіне бір сәттен кейін ғана келіпті. Біреуден сұрайды: "Тақтағы кімдер, бұл жамағат кімдер?". Ол кісі айтты: "Ол ұлы тақтағы Хазірет Расул, *ғаләйһи-с-салам*, бұл кіші төрт тақтағы ұлы жарандары — халифалары. Қалғандары бақи жамағаты сахабалар бастаған үмбет әулиелері. Ол уақыттан бұл уақытқа дейін әлем Құтыбынан *хал* тауыпты, Құтыбтық мансабын анықтауға отырыпты".

Осы халде Хазірет Қожа Йақуб-қожамды екі кісі [↑53⁶/54ᵃ↓] бастап алып кірді. Хазірет Қожа Жаһан-қожам әдеппен жер сүйіп, сыпайылықпен сәлем берді. Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, жауап беріп: "Кел, ей, ділі жақын перзент". Пешенесінен сүйіп "сіздің дарыңыз бәрінен жоғары, бұл ұлы мансапқа сіз лайықтысыз" — деп, Құдай қалаулысының [Құтбийат] киімін кигізіпті, отырғызып, бәрі көтермеледі. "Қожа Жаһанның ескі киімін қызметшілерге беріңдер" — деп әмір етті. Сол сәтте жүгіріп бардым, киімдерді маған берді, кидім. Хазірет Қожа Жаһан-қожам арыз айтты: "Иә, Расул Алла! Бұл мансап өте үлкен мансап, бұл пенденің, кемтарлардың кемтары не қылғаймын?". Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, айтады: "Ей, перзент! Бұл Құдайдың сыйы, кімге сыйға берілсе, сол сағатта қабылдау мәртебесіне жетпек керек".

Назым (парсы):

Хақтың сыйын қабыл алу үшін дарын шарт емес,
Өйткені [Алла сыйын] берудің әділеттігі — дарын шарты.

"Қамықпаңыз, Хақ, *сүбхана уа тағала*, және біз барлық әлемде үмбеттер, аруақтар, тәрбиелеушіңіз, ісіңізді жеңілдетуге көмек етерміз, *Алла қаласа*!". Сол жағдайда өзіме келдім, көрдім Қыбла тарапынан кешірім тілеу оқып отырған екенмін, демім жұпарға толы болды, осы халде "бұл жақсы хабарды жеткізейін, мүбарак болдым" — деп, орда басына жүгірдім.

Сонымен [↑54ᵃ/54ᵇ↓] *тамаша етпек керек*: барлық дарбазаларды құлыптап, кілттерін ішіне алатын әдет бар еді. Бұл кісі тоғыз дарбазаны ашып кіреді, барлық шынжырлар бос тұрды, ешқайсысы бекем болмады. Оның кереметінен дарбазалар құлыптары ашылып кетті. Бұл кісі [тағдырға] мақұл келіпті, дарбаза бекітілмей қалыпты. Осы күйде кітапхана *құжыралары* алдына жетеді, шамы жанып тұрғанын көреді, бірақ есік ашық емес еді, "шақырылмаған кірмесін" деген, содан тоқтайды. Сол уақытта *құжыра* ішінен "Ахунд, келіңіз" деген дауыс шықты. Осы шақырумен *құжыраға* кірді. Шүкіршілігіне екі рәкағат намаз оқыды, дұға етті, дұғадан босанып, дауыс берді. Тағзым етіп мүбарак басын көтеріп Хазірет Қожа заман Құтыбы айтты: "Ей, Ахунд, мүбарак басыңызды не себептен кешіктірдіңіз, көрген мәжілісіңізді тез айтуыңыз керек еді" дейді. "Тақсыр, иә, әлемнің патшасы!" деп тілі күрмелді. Қожа ілтипатпен: "Ей, Ахунд, көрген оқиғаны баян етіңіз" деді. Мен пақыр айттым: "Тақсыр, Қожа Қасым-и Анвар айтады: *мисра* "Аян болған нәрсені баян етіп не қажет". Жаны жай табу үшін, уақиғаны баян еттім, бірақ өзіме ескі киімдерді бергенді дұрыс болмас деп, айтпадым. Қожа айтты: "Ей, Ахунд! [↑54ᵇ/55ᵃ↓] өзіңізге берген ескіні неге айтпадыңыз?". Тілім күрмеліп айтқаным: "Тақсыр мүбарак бойымызға қамқа тапшылық болғанынан хабардар екен, алып маған тастады, тағзыммен алып кидім, бұрыннан сенімім бар еді. Уәли ақиқатын мекен қылар едім, содан бар сенімім көрінді. Тәубемен, шын ниетіммен берілдім, көңілім нұрланды". Хазірет Қожа айтты: "Бұл құпия іс құпия қалсын, құпияны ашқанға мың қорғаныш жол бермес". *Мисра*: "Құдайға берілгендердің мәжілісте айтқан сөзі [басқа жерде] айтылмас". Мен бұл құпияны қожаммен өмірлік бай-

ланыс себепті ешкімге айтпадым. Әлем пердесі жабылғаннан кейін баян қылармын деп, қазір айтсам, барлық уақиғаны өзара хикаят қылып, жиіркеніште етер дедім.

[Әулиелер дәрежесі туралы]

Неше *мүршид, сахиб ділдер* Йаркенд шаһарына қадам басты. Ахунд жар-бауырлар шәкірттерге, перзенттерге "*ирадат* қылыңдар" деп, рұқсат берді. Бірақ өздері *ирадат* қылмай, сол ежелгі *ирадат-тарымен* әлемнен өтті. Абдалла ибн Масғұдтан, *Алла оған риза болғай, риуаят* қылыпты, [↑55ᵃ/55ᵇ↓] Хазірет Расул, *ғаләйһи-с-салам,* айтады: Хазірет Хақтың, *сүбхана уа тағала,* пенделерінің ішінен таңдаулы үш жүз пендесі бар, олардың ділдері Хазірет Адам, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас, және қырық тән пендесі бар, олардың ділі Хазірет Мұса, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас, және жеті тән пендесі бар, олардың ділі Хазірет Ибраһим, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас, және бес тән пендесі бар, олардың ділі Хазірет Жабраил, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас, және үш тән пендесі бар, олардың ділі Хазірет Микаил, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас. Және бір тән пендесі бар ең таңдаулы, оның ділі Хазірет Исрафил, *ғаләйһи-с-салам,* діліне ұқсас. Бір уақытта бір тән әлемнен *рихлат* қылды, үш тәннің бірін олардың орнына қойды. Үш тән опат тапты. Жеті тәннен алып олардың орнына қойылды. Осындай тәртіп болар. Жалпы тәртіп бойынша үш жүз ([мәтін шетінде]: тәнді — *ахйар* атайды, қырық тәнді — *абдал* атайды, және жеті тәнді — *абрар* атайды) жеті ықылымның *карбары* болуға сенім қылыпты. Үш тәнді *аутад* атар, олар үш тәнді *нуқабадан* алар, бір тәнді — *Құтыб ва ғаус* атар. Бұл жамағат бір-бірін таныр және әрбір істе бір-бірінің рұқсатына (ізн) мұқтаж еді.

Бар уақыт жаһан бұлардан бос болмас. Барлық жер-жаһанның ашылуы, жаһан адамзатын орынға қою мен алу, дарын беру, [↑55ᵇ/56ᵃ↓] көтермелеу мен төмендету бұлардан болар. Рухани хүкім бұларға берілген. Әр көтермелеу мен төмендету, әрбір іс бұлардан болар. Бұлардың әрқайсысы намаз оқығанды әр күн Қағбадағы Құтыбқа үлгі қылып отырар. Және әр күн ([мәтін шетінде] оның ісін Құтыбқа арыз етер, Құтыбтың рұқсатымен оның ісіне шешім берер. Төрт мың әулиелер бір-бірін танымас), бәлки өздерін

де танымас, бұлардың дәрежесі мынадай: **Пайғамбар, *ғалəйһи-с-салам,* айтады: оларға ризық береді, жауын жаудырады, бəлені жер бетінен кетіреді**, яғни бұл тайпа болмысы себебінен адамзатқа ризық берілер, аспаннан жауын жауар, жерден шөп өсер, жер бетінен опат қуылар және олардың болмысы берекетімен, тіпті бұл тайпаның хас болмысының берекетінен жер бетінде бұл ұлықтар болмаса адамзат бір мезетте жоқ болар.

Назым (түрки):

Бұлар бір жайда [Алла] нұрымен байланыста.
Егер жер үстінде айнадағыдай болмаса да,
Бұл адам әлеміне таралған [Оның сәулесі].

Бұл тариқаттың ұлықтарының біреуі айтыпты: Мен құпияны ашпақты көктен көрдім: "Уа-с-салам!" — дедім. Жауап сәлем берді. Сұрадым: "Сіздердің *нисбатыңыз* қандай?". Айтты: "біз сопымыз және біздің дәрежеміз жеті сатыда болар: *талибин, асаирин* (?), *саликин, сайирин, василин, тайирин*, [↑56ª/56⁶↓] ұлы мәртебесі Құтыб дүр. Ол бір, Құтыб, бірі Құтыб *ал-иршад* (Алланың тура жолы), оның ділі Хазірет Мұхаммед Расул Алланың діліне (сенім) ұқсас, оны Құтыб *ал-ишрати* дейді. Және бірі Құтыб *ал-абдал* дейді, бұлардың ділдері Хазірет Исрафил, *ғалəйһи-с-салам*, діліне ұқсас, оларды "Құтыб *мадар*" және "Құтыб *узлати*" дейді. Және *ишратиларда* бала-шағасы, мүлкі һəм дүниесі, жерлері бар. Бұлар халықтың, Хақ тағала Пайғамбарының, *ғалəйһи-с-салам*, болашақ халифасы еді. Бұларды ешкім танымас, бірақ Құдай тағала мәңгілікте сыйлық қылған кісілерге танытар. Пайғамбардың хадисінде: "Менің перде астындағы əулиелерімді Менен өзгелер танымас". Бұлардан жарқыраған Алла нұры болмаса.

Назым (парсы):

Уəли уəлиді таниды,
Мұстафа Əлиді таниды.

Сонымен жалғыздыққа бойсұнған əулиелер Əулийа *узлатилердің* қызметшісі орнында, əулие *ишратиларды* уəзірлер орнында депті. *Захирлері* жаратылуымен, *батиндері* Хақтан, себебі, ол айтар: толық *мүршидтікке* және *талиб* амалдарына дəлел. Кейбір əнбиелерге аян келіпті: Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, айтар: "Мен

дүние мен ақиретті бір кісіге берсем жарылқаушылық қылмаспын, жарылқаушылықты тек ол кісіге қылармын, оған өз достарымды көрсетіп, таныстырдым". Кейбір ұлылар айтыпты: "Аспанда екі Құтыб бар: Құтыб *Шимали* және Құтыб *Жануби*. Жерде де екі Құтыб бар: Құтыб *ал-абдал* және Құтыб *ал-иршад*. Әулие *уәлитилар* әрқашан да бар". Хазірет Пайғамбардың, *ғаләйһи-с-салам*, заманынан да [↑56⁶/57ᵃ↓] ілгеріден бар екен. Анхазіреттің шыққан уақытында Құтыб *ал-абдалдың* ұлылық заманы екен. Хазірет Рахманның бейнесі шықты. Ол болмыстан Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, айтыпты: Ақиқатты таптым, Рахманды сездім, көп ант етемін, бірінші қасиетті *абдал* — жемек, ішпек және алыс жайға бармақ, дәру қылмақ, намаз өтемек. Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, сүннетін орындамақ және қабылдамақ керек, әр жерде зиян болмас. Тек қана ауру болса міндетті емес. Сонымен Құтыбтары өз ғұмыры жайында Хазірет Қожа Қызыр, Қожа Илийас Құтыбпен сұхбаттас еді. Көпшілік Құтыбқа ізет қылар, намазда еске алар. Білмек керек, Хазірет Құтыб *ал-ақтаб уа ғаус ал-ахбаб*, Қожа Баха уд-дин Нақшбанд, *оның қабірі нұрланғай*, уәлиге белгілерін баян қылыпты, ол белгіні бұл бәйіттерде келтіріпті (парсы):

Нышаны болар Уәлидің тақтағы бұл бейнеде,
Жүзі шырайлы, ділі жұмсақ.
Екіншіден, мәжілісте не мағынада сөз қылса да
Баршаға өз құпиясын жасырып сөйлер.
Үшіншіден, ол Уәли әлемдегі ең таңдаулы,
Тек тура жолмен әрекет етер.

Яғни уәлидің үш нышаны болар, әуелгісі — ол қай уақытта бейнесіне қарасаң, әлбетте ділің аңдар, осындай заман оны дос тұт, екінші, ол бір мәжілісте мағынадан сөз қылса, көп сөзбен өзінен бейхабар қылар, көңілі бұл дүниеден суиды. Үшінші, ол Хақиқат Уәли адам әлемінен жоғарырақ [↑57ᵃ/57⁶↓] болар және ешбір ағзасынан кішкене [жағымсыз] әрекет келмес, барлық ағзасымен, барлық істерімен, сөздерімен [осы сипатқа] сәйкес болса, Мұстафа шариғатынан болар. Саййидзадалыққа неше белгі баян қылыпты.

[Имам Шафиғидің жиені Имам Тахауидің Имам Ағзам [Ханафи] мазхабына таратылым берген оқиғасы]

Атақты Имам [аш-Шафиғи] *хахаризадасы* (жиені) Хазірет Имам Тахауи[230], *Алланың рақметі болғай*, туралы айтады: ол (Имам Тахауи) Хазірет Имам Шафиғидің[231], *Алланың рақметі болғай*, апасының ұлы. Бірақ үмбет шырағы мен шариғат басшысы Хазірет Имам, *оның қабірі нұрланғай, мазхабтарын* таратыпты. Өйткені Имам Шафиғидың апасы босанған уақытында опат болады, бала ішінде қалған еді, тіршіліктен белгі береді. Имам Шафиғи *мазхабтарында* босанып жатып өлген әйелдің баласын алмақ үшін мүрде ішін жармақ дұрыс емес еді. Мәйітке азап қылудан қол тартар еді. Сонымен, Имам Ағзам [Ханафи], *Алланың рақметі болғай, мазхабы* тарапында ішін жармақтық уәжіп, дұрыс, мәйітке азап болса да, тіршілік белгісін берген әрбір адамды [құтқармақ] абзал. Өйткені, өлі жүз арыстаннан тірі бір тышқан артық деген. Әлқисса, Имам Ағзамның *мазхабтарына* апарып, мүрденің ішін жарып баланы алып, тәрбиелеумен шұғылданады. Бұл бала діндар болды. Имам Тахауи деп ат қойды. Ол уақыт Имам Шафиғи *мазхабтары* кең таралуда еді. Әсіресе, бұлардың жамағаттары арасында көп таралған еді. Хазірет Имам Тахауи айтады: "Мен ол *мазхабты* жек көремін, өйткені мендей [↑57⁶/58ᵃ↓] ердің қанына батпақ болған" дейді. Имам Шафиғи *мазхабын* тастап, Хазірет Имам Ағзам *мазхабына* ықтияр етіп және кең таралуына қызмет етеді және Ханафийа *мазхабының* сардары болды. Әр хадисін бұлар қабыл етіп, дұрыс хадисқа амал етті. Ол хадисті олар [шафиғилер] қабыл тұтпайды, ол хадиске амал тұтпақ дұрыс емес дер. Бұның сөздеріне Ханафийа *мазхабтары* араларындағы *муснад ва хужжат* дәлел. "Имам Тахауи" кітаптарында осы мәселені келтіріпті.

Әбу-л-Фазыл әл-Бұхари айтыпты: [↑58ᵃ/58⁶↓] "Расул, *галәйһи-с-салам*, әулеттерін істеген істерінен тануға бола ма?" деп *ал-имам ал-хумам* Фахр ал-а'иммадан сауал қылады. Имам жауабын айт-

---

[230] Ханафи фақихы, мысырлық. 933 ж. қайтыс болған.

[231] *Боголюбов А.* аш-Шафи'и // Ислам: Энциклопедический словарь. М.: Наука, 1991. С. 295.

ты: "Пайғамбар әулетінің белгі, нышаны бар. Біріншіден, хош мінезді болар, әр кез жарқын құлқынан жүзі тырыспас, екіншіден, өз құлқының айыптарын жасырар, үшіншіден, ашу-ызасын көрсетпес. Төртіншіден, халқының күнәларына кешірімді болар, кек талап қылмас. Бесіншіден *зина*, *лауат* қылмас". Содан Пайғамбар, *ғаләйһи-с-салам*, айтыпты: "Менің әулетімнен хайз болмас, онымен қоса жаманшылық қылмас". Әуелгі белгісінің дәлелі: **Шын мәнінде сен ұлы ахлақтың (мінез-құлықтың) иесісің**[232], яғни Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, Анхазіретке, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, қарап [↑58ᵇ/59ᵃ↓] айтты: "Шынында, ей Мұхаммед, сенің кемел хош мінезді әулетің жаман пиғылды болса Расул, *ғаләйһи-с-салам*, оның әдеп-нисбаты дұрыс емес. Ол кісіге барлық *мужтахидтер* бірігіп халық арасында айыбына жария беріңдер, яғни оның әулеттік *нисбаты* дұрыс емес. Кісіге ашу-ызалы болса оның да әулеттілігі дұрыс емес. Онан кейін кісіге *зина* мен қиянат жасаса оның *нисбаты* да дұрыс емес. Ғалымдардың келісімі бойынша жалған және ғайбат, өсек қылмақтық Расул, *ғаләйһи-с-салам*, әулеттері нәсіліне тән емес. Хазірет Имам айтады: Бұл мәселені білмектік Мұхаммед, *ғаләйһи-с-салам*, үмбетіне парыз, ләзім, міндет. Өйткені ақырзаманда көп халық "Пайғамбар әулетіненмін, мен саййидзадамын" деп, саййидзада дәрежесін [мақтан] қылар. Сол уақытта олардың бұл белгілері, нышандары бар болса қабыл болар. Олардың әулеттік және саййидзадалық, ұлы да жомарт құлықтылығы ләзім, қажетті. Әр уақытта бұл қажетті белгілер табылмаса қабыл етілмес. *Тазим*, акрамдар уәжіп емес, бірақ белгілі мысалы бар, әр кісіні тексергей. Сонымен бұл мәселенің шығуы ақырзаманда кеп болғай. Қазір халайық одан ғафіл болып, *ақиданы* кеш қылар, *тазим*, *акрамдарды* ұмытар.

Және "Мұхит"[233] деген кітапта келтіріпті: [↑59ᵃ/59ᵇ↓] яғни, саййидтік белгілер бірсыпыра, ол жинақтан бағзы саййид әр кез мейіл қылмас, заңды бұзып шариғатқа өзгертулер бермес, өйткені харам, заңсызға Алла тағала діні тыйым қылған. Кісіге мейіл қыл-

---

[232] Құран Кәрім, 68: 4.

[233] Бұрхан ад-дин ал-Кабир Махмұд ибн Ахмад әл-Бұхаридің (570/1174–75 жылдан соң қайтыс болған) "әл-Мұхит әл-Бұрхани фи-л-фиқх ан-ну'мани" кітабы.

са бұл екінің біріне, саййидтікке таласы бос. Заңсыздыққа мейіл қылмақтық толық пасықтық, (діни заңды бұзулық) күнә. Мұндайлар Расул, *ғаләйһи-с-салам*, әулеттерінен емес. Осы "Бала — әкенің сыры" хадистің дәлелі жасырын белгі-нышанында. Пайғамбар, *ғаләйһи-с-салам*, құпиялары кемел балиғатында. Және бір әулетіне Пайғамбар, *ғаләйһи-с-салам*, құпияларына толық келісім қылмапты, әулеттігіне шәк пен шүбә.

Назым (парсы):

Пайғамбардың ұрпағымын дейтіндерге
Сенбе, ол тіпті құдіретті болса да.

Енді мақсат жолына шықпақ керек, заңды қылмақ керек, бұл зікір қылған белгі-нышандар барлығы еш өзгеріссіз Хазірет Қожа Жаһан Маулана Йақуб әулеттеріне де дұрыс келеді. Сырттан да, ішінен де биліктері шүбәсіз "**Бала — әкенің сыры**" хадисі пайда болыпты.

[↑59^{б}/60^{а}↓] Сонымен ол — сөз гүлзарының бұлбұлы, мәжілістің өткір тілді басшысы, сөзуар, толық мағыналы шын ғұлама, ел арасына дін таратушы Ахунд Мир Абид ад-дин, *Алла оның қабірін жарық еткей*, нақыл қылар еді: Қашғарда Ханийа медресесінде азан уақыты толық *риазат* пен *мужахада* өзіме ләзім тұтып, ілім алуға бейіл болған едім. Бірде арабша, бірде парсыша, бірде түркіше *бәйіттер, назымдар* оқумен шұғылдандым. Сол бейбіт уақытта мақсатым Хазірет Қожа Жаһанның мақтау, мадақтауларын алып, құрмет пен қанағатта қызмет ету, көңілімнің таңнан ақшамға дейінгі намаз *уазифасындай* еді. Ақырында ол Құрметті ел аралау ниетіне (мені) көмекші қылды. Содан ұлы жолға шығып Йаркендке келдім, бірақ мұнда күмәнсіз ұлы мәртебелі *намазгах мутаваллидің* аяғын сүйіп, сөйлесуге шексіз (пиғылды) болған едім. Бірақ ол келгенімді бірден естіп: Қашғардан келген жарым *талиб ал-илм* келсін деп, шүкіршілікпен хабар етті. Мен пақыр қызметтеріне барып жер сүю әдетімен сүймекке мүмкіндік алдым. Маған өз дәрежемнен артық ілтипат етті және ілтипатпен сауал қылды: "Бізге не үшін келдіңіз?" Пақыр да кемтар пенде, айттым: "Тақсыр, иә, әлем патшасы, әлсіз құмырсқа Сүлеймен құзырына не *нисбат*, не сыйлық келтірер?". Хазірет Қожа айтады: "Құмырсқа, шегіртке аяғы қадіріндей сыйлық келтірсе деймін". Пақыр тілім байланып, қысылғаннан басымды төмен салдым. Мен білмеген екенмін, шайырлардан

бір-екі *ғазал* келтірмек керек екен. Уақыт ғұламалары мен заман шайырлары [↑60ᵃ/60ᵇ↓] бірге отыр екен. Хазірет Қожа Камалдың осы бәйіті есіме түсті.

Назым (парсы):

Тақуалық ілімі адамнан адамға өтеді.
Дұғаның мағынасы басқа,
Мард (ер) мағынасы басқа,
Майдан мағынасы басқа.

Хазірет Қожа Жаңан айтты: "Ей ғұламалар, бұл бәйітке мағына бергейсіздер". Барлығы мағына ада қылды. *Илм-и тақуа* дегеніміз дүниеден баз кешу (захид), қанағатшылдық, барлығы қосылып дұға болады, бұл мағынасыз, "*Мард* мағынасы басқа" жолының мағынасы өзге, майдан өзге. Бірақ Қожа бұл мағынамен келіспей, қарсы шықты: "*мард* мағынасы майдан мағынасында болса керек, *мард* майданда болар, ол *мард* емес, *мард* мағынасы майданнан бөлек емес". Барлық ғұламалар үнсіз қалды.

Хазірет Қожа Камалдың неше диуандарын іздеп көрді, осы тариқалық екен. Таңертең барлығына келсін деп хабар жіберді. Бәрі жиналып барды, мол ас дайындатқан екен, сауабын Хазірет Қожа Камалдың жеңімпаз рухына бағыштап, жоғарыдағы *бәйітті* оқыды. Барлығы "Салламна уа саддақна!" дейді, мағынада еш өзгеріс жоқ, сіздерге ләзім келмеді. Қайталау таппады. Толық мағынасы: "Әр жерде *тақуалық* ілімі мағынадан айырылып, таза екіжүзділік болған, керісінше, қай жерде де мағына таза болуы қажет, екіжүзділік пен дұғашылдық сонда жол таппас". Барлығына мәлім болды: ел арасында бұл *бәйіт* қате болып қалған екен. Хазірет Қожа Камалдың шариф рухы келіп, мағынаның негізінен хабар беріпті.

Ол мәжіліс ішінде әр тараптан сөз қозғалды. Ақырында Хазірет Қожам сауал айтты: "Қазір не себептен бұл уақыттың ғұламалары арасында талас-тартыс күшті, бұрыннан осылай ма екен? [↑60ᵇ/61ᵃ↓] Әлде бұл уақыт сондай ма?". Тұрақтылық, мықтылық иесі, шариғат айтушы, дана Ахунд Қажы Абдалла-ахунд айтады: "О тақсыр, иә, замана әлем патшасы, ақирет болар, қияметтің белгісі күннен-күнге айқын болады, діншілдердің Исламға имандары әлсіз, нашар. Сондықтан бір-бірлері хақында ғайбат, арыз, тартыс, талас болады. Тек бұрынғы өткендер мұндай емес екен" деп хикаят бастады.

[Исламдағы өзара татулық туралы: Ахунд Зихни мен Ахунд Иса[234]]

Абдалла хан, *Алла оның қабірін жарық еткей*, уақытында Йаркенд шаһарында Ахунд Зихни мен Ахунд Иса атты екі кітаби ғалымдар өмір сүріпті. Әрбірі дінде жеке екі әлемде екен, бірақ әр кез бұл екеуінің арасында зәредей бөлінушілік, жаушылық, қатер, ғайбат, араздық болмапты. Хан да менің уақытымда, менің мемлекетімде мұндай ұлы мәртебелілер тұрыпты деп әрқашан Хаққа, *сүбхана уа тағала*, мадақтаулар келтіріпті.

Күндердің бір күнінде хан бұларды тексермек үшін екеуін аңға алып шығады, бір орайда хан Ахунд Зихниге қатарласып былай дейді: "Сіздің мінген атыңыз семіз, сұлу, жүрісі жақсы, ыңғайға жүрер екен. Ахунд Исаның мінгені қырсық, асау, бағасыз, қорқақ аттың тұқымы екен. Әрбіріңнің аттарың өз табиғаттарыңа сәйкес келіп тұр, неге бұлай?" дейді.

Ахунд Зихни шүкіршілік қылып, жауабын айтты: "О, Тақсыр, әлем патшасы! [↑61ᵃ/61ᵇ↓] Уақиғаның негізі — ол, Ахунд Иса, осындай берекетті болмысымен (зат), Алла назары түскен қасиетті табиғатымен, нұрлы сенім сезімдерімен, саф *батинімен* зұлмат, *бидғат* пен *залалат* әлемін байланыстырыпты. Әр кісі оның *назарына* лайықты болса, дүние мен ақирет тыныштығы оның несібесі болар еді. Ал әлдебір кісіге қарғыс *назар* қылса, оны екі жаһан қасіреті айналдырып, мойнына ауыртпалық түсер еді. Осы себепті мінген аты кемел және қауіпсіз, "әдепсіздікпен, дөрекілікпен қадам бассам бұл лағынет ауырлығы, екі жаһан қасіреті мен бақытсыздық қамыты менің мойныма түсер" деп, иба әдеппен қадам қояр еді. Міне осы екі жаһанда менің арқамда осындай мақтаулы сипаттағы берекетті жан отыр деп, оның аты мақтаншақтықпен қадам басады.

[Керісінше] мен пақыр мінген ат өзін менсінбеушіліктен қорланады, менің арқамда осынша ауыр мехнатзада, пәлекет отыр деп. Кенет бұл ғафіл асының сұмдық күнәсінен маған да өтіп, азап пен қасірет мойныма алармын деген қысылыстан жүгенсіздік қылады. Мен бұл сұмдықтан құтылайын деп асаулық қылады.

---

[234] О. Ф. Акимушкин бұл кісілердің атын Захани және Йаси деп оқыған, қараңыз: *Чурас*. Хроника. С. 249.

Хан бұл жауапты естіп, "Салламна уа саддақна!" дейді. Сәлден кейін хан Ахунд Исамен қатарласып, осы сауалды Ахунд Исадан да сұрады. Ахунд қызылтілділікпен жауап қайтарды: "Ахунд Зихни сондай [қасиетті] зат, [↑61[б]/62[а]↓] ұлылар берекеті, оған Алла мейірімі және әулие рахматы шексіз. Наиб-Пайғамбар болып адамзат әлемінде шариғат үкімін орындайды. Жақсы істерге әмір қылып және шариғат тыйым салған пиғылға тыйым қылады. Құдай сипатты, періште бейнелі орынға жетіп, Алла жеткізген мәртебесінде отыр. [Қасиеттілердің] мұрагері, жер-жаһаннан жүз мың *бажхараж* оның садақасы және құрбандығы. [Атының] мүбарак сұлулығы мен жүйріктігінен [оған] зәредей тыныштық жеткей! Осы себептен, мінген аты "маған бұл қиял мен арманда менің арқамда мұндай ұлы зат, мәртебелі әулие [кісі] отырса, мендей жүйрікті қамшыласа, аспан сәйгүлігі — *пырақтай* жер бетіне аяқ қоярмын ба" деп сүйінішпен мақтанып, жүйріктік қылады.

Содан бұл асы (өзін айтып тұр) пенде мінген ат "осынша шайтан нәпсілі, кемсін, кемтарды мінгізіп ауыр күнә көтеріп жүрмін. Тіпті тұра алмағаймын, қандай бір сұмдыққа душар болмағай едім" деп ділсіздіктен, амалсыздықтан осынша мұң мен бейжайлық қылады.

Хан бұл түрлі сенімді жауапты, [осындай татулықты] естіп, көріп, бұл екі ахундтың сенімдері мен ынсаптарын қолдап, көтермелеп, ырза болып, бұл екеуін басынан аяғына дейін киіндіріп, асыл тұқымды арғымақ ат сыйлап, патшалық сый береді. Шүкіршілігіне олар екі рәкағат *шүкр-и узу* (дәрет шүкірі) етеді.

Қажы Абдалла-ахунд бұл нақылды тамам қылғаннан кейін Хазірет Қожа Жаһан [↑62[а]/62[б]↓] қожам бұл ахундқа бастан-аяқ патшалық сый беріп, жақсылық жасады.

[Мир Абид ад-диннің әңгімесі]

Ахунд Мир Абид ад-дин және айтады: бірнеше *газал* шығарып едім, оның [Қожа Жаһан] құзырына алып келдім, оған ұнады. Маған өзі салдырған медреседе аспапхана мен *құжыра* беріп, құрметтеп, қадірлеп, басымнан сый кетпеді. Уақыт өте [жағдайым] ауыр болды, [басқалардан] ұсақтық пен қызғаныш жүз көрсетті.

Тіпті пенделерге [Қожа Жаһанның] ілтипаты мен қамқоры көп еді. Әр аптада — дүйсенбі, сәрсенбі күндері медресеге келер

еді. Жарандарға сый әкеліп, дәріс айтып кетер еді. Пақырларға және жарандарға бірсыпыра қамқоршылық жасап, дәріс үстінде түзетулер айтып, тура жолға салып, бізді танып, [ахуалымызды] аңдайтын. Қожадан [қажылыққа] рұқсат-нама тілеп, шын ниетімді көрсеттім. Басына ауыр [ойлар] салып (*мұрақибаға* шомып), [жолымды] байқап отырды. Бір сәттен кейін басын көтеріп айтты: "Ей досым, мен сізді қажылық етушілер арасында, осыншама іздеп қарадым, таба алмадым, мәлім болды, сізге қажыға несібе болмай тұр". Мен пақыр үмітсіз болдым. Бірақ бұл үмітсіздіктен сенімді шешім таппадым.

Хазірет Қожа Жаһан-қожамның Хазірет Қожа Сыддық-қожам атты сүйікті нұр дидарлы, қадірлі перзенті [↑62⁶/63ᵃ↓] бар еді. Бойы мен түрі күнмен таласар, мінезі хош, Мұхаммед [Пайғамбардың] құлқы одан белгі берер еді, түсінігі Афлатун мен Аристотель, шәкірт болса да атақ-даңқы белгілі, биязы мінезді, дұрыс ниетті еді. Егер бұрын айтылмаған ерекше жаңа мықты ұғым ұшырасса, көп ойланбай шынайы мағынасының бетін ашар еді, болмысы жомарт Хатымдай. Әділеттілікте Нуширван мен Бахрам — екі жігіт [оның] қызметшісі еді. Бірнеше қиын сөз шықса "бұл Сыддықтың құдіретінде" деп, көздерін үйдің төбесіне тігер еді. Оның әділ шешімі, [айтқан] сөзі таралып кетер еді. Сол уақытта "Ақаид" оқиды екен. Жасы 18-де, хадисті жаттап, ғылымда толық кемеліне жеткен еді. Тәлім алушылардың дәрежесінен жоғары еді, шайыр (жыр) түсінуде де осындай еді. Өзге жарандар бәйітті жадқа алғанша, бұл мазмұнына түсіндірме берер еді. Сондай-ақ ақын да еді, *назым* шығарарда екі-үш бөлімді бірден жазар еді. Барлық жарандар мұндай таланты мен ынтасына мадақтар мен мақтаулар айтар еді. Егер толық келісім болмаса Насыр Али Шаукат Бидил сөздерінен[235] *илхамнан* бәйіт келтірер еді. Бәлки бұлардың жинақтары (диуан) алдында өзгелердің жинақтары [↑63ᵃ/63⁶↓] ескіріп, қолданыстан шыққан екен деген күмән да бар еді. Ол уақыттың тәлім алушыларының тамам қорек, киімдерінің қаржы-қаражаты

---

[235] Бедил, Жалал ад-дин Руми, Саʻди Ширази, Машраб, т. б. сопылық поэтикалық шығармаларды оқып, талқылау Маснави-хᵃани деп аталған. Ол туралы оқыңыз: *Бабаджанов Б. М.* Маснави-хᵃани // Ислам на территории бывшей Российской империи. Т. I. С. 261.

бұлардың еңбегі еді. Ахунд Молла Мир Абид ад-дин айтады: "Бұл аталмыш Хазірет Қожа Сыддықтың көмегімен қажыға рұқсат алып, ұлағатты жолды орындап сапарға аттандым. Бірнеше күн жол жүргеннен кейін, тауға қар түсіп, жолдар жабылып, барлық керуен кейін қайтты. Ылажсыз [мен] бейшара қайтып, жүз мың қынжылысқа қалып, жолда келер едім. Хазірет Қожа одан осы *газалды* айтып жіберіпті (парсы):

Қуаты бар кісілердің ой күшінің нәтижесін,
Тағаты бар кісілердің пәктігін тек адыраспан білер.
Отанынан безген бұл таңғажайып адамдардың
Ғаламат дауылы Шахсаваран тауын күл қылды.
Жаулары қуаныштан ессіз болып тойлауда
Ораза тұтпайтындардың *рандлар* туралы түсінігі жоқ.
Мәй ішкіштердің арасында ессіз болдым,
Кереметтермен *мәй* көтеріп, өзімнен кетіп,
Қанағат етегіне өз сабырымды Аршыға еш қоймадым
Бос үмітпен қарама ықтиярсыз үмбетке.

Содан осы *газалды* естіп жыладым, бірсыпыра азап пен қамығушылық, көңілсіздік кешірдім. Ақырында жүз жалбарынышпен келіп кездесіп, сөйлестім, *газалға* жауап етті. Мен пақыр-пенде арыз еттім. Тақсыр Хазірет Қожа Насыр Әлиден [келтіріп] жауап айтқан [↑63^{б}/64^{а}↓] екен:

Назым (парсы):

Бір надан үйінде жалғыз отыра алмас,
Керемет сел тасығанда, аты одан қорықса.

Сонымен бұл сауал-жауаппен әр нәрседен хикаят қылған мәжіліс тамам болады. Осы *газалда* өзінің әулиелеріне, кемел жарандарына ишарат қылған екен: "Жастық, надандық болмыстан [ғұмырымызды] зая өткізіппіз" деп өкініш қылар еді.

[Хазірет Қожа Жаһан-қожамның болашақты болжауы]

Және нақыл қылады: [Бірде] Хазірет Қожа Жаһан-қожам бірнеше күн өкпе, өкінішпен ешкімге кездеспеді. Бала-шағасы шарасын таба алмады, уақиғаның себебі не екенін ешкім білмеді. Ақырын-

да бір күні: "Бала-шаға, *мүрид-мұхлис*, туыстар жиналсын" деп әмір қылды. Содан бұлардың барлығы жиналды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл жиналғандардың құзырына мүбарак көздерінен жасын тамшылатып, ағызып бастады. Барлығы бұған таңырқап, аң-таң болды. Еш кісі жылаудың себебін сұрай алмады. Біраздан кейін өзі бар лебізімен дүрр шашып, баян етті: "Ей, ел-әулетім, зерек те дана болыңдар. Машриқ тарапынан бір тобыр шығып келер. Бұл шаһарларды соғыс салып, қол астына алар. Ол уақытта біздің басымызға әртүрлі жағдайлар түсер. Жеңіс есігі ол тарапқа ашылар, ол жағдайда [↑64ᵃ/64ᵇ↓] бәрімізді тұтқындар, атаны ұлдан, ананы қыздан айырып, кейбірімізді қойдай бауыздар, кейбірімізді оқпен [атып], кейбірімізді отқа күйдірер, кейбірімізді рәсіммен бауыздап, кейбірімізді кесекпен шейіттік дәрежесіне жеткізер. Ол уақытта біздан, не бала-шағадан, не *мүрид-мұхлистен* саламатта [кім] қалары белгісіз. Енді келіңдер, ей перзенттер, өз өлімімізге өзіміз қасірет тұтайық, өз халімізге [өлімімізге] өзіміз жылалық. Ол уақытта қазамызға қайғыратын, жоқтап-жылайтын кісі табылмас.

Бәйіт (түрки):

Әзір бол, ей көңіл, жанға бәлелер келді,
Жүзі қатал, істері төзім бермес жапа әкелді.
Қай кісі халіңізге жылар, кім қайғы тұтар,
Өз қайғыңды тұт, жылағыл, айдаһарлар келгенше.

Ұлы бабаларымыз Хазірет Имам Хасан мен Хазірет Имам Хүсейннің, *Алла оларға разы болғай*, сүннеттерін орындағаймыз. Әйтпесе Кербала[236] жерінде оларға келгеннен жүз есе мүшкіл хал келіп, даламыз пәлеге толар. Аспан мен жер біздің күйімізге жылар, жер-көк періштелері біздің өлімімізді аза тұтқай. Біздің хақымызда қиямет болғай. Бізді дос тұтқандарға соншама өкініш келер, бір-біріне сенім ете алмас. Бұл өлкеге аштық пен [↑64ᵇ/65ᵃ↓] құлдырау болар, адам адамның өлігін жер, көшелерде тас кесек орнында адамдар сүйегі төселер. Сол уақытта Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, әмір-пәрменімен машриқ басынан, кәпір елінен көп

---

[236] Кербала — Ирақта, Бағдадтан 102 км оңтүстік-батыста орналасқан қала.

әскер келіп, бұлар әуелгі [келген] топқа көмек беріп, жаман ниетте болар. Біздерге қылғандарынан жүз есе пұшайман болармыз. Таудан тау, даладан дала өтіп біздерге келгеннен кейін, қаталдық жасап, *шаһадат* дәрежесіне аттандырар" деді.

Назым (парсы):

Тәжірибе алдым осы құрметті сарайдан,
Өлім дерті күннен-күнге күшейді.

Одан кейін Хазірет Жаһан-қожам бір парақ қағаз алып Хазірет Сыддық-қожамға берді де: "Ей бауырым, оқыңыз, қалған мазмұны мұнда жазылған" деді. Хазірет Қожа Сыддық-қожам қағазды ашып көрді, зікір қылған мазмұнда тоғыз бөлек *мусамман* жазыпты. Әсерлі сөздерден жан күйіп, ділі пәре-пәре болды. Хазірет Қожа Сыддық-қожам тағатсызданды. Жылап бұл *мусаммандарды* оқыды. Содан барлық сүйікті тыңдаушылар бұл оқиғаны естіп зар жылады, тіпті жауын бұлты жылады, қатты қайғырды, бір-бірлерін құшып, аһ ұрып, Алла хүкімінен тілдерінде *вирд* қылды.

Арши (Хазірет Жаһан-қожамның лақаб аты) ғазалы (түрки):

Істеді ақыры қысымшыл аспан, ей көңіл
Бауырымызды күйдіріп ой-пікір, ей көңіл
Өмірде болашақ енді бізге, ей көңіл
Үкім қылды бізге кіріптар болуға, ей көңіл
Уәли істері келер біздің басымызға көп, ей көңіл
[↑65ᵃ/65ᵇ↓] Не асығыс, аһ ұрғандар қылсақ көрініс, ей көңіл
Уәли қайда енді, ғам түскендерге қамқор, ей көңіл
Болғаймыз бір қызыл тілді заршы, ей көңіл.

Ол дертті халдың ішінде маған аһ ұрған болды нәсіп.
Тіпті ұшқан құс ішінде қысым көрді бұлбұл.
Арыз үшін емес, бұл дертті білмес тәуіп
Қуарып, денесі солып нала жасы аққаннан
Тағдырымның ақырын осылай білдім, аңғарып.
Неге бұл мехнатқа ұрындым, ғам мен азап
Өздігіңді тастап өзіңнен бол хабардар, ей
Неше әлем даналарына бар еді ілтипатым.

Көзді жұмып, ашқанша айырылар, ашып тұр жаным
Ол таб (күн) болса, пырақ болса күйдірер *фирқатым*
Аңдағай әлсіз бұл ниетте шыдамым

Бұл әлемде түрмаққа қалмады күшім, тағатым
Құпия иесін қайдан іздеп, таптың, ей көңіл
Ақыры бір күн ажал етегіне түсер жанымыз
Ел аралаған бейшара, әлсізді қоймас дәрменіміз
Датымызды айтарға қалмас мүмкіндігіміз.

Таппай басқалардан хат-қайғымызды
Басымызға сая болғай иманымыз.
Қанымыз төгілген жер жүзінен нала-зар жетер
Барша жар, сенімділер, көп екен арманымыз.
Қанымызды ішкен бірнеше қанішер, ей көңіл,
Уәде етіп арамза: бұл сенің дәуіріңнің ақыры
Қайда барар адам, үш дәуренге өткізер
Дана, туыс, ел "қайда шыдамдылық белгісі?", көрсет.

Жүз мың дерт, пәле мен қиындық басыңа түсер,
Бұл ғам аспаны жанды, ділді күйдірер,
Құпия неше түрлі жасырын іс көңілді күйдірер [↑65⁶/66ᵃ↓],
Жүз нәубет, кемтар [бізді] өлтірер, белгімізді жоқ қылар.
Бұл істерге сен кіріптар болдың, ей көңіл,
Келер машриқ басынан бізді іздеп неше аяр
Бізді іздеп мың мүсәпір-ғаріп ішінен
Серт байлап, бізді бекемдеп ұстар.

Рақымсыздық пен зарлы іс істер көп күн,
Рүстемдей қысымшыл, қанішерге тәуелді болармыз,
Қанымызды төкпей жаны жай таппас.
Барлығымыз өліп, қанішерлерге Ор шаһарынан қарар жеткей.
Негізі ол тарапта жоқ еді, ей көңіл
Не болармыз, ей кіріптар-көңіл, туымызды алғасын,
Мехнатқа толы, жарақат, нәубет болғасын,
Ажырап бұл Жаркенттен[237] неше қам болғасын.

Не керек ақыр жан-жағымдағы кісілерден айырылғасын,
Жан жарым, Таңдаулы, Қасиеттілер дәргаһынан айырылғасын,
Құрметті, қадірменділерден айырылғасын,
Болмасын Хақтан нәубет, бұл талабым, ей көңіл
Не боласың, бұл фәни жаһаны ішінде зар жыларсың.
Әзірше ту тіккен (жеңісті) көңілің ойла, ыдысыңнан

---

[237] Йаркенд атынан өзгеше бұл жерде қала аты Жаркент түрінде берілген.

Өлім дәмі келер, әркез тәуелділік көңіліңе хош келмесе,
Құдіретті [біз] пақырды баршадан пақыр еткен емес.

Баршаға ықтияр беріп, [Өзіне] хош ел қылыпты,
Пақырға Перде Иесі (Алла) пердесі ішіндегіні ашық еткен.
Кімге бұл бақыт шапағы, кімге болды бақыт жар?
Сабыр қыл көп [ақиқатты] тапқанша, ей көңіл.
Ғашықтар елі енді не мағына жырламақ,
Тілшілік қылма, дерттің әрпін айтар ұзын.
Хандық ісінен оттық алып [сөйле], паш болсын ол күн,
Ғашық, отты көңілден мұнша өрледі түтін.

Мұнша сарылмақ не, қолында ғам, күйе қойны,
[↑66ᵃ/66ᵇ↓] Әуелі ол жердегі әлемнен болғай еді жасырыну.
Неше ел соңымыздан келер сұрап, қалап, бар ма аймақта орын,
Үй ішіндегі әркез паш болмас па түтін,
Қылдың ақыр Аршидың[238] дертін азхар, ей көңіл.

Сонымен бұл *мусамманды* тамам қылғаннан кейін жылап-сықтап, у-шу болды. Бұл жиынның қасіретті ойлары аспан күмбезі астына толып, қиямет болды. Осылайша біраз уақыт өтті. Онан соң Құран *тилаватын*, дұға мен *тәкбір* оқып Хазрат Қожа Жаһан-қожам бұл жиынға басу, насихат айтып "*тасалли-нама*" оқыды: Ей әулетім, елім, өтініш айтам, бұл хабардан сіздерге *башарат* пен *шаһадат* дәрежесі, ұлы мансап дәрежесі (рутба-и ʻазим) жетіп тұр. Құдай тағдырымен әркім Хазірет Хаққа, *сұбхана уа тағала*, сенім еткен болса, бағзы болмыста әнбиелерден де жоғары, өйткені кейбір шахидтер хақында айат мәтіні түсіріліпті, яғни Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, айтыпты: **"Ей, халайық, [күпірлік] етпеңдер, кісі Құдайдың жолында өлтірілсе, өлік деменңдер, керісінше ол кісілер Құдайдың жанына кетті. Бірақ сіздерге білу міндетті емес"**.

[↑66ᵇ/67ᵃ↓] Хасан Басриден[239] *риуаят* қылыпты: "Шынында шахидтер көп еді, Құдайдың жанында арыз қылар, ризықтарын оларға берер еді. *Шахид* аруақтарға рақат, ырзалықты соншама көп көрсетер еді. Тозақ отыны Перғауын көмекшілері, аруақ кәпірлерге дерт әлемі оларға арыз қылар. Және де *риуаят* қылыпты: *ша-*

---

[238] Қожа Жаһан-қожам.

[239] Ал-Хасан ал-Басри (21–110/642–728). Ол туралы қараңыз: *Кныш А. Д.* Мусульманский мистицизм. С. 16–19.

хидтердің аруағы жасыл құс бейнесінде орман ағашында отырып, жаннат нығметін жейді, жырлап ұшады, қалаған жерлеріне барады. Бұл сипаттар [басқа] аруақтарда болмайды. Хазірет Расул, *ғаләйһи-с-салам*, айтыпты: "Шапағат қылынар әулие мен әнбиеге, *ғаләйһи-с-салам*, одан ғұламаларға, одан *шахидтерге*, тіпті [олардың] қатын-әйелдерінен өлгендерге Хақ, *сүбхана уа тағала*, жан сыйлайды. Жаннаттың есігінде сая етіп тұрар және: "Жаннатқа кіріңдер" дер. Олар: "біздің ата-анамыз кірмегенше, кірмейміз" дер. Әлбетте, *шахидтердің* өзінің шапағат қылармлық қадірі бар, [↑67ᵃ/67ᵇ↓] [төгілген] қаны сонша түрлі күнәкарларға кешірім (каффарат) әкелер".

Шахидтер жөнінде аят пен хадистер көп, егер баян етсем ұзақ сөзге айналады. Қысқартсам, әуелі Хазірет Қожа Жаһан-қожам *шахадат* дәрежесінен баян еткеннен кейін айтқан ойы: "Ей перзенттерім, өздеріңді мықты ұстағайсыңдар, сіздер адам баласы, берекe мирасынансыңдар. Бұған еш айла болмас, яғни Мұхаммед Пайғамбар шынында айтқан "өлмектен қашпаңдар, бұл өлім шынында [Алламен] кездесу. Барлық нәпсісі әлсіз кісілер [Алла] хүкімімен өлген, әрбір кісі ажал ыдысынан ауыз тиер, [құтыларға] шарасы болмас".

Назым (парсы):

Әлем — ыдыс, аспан — шарап құюшы, өлім — шарап,
Халық ішкен тамшылатып бұл шараптан.
Бұл ыдыстан, бұл шарап құюшыдан, бұл шараптан,
Ешкімге де құтылу бұйырмаған[240].

"Бұл дүние — мүминдердің зынданы, кәпірлердің — бақшасы", бұл дүние тіпті Пайғамбарларға ешқашан опа қылған емес, егер опа қылса, саййидтік пен шахзадалықтың шуақты күндері — Хазірет Имам Хасан мен Имам Хүсейнге, *оларға Алланың рақметі болғай*, опа қылар еді. Оларға келген мехнат пен машақат ешкімге келмегей. Ол мәжіліс шамы, күн рисаласы, мәңгілік аспаны Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, құзырларында [↑67ᵇ/68ᵃ↓] болған кісілер, [нәубетті] көріп-біліп тұрып Йезидке жолдастық етіп, Хазірет Имамдарға қол ұшын бермеді. Содан екі жаһан қожасының нұр көргендеріне осындай жапа тигізгенде, өзгелерге қандай нәубет қылғай. Әр кісі бұл оқиғаны жадында тұтса

[240] Баба Тахир ʻАрийан. Парсы тілінде.

бұл алдамшы дүние, көңілі қара жау-жапашыдан әр кез бос болмас. Қанша сақтық етсең де Алла тағдырынан қаша алмассың. Болар оқиға болмай қоймас. **Парақты жаптым, қаламымның қадамын аяқтадым**, яғни жазылған хатты түгел оқып, естігендердің көңілі қасіретке толды. Қалам қадамының сиясы құрғады".

Бәйіт (парсы):

Тағдырдың түйінін шешу мүмкін емес,
Бірақ, әркімде де өткір тырнақ бар, дайын болсын.
Алланың берген тағдырын білімсіздің шешімімен бұзба,
Жазмыштың хаты әуелден пешенеңе жазылған.

Әзірше бұл құпияның құпиясы, осыны *халдің* арқасында сіздерге баян еттім. Енді сіздер бейкүнәлардан [балалардан] құпия еткейсіңдер, тіпті дұшпандар білмесін" деп, өсиет-насихатын тамам етті. Бұл өсиетті жадына алғанша хабар бірден-бірге жетті. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның *тариф* пен *таусифтарына* жеткен қиссалары дұрыс келер, *Алла қаласа*!

[Хазірет Қожа Хамуш туралы аңыз-тарих]

Содан Хазірет Қожа Хамуш-қожам көп кемел, ақын әрі ибадатқа шомған діндар кісі еді, әркез *захирі* мен *батині* бөлек болмас еді. Шариғат хүкімін бас тұтып, сүннет пен [↑68ᵃ/68ᵇ↓] дәстүрді күш тұтып, ұлы *тақуалық* жолды ұстап, рұқсатты пәтуадан тілеп, сұрап, Құран *тилаватын* оқып, кітаппен күн кешірер еді. Есімінің әсілі Хазірет Қожа Низам ад-дин Хамуштың *зухурынан* еді. Осы болмыстан Хазірет Қожа Хамуш лақабын иемденді. Хазірет Мауланадан Хазірет Қожа-қожам хақында көп тәрбие мен көмек бар еді. Хазірет Маулана Низам ад-дин ол уақытта "пана іздеуде" еді. Хазірет Маулана, *Алла оған рақымды болсын*, кемел, толық пәтуа иесі, *тасаввуф* иесі еді. Содан "Нафахатта"[241] және "Рашахатта"[242] нақыл қылыпты. Хазірет Убайдалла Ахрар, *оның*

---

[241] 'Абд ар-Рахман Жамидің (817–898/1414–1492) "Нафахат ал-унс мин хадарат ал-құдс" шығармасы.

[242] 'Али Сафи ал-Кашифидің (939/1532–33 ж. қайтыс болған) "Рашахат 'айн ал-хайат" шығармасы.

қабірі нұрланғай, Хазірет Маулана Низам ад-дин Хамуштан, *оның қабірі нұрланғай*, естіп айтады: Қожа Исам ад-дин атты самарқандтық *шейх ул-ислам* бар еді, ықыласы мен махаббат, *ирадаты* көп еді. Ауру болыпты, содан ажалы жақындапты. Оның перзенттері мен туыстары маған көп өтініш пен қорғаныш сұрап (илтижа) келді. Мен төсек басында онымен шұғылдандым, "лавх-и махфуздан" хабар алып көрдім, оның өмірі тамам болыпты, дүние мен өмірден үміті жоқ, қайырсыз уақиға болды. Оны өз кепілдігім мен рухымның күшімен [тіршілікке] толтырдым, осыдан *шейх ул-исламға* тіршілік бет бұрып, он екі жыл өмір сүрді.

Содан Хазірет Маулана Низам ад-дин [↑68⁶/69ᵃ↓] ұлдары туралы кейбір арызшы-*мункирлер*: "дұға оқыды және дию-жын шақырып бағзы ұлылардың әйел гареміне махаббат-ашналық қылды" деп өсек қылды. Ол заман Самарқанд хакімі Мырза Ұлықбек[243] еді, оның құлағына жетті. Ол қорланып Хазірет Мауланаңың перзенттерін кемсітіп қорламаққа ұйғарды. Маулана перзенттері [бұл істі алдын ала] болжап біліп, қашып, пана тұтты. Хазірет Маулана қатты қысылды. Халайық *шейх ул-исламнан* Қожа Низам ад-динге араша сұрады. Бұл бапта, егер сіз естісеңіз, бұл хадис Мауланадан жеткен. Содан *шейх ул-ислам* өзімшілдік қылып, арланып естімеді [болыспады].

Маулана Низам ад-дин: "Ашу-азабым ауырлады, өз кепілдігімнен бас тартамын" дейді. Содан *шейх ул-ислам* барша жиылған халық ішінде отырған екен, сол сәтте жығылды, бәрі көрді [оның орнында] ағарып кеткен бір төбе сүйектері ғана қалыпты. Хазірет Маулана Низам ад-диннің қарғысы орындалып, барлық жиылған халық қасіретте қалып, айғай-зары Самарқанд шаһары ішіне толды. Мырза Ұлықбекке қайғы, қасіретті оқиға болды.

Хазірет Маулананы жалаңаш-жалпы, атына мінгізіп мырзаның ордасына келтірді. Хазірет Маулана сол жерде басын төмен салып, *мұрақабаға* кетеді. Мырза Маулананың [↑69ᵃ/69⁶↓] алдынан өтеді, Хазірет Маулана *мұрақабаға* шомып отырған еді, қарсы алып, тағзым қылмады. Мырза оған қорланып, Мауланаға кінәлаған

---

[243] Ұлұғбек ибн Шахрух (1394–1449 жж.). Ол туралы: *Бартольд В. В.* Улугбек и его время // *Бартольд В. В.* Сочинения. Том II, часть 2. М.: 1964. С. 26–196.

сөздер айтты. Бұл сөздерге жауап берілмеді. Және [Маулана] айтады: "Мен мұсылманмын, егер жақын қылсаң құп, әйтпесе [маған] көңілің қалаған басқа [істі] істе". Мырзаға бұл сөздер қатты әсер етіп, [қапаланып] орнынан тұрып, Хазірет Маулананы [шаһардан] қуып жібереді.

Хазірет Қожа Ахрар айтады: "Мырза Ұлықбекке осындай әдепсіздіктен [Алладан] пана үзілді" дейді. Осындай мүмкіндікте Мырза Абд ал-Латиф бек үлкен әскермен келіп Мырза Ұлықбекке талан-тараж салып, өлтіреді.

Хазірет Қожа Ахрар және айтады: "Хазірет Маулана Низам ад-диннің назары өте күшті еді. Егер Маулананың құзырында сыртынан жаман пиғылдан сөз қылса, Маулана сол сәтте халі өзгеше болып, қабырғаға не жерге шектеу сызар еді. Сол халде ол [жаман пиғылды] басқа жерде отырса да, бір сәтте Хаққа жан тәсілім етер еді".

Нақыл: Маулананың мүридтерінен бір *талаб ал-илм* Маулана құзырында арыздана бастады. Әрқашан Хазірет Мауланаға әдепсіздікпен айып тағып, қиянат етер еді. Маулананың халі өзгеше болушы еді. Бұл істе ол *талаб ал-илм* мункир болып, жырақтан пайда болып, әдепсіздік көрсетті. Мауланаға азап айналып, бір кішкене ағашпен қабырғаға оның суретін салып, [↑69[б]/70[а]↓] ишарат етті, сол сәтте [ол] жығылды. Хазірет Маулана ішке кірді. Халайық барып көрді, [ол] сол уақытта жанына "Иманын сақта" деп иманын келтірді. Хазірет Маулана Низам ад-дин Хамуш құпия мен кереметтері және қуаты мен ерекшелігі сансыз көп еді. Қазір әуелі қысқаша (түрки):

Кел ей Садық, асыл сөздің басын қайтар,
Бұл сөзден сөзің асар, мақсатың тамам болмас.

[Хазірет Қожа Хамуштың өсиеті]

Хазірет Қожа Хамуш, *ғалайһи рахмат*, құпиясы (батині) өте зор еді. Ақсу шаһарында тұрақтап еді, оның тұрғындары мен қара халқы дад-сұрақтарына шариғатқа сәйкес тамаша хүкім етіп, [исламға] таралым беріп еді. Әділет шайыры, шарапат әсері Мырза Хади бектің Ұлұғ Айлам атты қарындасы бар еді. Өте пәк, таза да пәкизат кісі еді. Бұлардың некелеріне ықтияр етіп айтты: Хазі-

рет Қожа Хамуш тахараттарымен өмір өткерді. Бұлар біраз уақыттан кейін Іле аумағына беттеді. Уақыт өте келе кеселді болды. Ауруы күн өткен сайын күшейді, өлім ауруы екендігі мәлім болды. Хазірет Қожа Йусуф қожамды әзір қылып, өсиет етті: "Ей бауыр, қарындасым, бізге енді мүбарак сапар болар, ақирет жолына түсу қажет, бұл *салих амал*, жақсы пиғыл. Енді ештеме маған тиіс емес. Хадис [↑70ᵃ/70ᵇ↓] адам қашан өлсе оның амалы да өлер, тек үш амал өлмес: әуелі — мешіт, медреселерге барынша көбірек садақа беру, мұндай нәрселер өлмес. Екінші — ғылым оқымақ, осындай халайыққа пайдалы ол ісің өркеннен-өркенге, қиямет күніне дейін зая болмас. Үшінші — ата-анасына қайырменен дұға қылар *салих* перзент. Сонымен бұл үш істің ешқайсысы маған мүмкін болмады, бақытсыз кетіп барамын. Мен жиған әр нәрсені Алла жолымен қара халыққа сарп еткейсіңдер, көпшілігін алып Йаркендте медресе саларсыңдар. Және бақиға өсиет: Хазірет Қожа Жаһан бастаған барлық туысқандарды Хазірет Хақ, *сүбхана*, және ұлы аталарыма тапсырдым, маған разы болыңдар, әсіресе менен Хазірет Қожа Жаһанға арыз жеткізерсіңдер: "ата тәрбиесінен ұлырақ тәрбиені тауып, ілтипаттарды көріп едім, мендегі хақы шаштан көп, енді қазір олардың бірде-бірін өтей алар емеспін. Разы болсын" деп жанын Хаққа тәсілім қылды. **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[244]**.** Бұл айғай, [↑70ᵇ/71ᵃ↓] зарлаған дауыс Іле аумағын толтырды. Неше *фирқа* мұсылмандар және тамам хан тұқымы осында еді. Хазірет Қожа Мүмин, *ғаләйһи рахма*, бастап және Хазірет Қожа Афақ-қожамның, *ғаләйһи рахма*, ел-әулеті де осында еді. Топ-топ мұсылмандар жиналып, кебінін кигізіп, жоқтап, намазына кірді. Тимур хан имам болды. Іле ішінде қара мен хандар, қожалардан, бектерден болып мың кісі куә (тасаддық) болды. Кемтарларға екі жүз Хами шаңын[245] таратты. Көптігі сондай кедейлер бай болды. Мүбарак денесін сандыққа салып, түйеге теңдеп, Ақсуға алып жүрді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның үлкен ұлы бар еді, арыстандай айбатты, ең бақытты, сап бұзар жүйрік атты Рүстем — аты Қожа Абдалла. Бұл түйенің жетегінен алып Ақсуға жақын келді. Ақсу халқы қарсы алды. Құрметпен

---

[244] Құран Кәрім, 2: 156.

[245] Шаң — ақша.

түсіріп Хазірет Ишан Қожа Ысқақ-Уәли, *оның қабіріне нұр жаусын*, мазаратында аманатқа (уақытша) жерледі. Ас беріп, дұға-тәкбір етіп, Хазірет Қожа Абдалла қожам Ілеге қайтты. Бірнеше уақыттан кейін нақыл қылып, Йаркендте Алтынлық мазаратында жерледі. Хазірет Қожа Жаһан-қожам Хазірет Қожа Хамуш-қожамның өсиеттерін орындап Ақ-медресені салдырды. [↑71ᵃ/71ᵇ↓] *Уақыпен* қамтамасыз етіп, сауабын Хазірет Қожа Хамуш-қожамға арнады.

[Хазірет Қожа Абдалла-қожам өлімі]

Қожа Абдалла бұл әзіздің [Хазірет Қожа Жаһан-қожамның] кіші інісі еді. Ханның қызына некелесіп еді. Бұл Мәликеден төрт шахзада дүниеге келді, есім шәріптері Хазірет Қожа Шамс ад-дин, Хазірет Қожа Йахйа, Хазірет Қожа Ахмад, Хазірет Қожа Абид. Бұл шахзадалардың әрбірінің атақ-даңқы, қасиеті шектен асқан еді, баянын кейін айтармын, *Алла қаласа*. Хазірет Қожа Абдалла өз тұрағына, Қотан шаһарына тағайындалып еді, бірақ қазір Қотанға бармай, бауыры Қожа Хамуштың орнында орынбасар (жанишин) болып, шариғатқа сәйкес хүкім сүріп, шариғат хүкімін ашып тұрған жағдайда еді. Көктен қаза жетіп, оқиға болды. **(Пайғамбарларды мойындамаған) мұъминнің қайсысының болса да (өмір сүру) шегі бар. Сол шекке жеткенде олар ешқандай ауытқымайды (бірден көз жұмады)**[246] хүкімімен ажал шәрбатын татып, ақирет есігін ашып, аттанып кетті.

Содан айтыпты (түрки):

Ұлағатты Жаратушы кейін ажал сарайын іздеуді қиын етпес,
Әркім онда кірді, болмады онан әсер-пайда.

Мүбарак денесін Йаркендте Алтынлық мазаратына жерледі, яғни халық арасында бұл әңгіме мәлім еді. Хазірет Қожа Абдалла-қожамға, ол сахиб *бадкар* және залым-арамза бәле, бақытсыздық шекарасы және артынан түрлі-түрлі қасірет ерген, яғни Абд ал-Уаһһаб мәңгіліктің бақытсызы [↑71ᵇ/72ᵃ↓] жасырын у берген екен, удың денесіне таралуымен тамам болды деп. Бірақ бұған

---

[246] Құран Кәрім, 7: 34.

арамдығы жоқ әзіздер сенбеді. Және айтты: "Егер рас болса, Құдай Расулына тапсырдық, қиямет күні жүзі қара болғай. Ал қате болса бір кісінің қанын куә қылғаймыз ба?" деп жауапсыз қалдырды. Хазірет Қожа Шамс ад-дин-қожам інілерімен Қотан шаһары тағына отырды. Шариғатқа сәйкес хүкім сүрді.

[Хазірет Қожа Йусуфтың қырғыздармен және қалмақтармен арақатынасы]

Содан хикаят естімек керек: Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды да разы болсын*, бар халықпен сұхбатшыл, қызылтілді, көп хош мінезді, Каламы хош, діндар және әлемнің шариғатшысы, ең керемет жолдас, қымбатты жанашыр, мәслихат айбыны, кәміл кеңесші, ақылды әмір, діншілдікте кемелді, ақыл-данасы көрнекті, теңдесі жоқ, түсінікшіл, күндей құпия сәулелі, амандыққа ұмсынушы, әділет патшасының мұрагері, дұшпан-*мункирлерге* шешім айтар, адасқан елге жол сілтеуші, Мұстафаның турашылдығы және парасаттың бірегейі, мемлекет ісінде қайталанбас қасиетті еді, қадамдары жеңісті, Бақыттыдан жәрдем ізі бар еді, Анушырван немесе Бахрам әділетінің тотысы, Хатымның жомарттығы, бұлардың ізбасары еді. Әрқашан дұшпан кездестірсе ықпалы сонша еді, тағдырдың жазғанымен бақсыз дұшпандардың пешенелеріне өрнек салатын еді. Әр *мункирмен* тілдессе, әлбетте [↑72ᵃ/72ᵇ↓] хадистер жауының жаудырып, олар өз сенімінде тапталып қалар еді. Әр қиянатшыл, сенімсіздерге олардың істерінің қиянаттығын, жалғандығын көрсетті. Өздері құрған тұзақты өз балтасымен қидырды, әр мәселеге бұдан шешім болды. Алла тағдырымен бір-бірлеп келісімге жеткізді. Бағзы түсінбеген надандар сенім мен тағдыр басқаша болар екен деп ойлар еді. Бірақ ақиқатында олай емес еді. Сенім тағдыр тарапында еді. Ол іс болмыстан уақиғаға келер еді. Ол сенім тағдырдың қарсы тарапында, әр кез тіршілікке келмес, бірақ бір жарық нәтиже берер.

Назым (түрки):

Егер адам ісі тағдырға сәйкес болса, хош еді,
Егер ісі тағдырға сәйкес келмесе, өкініш.

Өз міндетті істері ол жерде — зікір *тасбих* (Аллаға мадақ) және Құран *тилаваты*, сонымен бірге тұрғындар мен бұқара халықтар даттарына келісім сұрамақ және жаман сөзді, жаман арыздылардың пайда қылған *бидғат* және жиіркеніште істерін жоққа шығарып, мемлекетті амандыққа жеткізді. Дүние мен ғұлама фазылдардың қасиетті ілімдерін бағалап, таратқан барша мәнердегі шайырлар, мемлекеттің халқына сіңірген [еңбегі үшін] ұлы разылық пен сұраныста еді. Мемлекет тәртібінде патшалық алдында болар еді. Олар сенімді шәкірт еді. Бұл әзіздердің сағадат дәулеті, жеңіс ықпалдары бұлардың болмысына [↑72⁶/73ᵃ↓] байланысты еді. Бұлар сұлтанат *маснадында* еді. Баршаға құрмет пен табыс тілеуші еді. Және еш жаман ойлы, мазасыздардың захматы аспан шаңындай [оған] жуымас еді. Тіпті баршаның тәрбиешісі және әзіздер еді. Баршаның қауіпті ойларын бұлар жоққа шығарар еді, барлық дұшпандардың жол бұзарлықтарына шешім берер еді. Дұшпандар неше түрлі пікірмен айла істесе, бұлар нұр парасатымен онан ілгері, алдын алып, айланың қарсылығын қылар еді. Өз тұзақтарына өздерін түсірер еді, яғни "кімге ор қазса ол кісі өзі орға сөзсіз жығылар". Көп ынсапсыз, қиянатшыл қалмақ төрелері және жарғышылар мұсылмандарға рәсуа бермекке, алдымен кәпірлер қазынасын көбейтпек үшін барлық күшін салды. Бұл болмыстан Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды да риза болсын*, бұл ынсапсыздардың ісін тексеріп, дұрыс бағыт берер еді. Мұсылмандардың, кәпірлердің, зұлымдардың *бидғат* істеріне тиісінше тыйым салып, тоқтау айтар еді. Ілеге барып-келіп тұрғанының себебі [↑73ᵃ/73⁶↓] ол жердегі кәпірлердің халін көріп, Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, бір ғанибет уақыттың ыңғайын қылғай деп, соны аңдамақ үшін еді. Бұл кәпірлердің өз ішінде бөлінушілік көрініс берер, сол уақытта Ислам қылышын қаймықпай шауып, мұсылмандар өздерін кәпір зұлымстандарынан босатар дер еді. Іле ішінде неше мұсылман хандары, қожалары және қарапайым халықтан [көп кісі] тұтқын-кіріптар еді. Соларды азат етіп, Исламды жария етейік деген *ғазат* ниетін мүбарак ділінің бір бұрышында сақтап еді. Бірақ уақыт жар бермес еді. Кейбір сенімі нашар халықтар кәпірлерге ниеттес еді. Ислам халқына зиян келтірер еді. Кәпірлердің жерлері өте кең әрі өздерінің саны көп еді. [Жерінің] бұл шетінен ол шетіне асығыс жүріспен алты айда өтіп болмас еді. Осы шекара ішінде

толған кәпір еді. Бұл бірлік қылған кәпірлер тамам болар деген ой кәпірлердің тіпті қаперіне келмес еді.

Назым (түрки):

Кәпірлер елімізді жоқ қылар, Ислам *фирқасын* қоғам етер дегенді,
Ойламас тіпті елінен айырыларын күпір, залым көп халық.

Хазірет Қожа Йусуфтан, *Алла оған рақымды болғай*, төрт ұл дүниеге келіп еді, әрбірі бақыт мекенінің *шахиншахы*, шарапат бағының басы, азаттық нұры, шыққан тегі асыл, елінің [↑73ᵇ/74ᵃ↓] сұлтан *сахиб қыраны*[247], әділет салтанат тағының иманы, кемелділік Ануширваны.

Бәйіт (түрки):

Қаһармандықта еді Рүстем Асан,
Батырлық бабында әлемде жалғыз.
Керемет пен жомарттық оның белгісі,
Тұрғындарға әділет жасаушы,
Фазилатта бұлардың жоқ теңдесі.
Аристотель мен Афлатун оның уәзірі,
Басы хош, жаратылысы хош, ақылы хош, талантты,
Сөзуарлар арасында жаратылысы ерекше
Бәрі де Құтыбтан және сенімнен.
Не деген хош адам, керемет толы,
Фаридундай керемет, Жәмшидтей мінезді,
Ең маңызды мейірімге толған
Бар ма екен өмірде осындай кішіпейілділік.
Не деген хош мінез, талапты ілім іздеуші
Басы пәкиза, таза жолды табиғаты
Жамалы сұлу, күндей бет-әлпеті.

Бұл төрт шахзаданың атақ-даңқы шектен асқан, сансыз көп еді. Әсіресе, Шахзада Калан, яғни Хазірет Қожа Абдалла, бұның ба-

---

[247] *Сахиб қыран* — "екі бақыт жұлдызының иесі", бақытты, жұлдызы оңынан туған деген мағынада айтылады.

тырлығы мен шариғат қағидасы кемел, ілімі соншама зор еді. Егер Рүстем немесе Сам Нариман бұлардың замандарында болған болса, әлбетте олардың атағы кем болар еді, атағының кемін білер, хат *тасалламын* аспанға бағыштап, кемсін шәкірттері болар еді. Ол зор да күшті еді, оны дұшпандары көргенде денелеріне дірілдеп зілзала түсіп еді. Екіншісі Хазірет Қожа Мүмин еді, берілген мұсылман, ғылым иесі, фазыл, шексіз ғұлама, фазылдардың досы, хош мінезді, ақылы хош, жарқын [↑74ᵃ/74ᵇ↓] табиғаты ұлы, жақсы мінезді зат еді. Үшіншісі Хазірет Қожа Құтыб ад-дин еді. Өте мейірімді және пәк, сүйкімді сұлу, шашы бұйра, көзі қара, ашылмаған гүлдей қызыл ерін, тісі маржандай, сұлулығы кемел, ай жүзді төртінші ұл Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин еді. Мейір махаббаты бұл перзентіне асқандығы себептен, назды, ерке болмысынан Ерке Қожа атанған еді. Бұл патшазадалардың кейбірін тақ салтанатына отырғызып, кейбірін өзіне серік етіп Ілеге барар еді. Кәпірлердің жағдайын бақылар еді: "Осы кәпірлер басына қай күні Ислам қылышын қаймықпай ұрар екенбіз, мұсылмандар *фирқасын* қашан тұтқыннан, кіріптарлықтан азат етерміз, қашан Иман алармыз және сүннет — *газатты* орындармыз, *газилік* атын көтеріп екі жаһан абыройы мен бақытына шомар екенбіз" деп көп ой-қиялға шомар еді.

Содан, нәубет ақыры Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды да разы болсын*, Ілеге барды, кәпірлердің [↑74ᵇ/75ᵃ↓] төрелері ауысқаны себептен Іле көп бөлінушілік пен тынышсыздықта еді. Ішінде неше жылдан бері арман қылған мақсаттың [орындалуына] ыңғайы келген уақыт болды. Осындай ғанибет мүмкіндікте бұл ойындағы [құпия] ниеті [*газат*] орындалуы үшін ұлы іске қадам қою керек. Бірақ, бұл құпияны біреуге тіс жарып айтуға батпады, құпияны бөлісетін ешкімді көрмеді.

Данышпандар *фирқасының* басшысы және сардары, амал адамдарының тапқыры, ортасының ойшылы, әскербасы, яғни Хош-Кипек бек[248] Қашғарда хакім еді. Парасатты, ақылды да іскер,

---

[248] *Fletcher J. F.* The Biography of Khwush Kipäk Beg (d. 1781) in teh Waifan meng-ku hui-pu wang kung piao chuan // Acta Orientalia Academiae Scentarum Hungaricae, 36 (1983). P. 167–172 [жаңа басылымы: *Manz B.* (ed.). Studies on Chinese and Islamic Inner Asia. London: Variorum, 1995].

қызылтілді әрі кеңесшіл кісі еді. Оның осы болмысын білген Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды да риза болсын*, араға кеңес салды. Бұл мәслихат батылдық пен сенімділікті қажет ететін еді. Оны қорқынышпен орындауға болмайды, оны [қорқынышты] араға түсірмеу керек. Тіпті ділсіздік көрсетуге де болмас еді. Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, қалмақтарды Қашғардан қумақты мәслихат етті. Қырғыздар оңтүстік Камин тарапында тұрыпты. Кенет Қашғарға шабуыл жасаса шаһар [бекіністері] бос қалар деп, Хакім Хош-Кипек бекті Қашғарға алдырды. "Барып шаһар қамалдарын [↑75ᵃ/75ᵇ↓] дайындап, жан-жағынан бекініс салдырып, бекітіп, соғыс қару-жарақтарын түзетіп, егер қырғыздар қол сұғатын болса дайын әрі мұқият тұрғайсыздар" деп тапсырма берді. Хош-Кипек бек Қашғарға келіп, бұл тапсырған істі орнына келтіріп, шаһар қамалын түзетіп тұрды. Барлық халайық қайран қалды, мұндай істерден көре алмаушылық, берекетсіздік туды, бірақ Хош-Кипек бек хикметін білмес еді.

Сонымен, Хазірет Қожа Йусуф-қожам Іле жеріндегі қыпшақ-қырғыздарға жасырын хат жіберді: "Ей қыпшақ батырлары! Біліп қойыңыздар, сіздердің ата-бабаларыңыз ерте заманнан Ислам қатарында болып келген. Әр кез табиғаты кәпір болған жоқ. Әсіресе біздің ата-бабаларымызға сенім ықылас қылып келген. Яғни сенімнің абзалы — *ғазат*, кәпірлердің елінде өлсе *шаһид*, ал енді кәпірлерді өлтірсе *ғазилік* мәртебесін табады деген. Осындай жарандарды мадақтау рұқсат етілген. Енді намыс қажет. Егер тараж жасамақтан мол байлық түссе, ата-анасының мирасынан халал болады. Жарандар мен батырларға намыс емес пе? Өз әзіз-шәріптеріңді кәпірге бағыныштылықтан күшпен азат ету керек. Хазірет Хақтан, [↑75ᵇ/76ᵃ↓] *сұбхана уа тағала*, үміт етем, береке тілеймін, ақырзаман болған уақытта қара жүзімді ағартқаймын. Ислам қылышын қарсылыққа шапқаймыз, неше жылдан бері тұтқан сеніміміз орындалғай. Егер Тауфиқ сендерге жар болса, пәлен уақытта, пәлен сағатта келіп Исламға жар болғайсыздар. *Нама тамам уа-с-салам*".

Бұл кәпірлердің Омар мырза атты сардары бар еді, бұл хатты жан-тәнімен қабыл қылып, сенімхатпен (Итаат-нама) жауабын айтып, келген жаушыға берді. Жаушы бұл сенімхатты жеткізді. Хазірет Қожа Йусуф көп ырза болды, жомарттығы мен батырлығына қуат тапты.

[Қожа Йусуф-қожамның өзін және ұлы Абдалла-қожамды тұтқыннан босату үшін жасаған амалы]

Қашғарға баруға себебі жоқ және кәпірлерден рұқсат жоқ. Тек айла етіп, кәпірлердің өз ерік-рұқсатымен бару керек деп ойлады. Жолын тауып, қызметшісіне хат жазып берді: "Жасырын барып, бірнеше күн біздің жылқыда тұрып, тез әрі қобалжып "Қашғардан келдім!" деп, қайтып келерсің, содан бұл хат-жазбаны маған берерсің" деп, жолға шығарды. Қызметші бұл бұйрық-жосынмен бірнеше күннен кейін шұғыл түрде хатты жеткізді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам бұл қызметшіні ертіп алып, қарғыс атқыр кәпірлердің қасына барды. Олар хал-жағдайды сұрады. Хазірет Қожа Йусуф-қожам хатты оқытты.

Хат мазмұны: "Хазірет Қожа Мүмин бастаған Хош-Кипек бектің және барлық [↑76ᵃ/76ᵇ↓] Қашғар бектерінің төресіне арыз айтамыз: оңтүстік тараптағы қырғыздар барлығы бірауыздан мәслихат етіп, пәлен сағатта, пәлен күнде төрт тараптан Қашғарға шабуыл жасап, таражға салып, басып алуға, шаңын аспанға шығаруға ұйғарды. Көмегіңізден үміт етеміз, күш беріңіздер, болары болғаннан кейінгі көмек пайда бермес, барлық жұрт тұтастығы керек болса, қырғыздар елге шаппас үшін барлық күшімен болыспақ керек", — дейді.

Төре [Дабаржи] бұл хабарды естіп есінен танды. Содан өз араларында мәслихат қылып, әскер жіберу керек деді, бірақ еш ылажы болмады, өйткені өз жұрты ішінде бүлікшілдік бар еді. Кеңестері оған шешім таппады. Бұл істің ылажын Хазірет Қожа Йусуф-қожам қылғай деп, төре оны шақырып алып айтты: "Ей, Қожа Йусуф, сіз ақылыңыз кемел кісісіз, сіздің қызметіңіз зор, хұб ғалымсыз, білмейтұғын сырыңыз жоқ. Қашғарға өз мұсылмандарыңызбен барар болсаңыз, сіздің барғаныңыздың өзі қырғыздарға айбат болып, кедергі болар" деп, кеңес-үкім етті.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам көңілдерінде Хаққа, *сұбхана уа тағала*, көп шүкіршілік етіп, ішінен "*әл-хамду ли-л-Лах!*"деп қайта-қайта айтып, [↑76ᵇ/77ᵃ↓] намаз оқыды. Айтты: "Ей төре, көп қорқыныш қылмаңыз, менің бармағым қажет емес, біздің Абдалла-қожам барғанымен іс бітер, егер бітпесе, содан кейін барсам болар" деп, кәпірлерге кеңес айтты. Төре қабыл етті.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам бұл келісіммен Абдалла-қожамды Қашғарға жіберді. Құпия айтты: "Ей перзент, бұл келісімнің мақсаты сол, егер мен бұл алыс жолға барсам, сізді бұл кәпірлер біздің қасымызда тұрсын деп алып қалар. Сол үшін, әуелі сіз барғайсыз, артынша ізіңізбен кісі жібергейсіз: "Қырғыздар көп шабуыл жасады, орналасқан жері жақын болып тұр, жұртты тонап алды. Мұсылмандар көп қорқынышта, ешкімде оларға қарсыласуға күш жоқ, жұртқа көп зілзала түсіпті, қырғыздар шабуылдауда, төренің бағынышынан шықпақшы, тапсырылған істі тындыра алмадық" деп хат жібергейсіз. Алла қаласа осындай жоспармен несібелі Қашғарға келсем керек деп үміттенемін. Хазірет, Алла сұрағанымды беретініне сенемін, бұл кәпір малғұндардың сұр келбетінен құтылып, Ислам туын мұсылмандардың басына көтерермін. Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, шариғатын жандандырып, бұқара және тұрғындар басына аман-есендік жауынын жаудырғаймын" деп, өз өсиеттерінен баян етіп, рұқсат беріп, қайыр-хош айтты.

Хазірет Қожа Абдалла-қожам [↑77ᵃ/77ᵇ↓] барынша тездетіп Ақсуға жетті. Халайық қарсы алды, онда бірнеше күн тұрып, бұл жерден үш мыңға жуық әскер алып, Хазірет Қожа Хамуш-қожамның жылқыларынан таңдап бес жүз жүйрік алып Қашғарға барды. Тапсырған сөз жолымен ақырындап, сенімді қызметкерден, яғни Йаркендтің ғұламасы Ахунд Қажы Абдалладан хат жазып жіберді. Бұл хаттан Қашғарда ешкімнің хабары жоқ еді. Хатты алған кәпірлерде қорқыныш пайда болып, Хазірет Қожа Йусуф-қожамға пана сұрап келді: "Жолын тауып, өзіңіз Қашғарға барып, бұл істің ылажын қылғайсыз" деп, рұқсат берді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам барлық қуанышымен бірге, өзінің *құжырасына* барып Хазірет Хаққа, *сұбхана уа тағала*, шүкіршілік етіп, құлшылығын қылды.

Қажеттерін дайындап, теңдеп алып, аттанып кетті. Тез жүріспен Мұзат[249] тауынан асып, бір күндік жол жүріп еді, Уч хакімі Қожа Сир бек ұшырады. Бұл үлкен арамза, бүлікшіл кісі еді, бірақ ерекше парасаттылығы да бар еді. Алғашқы кездескенде: "О, тақсыр, әлем патшасы мүбарак болғайсыз, Ислам ашқандар" деді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам: "Көңілдегі мүбарактік Құдай құдіретімен болғай" деді. Бірақ бір көргенде ұнатқан [↑77ᵇ/78ᵃ↓] жоқ.

---

[249] Мұзарт асуы.

Бір-екі ауыз тіл қатысып, ілтипатпен, тез арада айла істеп "сіз бізбен барғаныңыз дұрысырақ" деді. Сөйтіп бұл арам серік болуға шақырды. Хазірет Қожа Йусуф-қожам қабыл етпеді, бұл сенімсіз кәпірлер қасына барса, арамдық көп боларын нұр-парасатымен білді. Өздері жолын тауып, Ақсуға жүрді. Кейін қалып, Ақсуда бір күн тұрды. Қашғарға жүрді, төртінші күні Қашғарға кірді. Файзабадтан "Мемлекет халқына хабар жеткізгейсің, қарсы алсын" деп кісі жіберді. Бұл кісі хабар жеткізгесін, барлық мұсылман халқы қайран қалды. Хош-Кипек бек Дәулет баққа үлгерді, бағзылары онан бері, бағзылары одан әрі. Қожа Абдалла-қожам жан ұшырып шығып, шатыр алдындағы жерде кездесті. Әлқисса, Йусуф-қожам патша тағы салтанатына отырды.

[Қожа Сир бектің опасыздығы]

Сонымен, хикаят естімек керек, арамза Қожа Сир бек, сол күні Хазірет Қожа Йусуф-қожамды айла тағында көріп, ісінен күмән алады, шынымен заңға бағынушылықтан шыққан екен деп, жолға шығып, кәпірлер ордасына келеді. Дабаржи кәпір төреге арыз етті: "Ей төрем, Хазірет Қожа Йусуф-қожамды орнынан қашырыпсыздар, осындай мұрсатта сізден жүз кетіріпті, ол күні Мұзат тауынан өтті, бүлікшіл болды. Барлық жұртыңыз ішінде үнсіздік және қолдамаушылық [↑78^{a}/78^{б}↓] бар еді. Осындай жоспармен кеңескен еді. Қасыңызда болғаны құп еді, енді қатты өкініштен еш пайда жоқ. Содан тағы жол тауып кісі барса, егер дәулетіңіз жеңіс ықпалы бақытында болса, артынан жетіп, айласын тауып келтірсе, әйтпесе Қашғар, Йаркендтен үміт үзу керек" деп, араға көп түсіп, арамдық қылды. Бағзы кәпірлер Хазірет Қожа Йусуф-қожамға рұқсат бергенді мақұл көрмей, төрені пұшайманға келтіріп еді. Қожа Сир бектің бұл айласымен кәпірлер өкінішке батты. Мұндайда жол тапқыш бір кәпір бар еді, "үш жүз кісімен, тез жетіп, Йусуф Қожаны қайтар, егер қабыл етпесе, қайырсыз зор ұрыс салып кел" деп бұйырып оны аттандырды. Содан бұл кәпір тез арада артынан жүрді, бірақ жете алмады. Содан Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала,* бұларды кәпір ісінен азат еткен еді. Бұл кәпірлер Файзабадқа жақын Масжид деген жерге жеткенде бұлар Кимадан өтті. Бұл кәпір Абд ал-Уаһһаб, Құдай қасіреті, артынан

жақындады. Ақсуға келіп, кісі жіберді: "иә, Қожа Йусуф, сізді төре шақырады. Амур Сина ауыр әскермен келер, одан өзіңіз Іле тарапына барғайсыз, өйткені оның уақыты туып тұр, егер мұндай уақытта мүмкіндік берілсе еш уақытта төренің жадынан кетпес, әрқашан сіздердің дәулетіңізге сұқтанар, егер қабыл [↑78⁶/79ᵃ↓] тұтпасаңыздар жан-тәнімізбен қолымыздан келгенін қылармыз және де соғыс қару-жарақтарына мұқият болмақ керек". Содан бұл кісі Қашғарға келіп, Хазірет Қожа Йусуф-қожамға жеткізді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам аяғымның буын кеселі бар деп бармаған еді. Осы себепті, сауыққан соң барамын деп жауабын айтты, лайықты жауаппен рұқсат берді. Бұл кісі Ақсуға келді. Ол келген кәпір Абд ал-Уаһһабтың қылған айла-амалы іске аспады. Бар үмітін үзіп Ілеге, еліне келді.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам Хазірет Хаққа, *сүбхана уа тағала*, шүкіршілік етіп, шариғатты жандандыруға қызу кірісті. Тұрғындар сауалына лайықты хүкім етіп, ғұламалармен мәжіліс құрып, Ислам діні жеңісіне деген сенімін әрқашан көңілінде ұстап, соғыс құралдарына мұқият қарады. Әскер құрып, мерген оқ тартарларды жиып дайын қылды. Соғыс күйіне әрқашан дайын тұрар еді. Кейбір діні жамандар бұл жағдайды көріп, шошып кетер еді. Бұл жолда неше күндер өтті.

[Құдайар есік-ағаның опасыздығы]

Сонымен хикаят естімек керек, Құдайар оқиғаларын. Құдайар есік-ағаға өте теріс пиғылды, Құдайдан бейхабар, иманы әлсіз, кәпірлерге бүйрегі бұратын кісі еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның істеріне жүрегі жараланды. Бір жолмен кәпірлерден өзін осы шаһарға билеуші етуін талап қылды [↑79ᵃ/79⁶↓]. Содан бұл кісі қалмақтарға қызмет қылып, мұсылмандарға қиянат қылмақпен бұл дәрежеге жеткен еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның және барлық әзіздердің хақында жарғы қыламын деп еді. Көп қысастық қылған еді және еш уақыт өзіне пайдасыз жаушылықты жасамас еді. Ол болмысынан *батинін* бұзып жүрер еді. Әбдісаттар атты бір таз бар еді, көп білетін әрі әрқашан бүлікшілік, арамзалықтан ада болмас еді. Мұсылмандарға тыныштық бермей арамдық жасап жүрер еді.

Әлқисса, бұл Әбдісаттар, Құдайдың бақытсызы, Абд ал-Уаһһаб бақсыздың кеңесімен халайыққа бүлік салмақ үшін қиянат қадамын Артуж жеріне басты. Өзінің отыратын жері бар еді, оған барып кіріпгіп және әр кісіні аңдап көргелі барды, ниетін білдірмеді. Көпшілік ұлыларды өзіне иландырып алды. Нийаз бек атты Артуж хакімі бар еді, қорқып, өзі шаһарға кірмекке ләзім тұтты. Құдайар бекке жасырын қалмақ бейнесіндегі біреу арқылы хат жіберді.

Әлқисса, Құдайар бек хат мазмұнын аңдап, өзіне жақын ашна бірнеше бектерді жасырын шақырып келіп, хатты көрсетті. Абд ал-Уаһһаб пен Қожа Сир бек те хаттың мөрін ашып көрді, мазмұны: "Құдайар бек бастаған Қашғар бектеріне тапсырамыз, Қытай (Чин) хақанынан Іле жеріне әскер келер екен, енді Іле іші көп бүлікшілік, бағынбаушылық болар. [↑79б/80а↓] Қалмақтар оған ештеме қыла алмас, әрнешік қылып, Хазірет Қожа Йусуфты бір амалмен ұстап өлтірсін. Егер қалмақтар алыста болса, бір амалмен жұртқа бас болып, өздерің ықтиярыңша ұстап тұрғайсыздар. *Нама тамам*".

Бұл бектер мұндай мәслихатты құп көрмеді. Тоқтау айтты: "Хазірет Йусуф-қожам патша айтарлықтай зерек, дана, сақ әрі көріпкел кісі. Оңайлықпен торға түспес, жазмыш жетсе, бәріміздің басымыз бірге кетеді, арамзалықпен өлерміз" деп тоқтатты. Амалсыз "бұл хатты алып, қожамға барсақ, бізден қатері күшейіп кетер, екі жаһанда абырой таппаспыз" деп, шешім қылып, кеңесте бұған нұсқау беріп, тарасты. Бұл арамза ақылсыз, қасына *ажам* иелігі тұтқан екен, қаза найзасы ақылының көзін көр қылған еді, түсінігінің жүзіне Алла жазасының пердесін жапқан шайтандар әр тараптан келіп, *мүрид-мұхлис* болды. Бұл тараптан лайым Йусуф-қожам патшаны өлтірмектен өзге ой қалмады.

Шах бек атты бір кісі бар еді, Артуж жерінен еді, анасы жағынан сайиидзада, атасы жағынан бекзадалық мүбарак *нисбасы* бар еді. Шах бек жеке шығарып айтты: "Хазірет Қожа Йусуфты өлтірмек керек, жамағатқа не қиянат істемеді. Таңда жұма күні Хазірет Қожа Йусуф [↑80а/80б↓] жұма намазға келер, бірнеше мылтықты мерген кісілерді мешіт күмбезіне қоялық, ол намазға ұйыған кезінде нысаналап атқаймыз. Шах бек пен бес-алты жүз кісіні толық қаруландырып, әзір қылғаймыз. Әбдісаттар бек Артуждан бес-алты жүз кісіні даяр қылып, шаһар дарбазасы алдында тұрғай, мылтық үні шыққан уақытта біз бір жақтан ордаға жүгіргейміз,

Әбдісаттар бек ол жақтан ордаға ат қойсын. Жұма күні әр кісі намазға беріліп, алаңсыз болар. Орданы қолға алғаннан кейін шаһар қолда болар" деді.

Хош-Кипек бек аңғал кісі еді, өзі бәрінен қорқып, тығылатын. "Орда халқын үйдегіні үйде, тыстағыны тыста таласақ дүниеге белшеден батамыз. Барлық мансапты өз қолымызға аламыз. Қарсы болған кісілерді өлтіргейміз" дейтін.

Он бес қалмақ сардары бар еді, әр шаһарда тұрмақ рәсім еді. Оларды *қарахан* атар еді, бұл кәпірлер де жар берер деп, осындай мазмұнда хат қылып, өз мөрін басып, Мүбарак Шах-Қожаға берді. Сіз Әбдісаттар-қожаға бергейсіз. Шах бек бізге жар бергей, өзіңіз жасырын Артужға барарсыз — деп, қайыр-хош айтты.

Әлқисса, Мүбарак-шах Шах бекпен кеңес қылды: "бізге Құдайардың уағдасы Артужға хакім қылмақшы еді. Екі жаһанда жүздерімізді қара қылып, бұл бірнеше бүлікшілдермен бірге Артужға хакім болғанымыздан жақсырағы, [↑80⁶/81ᵃ↓] бұл хатты қожамға бергейміз. Қожа һәм бізді Аржиға (Артужға) хакім қылса қылар, қылмаса *мухимм* назары, ілтипаты да жеткілікті. Ақылды кісіге бір ишарат та жеткілікті".

Әлқисса, Су дарбазасынан бірнеше қадам жол жүріп, әп-сәтте қылт беріп, өзіне жан ашуымен ордаға келді. Бұл Мүбарак Шах Қожа Молла-Сақидың өте биязы Бану атты қызына некелескен еді. Ол жақтан бұл кеңеске Молла-Сақидың ұлы Қожа Абд ал-Мажид те келген еді. Ол Мүбарак Шах бектің арандатуынан өз таңдауын өзі шешіп, құптан уақытында Алтынлық сарайы алдына келді. Қызметшіден кіруге рұқсат сұрады. "Кірсін" деп рұқсат берді. Абд ал-Мажид кіріп, ақырындап оқиғаны баян етті. Біраздан кейін бұл екеуі кіріп келіп, хатты берді. Хатты көрді, мазмұны осы уақиға. Хазірет Қожа Йусуф-қожам айтты: "*Алла қаласа*, Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, ол жаман, пасық пиғылдыларды біздерге тұтқын қылу керек" деп айтыпты.

Бәйіт (парсы):

Мен нені қиялдаймын, аспан нені қиялдар,
Менің қиялым бос, аспанның қиялы кемел.

Дұшпанның қиялы туралы Хазірет Мир Әлішер, *Алла рақым еткей*, осылай айтыпты.

Қызметшілерге әмір қылды: "Мүбарак Шахты жасырғайсыздар" деп, осы жағдайда орда ішіне жасырды. Өзгелерге рұқсат берді. Қызметшілерге: "Қожа Абдалланы шақыр. Хазірет Қожа Мүминді, Дәруіш-Букаул бастаған барлық орда халқын шақырыңыздар" деп әмір қылды.

[↑81ᵃ/81ᵇ↓] Бұл уақиғаны еш кісі білген емес, барлығы ұйқыда болатын. Хазірет Қожа Абдалла қатты ұйқыда еді. Ешкім оята алмады, тіпті өлгендей еді, ол жақтан арыстандар даланы мекен еткен еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам қатты ашуланды, "тез жүгіріп барып ұйқыдан оятып, шақырғайсың" деп бір кіші құлға бұйырды. Бұл құл барып зор дауыспен айғайлап оятып, ақырында алып келді. Бұларда кеңес қылмақ әдеті жоқ еді, "Рүстемнің әдеті" бар еді.

Әлқисса, Хазірет Қожа Абдалла кіріп тағзым етті. Хазірет Қожа Йусуф-қожам қиналып отыр еді, мүбарак лебізімен мынадай сөз айтты: Бұл саған менің болмысымнан ілтипат, менің қиял-түстей ғұмырым аяқталды, демім таусылды, бақи көргеймін. Менің қырқым өткенше осы таққа ие болатын уақыт келді. Осы жерде Хазірет Қожа Йусуф-қожам бірнеше азапты сөздер айтып, "оқиғаны баян қылмай, Қожа Мүмин мен Дәруішті қайда болса да кісі жіберіп, таптыр" деп хүкім қылды. Бұл екеуі бірнеше кісімен жолға шығып еді, Қарақир[250] деген жерде қонған екен. Бір кісі барып, жеткізді. Барлық орда кісілерін бір-бірлеп [↑81ᵇ/82ᵃ↓] жинады. Бұл құпияны Хазірет Қожа Абдалла мен Хазірет Қожа Мүмин Дәруіш Букаулға ашты. Бұлардан өзгелер бейхабар болды. Бұл кеште ешкім де тыныштық таппады. Орда адамдары мен халқы орданы берік етті. *Сұрұнға* келген бектер осыншама халықты көріп, қайран қалды. Құдайар бек те орда халқының осы тариқаға барынша берілгендігіне көзі жетіп, білді. Хабар алыпты, бұл да өз айналасын бекем етті, барлық дос-жарандарын жинады, ол күні ордаға бармады.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам ол күні жұма намазға шықпады, орнына Хазірет Қожа Абдалла мен Қожа Мүминді жіберді. Бұл күн осындай амалмен өтті.

Таңертең Хазірет Қожа Йусуф-қожам ойлады: "мұны [Құдайар бекті] тауып, қос қолына кісен салмағанша, жұрт тәртіпке кел-

---

[250] Қарақир — Қашғардың маңайындағы мекен.

мейді". Қыпшақ-қырғыздардан бұларға тәуелді бірнеше батырлар бар еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның Байан-ағаша атты әйелінің жамағаттарынан еді. Бұл жақтан он кісіні белгілеп, үшеуіне басым қылып тапсырды: "Екінші мәрте "Бабақ[251], темекі салыңыз" дегенде, осы жерге келіп, Құдайарды тұтқындап, *табл-ханаға* алып кіріп, қамағайсыздар. Алтынлық сарайының қараңғы құжырасына жасырыңдар" — деп қайталап тапсырды.

Сонымен, Құдайар бұл күні де келмеді. [↑82ᵃ/82⁶↓] *Сұрұн* жиналды, бір-екі кісі хабарлағалы барды, сонда да ол келмеді. Өз жақыны Әбдірақым бекке бұйырды "Барып Құдайар бекті алып келіңдер, мұнда мәслихат бар, келмеске не себебі бар? Не болса да келтіргейсіңдер". Әлқисса, Әбдірақым бек келіп Құдайарға көп дәлел айтты. Қарындасы бұл түні қатерлі түс көрген еді, көп тосқауыл қойды. Жағасын ажал тұтқан еді, көзсіздік етті, көп қауіптенген сөздер айтты, дөрекі сөйледі: "Не хал болды, менің бір тал шашыма кім тиер, мені қамағандай жануармын ба?" деп, көп ауыр сөздер айтып, орда басына барды. Орда дарбазасынан кіргеннен кейін аңғарды, барынша сәнге қарамастан, барша халық бір уақиғаға дайындықта екенін көрді. Өкінді, амал болмады, амалсыз бейшара ішкері *сұрұнға* кірді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның тақ салтанатында айбаттанып әрі сұстанып отырғанын көрді. Мұбарак пешенесінде қаһар ізі бар, азап көрініс берген. Қол-аяғы қалтырап кетті.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам Құдайарға ауыр сөздер айтты: "Ей, Құдайар бек, сен тарапынан біздің хақымызда неше сан қиянат, қастандық қылардай, сенің хақыңда қандай қиянат қылған едік. Бәлки, пәлен-пәлен уақытта күнәлар сенің хақыңнан шықты, бірақ біз оған кешірім қылдық, осындай [↑82⁶/83ᵃ↓] дайындалған ісіңе ілтипат еттік, кемеліңе қатаңдық көргізбедік, ақыры шыдамдылық шегінен астың, сыймай тасығалы тұр. Әр ісіңе біз жақсылық еттік, сен оны өзіңнің күштілігіңнің арқасында деп ойладың, қалмақтарға берілдің, бірақ біз оны бір Құдай үшін қылдық. Сенен неше нәубет өтті. Енді нәубет бізден дүр".

---

[251] М. А. Салахетдинова "Бабақ, темекі салыңыз!" дегендегі Бабақты ата деп аударған, яғни: "Дедушка, насыпь табаку" деп оқыған: *Салахетдинова М. А.* Сочинение. С. 106; Мартин Хартманн "Бабақ, темекі салыңыз!": *Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 239.

Назым (парсы):

Мәжнүннің уақыты өтті, біздің нәубетіміз жетті,
Әркімге де бес күн нәубет берілген.

"Бабақ, темекі салыңыз" деді. Қырғыздар күтіп тұрған еді, тез арада әзір болды. Тоқал[252] атты бір пысық бар еді, отырған орнынан ұшып тұрып, қолын байлады және бір қолымен жерден алманы алғандай қолына көтеріп уысына алды. Бұл халде Құдайар көмекке шақырып айғай шығарды, неше баспалдақ жер астына түсіріп, көзден ғайып болғанша айғайлады. Хазірет Қожа Йусуфтың алдында қызметкерлер семсер, қылышпен әзір тұрды. Айқай-шу басталды, ешкімде күш-қуат болмады. Тағат тұта алмай, тұрған бектер барлығы өз жандары үшін қорықты. Барлығына сабақ болды, ешбірінде зәре-құт қалмады. Құдайар бұл істі тыя алмады және құпиядан сауал қыла (болжай) алмады. *Сұрұнда* отырғандарға ғайбат пен зілзала болды. Әсіресе Хош-Кипек бек қалтырап, бет-әлпеті сарғайып, түсі өзгеріп, [↑83ᵃ/83ᵇ↓] Кашмирде өскен шафраннан да сарғайып тұрды.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам отырғандардың халін байқап біліп, уайымнан жұбату үшін ілтипатпен айтты: "Ей, бектер! Бекер қорықпаңдар, дұшпан бір кісі еді, жазасын тапты. Тіпті Құдайардың жақындарына да ешқандай қорқыныш болмасын" деп сөзін тамамдады.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам Абд ал-Мажидке ишарат етті: "Құдайарды тариқаттан шығар" деп. Абд ал-Мажид оны түсінбеді немесе қастандық мәслихатына кіргендіктен, паш болмасын деді, яки Құдайарға қастандығы бар еді. Ол өз тарапынан барып, қырғыздарға айтты: "Қожам Құдайар не себептен тірі тұр, тез арада өлтіріңдер" деп хабар жеткізді. Қырғыздар сол сәтте ішін жарды. "Не қылдыңыздар" деген сауалға қызметкерлер болған жағдайды баян етті. Хазірет Қожа Йусуф-қожам осы істі көріп, айтты: "Енді еш пайдасы жоқ, Құдайарды өлтірді деп бектерге хабар беріңіздер. Мемлекетте мынадай жағдай болды, дұшпан бір кісі еді, тамам болды, онан өзгелері аман, бұл кісілерге еш қауіп жоқ. Құдайардың ұлдары да қорықпасын. Біз олардың жағдайы-

---

[252] Хартманн бұл атты Топал (Topāl) деп оқыған: *Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 239.

нан хабардар болып, ілтипат қыламыз. Дұшпан атасы еді, өзгесін бейкүнә дейміз, ал егер сенім [↑83⁶/84ᵃ↓] болмаса, дарбазаны ашық қылып, біреуді пана қылсын, еш кісі оларға азар бермесін, өз арызын ада қылсын". Содан бұл хабарды бектерге жеткізді. Бектер бірден-бірге жеткізді.

[Құдайар бектің ұлдарының қалмақ төресіне шағымданғаны]

Құдайар бектің ұлдары қауіптеніп шаһардан шығып, Үстіңгі Артужға барып, Алтын Артужға түсіп, Әбдісаттар бек сатқынға қосылды. Әбдісаттар бұл оқиғаны естіп, қуат-күші қалмады. Арандату жолына түсті.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам сол күні мемлекетке тапсырма берді: бір мың кісі жинап, әскер дайын болсын деді. Жоғары мәртебелі мырзалардан Мырза Данийал атты бір кісі сол кезде Қашғардың есік-ағасы Мырза Хайдардың атасы, аса сахиб камал, ақылды кісі еді, оны әскербасы (сипах сālāри лашкар) қылып, Артужға Әбдісаттарға қарсы жіберді. Бірақ "қорғанышы бар соғыста өлмес, әр кез қобалжымаңыздар, егер шығып кетсе кеткей. Қолға түсіруге асықпассыздар" деп тапсырып аттандырды.

Әлқисса, Мырза Данийал бұл әскермен барып, Әбдісаттардың аумағын біраз қоршап тұрды, бірақ бұлар сабырлылық сақтады. Ақыры түн ортасында [олар] пана-мұрсатты ғанибет санап қашты. Әскер артынан барып, олжаға кенелді. Бұл айлакер оңбағандар [↑84ᵃ/84⁶↓] Ақсуға келді. Ақсудан Абд ал-Уаһһаб пен қалмақ төресіне нама жолдады:

"Ей, төрем, Йусуф-қожам жамағаты — Қашғар, Йаркенд халқы сізден түгелдей жүз бұрып, көпшілік халықтар қылыш көтерді. Құдайар бектің дүкені (ғұмыры) тамам. Ол көп ғұмырын қызметіңізге сарп еткен еді. Жарлығыңызбен Қашғарға есік-аға болған еді. Кісіні өлім алғаннан кейін қалғандарға не мақсат болар. Біз айтар едік, бұл қожалар сіздерге опасыздық етіп қылыш көтерді. Жар берсе жүз есе қылып [кегімізді] қайтарар едік. Әмір етсеңіз" деп арыз қылды.

Бұл Әбдісаттар мен Құдайардың ұлы осы арыз-наманы алып Ілеге барды. Қалмақ төресінің аяғына жығылып, көп жас төгіп,

зар қылып, арыз айтты: "Ей, төрем, біздің атамыз да сіздің ата-бабаларыңызға жылдар бойы қызмет қылып, бар өмірін сіздердің қол астыңыздағы қызметте сарп еткен. Мұсылмандардың *баж-харажын* [↑84⁶/85ᵃ↓] сіздердің пайдаңыз үшін көбейткен, сіздердің жарлығыңызбен Қашғарға есік-аға болып еді. Қазір атамызды Иусуф-қожам "қалмаққа көңілің бұрып, оларға сөз өткеріп тұрсың" деп өлтірді. Біздерді де өлтірер деп қашып, жүз машақат шегіп бұл жерге келдік. Атамыздың кегін талап етеміз. Әскер бергеніңіз керек, барып кегімізді аламыз" — деп, Абд ал-Уаһһаб бек арызнамасын берді. Ақиқатты бұл нама мазмұнынан білді.

[Қалмақтардың елші жіберуі]

Бізге бет бұрып келгендер жүз мың пұшайман болыпты деп, әскермен барсақ деп мәслихат қылыпты. Және басқа кәпір халықтар да өз жоспарларын мәслихатқа салды. Тура қазір әскер барғаны дұрыс емес, өйткені Амур Сина Хақанға [Қытай хақаны] кетті, басқа әскермен келуі мүмкін деп дауысы бар ұлысы мен үлкені бұл келесі көзсіздікке ұласар деген жорамал айтты. Елші барсын, егер бұрынғыдай келісімге келетін болса құп, қазір елші жібергеннен кейін басқа әскер барар, оларға сыбағасын берер.

Тағы қыпшақ-қырғыздар бар еді, Іле жерінде, кәпірлердің қол астында болатын. Хазірет Қожа Иусуф-қожам: "Исламға көмек бергейсіздер" деп, Іледен нама жіберді. Содан бұл қырғыздар, уақытты ғанибет санап Куча шаһары арқылы Хотанға келді. Қалмақтар бұл істен көп шығын шекті. Содан бұл қырғыздарды кейін қайтармақ [↑85ᵃ/85⁶↓] сылтауымен [Қашғарға] елші барсын деп келісті. Түпкі мақсаты, бұлар мұсылман шаһарларынан *баж-харажын* алып, өз қажетіне сарп етіп әдет қылған еді. Бұл шаһарлардан еш сый-сыяпат көрмегендеріне көп уақыт өткен еді. Бұрынғылардың әскер жіберер әдеттері бар еді. Бұл да көмек бермеді. Мемлекетте заң мен тәртіп жоқ, бір-бірлеріне бағынышты болмай, бірі [дүнияуи] тақта, бірі [діни] тақ салтанатында отырып, жеке-жеке дұғагөйлік, төрелік қылар еді. Ортақ тәртіп бойынша — нашар іс істегендерге төре, нашар сенімдегі мұсылмандарға қожа қарар берер еді. Енді үш жүзге жақын атты әскер ерткен бір тәжірибелі сардарды толық қаруландырып, елші бейнесінде жібергеміз. Қашғарға

Хакім Хош-Кипек бектің атына, Йаркендте Хакім Ғази бектің атына, Нийаз бек есік-ағаға құпия *тамғалы* хат барсын.

Әлбетте, елшіге жарлық қылды "Хазірет Қожа Йусуфты, Хазірет Қожа Жаһан-қожаны ұстап, кісен салып, әулетімен Ілеге шығарғайсыздар. Бұл істе кінәлі көрсеңіздер, жазасы өзіңізден болар" деп, хатты тамамдады.

Мадаржи[253] атты бір кәпір *ғайуры* бар еді, оған үш жүз атақты батыр, жебе атқыш кәпірлерді, тегіс темір кигізіп, қосып жіберді. Содан бұл кәпірлер тез арада Ақсуға түсіп, Уч шаһары арқылы Қашғарға беттеді және бағзы [↑85^{б}/86^{а}↓] нашар сенімділер барлық шаһарлардан еріп жүрді. Қашғарға қалмақтан елші келеді деген хабар жетті. Хазірет Қожа Йусуф-қожам ести сала бұл елші бір құпия мақсатпен келетінін парасатымен білді.

Дәруіш Букаул деген сенімді қызметшісі бар еді. Соны сыйлық беріп "елшіні қарсы ал, барып аужайын көр, жақсылықпен келе жатыр ма, әлде, басқыншылық ниетпен келе ме? Ахуалынан мәлім болар, әр нешік ахуалда болса қуғыншы жібергейсің" деп, алдынан жолға шығарды.

Әлқисса, Дәруіш Букаул түсінік-парасаты мол, жақсы кісі еді. Екі күндік жерде қарсы алып, бұзық аужайы мен күдікті ахуалын көрді, сол сәтте қуғыншы жіберді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Хақтан, *сүбхана уа тағала*, жасырын пана іздеп, ұлы аруақтардан жәрдем тілеп, ашықтан-ашық өзін толық жерге тапсырып, соғыстың қару-жарағын даяр қылып, ордаға бағынышты халықтарды жинақтап, бір мың жүрек жұтқандарды дайын қылып, қару-жарақтарды қол астында ұстап тұрды. Елші жақын келгенше халықты шығарды, елші ақырындап шаһарға кірді. Дарбаза алдында соғыс құралдарымен әзір тұрған көп халықты көрді. Мұны көріп кәпірлердің жүректеріне қорқыныш ұялады. Орда алдына барса, толған адам, бес қаруы сай, сұсты [↑86^{а}/86^{б}↓] болып, соғыс күніндегідей барлығы дайын тұр. Кәпірлер ордаға кіргенде бұларды көріп естерінен танды, жандарынан үміт үзді. Келгендер екі жүз мың мәрте пұшайман болып, нашар бес-алты кәпір ішкері кірді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам төренің хал-ахуалын сұрады. Бұл кәпір-

---

[253] Хартманн бұл атты Медержи (Mederǧī) деп оқиды: *Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 241.

лер естерін жиып, сыпайылықпен баян етті. Хазірет Қожа Йусуф-қожам тапқырлықпен қам жасап, қарсы алды. Кәпірлерге күтпеген, ауыр оқиға болды. Келісімге келуге мәжбүр болды. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Хазірет Хаққа, *сүбхана уа тағала*, шүкіршілік етіп, қызметшілерге "әзірше кәпір болса да мейман, мейманға ізет пен құрмет көрсету қажет" деп бұйырды. Пайғамбар акрам хадисінде айтқандай "мейманға құрмет қыл, осынша кәпір болса да". Бұл хадиспен амал қылып, кәпірлерге кілем төсеп, елшіханаға түсірді. Өзінің қосшыларына [қажетін] даяр қылып беріңдер деп бұйырды.

[Елшілердің арандатушылығы, бектердің сатқындығы, Қожа Йусуф-қожамның қарсы шаралары]

Бұл елшінің өзіне ең жақын бір сенімді кісісі бар еді, оған тапсырды. Хош-Кипек бекті шақырып, төренің хат-тамғасын көрсетті. Хош-Кипек бек "Атекемнің сәлемінен Құдай Алланың жарлығы болмаса, төренің жарлығынан қорықпаймын. Егер әлем Құдайы тағдыры болмаса төре менің бір тал шашымды кем қылмас. Егер Алла тағдыры болған болса [↑86[б]/87[а]↓] жүз мың төрелер жиналғанда ғұмырым мен дәулетімді бос қауыздай жоқ қылар. Көп амал қыла алмас, екі жаһан қожасы Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, әулеті мен ата-бабам және өзім ол заттың кесімін оқып тұнып келдік, әр кез көргенсіздік қылмағаным жарар еді және екі жаһан ішінде мұндай лағынет таңбасын маңдайыма алып кетпегеймін. Дінді дұшпанға сатпағаймын және әр нәрсе келсе Құдайдан көргеймін" деп, қабыл етпеді. Және айтты: "Хазірет Қожа Йусуф-қожам өте зерек, дана кісі, мұндай теріс, пайдасыз, мақұлсыз істер қабылданбас" деп, көп тыйым етті.

Бірақ Биш Кирам хакімі Мұхаррам бек, Файзабад хакімі Ний-аз бек және бірнеше екіжүзділер Хош-Кипек бектен жасырынып келіп, елші кәпірге айтты: "Біздер не болса да төре жарлығынан шықпаймыз, ілтипатын көп көрдік, кісілікке жеттік. Біздерге қожа қажет емес, бұл мемлекет жерлерін қожалар харап қылды. Жұртымыздың өркендеуін өздеріңізден көреміз. Сіздерден бөлінген күні қырғыздар аяғына тапталармыз. Енді белгілі бір жоспармен Хазі-

рет Қожа Жаһанды ұстаған жеңілірек болады, өйткені ол аңғал кісі. Бірақ Хазірет Қожа Йусуф-қожам кішкенесінен зерек, ешқашан мойынсұнбас (жол үстінде: бірақ әуелі Қожа Йусуфты ұстағанша іс бітпес). Бұл істің мәслихаты: оларды өз ордаларында ұстаған болмас, бірақ одан өзге арасын бұзу туралы кеңес етсек, сіздер Хазірет Қожа Йусуф-қожамды осы [↑87ᵃ/87ᵇ↓] сарайға шақырсаңыздар, қосынсыз (серіксіз) келер, бірнеше бахадүр кісілерді жасырып қойсақ, соғыс қаруын қолына берсек Хазірет Қожа Йусуф-қожам үйге кіргенде бірден өлтіріп, сол сәтте егер серігі болса оны бірге өлтірсе. Егер бір сәтте ұстап өлтірсек, әлемге белгілі болар, өлтіргеннен кейін барлық дос-дұшпанның көңілінен шығар және онан кейін барлық тәуелділігі нашарлар (сенімсіздер) Йаркендті бір күнде қолға келтірер" — деген кеңесін баян етті. Барлық кәпірлер бұл кеңесті естіп, толығымен келісіп, мейман шақыратын жабдыққа қам жасады.

Бұл жайды Хазірет Йусуф-қожам аңдады, Йусуф қожам Хазірет Хақтан, *сүбхана уа тағала*, пана, ұлы аруақтардан медет тілеп, мүбарак қолдарын дұғаға көтеріп, мінажатқа тіл ашты: "Ахада! Самада! Хаййа! Қаййума!" мен таңдаусыз осылардың әмір-пәрменінде тұрақты да қайтпас бола алмадым, ғұмырымды пайдасыз нәрселерге сарп еттім. Кәпірлерге тәуелді болып, Исламда әлсіздік көрсеттім. Кәрім де, рақым, Сенің ғафу карам дарияңның толқыны келсе, жүз мың, тау-тау күнәларды тамшы қылар. Алла бұл асының бүлігіне қарамағайсың, сүйгенің Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, құрметіне бұл қалың кәпірлер арасынан көрінбегейсің, бұл болмысы кемтар пендеден Исламға жеңіс [↑87ᵇ/88ᵃ↓] сыйға тарт және шариғат абыройын қолдан жібермегейсің" — деп жылап, зарлап, көздері ұйқыға кетті.

Оқиға көрді, бір нұрдан жаралған кісі келіп айтыпты: "Ей перзент, не себептен қам көңілсің? Бақыт ашу Ислам тарапында, қамықпа, дұшпандар жеңіліс табады, таңда меймандыққа барғайсың, дұшпандар көңілінде арыз-арман қалмасын, көп уайымдама, басыңды көтер" деді. Осы сәтте басын көтерді, еш кісіден белгі жоқ, үй іші жұпар толы. Бұл аянды жақсылыққа жорып, шүкіршілігіне дәрет алып, екі рәкағат намаз оқыды.

Әлқисса, таңда елші кәпір Хазірет Қожа Йусуф-қожамды меймандыққа шақырды. Хазірет Қожа Йусуф-қожам барлығы темір

жарақ киген, толық қаруланған үш жүз кісімен елшіханаға кірді. Кәпірлердің көздеріне бір мұсылман үшеу болып көрінді. Кәпірлер қорыққаннан күмәнданды, "шынымен бізді ұстағалы келіпті, бәлекетке итермелеген күніміз бұл күн екен. Мұхаррам мен Нийаз бізге дұшпандық қылып, қылт (теріс ақыл) берген екен" деп өз жандарынан күдер үзіп, ішінен күйзелді. Бұлар сол себептен жанділімен қызмет етіп, хоштықпен қонақжайлықтың бәрін атқарды. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Аллаға шүкіршілік қылып, әртүрлі [↑88ᵃ/88ᵇ↓] қошеметпен ордаға түсті.

[Елшілердің Йаркендке аттануы, Қожа Йусуф-қожамның Хазірет Қожа Жаһан-қожамға ескертіп хат жазғаны]

Елші кәпірдің жүрегінен қасірет арылмады. Қашғарда тұруға шыдамы жетпеді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамнан рұқсат сұрады. Қожам сырттан қабылдап, жауап берді. Бұл кәпірлер, осындай жаман ниетпен Йаркендке қасірет қадамын басты.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам сенімді қызметшісінен басқа жолмен Хазірет Қожа Жаһан-қожамға нама жолдады. Мына мазмұнда:

"Бұл барған кәпір елші түгелдей жаман ниетпен келген екен. Қашғарда елші қастандықты айла жасауға тырысты, бірақ оның амалдарын Алла тағала біздің тарапымызға мәлім қылды. Осындай жолы болмағаннан кейін, аталмыш қиянатшыл пәле Йаркендке қадам қойды. Әлбетте, әрқашан зерек тұрыңыздар, өздеріңізді сақтаңыздар, бейқам болмаңыздар. Көп ықтият қылыңыздар: бұл кәпірлер шаһар ішінен, ордадан тысқары ұзаққа шықпасын. Әсіресе ол қиянатшыл арамза, айла толы Ғази-набкар жүз мың ұсыныс айтса да бармасын және оның сөзін әр кез қабыл тұтпасын, әр уақытта соғыс қаруын мұқият қылып тұрғайсыздар. Әсіресе дос бейнесіндегі дұшпандарды бақылау қажет.

Бәйіт (түрки):

Дос көздері дұшпанымнан тойымсыз егер іс түссе;
Бермес, алмас, жемес жаулар, көңілі көр жолдастар;
Және дос сипатты достар, қасымнан түспес көңілге реніш;
Қасыңнан емес, достардан сақтан көбірек.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам және де Хазірет Қожа Йахйа-қожам мен Қожа Сыддық-қожамның [↑88⁶/89ᵃ↓] аттарына хат жазды: "Ей, інілер, біліңдер әрі дана болыңдар, ұлылықтарыңа мастанбаңдар, кемге опа қылыңдар, бізге де опа болғай. Заманның әулиелі аңызынан қамсыз болмаңдар, әлем уақиғаларға толы.

Бәйіт (парсы):

Биік тауға сүйенгеннен құтылдым деп ойлама,
Жүз пәле жасырынып, жүз айдаһар тұр жолыңда.

Дұшпандар қиянатынан бейқам болмаңыздар, өйткені дұшпанның аса кекшіл көңілі қара ниетті қоздырар, сәл уақыт [істеріне] көзің жұмсаң өз ортаңда миыңды алғаннан кейін, өкініш пайда бермес. Істің ылажы — оқиға болмастан бұрын алдын алу керек, кейін пайда болмас. Хазірет Қожа көп дәруіштер өте аңқау, ділдері тым жұмсақ, осы себепті бағзы дос бейнесіндегі дұшпандардың қылғанын дұрысы мен расы сол деп ойлайды. Әр істі тәуекелге салады, тәуекел егер хақ болса өз орнына келеді. Әзірше әр іске Алла тағала бір себепті беріп тұр, осы себептен ол іс болуы керек. Әуелгі себепті орындады, онан соң қалған себепке тәуекел қылғай. Тәуекел қылмақпен бірге себепке мән бермеу пендеге онша лайық емес.

Хазірет Маулана мәснәуиінде айтыпты (парсы):

Пайғамбар айтты қатты дауыспен *хижрада*,
Тәуекел жақсы, бірақ түйенің тізесін байлаған дұрыс.

Сақтық, зор сақтық керек. Ғази бектің арамза айласынан бейқам болмаңыздар, егер оның сөзін Хазірет қожам қабыл тұтса, сіздер көп күмән қылғайсыздар, [↑89ᵃ/89⁶↓] әзір болып, бақылап тұрғайсыздар. Мемлекет ұстаған оңай емес, көп патша, шахзадалар өткен, жеңілтектікпен мемлекет жайынан хабардар болмады, дұшпандар торына түсті".

[Хазірет Қожа Жаһан-қожамның аңғалдығы, арамза Ғази бек]

Әлқисса, бұл насихат-наманы естіген Хазірет Қожа Жаһан-қожам бастаған барлық патшазадалар түгел ықтиятпен хабардар болып, әр уақытта әзір болып бақылап отырды.

Елші кәпірлер Йаркендке келді. Хазірет Қожа Жаһан-қожамға орда ішіне келіп сәлем қылды. Мұнда Қашғар ордасынан да бекемірек екенін көріп сескенді. Іштерінен бұл қожалар бірінен-бірі өткен зерек екен, толықтай дайын әрі бекем тұрады екен. Бізден біржола жүз бұрған екен деп ойлады. Бірақ қорқыныштарын білдіртпеді. Төресінің исламға қысым көрсетілмейді деген жағымды сөздерін жеткізді. Бәлеге соқтыратын әдеттерімен Ілеге шақырды. Төресінің жан-тәнімен мейірбандық көрсетпектік ниетін баян етті.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам да барлық залымдықпен жауап берді, Ілеге бармақты алдағы ниетіне қойды да, кәпірлерді елшіханаға түсірді. Бірнеше күн онда тұрды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам Ғази бекке барып кеңесті: арадағы көп жыл өмірімізді бұл іске сарп етіп, кәпірлердің тәуелділігінде өткізіп жүрміз, енді қазір демімиз таусылар сәт жетті. Ақиреттің ауқаты мен көлігі үшін біздер еш жақсы амал жасамадық, не деген өмірлік ұят, осы ұятшылықпен Құдай тағала қасына барамыз. [↑89[б]/90[а]↓] Хазірет Пайғамбар, *ғаләйһи-с-салам*, хадис айтыпты: әлдебір кісі болған екен, сол уақытта оны танымапты, ол кісі өз заманының Ислам патшасы болыпты. Ол кісінің қызметімен, жаһілдіктен, *әл-хамду ли-л-Лах*, Хазірет, *сұбхана уа тағала*, біздерді дін Исламның халқы қылып, хош ақыл-түсінікті сыйлапты. Бүлікшіні ретін тауып жақсылық жолына бастауымыз керек. Және бір хадис, Сәруардан, яғни: егер әлдекім бір жақсы істі бастап, Исламға кіргізсе, кейін оның сыйы сол кісіге болады. Әр кісіге осындай амал қылса ол ісіне қияметке дейінгі сауабы осы жолға бастаған кісіге болады. Оған ұқсап әркім де бір имандық пиғыл істі бастауға тиіс, әйтпесе оның күнәсі ол кісіге. Әр кісіні [иманнан] алыстатса, бұл нашар істің қиямет күніне дейін барлық күнәсі, обалы сол кісіге болады. Осы дүниедегі амалдардың абзалы — бірнеше істі орындап шықпақтық. Әсіресе, *газатқа* басқа еш амал теңдес емес, біздің алдымызда өткен барлық кісілер осы жолмен бұл іске барыпты. Өйткені *газат* жайында аят түсіпті: Егер сендерде мықты мың адам болса, Құдайдың дем беруімен екі мыңын күл-талқан етеді[254], [↑90[а]/90[б]↓] яғни егер мұсылмандардан мың кісі болса екі мың кісіні жеңер, бұл айат мазмұны бойынша, бір мұсылман екі кәпірден қашпағы дұрыс емес, яғни өзі бір кісі, иманы бір кісі деген. Кәпір егер уақытында үш болса жалғыз

[254] Құран Кәрім, 8: 66.

мұсылман қашқай, қашпағаны білместіктен. *Алла қаласа*, бұл жеті шаһар мұсылмандарынан бөлінушілік болмасын, не болса да кәпірлерге қарсы тұру қажет. Және де қалмақ елші қазір де, ешқашан да жар (жолдас) болмас, бізге әскер келтірер. Бейқамдықтан, иманымыздың нашарлығынан өз ықтиярымызбен кәпірлерге тәуелді болғанбыз, енді аластатқаймыз. Ей, бектер, бұл кәпірлерден жүз бұрғаймыз, Ислам ілімін басымызға көтеріп, ойланбай қылыш көтерейік деп, Исламның жеңетініне Ғази бекке, барлық Йаркендтің ұлыларына көп дәлел келтірді.

Бұл кісіге [Ғази бекке] Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, мәңгілік жазмышта бақытсыздықты жазған еді. Әр кез сөз бөлмеді, наразылық көрсетпеді, мақұл көрген болды. "Бірнеше күн күте тұрсақ кәпірлердің ниеті айқын көрінер" деп кеңес айтты. Хазірет Қожа Ғази падашының сөзін қабыл тұтып, мұрсат берді.

Арада бірнеше күн өтті. Ақырында бұл елші кәпір Ғази бекке және есік-аға Нийаз бекке төресінің тамғасын көрсетті. Бұлар жанділімен қабылдап, қиянат-кеңесін араға салды. Ақыры кеңестері [↑90⁶/91ᵃ↓] мынадай шешім тапты: "Ордада ұстай алмаспыз, өйткені жеті жүз сап бұзар батырлар толық қаруланып, барлық уақытта әзір де дайын тұр. Егер елші біздің қулығымызға келісім берсе, қожаны шақырсақ, ауруды көргелі келер, өйткені қожам сауапты іс үшін жанпида қылады. Қалмақтар дайын тұрса, осы айламен торға түсірейік. Бұдан басқа амал жоқ" деп келісті. Елші Ғази бектің үйіне келіп өтірік ауру бола қалды, бұрынғы *қарахан* орнында тұрған қалмақтарға жасырын орын дайындап, барлығына хабар берді. Олар қаруымен жасырынып, дайын тұрды.

Ғази бек өзі барып Хазірет қожамды шақырды, арыз етті: Тақсыр, иә, әлемнің патшасы, бұл күні барып менің *қалбаханамда сұрұн* түзсе, елші кәпірге кесел пайда болыпты, онда тағдырдың күдікті нышан-белгісі бар. "Төренің берген жарлығы бар" деп айтар еді, "тамғасы бар" деп көрсетер еді. Өліп бара жатырмын деп уайым қылады. Әркімнің де санаулы күні бар, ертеңгі күні не болар. Бүгінгі күнді қасында өткізсек болар еді деп, көп орынды сөздер айтып шақырды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бармаққа уағда берді. Бірақ Ғази бек шыққаннан кейін барлық патшазадалар, сардарлар ордаға жиылып, қожамның баруына көп кедергі қылып, барлығы бірауыздан айтты: О, Тақсыр, әлемнің патшасы, мұның арамзалығы бұрыннан [↑91ᵃ/91⁶↓] белгілі, мұның істері қулық-сұмдықтан

ада болмас. Елшінің пиғылы бұзық еді, қол жұмсаудан тартынбас. Ол жақтан, Хазірет Қожа Йусуф-қожам да Қашғардан неше рет насихат-нама жіберді. Хазірет бір себеппен барса, дұшпандар нақақтан қастандық қылса, біздер Хазірет Йусуф-қожамға не деп жауап бергеймiз деп, шексіз де шетсіз тосқауыл қойды.

Содан, арамза Ғази бек кәпір үшін анар шарабын аштырды, кілем-төсеніш арасына жатқызды. Бұл жерге Хазірет Мир Әлішердің мысырлық *ғазалдары* сәйкес келер, бәйіт (түрки):

Көңілімнен қауіп көріп жаптың бұйра шашыңды,
Құс аулаушы кептерге тор құрды.

Хазірет Қожа Жаһан-қожамның өзіне жақын Мұхаммед Абдалла Букаул атты мосқал, өзі аңқау қызметшісі бар еді. Оны шақыртып айтты: Сіз барып көріп келіңіз — деді. Бұл кісі барып көрсе [елші] қатты жөтеледі, бір кесе қан түкіреді, төсегінің басына ірің ағып, тыя алмайды, осындай ауыр жағдайын көрді. Ол кәпір айтты: Қожам келсе екен, бірнеше сөзім бар еді, айтар едім, кеселім қиын, ауырлықтан жағдайым жоқ, жылдам барыңыз, тез келсе, көрісіп қалсақ деп асықтырды. Ғази бек те айтты: "мен де ескертемін, уайымдаймын, Қожам мені жаманаттылықтан көтерсе" деп, көп тапсырды.

[Елшілердің арамдығы, Хазірет Қожа Жаһан-қожамның тұтқынға түскені]

Содан, Мұхаммед Абдалла [↑91[б]/92[а]↓] Букаул аңқау кісі еді, бұл арамза айланы шын көріп, асығыс Хазірет Қожа Жаһан-қожам құзырына келді. Бұл халде Қожа бұл жамағаттың тоқтатқанына жауап ретінде Хақ Алла білім дариясына көңілі бөлініп, айтыпты: *Алла қаласа*! Бар үмітім: жүз мың айла-амалдармен бізге зиян етер, бірақ Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, біздерге осынша дәреже сый қылды. Ақирет дүниесінде онымен абыройымыз көтерілер. Қасиетті Құран хабар беріпті: **Тегінде, сендерге ұнамайтын кей нәрсенің өздерің үшін пайдасы да бар**[255], яғни, көп нәрсе бар, сіздер одан сөзбен қауіп қыласыздар, кейін ол нәрсе шынымен сіздерге қайыр болады. Бұған ұқсас көп нәрсе бар, сіздер оны дос тұтасыз-

[255] Құран Кәрім, 2: 216.

дар, одан қайыр күтесіздер, бірақ ол нәрсе шынымен сіздерге қауіпті. Содан осынша ұятқа қалғандықтан, бірнеше жараңыз сарғаяр, осындай амалда Хазірет, рақымдылардың рақымы, жомарттардың жомарты, бұл қасіретті кетіріп, оның орнын ұлылықпен толтырар. Содан Хазірет Али Карам Алла уәж айтыпты: **Қиындық қыспағына түскенде "А лам нашрах"[256], "'Уср"[257], "Йусарин"[258] және "Тафрах"[259] [айаттарын] ойла**, яғни, саған бір қастандық жасаса сен ойлан, "А лам нашрах" сүресінде бір қиындық екі жеңілдік [↑92ᵃ/92ᵇ↓] арасында, әр уақытқа пікір қылайық, одан ырза боларсың. Әлбетте, бір қиындық екі жеңілдік арасында бірі бұл дүние, бірі ақиретте.

Бұл жайында шайырлар *бәйіт* шығарыпты (парсы):

Жақсы іс істеушінің өзіне құпия,
Жүсіп құдықтан құсқа қақпан құрады.

Яғни, дұшпандар бар күшімен қысым қылады, бірақ ісінің жақсы-жамандығы оларға құпия. Бұдан ол кісіге осынша дәреже, жеңіс боларын білмейді. Осыдан Хазірет Йусуфты, *ғаләйһи-с-салам*, бауырлары қастықпен терең құдыққа тастады, осы арқылы ол Мысырға патша боларын, өздері Йусуф, *ғаләйһи-с-салам*, алдына барарын білмеді.

Және ақыл айтыпты, бәйіт (түрки):

Жапа мен өкпе етер ол, жаза қылар,
Құтқармаққа жанынан ықтияр қылар,
Тіпті пендеге әрқандай машақат,
Ауырлық не жеңілдік етсе, бәрі тағдырдан.

Және шайырлар жырлайды (түрки):

Тағдырдан қандай өкпе келсе де, тіпті, қысым мен азап,
Нендей уақиға болса да, маған болар.

---

[256] Құран Кәрім, 94: 1 – "(Ей, Мұхаммед!) Сенің кеудеңді ашпадық па?" аятына ишара.

[257] Құран Кәрім, 94: 5 – "Әрине, әрқалай қиындыққа қоса жеңілдік бар" аятына ишара.

[258] Құран Кәрім, 94: 6 – "(Тағы айтайық): әрбір ауырлықтың бір жеңілдігі бар" аятына ишара.

[259] Құран Кәрім, 28: 76 – "Сен әспенсіме, асқақтағанды Құдай шынында жақтырмайды" аятына ишара.

Содан Хазірет Қожа Жаһан-қожам мүбарак көздеріне жас толып, *такаллумға* тіл ашыпты: "Ей, *бәйіт* оқушы, білімді және дана болыңдар, біздің ажалымыз қазір бұлардың қолында емес, тағдырдың жазғанында. Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, біздерге уақыт сый қылар, бұл кәпірлерден елімізді тазартайық. Қара жүзімізді ағартып, Ислам қылышын қолға алып, кәпірлерге тартынбай қылыш сермегейміз, дін Исламды таза еткейміз. Осы кезде шығыстан [↑92^{б}/93^{а}↓] бір тобыр шығып келер. Мақсаты тездетіп бұл шаһарлардың тамаша тағына жету, ол уақытта жеңіс соларда болар. Және бақытсыздық біздің тарапта болар, тіпті біздің жағымызда Рүстем Дастан немесе Сам Нариман майданға шықса да, олардың аттылары үстем болар, ал егер атақты Піл бізге марапат қылса да, олардың жартысы да маса шаққандай зақым көрмес, біздің ажалымыз солардан. Әуелгі топтың қолында емес, олардан рақым болғай. Бәлки адамдардың өлімі олардың мақтанышында емес, мына шайырларда" деп, бұрында шығарған (8 жолды) *мусаммандардан* бір-екі *бәйітті* оқыды.

Бәйіт (түрки):

Ақыры бір күн ажал торына түседі жанымыз
Сеніммен сәждеге бас қоюға дәрменіміз жетпей
Датымызды естірте алар ма екенбіз,
Біздерден хат апарар елші таппай,
Басымызға сая болып тұрғай иманымыз.
Жүз қызғалдақ жайлауы болар төгілген қанымыз,
Барша дос және имандылар көп екен арманымыз,
Қанішер көңілділер қанымызды ішкенше.

Хазірет Қожа Жаһан-қожамның әйелінен бір ұлы бар еді, оны Қыран қожа атар еді, бірақ асылы, есімі Қожа Хасан-қожам еді. Жасы алты-жетіден аспаған еді. Бір күні түрлі түсті керемет пайда болған екен. Бағзы бір таңғажайып істерден хабар береді. Хазірет Қожа Жаһан-қожам өзі тәрбиелеп, баланы оқытқан еді, бағзы уақытта аян [↑93^{а}/93^{б}↓] керемет көп, анық болған уақытта базар тағамынан алдырар еді, бірдей жағдайға келер еді.

Әлқисса, бұл перзент алдында отырғанда, құшағына алып, маңдайынан сүйіп, айтқан екен: бұл бақытсыздық, қайғы бізбен бірге кетсе екен, біздің баламыз, сіздерге пәле жабыспаса екен. Өйтке-

ні бұл тірліктің дәмінің ләззатын татпаған және рақатын көрмеген. Бұл ұлы бала ешкімге қасірет шектірмес. Бұл іске не біз, не сіздер, не өзгелер амал тапқаймыз. Бәлки бұл ақылдымның басына діріл мен зілзала түсер, өзі бейкүнә, кісі өлтірген залым емес, бұған ұлы қатер.

Бұл сөздің уытынан өздерін-өздері ұстай алмаған қызметшілердің ешқайсысында шыдам-күш қалмады. Сарай ішін қиямет ұрды, бірден барлығы көз жастарын төгіп, зар еңіреп, қайғырды. Бақытсыздық дауысы дөңгелек күмбезді толтырып шырмады. Біреулері өздерінен кетті, енді біреулері күнге самғаған қанаты сынған құстай сабырсыздықпен *самада* тұрған халде еді.

Мұхаммед Абдалла Букаул кіріп, елші кәпірдің ғаламат халін және Ғази бектің тапсырған сөзін баян етті. Қызған қазанға су құйылғандай болды. Еш кісіге бұл сөз хош келмеді. Шихаб аддин Букаул бұған қаһарланып: [↑93^{б}/94^{а}↓] "бір уақыты болғай, сендерден бұл берген өкпенің кегін алғаймын" деп іштей өзіне-өзі уәде етті.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл жиынның тосқауылдарын қабылдамай, "барлығыңыз да әзір болып, бақылап тұрғайсыздар" деп тапсырып, Қожа Йахйа-қожамды серік етіп, қызметшілерін ордада қалдырып, аз кісімен атқа мінді де "Кім Құдайдан қорықса" айатын оқып Ғази бектің *фасадханасына* аттанды. Ғази бұрынғыдан жүз есе артық шарапат пен қонақжайлық қылды, үйге алып кірді. Кәпірдің тынышсыздықпен төсекте жатқанын көрді, бірақ оның айлакерлігі, түрлі ғаламат жаулығы, қиянатшылдығы түрінен айқын көрініп тұрды, онысын көрсетпеуге тырысты. Құдайға тәуекел қылып, бірнеше сағат өтіп еді, бір нәубет жайға душар етті. Бірнеше кәпір кіріп, Хазірет Қожа Жаһан-қожамды, Хазірет Қожа Йахйа-қожамды "Төре жарлығы" деп ұстап шынжырлады. Мейманханасына кіргізіп қамады, тысқары дарбазасын бекітіп алып, қызметке келген қызметшілердің бәрі даяр тұрды. Ордаға хабар айтып бармауын, осы хабарсыздықты пайдаланып талан-тараж салуды көздеген еді.

Хазірет Қожа Сыддық-қожам бастаған бірнеше кісілер орда төбесіне шығып қарап тұрған еді. Ғази бек дарбазасы анық көрінетін еді, қараса [↑94^{а}/94^{б}↓] бір шектен шыққан оқиғаның болғаны анық болды. Дарбазасының [бекітілгенінен-ақ] ақиқатты білді,

лағынетті аяр іс мәлім болды. Іс насырға шапқанын біліп, бұлар да орданың дарбазасын бекітіп, соғыс қару-жарағын даярлап, әзір болып аңдап тұрды.

Сол сәтте мұсылман мен кәпір аралас екі жүз кісі ордаға қарай лап берді. Дарбаза бекітілген, ілгері барғанды жоғарыдан атты, жаулар артқа шегінді. Орайын тауып орданың бір тарапын бұзып, Хазірет Қожа Сыддық-қожам және Шихаб ад-дин Букаул бас болып отыз бес батыр шаһарды тастап, Хотан жаққа [қашып шығып] кетті. Қызметшілерден Мұхаммед Мирахур атты бір кісіні Хазірет Қожа Йусуф-қожамға хабар жеткізгейсің деп Қашғарға жіберді.

Риуаятшы осындай *риуаят* қылыпты. Хазірет Қожа Сыдық-қожамды ұстауға кәпір, мұсылмандардан бес-алты жүз кісі соңынан түсті. Зарафшан дариясы жағасында бұлар артынан қуып жетті. Барлығы көздерін көкке тігіп мінажат етті.

(Парсы):

Құдіретім, өзіңді ең жақыным деп санаймын,
Өзіңе теңдес басқаның жоғын білемін.
О Алла, бұл жағдайда қол ұшын бер,
О Алла, жан-айғайымды есті қазір.

Мінажат Хаққа қабыл болып, жәрдемі жетті. Баршасына батылдық пайда болып, жауды шегіндірді. Осы кезде бір кәпір жағымсыз сөз сөйлеп тұрды. Атқа отырып атақты Шихаб ад-дин Букаул садағын ыңғайлап: "Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын! [↑94⁶/95ᵃ↓] *Ғазат* ниетінде" — деп, оның аузын нысана қылып атты, кәпір басын бұрғанша аузына тиіп, аспаннан бір-ақ шықты. Бұларға Хақ айбаты анық болып, артқа шегіндірді. Хазірет Қожа Сыддық-қожам бағадүрлері Хазірет Хаққа, *сұбхана уа тағала*, шүкіршілік етіп, Қотанға беттеді.

Қотанға жақындағанда Ғази бек қызметшілерінің бірі де Қотанға келген еді, ұшырасқан жерде оны ұстады. Мына сөзді өсиет қылып бір атпен қоя берді: "Барып Ғази қанішерге айт, дада патшаның [Жаһан-қожам] бір тал шашын түсірмесін, егер бір тағдырмен зиян тисе, ант етемін Ғази бектің Қотандағы әйел, бала-шағасын, ұл-қызын, жетпіс аталас ағайынын Йаркенд дарбазасы алдына алып келіп қойша бауыздап, қанына түкірермін. Жұрт алмас Йаркенд қабырғаларынан осы қашқан жолым, сені тіршілікте қоймас-

пын, барлығыңды өлтірмесем, Қожа Сыддық мұсылман болмағаймын" деп өз саясатын көрсетті.

Хазірет Қожа Сыддық-қожам Қотан шаһарына жақын келгенде барлық мемлекет халқы қарсы алып, қошеметтеп шаһарға кіргізді. Хазірет Қожа Шамс ад-дин-қожаммен амандасып, оқиғаны баян етті. Ол кезде Ғази бектің бір ұлы Қотанда хакім еді, оны ұстап, кісендеді. Және бір ұлын, барлық туғандарын ұстап кісен салды [↑95ᵃ/95ᵇ↓]. Қотан Іледен келген қыпшақ-қырғыздарға толды. Омар мырза атты бір сардары бар еді. [Сыддық-қожа] бұларға Ғази бек ұлдарын тонауды бұйырды. "Барлық қырғыздар мен Хотан халықтарынан әскер түзгейсің, бір күн ішінде дайын болсын" деп әмір етті. Барлық әскер дайын болды. Хазірет Қожа Сыддық, *Алла оған рақымды болсын*, жеті мың кісімен Йаркендке қадам басты. Ғази бектің әулеті мен барлық қандастарын қол-аяғын байлап, қырғыздарға тапсырды, азаптап алып жүрді.

[Мұхаммед Мирахур. Жаһан-қожамды құтқару шаралары]

Сонымен естімек керек Мұхаммед Мирахурдан. Бейсенбі күні еді, [Жаһан]-қожамның ошағында Йусуф атты бір кісі бар еді, жолда ол ұшырасты. Бұлар екеуі [Мұхаммед Мирахур мен Йусуф] түнделетіп жүрді, жұма күні, түс уақытында артқы есіктен Қашғарға кірді. Қожа Йусуф-қожамға амандасып, оқиғаны баян етті. Хазірет Қожа Йусуф-қожам қапаланып, қолын санына соқты, тамырында батылдық пен қайрат кернеп, денесіне күйініш толды. Халифа Сабырға: "бұл екі кісіні дұшпандар таппайтындай етіп жасырыңыздар" деп әмір берді.

Өзі жақындарымен Қарақирға шығып, мемлекеттің барлық сардарларын сонда жинап, ортаға кеңес салды: "Іледен бір топ қырғыз келеді екен" деген сыбыс бар еді, қазір жақын келген екен. Тағдыр жазуымен келсе пақыр-тұрғындарға зұлымдық жасауы ықтимал. Йаркендтіктерге де бұл істе сенім жоқ [↑95⁶/96ᵃ↓] екен, әскер жиылсын, не болса да өзіміз даяр тұрғаймыз, шарасыздықтың белгісі болмасын" деп, әскер жиылар жерді белгіледі.

Екі күн ішінде әскер жиналды, екі күннен кейін Мұхаммед Мирахур мен Йусуфты алып шықты, бұлардың қолдарына хат

берді. Мазмұны: "Ей, Ғази Падашы, абайла, біліп қой, сен бұрынғы орныңды ұмыт, бейқам болсаң біліп қой, ұйқыда болсаң оян, Пәруардігер затының кегіне, егер Патшаның бір тал шашына зиян тигізсең, жетпіс туысыңды өлтіріп, Қабағат дарбазасының алдында *заби* қылып жіберермін, Йаркендтің тамам халқын тұтқындап, белгілі қамалдарын ойран қылып, шаңын аспанға шығарармын. Әйтпесе Қожа Йусуф Кашғари болмаймын" деп саясатының шетін шығарды.

Содан хатты бұл екеуінің қолдарына тапсырып: "Бұл хатты Ғазиге бергейсіңдер, қарсыласпай көп саясат қылғайсыңдар" деді. Бұл екеуі хатты алып, Йаркендке жүрді. Бір-екі жерде бақылаушы жол торуылшылар бар еді, қайыр болғанда [олардың] көзіне түспей шаһар дарбазасы алдына келді. Дарбаза бекітулі екен "Дарбазаны ашыңдар! Хазірет Қожа Йусуфтың жарлығы мен хатын алып келіп тұрмыз. Өзі әскерімен артымыздан келеді" деп айғай салды. Сол сәтте "Дарбаза ашқайсың" деген дауыс шықты. [↑96ᵃ/96ᵇ↓] Йаркенд халқында еш шара қалмай, пана таба алмай тұрған еді. [Бұларға] ешкім жаушылық жасамай, Оқ дарбазасын ашып, бұл екеуі шаһарға кіріп Ғази бектің *фасадханасына* келді. Елші кәпірдің қасына барлық қалмақтар жиылып, барлық бектері отырыпты. Хатты Ғази бектің қолына берді. Ғази бек қорқынышпен алып оқыды, денесінде діріл пайда болды. Бұл екеуі [Мұхаммед Мирахур мен Йусуф] қалмақ тілінде шетсіз-шексіз саясат шығарды: "Он мың әскермен Хазірет Йусуф-қожам аттанып келеді, оңтүстіктегі қырғыздарға кісі жіберді. Бар тараптан әскер келіп, қосылып жатыр" деп баян етті. Кәпірлерде де, мұсылмандарда да құт-береке қалмады.

Алдында ғана Хазірет Қожа Сыддық-қожамның Қотан жолында Ғази бек қызметшілерімен жіберген саясат-намалары да келіп еді. Бұл екі саясаттан ақыл-хошы жоғалып, бұл екеуіне толық көнбістік көрсетті. Артынан ақырындап Хош Кипек бектің хаты жетті, бұл хатта саясат көбірек еді: "Ей Ғази бек, сіздің опасыздығыңыздан Йаркендтегі барлық туысқандарыңызды жоқ қылдыңыз, бұл не сатқындық, енді екі күндік қана өткінші дүние үшін, Исламнан бет бұрып, кәпірлерге бауырлық қылып, Пайғамбар әулетіне осындай жапа қылып, түнектен келген келімсектерге жағымпаздanып [↑96ᵇ/97ᵃ↓] тұрсыз. Ақиретте Расул, *ғаләйһи-с-салам*, алдында қандай жағдайда болғайсыз. Хазірет Йусуф Қадыр хан, ғази имамдардың соғысы уақытында да, бұл уақытта да біздің Хотан

халқының басымыздан жаманат кетпес еді. Онда да сіздің бір-екі арамза, жаман ниет сұмдығыңыз тамам халыққа жаманат әкелген еді. Қазіргі сіздің бұл пиғылыңыздан, жасаған сұмдығыңыздан Қотан халқының басынан әркез, қияметке дейін жаманат кетпес. Мен сізге жанашыр әрі жерлес болғандықтан мұңды болдым, ондағы жерден де кеттім, бар әлемнің өкініші маған жүз берді. Бұл пиғылды мен мақұлдамаймын. Қазір бұл істің шешімін тауып, Хазірет Қожа Жаһан-қожамды салтанат тағына отырғызып, күнәңізге кешірім тілеңіз, өйткені обалы сіздің айналаңызға тиер. *Нама тамам уа-с-салам*".

Ғази падашы бұл сөздерді естіп ақылынан адасып, пұшайман болды. Бұл хаттарды орда халқы естіп, жүз есе асырып таратты. Орданы бұрынғыдан да бетер бекітіп, адамдар күш-жігерін жиып тұрды.

Содан Ғази арамза айлакерлік етіп өз адамдарын қалмақша киіндіріп Хазірет Қожа Жаһан-қожам отырған *құжыраға* келіп, әлімжеттік қылдырып, Ғазидің өзі оларды тоқтатқан болып: "Мен Қожам үшін жанымды пида қыламын, оларға зарар тигізгенше маған тигізіңдер" деген болып, қиналған болар еді. Ғази осылай айла-шарғы жасай [↑97ᵃ/97ᵇ↓] тұрар еді.

Осы кезде: "Хазірет Қожа Сыддық-қожам Ғази бектің барша әулет-жақындарын тұтқындап, қырғыздардан, Қотан халқынан неше мың әскермен келеді. Йаркенд дарбазасы алдында оларды өлтіреді екен" деп Қотаннан кісі келеді. Ғази бек бұл жайды естіп, есі шығып кетті. Елші қалмақтарды шаһар ішіндегі баққа түсірген еді. Кәпірлермен де ісі қалмады. Сол түнде ұлына семсер, мойнына садақ астырып, қалаға кіргізіп арыз етті: "егер де кәпірлер шабуыл жасап *шаһид* қыламыз десе, біз де қоймаспыз" деп.

Әлқисса, Ғази жар-ашналарынан Йаркендтің игі жақсыларын жинап, сұмдық уақиғаны баян етті, олар келісті: "Бұл жерлер, әсіресе, Йаркенд халқы Хазірет Қожа Ысқақтың, *Алла оған рақымды да риза болсын, Алла оның қабірін нұрландырғай*, тиісті жерлері, *мурид-мухлистері* еді. Бұл жерлер олардың туыс-туғандарының берекетінен гүлденген еді. Осындай сенуге қиын оқиға болды. Мұның салдарынан, ақыры біздің басымызға не жағдай түсер. Бұл жерлердің ахуалы не болар екен. Қазір бұл істің алдын алу қажет. Хазірет Қожа Жаһан-қожам адамзат арасындағы ең қасиетті де берекеттісі. Оның жомарттығына [↑97ᵇ/98ᵃ↓] сиынып, Калам Ал-

ла, шариғаттың арашасына шақырып, күнәмізді кешіруін тілесеңіз екен, түнгі мәслихат өткізсек" деді. Ғази бұл кеңеске келісіп қамын жасауға кірісті.

[Хазірет Қожа Йусуф-қожамның Қожа Жаһан-қожамды құтқаруы]

Әлқисса, Хазірет Қожа Йусуф-қожамның таңғалдырар ғажайып оқиғаларынан *дастан естімек керек*. Әңгімеші мынадай *риуаят* қылады: сол күні Хазірет Йусуф-қожам Йаркендке хат жолдайды. Хазірет Қожа Абдалла-қожамды мың батырымен бірге Барчуққа[260] жіберіп: "Іледен сары қалпақ руының қырғыздары келеді екен, сен солардың жолын кеспекке бара жатқаның бетке ұстар сылтауың болсын. Бірақ баруыңның негізгі мақсаты, егер күтпеген жерден Хазірет Қожа Жаһан-қожамды Ілеге алып жүрсе, барып торуылдап жүріп ажыратып алғайсың" деді.

Хазірет Йусуф-қожам бұл қырғыздармен Іле жерінде келісім жасасқаны себепті көңілдерінде еш қорқыныш жоқ. Тек келгенше алаңдап, тездетіп келгейсіздер деп жасырын кісі жіберткен еді, қырғыздар да асықты. Бұдан хабары жоқ халық олардан жүрексінеді. Әлқисса, [қырғыздар] жүрістерін тездетіп Хазірет Қожа Йусуф-қожамның қызметіне келді. Мемлекет тараптарынан да әскерлер жиылды. Қырғыздар қызметшілік міндетті өз мойындарына алып, қызметшілердің рухын азат, жанын жай етті. Барлық халық қайран қалды, осы [↑98ᵃ/98ᵇ↓] күні Хазірет Қожа Йусуф-қожам ғұламалар мен әмірлерді және мемлекет ұлыларын жинап, тариқа-кеңес жолымен деп жар салды: "Ей, жарандар, Қашғардың ұлылары, біліп қойыңдар, Хазірет, *сұбхана уа тағала*, адамдарды өзіне етер ғибадат үшін жаратыпты: **Жындарды, адамдарды тек өзіме ғибадат ету үшін жараттым**[261], яғни арамза жындарды өзіме халық қылмадым, адамды өзіме ғибадат ету үшін халық қылдым. Қашанғы біздер бұл әзіз-өмірімізді, бұл ұлы тафсирді пәле

---

[260] Барчуқ — Маралбасы қаласының бұрынғы аты. Қызылсу өзенінің жағасында Йаркендтен Ақсу мен Учқа баратын жолда (*Чурас*. Хроника. С. 295).

[261] Құран Кәрім, 51: 56.

кәпірлерге тәуелділік қызметіне жұмсаймыз, қай бетімізбен Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, дәргаһына жүз келтіреміз. [Қияметте қойылатын] қисапсыз сауалға [қалайша] осы жаманатпен жауап берерміз. Ол жерде қасірет пен өкініш пайда бермес. Енді ілгеріде істің ылажын жасау керек, біздерді әлем Құдайы ер етіп жаратыпты, өз өмірімізді Құдай дұшпандарының билігінде өткергеніміз бізге намыс емес пе, қалай мұсылман, қалай жар боламыз?".

Хазірет Қожа Хафиз Ширази, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, айтады: "Достарыңа кішіпейіл, жауларыңа ұстамды бол", яғни екі әлемде тыныштық көрейін десең Құдайдың достарына жақсылық жаса, яғни басшылық ет. Құдайдың дұшпандарына мейірімшілік ет, яғни билік етпе депті. [↑98[б]/99[а]↓] Пендесіне *жихад*[262] пен *ғазатты* парыз қылыпты. *Әл-хамду ли-л-Лах*, мұсылмандар қазіргі уақытта кәпірлермен қарсыласуға құдіреттері бар, кәпірлер ішінде бөлінушілік пен алауыздық көп. Екі тарап қырғыздар кәпірлер жағынан бет бұрып, мұсылмандарға қосылды. Қазір бір бөлігі Қотанда, бір бөлігі Қашғарда орнықты. Бұрынғы уақытта тағатпен [мойынсұнудан] өзге шара жоқ еді, ол кезден бұл уақытқа дейін амалсыз бағындық. Енді қарап отырғанымыз лайықсыз, өлкемізді кәпірлерден тазартып, Ислам ілімін қорықпай басымызға көтеріп, бақыт әкелер семсерді кәпірлердің басына ұрғаймыз. Ақирет ашуына қорықпай жиналғаймыз. Жылдан-жылға және неше ғасырлар бойы сіздермен бірге едік. Әрқашан *ғазат* пен Ислам ашу ниеті көңілімнен шықпас еді, неше рет арман қылар едім: "О, арман! Бір уақыт қол ұшын бергейсің! Бұл кәпірлерді биліктен алас қылып, тақ салтанатына Тимур ханды (шағатайлық) отырғызып, мемлекет істерін оған тапсырсақ. Өзіміз Кучаға барып, ата-бабаларымыздың рәсім-қағидаларынша дұғагөйлік тариқасымен өмірімізді *тағат, ғибадатта* өткізіп, неше жылдарғы кәпірлердің [кесірінен ұмытыла бастаған дәстүріміздің] қалпына келтіргейміз деп. *Әл-хамду ли-л-Лах*, ол уақыт тура қазір келгенге ұқсайды. Осы жағдайда мақсатым баршаға жеткей деген үмітім бар. [↑99[а]/99[б]↓] Сіздермен кеңесіп, егер мақұл көрсеңіздер келісім-міндетімізді жаңғыртайық, сол үшін қол алысып, ант етейік" деп, тәтті әрі жан күйдірер сөздер айтты. Бұл сөздерді ғибадатымен растады.

---

[262] *Hamada M.* Jihad, Hijra et "devoir du sel" dans l'histoire du Turkestan oriental // Turcica. 33 (2001). P. 35–60.

Жылағандардың айғай-шуы, шыңғырған-күңіренген дауысы қиянға жететіндей болып, аспан күмбезіне толып кетті. Бірде барлығының көздеріне жас байланып, салауат жаңбыры жауып, анық болды. Біраздан кейін өздеріне келіп, бәрі айтты: "Қазір денемізде бір жан, егер жүз мың жанымыз болса, бәрі де Ислам жолында пида болғай. Бақытқа жету белгісі көрінді, өлсек арманымыз жоқ, ақиретте *шаһидтер* мен *ғазилер* саптарында болармыз деген үмітіміз бар" дейді. Барлығы жан-ділімен қабыл қылып, келісім шарттарын жаңғыртып, мүбарактік етті. Бұл жиынның үйлестірушісі, мәжілістің сәні, от тілді, орақ ауызды, қауымның ең сүйкімдісі, Ахунд Ағлам, шын аты Молла Махмұд, дұға қылды.

Ол уақытта үш жүз саудагер ширас-қалмақ тайпасынан сауда жасауға келіп Сұкатаг[263] жанындағы жерде шатыр тігіп жайғасқан еді. [Мұсылмандар] әскеріне барып "[саудагер] кәпірлерді Иманға шақырғайсыздар, егер қабыл етсе құп, әйтпесе өлтіргейсіздер" деп әмір қылып, рұқсат берді. Шаһарға жар салсын деп кісі жіберді: "Дәуір, дәуір — Ислам дәуірі" деп дағырашылар, [↑99⁶/100ª↓] кернейшілер шаттандыра бастады, күмбірлеген дыбысы аспан астын кернеді. Дұшпандардың жүрегі пәре-пәре болды. Әр жерде екі кісі бір-бірлерін кездестірсе дін Исламды мүбарак етіп, құшақтасып, қол алысты. Ол күні әр азат пенде қаншама қуанышқа кенеліп, екі әлемнің мұратына жеткендей болды.

Әлқисса, ол уақытта Ислам әскері кәпірлердің еліне келгенінен хабар алған кәпірлер жедел соғысқа дайындалады. Мұсылмандар кәпірлерге сылтаусыз ұрыс сала алмай тұрған еді. Бірінші кәпірлер шабуыл жасады, бір сәтте мұсылмандар кәпірлердің жандарын шығарды. Бірнешеуі Үстіңгі Артуж тарапынан пана тапты, артынан қумады. Шаһар ішіндегі *қарахан* болып тұрған қалмақтар қауіпсіз еді. Барлығы мұсылмандарға пайдалы іс жасамақ болды. Қиянатшыл, ажайыбұзық елші кәпірге Хазірет Қожа Йусуф-қожам "дайын бол" деп астарлап айтқан еді. Сол себептен бұл кәпірлерді "көргенін айтсын" деп елден аман шығарды. Барлығының көңілдерін үрей билеп алды. Қырғыздар да "біздерге жаза етіп, қалмақтарға ұстап берер ме екен" деп қатты күдіктенген еді. Бұл істерден жандары тыншып, Йаркендке әскер болып бармаққа қам жасады.

---

[263] Хартманн Сукатағ (Sūkātāgh), яғни Сугат тау (Sūgāt-Tāgh) деп анықтайды. *Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 248.

[Ғази бектің кешірім тілеп Жаһан-қожамды тақ салтанатына қайтаруы, елшілердің Йаркендтен қуылуы]

[↑100ᵃ/100ᵇ↓] *Сонымен, хикаят-дастан естімек керек.* Әңгімешілер Йаркендтен мынадай нақыл-естелік *риуаят* қылыпты: Ғази падашы өзінің қылған қиянаттарынан қатты қысылып, екі тараптың саясаттарынан да қорқыныш пайда болып, еш жолын таба алмай, [ақыры Жаһан-қожамнан] Калам Алланы [қолына] алып, делдалдыққа шақырып, өз күнәсіне [кешірім] тіледі. Хазірет Қожа Жаһан-қожамның ұлылығы мен қанағатшылдығы арқасында [оның] күнәсін кешірді. Ғази бек айтты: "Тақсыр, әлемнің Патшасы, Хазірет, сізден көңілім жай тапты, бірақ патшазадалардан қорқамын, бірде маған қастандық жасар ма екен" деп. Хазірет Қожа Жаһан-қожам айтты: "Сізге Калам Алланың шарапаты қорғаныш болды, кісіге қиянат жасауға ешқашан разы болмаспын" деп уағда берді. Ғази арамза кәрі қатындар сияқты жылады. Бірақ Алла тағала Құранында жад қылыпты, Алла тағаланың сөзінен "арамзаларға қайыр", Алла тағаланың хикметтері арамзалардың ақылына кешігіп келер. Әлқисса, көп ант етті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам да Калам Шәріпті қолына алып: "Мен сіздің хақыңызда қиянат қылмаймын, бұл шартыма шәріп Калам Алла куә болғай" деді.

Әлқисса, ол күні *сұрұнханасына* ұлы тақ құрып, Хазірет Қожа Жаһан-қожамды инабат етіп шақырып тақ салтанатына отырғызды. Барлық ғұлама, әмірлердің барлығы, [↑100ᵇ/101ᵃ↓] кішісі мен ұлысы Йаркендке келіп тәуелділікке ант берді. Ол күні қуаныштан тіпті азан-қазан болды, әр кісі келді, Исламды мүбарак *нисбат* етіп қол береді, жылайды, ешкім жылаудан ада емес, соңында ырзалықтан жылауға кіріседі. Аспан мен жер де қуаныштан жылағандай болды.

Жаршыларға бұйрық етілді: Көше-көшеге, жер-жерге жеткізіңдер, "Ислам дәуірі, Хазірет Қожа Жаһан-қожам дәуірі" деп жария қылыңдар. Дауылпазшылар зауық шоғы мен көңіл дариясын тасытып осындай шаттыққа кенелді. Исламның ғұламалары жеңіске айат, хадистерден баян қылды. Ақындар (шайырлар) мүбарактік үшін *қасида*, жыр оқыды. Әрқандай *фирқа* өз топтарында мүбарак амал қылысып шадыман болды.

Барша әмірлер: "Әмір етсеңіз, елші кәпір бастаған қалмақтарды өлтірсек" деп арыз етті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам айтты: "Кәпірлерді соғыстан басқа жағдайда өлтірген дұрыс емес, кәпірлерді өз бетімен қоя беріңіз, артынан әскер жүрсін, егер иман келтірсе аман қалар, ал енді соғыста өлгені өлер, қашқаны саламат-амандыққа жетер, шариғат үкімі сол. Жүректі де жігерлі перзент Мұхаммед Бабақ Іледе кәпірлер ішінде, біз бұл кәпірлерге бұдан көп азап көрсетсек, оған зиян болар" деп шүкір [↑101ᵃ/101ᵇ↓] қылды.

Әлқисса, кәпірлерді бір-бірден ат беріп дарбазадан шығарды, артынан әскер жіберді, соғыста өлгені өлді, қалғаны есен-сау құтылды. Бес жүз қалмақ бұларға көмек бермек үшін бейхабар келе жатқан еді, қосылып жолсерік болып елдеріне кетті. Содан мұсылмандар кәпірлермен соғысуды тоқтатып, Хазірет Қожа Жаһан-қожамды құрметтеп ордаға алып келіп, тақ салтанатына отырғызды. Ол күні мейрам еді. Үш мейрам бірге болды, бірі — наурыз, бірі — Ислам ашу, бірі — Хазірет қожамның тұтқыннан құтылғаны.

Сонымен, Ғази бек бұл істерден құтылған соң: "Хазірет Қожа Йусуф-қожам Қашғарда барша мұсылмандарды шақырып Йаркендке әскер аттандырмаққа ұйғарыпты-мыс деген хабар бар. Шахзадалардың біреуіне әмір берсеңіз, барып әскерді тоқтатса, Хазірет Қожа Сыддық-қожам Хотанға барып, біздің әйел-баламызды тұтқындап, Омар мырза бастаған қырғыздардан әскер жинап келеді деп хабар етіп еді. Орда ұлықтарының тағы біріне әмір болса бұл хош хабарды жеткізіп, әскерді тоқтатып, біздің әйел-баламыздың орындарына орналастырып, Хазірет Қожа Сыддық-қожаммен қайтып келсе" деп арыз етті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл арызын қабыл етті.

[↑101ᵇ/102ᵃ↓] Күйеу баласы Омар-қожамға Қашғарға, Мұхаммед Абдалла Букаулға Қотанға хат-тамғамен баруға бұйырды.

Әлқисса, Хазірет Қожа Омар-қожам келді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Қарақирде Йаркендке баруға ниеттеніп, әскер дайындап тұрған еді. Хазірет Қожа Омар-қожам келіп қуанышты жеткізіп, Исламды мүбарак етті. Қашғардағы Хазірет Қожа Йусуф-қожам бастаған барлық ғұлама, әмірлер Хазірет Қожа Омар-қожамнан оқиғаны естіп Йаркенд Исламын мүбарак етті. Барлығы "Хамд санаға" айтты. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Ислам жеңісіне дәрет

алып, екі рәкағат намаз оқыды. Хазірет Қожа Омар-қожамды неше күн мейман етіп, қайтуға рұқсат берді.

[Қожа Сыддық-қожамның жаушыларға сенбеген оқиғасы]

Сонымен Мұхаммед Абдалла Букаулдан хикаят естімек керек. Мұхаммед Абдалла Букаул жеделдетіп Қотанға беттеді. Хазірет Қожа Сыддық-қожам Қотаннан әскер алып келе жатқан еді. Оған кездесіп Йаркенд ішінде болған оқиғаларды баяндап, қуанышты жеткізді. Ғази бектің әйел-баласына қиянат етпес үшін тамғалы хат көрсетті. Бірақ ол Мұхаммед Абдалла Букаул сөзіне де, хатқа да сенбеді, сөйтіп кездесу әуелден даумен басталды: "Хазірет Қожа Жаһан-қожамды Ғазимен бірлесіп, осы уақиғаларға душар қылған едің, енді мына іске қадам қойыпсың. Ғазидің әйел-баласын [↑102ᵃ/102ᵇ↓] хат жазып, біздің қолымыздан азат етіп, көңіліңді қорқыныштан босатып, жападан құтқармақ екенсің" деді. Әсіресе Шихаб ад-дин Букаулдың Мұхаммед Абдалла Букаулға көп ызасы бар еді, өшін алмаққа ниеттенді. Бірақ Хазірет Қожа Сыддық-қожам тоқтатып: "Ол ұлы әкемнің қызметкері, оның айналасындағыларды қор етпек әдеттен тыс. Өзіне ат беріп, қызметшілерінсіз, жалғыз өзін жіберіңдер — жазасы осы. Артынан әскер барсын" деп әмір етті. Мұхаммед Абдалла Букаул бұл келгеніне жүз мың өкініш қылып, түрлі реніш-машақатпен жолға шықты.

Екі күн өткеннен кейін, қызыл тілді, жұлдыздардың шамы, құдіреттілер аспанының күні, Йаркенд ғұламасы, ең сүйікті ізбасар, яғни Ахунд Омар Бақи-ахунд кезікті [Қожа Сыддық-қожамдарға]. Оқиғаны баян етіп, хош хабар жеткізіп, Ғази бектің әйел-баласын [босату] үшін мөрлі хат көрсетті. Бірақ [олар] Ахундтың өзін де, хатын да қабыл етпеді. "Ғази көп балалы кісі еді, Ахундқа пана сұрап келсе, амалсыз сөзді қабыл қылып арашаға келсе керек. Мөрге де сенім жоқ. Хазірет Қожа Жаһан дұшпан елінде тұтқын, мөрі де дұшпан қолында, бізді алдап [Ғазидің туыстарын] құтқармақшы, [↑102ᵇ/103ᵃ↓] иә болмаса, шаһарға алып кірмекші" деп, күмәннан шықпады.

Содан Йаркендке жақын келді, барлық ұлылары қуана қарсы алды, бірақ бұлардың көңілдері әлі де тыныштық таппады.

Ақырында Омар мырза өз жақындарынан біреуді шаһар ішіне жіберіп, Хазірет Қожа Жаһан-қожамның тақ салтанатында екенін көріп, хабар бергеннен кейін ғана көңілдері тыныштық тауып, шаһар ішіне кірді. Хазірет Қожа Шамс ад-дин-қожам, Хазірет Қожа Сыддық-қожам бастаған барлық Қотан әскері сардарлары, әскербасылар, Омар мырза бастаған барлық қырғыздар Хазірет Қожа Жаһан-қожамды, исламды қошемет етті. Аяқтарына жығылып жылап-сықтап, ұзақ көрісті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам оларға көп ықылас көрсетіп, барлық ілтипатпен, бастан-аяқ патшалық сыйлық жасап, шапан кигізді. Және де Хазірет Қожа Сыддық-қожам мадағына, атақтылығына сәйкес бір *қасида* жазуға нұсқау берген еді. Оны алып назардан өткерді және бұл *қасиданы* оқығанда өте риза болып қуанып, көп ықылас қылып, мүбарак маңдайынан сүйіп, дұға-қайыр етіп, оған сыйлады. Қалғандарға жәдігер қалсын деп "Хазірет Қожа Сыддық-қожам" *қасидасы* осы кітапта зікір қылынды.

Қасида (түрки):

Ей, теңдессіз сипатың бір *бахр*[264] ішіне сыймас,
Жаратылысың ерекше, затың мисалы мәңгілік,
Захир мен *батинбісің*, иә әуелгі де ақырғымысың,
Біздің ғафілділігіміздең сенің пәк болмысың жария емес [↑103ᵃ/103ᵇ↓].
Иә, Расул Алла, сенің арқаңда болды барша жаратылыс,
Болсын сен үшін шейіт: Ей бақытты, Құдіретті,
Жүзің, бүйра шашың мен сипатыңды есте сақтағаннан Құдірет иесі,
Түсірдің "ал-Лайл" сүресін түн мен күндіз.
"Аййуха-л-музаммил" арқылы болды, заты пәкті шақырды,
ол "рахматан ли-л-ʿаламинді" жад қылғай,
Жаратушы, таңда отырсаң шапағат тағында өзің,
Ей Шафиғ, қылма мені күнәкар, құлыңды қысылған.
Әуелі Әбу Бәкір Құдай заңынан куәландырды, ол да таңғалған еді,
Хазіретке жалғыз Йариғар[265] еді *хижрада*,
Адал бабында жүрер Фаруқ[266].
Бірегей Жаһанның уәлиі болмады,

---

[264] Поэтикалық шумақтың өлшемі.

[265] Халифа Әбу Бәкірдің эпитеті, "үңгірлес жолдас" дегенді білдіреді.

[266] Халифа Омардың шын менен өтірікті айыру қабілеті үшін берілген эпитеті.

Ол Мұхаммед шариғатында болмаған жария,
Алла діні сапында қажетті Зу-н-Нурайн[267] жүрер.
Уәли ілім көзі, өмірдің жомарты, ұлағатты *сахаба* еді.
Хазіреті хошы зор Шах Хайдар[268] құзыретінде әуелі
Әлиден басқа ер жоқ, Зұлпықардан өткір қылыш жоқ.
У ішіп шейіт болды, Хазірет Шах Хасан күнәсіз өлді,
Йезид оңбағаннан Хазірет Шах Хұсайн шейіт болды,
Шаһид-и Кербала, Пайғамбар әулетінің Уәлиі өлді,
Харижилар арасында мұндай тікен өскен жер болмас еді.
Бұл екі шаһзадаға мұнша қасірет, мұндай көп хикметті көрсетті.
Пәруардігер бірі ол таңда үмбеттерге болғай қамқоршы,
Бірі болар бұл әлемде *шахиди* атты,
Ғайып әлеміне кетті, ақиқатын Алла білер!
Ол өзге хикметтер білгер Мункир оңбаған
Машақат шекпес үшін қуанышты бақытты өмір қалауым емес,
Қам мен рақатты егіз қылды Жаратушы.
Арши[269] шахтардың шахиншахы сен қам етпесең,
Болмас еді Дін Ислам жария, ей, Тақсыр!
[↑103[б]/104[а]↓] Сары уайымға түскен көңіл шат болды қайырыңнан,
Гүл жарып күз кезінде қайдан келді ерте көктем белгісіз.
Ей, Футухи![270] білгіл, өз халіңе шүкір ет енді,
Қанша уақыт көзіңді мұң басты, ей, тұрғындардың жары.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам сөйледі: "Ей, жүрегіме жақын перзент, әуелі ұлы ата, Хазірет екі дүниенің шахзадасы, жұмақ тұрғындары жолдасының мақсаты мен хикметтерін баян қылыпсыз. Содан, өздеріңізге келген уақиға-хадистің мағынасын көрсеттіңіз, оны қатаң ғибраттармен берген екенсіз. Оның хикметтерін кімдер баян етер еді" деп, көздерінен салауат бұлтының пәре-пәре жастары дүрге айналып, тамшылап аға бастады. Мәжіліс ішіндегілерге тыныштық орнады. Құлаққа "Алла хүкімі" деген дауыс естілді, сәлден кейін Хазірет Қожа Жаһан-қожам және сөз бастады. Көңіл

---

[267] Пайғамбардың екі қызының бірінен соң біріне үйленген Халифа Османның эпитеті.

[268] Халифа Әли эпитеті.

[269] Жаһан-қожамның тахаллусы.

[270] Жеңімпаз — Қожа Сыддық-қожамның тахаллусы.

көтеретін баян айтып, ұлы мәжіліс [сарайының] сөз басы, яғни Әмір Әлішер, лақабы Науаи, диуанынан осы жамағаттың көңіліне қуат бермек үшін жүректі жаулаған мына бәйітті сыйлады[271].

Хазірет Қожа Жаһан-қожам әскербасыларына мәжіліс-*машраб* құрды. Құдайдың ілтипатымен сый-сыяпат беріп, бірнеше күннен кейін Хазірет Қожа Шамс ад-дин-қожам бастаған барлық Қотан әскеріне [еліне қайтуға] рұқсат берді. Омар мырзаны бүкіл мемлекет уәзірі етіп, ұлы дәрежелі орын беріп, Йаркенд уәлаятындағы орынбасары [↑104ᵃ/104ᵇ↓] етті. Мемлекеттің барлық қызметін шариғат үкіміне сәйкес жүргізіп, тұрғындар мен бұқара халыққа әділетті болып, Хазірет Хаққа, *сүбхана уа тағала*, шүкіршілік келтіріп, барлық ғұламалармен бірге сұхбат құрып, ғибадатпен шұғылданды.

[Хазірет Қожа Йусуф-қожамның қалмақтарға қарсы *ғазатқа* шақыруы]

Сонымен, Хазірет Қожа Йусуф-қожамнан көркем дастан естімек керек. Хазірет Қожа Йусуф-қожам басынан кешірген оқиғаларынан көңілі орнына түскеннен кейін, қырғыздар тарапына нама жіберіп, ислам әскеріне жәрдем беруге шақырды. Дәруіш Букаулды Әндіжанға [жіберуге] бұйырып нама тапсырды, мазмұны мынадай: "Ей, Әндіжан уәлаятының хакімдері! Ей, қырғыз сарбаздары! Біліңдер бұл Моғолстан шаһарларына жылдардан-жылдар, сансыз ғасырлар болған екен, кәпір малғұндар күшейіп басып алған, кәпірлердің зұлымдығы, астамшылығы шектен шыққан еді. *Әл-хамду ли-л-Лах, Алла жарылқап*, Шексіздің [Алланың] жар болуымен Ислам жеңіс есігін ашты. Кәпірлерден жүз бұрып, қылыштастық. Хазірет Хақтан, *сүбхана*, үмітіміз бар, егер бақыт-сәттілік бізге жар болса, кәпірлердің түпкі мекені Ілеге әскер тартып, мұсылмандардың неше жылдық кегін аламыз. Отансүйгіштік көрсетіңіздер. Ислам қатарына жәрдем бергейсіздер. *Нама тамам уа-с-салам*".

Құсшы ұрұғы қырғыздардың сардары Қуат мырзаны [↑104ᵇ/105ᵃ↓] Камал Шужа' ад-дин Баһадүр би атайтын еді. Оған нама тапсырды. Мына мазмұнда: "Ей, Қуат мырза, сіздің ата-бабаларыңыз біздің ата-бабаларымызға *мүрид-мұхлис* болып келген екен.

---

[271] Аталмыш бәйіт жазылмай қалған.

Атаңыз Ғалча-би[272], Алланың ақ жолының бастаушысы, мәжілісінің күні, жомарттықтың жұлдызы, ұлы Хазірет Қожа Хасанның, *Алла оған рақымды да риза болсын*, Ислам әскерінің бас қолбасшысы болып, *ғазат* қылышымен бұл кәпір малғұндардың жолбасшысын неше мәрте тұтқындап, мұрындарынан жанын шығарған. Жарандар *ғазат* үшін жаралды емес пе. Егер ықтияр етсеңіздер руыңызбен бірге келіп, дүние мен ақиретте *ғазат* абыройымен мәртебеңіз өсіп, *ғазылар* сапында бас көтергейсіздер. *Ғазаттың* сауабына шек жоқ. *Нама тамам уа-с-салам*".

Және де Алла Мұстафасы[273] әулетінің саййиді, Мұртаза[274] құрма ағашының миуа-шырыны, әлидтердің жарқыны Хазірет Қожа Хасан, *Алла оған рақымды болсын*, жарандарынан Ахунд Молла Масжиди, Ахунд Молла Наурузи бастаған *мүрид-мухлистерден* бір топ ұлылар бар еді. Оларға да нама жіберді, үшбу мазмұнда: "Ей, ұлыларымның жарандары! Сіздер неше жылдардан бері отандарыңнан, үйлеріңнен, жарандарыңнан жырақта, үйсіз-күйсіз болып, үйленбей, сапар кезіп жүрсіздер. Бұл жағдайда осынау кәпірлердің зұлым-қысымшылықтарына кіріптарсыздар. *Әл-хамду ли-л-Лах!* Бұл кәпірлердің алдына келтірдік, қолымызға ислам қылышын алып, кәпірлердің басына ұрдық. [↑105ᵃ/105ᵇ↓] Сіздердің рубасы, *мүршид-мүқтадаңызбен* біз бір жан, бір тәнбіз, арада еш дау жоқ, бір дария суынан, бір нан ризығынанбыз. Енді шәріп қадам етіп, исламға жәрдем бергендеріңіз керек. Тұрғындардан жәрдеміңізді дайын қылғайсыздар. *Нама тамам уа-с-салам*". Әлқисса, бұл намалармен Дәруіш Букаулды Әндіжан жолына аттандырды.

[Қожа Йусуфтың әйелдері]

Сонымен, жан күйдірер хикаят естімек керек. Хазірет Қожа Йусуфтың[275], *Алла оған рақымды болсын*, қадірменді әйелдері бар еді. Біреуі Жәмила-ағаша атты еді. Өте сахибжамал, әдемі, жақсы

---

[272] М. А. Салахетдинова "Галиджа-бий" деп жазса (*Салахетдинова М. А.* Сочинение... С. 111), М. Хартманн "Ғалжа-би" (Ghalğa) деп жазған (*Hartmann M.* Ein Heiligenstaat im Islam. S. 251).

[273] Ең таңдаулы — Мұхаммед пайғамбардың эпитеті.

[274] Таңдаулы — Хазірет Әлидің эпитеті.

[275] "Жаһан" деп жазылып, кейін сызылып тасталған.

мінезді, тәтті қылықты, сүмбіл шашты, сүйкімді де ұялшақ, тез әрі кербез жүрісті, тұла бойы тауыстай қадам басқан, оймақ ауыз, алқымы аппақ, келісті, жіңішке қиғаш қасты, көздері еліктірер, тіпті оның болмысын сипаттауға тұрарлық сөздер табу мүмкін емес еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам Іледе болғанда қасында еді. Қожам тездетіп Қашғарға кеткенде, ол Ақсуда тоқтаған еді. Қашғарға дейін шығарып салуға бұл аймақ жәрдем бермеген еді. Абд әл-Уаһһаб Мәңгіліктің [Алла] бақытсызы мұны ғанибет санап бұларға қастандық қылды. Бұлар да бір сарайға бекініп бірнеше күн соғысты. Ақырында бір кісі оңтайын тапты. Ол Ақсудың есік-ағасы және қазынашысы еді. Мырза Қасым [↑105[б]/106[а]↓] әулетінен еді. Ағашаны саламат сақтау үшін Қашғар жаққа бірге жолға аттанды. Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, Абд әл-Уаһһаб әскеріне білдіртпеді, абырой болғанда Қашғарға жетеді, Қашғардың барлық ұлылары қарсы алып, құрметпен ордаға түсіреді. Хазірет Қожа Йусуф-қожам бұлардың қызметіне *афарин* оқып, қуанышты болып, неше күн мәжіліс құрып, бақытты болды. Бірге келген барлық бектерге патшалық киімдер сыйлап, көп ілтипат етті. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның бұл қуанышты өмірі ұзаққа созылды. Содан соң бұл мазмұнда сипаттайды. Диуана-и Футухидің бұл бәйіттері ойыма сәйкес келді.

Футухидің "Диуаны" (түрки):

Футухи күйдірген мәй ішерге көңілді жиынға келіпті.
Мені тона, барымды — қаламымды ал,
Құй ыдысқа, күндіз-түні толы болсын,
Мастықтан [өзімнен] кетіп, Науаи әуезін естиін.

Футухи *газалы* аяғына жеткенде тоғыз жаһан тыныштығы орнады.

[Хазірет Қожа Йусуф-қожамның ауырғаны]

Біраз уақыттан кейін Хазірет Қожа Йусуф-қожамның мүбарак денесінде ісік белгісі байқалып, шешек ауруының нышаны белгілі болды. Бұл жағдайдың ылажына елге қайтты. Хакімдер мен тәуіптердің ақылына құлақ салды. Сөйтіп, Хазірет Қожа Йусуф-қожам кеселінің жазылмайтынын парасат нұрымен білді. Тасаттыққа үміт-

теніп, барлық ғұламаларды жиып шектен тыс мал мен байлық уәде етті [↑106ᵃ/106ᵇ↓]. [Сонымен] бірге Расулға, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, Алла, Мұхаммед айналасындағы *сахабаларға*, Қожаған әулиелеріне, Хазірет Ишанға жалбарынып хатым оқыды.

Хатым оқып бітіргеннен кейін, халқына өкініш пен арманын айтты: "Ей, ғұлама ізбасарлар! Ғанибет құлықтарыңмен аңдағайсыздар, өмірімнің ақыры жетті. Өмірден үмітім үзілді" — деп, қиналыспен, жан күйдірер сөздермен сөзін тамамдады. Ғұламалар дұға қайыр қылып, шипа мен саулық тілеп, жеңілдік, тыныштығы үшін айат-хадис баян етісіп, жылап-сықтап құшақтасты. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның кеселі күн санап ұлғая берді. Тіпті айығу белгісі болмады.

Хазірет Қожам ойланып айтты: "Ата-бабамның аяғына өз денемді өзім алып барғаным жақсырақ. Уақиға болғаннан кейін жаздың ыстығында мүрдені жеткізу қиын болады. Мемлекеттің барша халқына хабар берілсін, жиналсын, ұлы ас қыламыз, барлығын ырза етеміз" деп, қызметшілерге тапсырды. Барлық әмірлер, ғұламалар бұқара халыққа көп ас таратты.

Бұлар тамақтанғаннан кейін Хазірет Қожа Йусуф-қожам бұл жамағат алдында сөз алды: "Ей, жарандар! Бұл күн қош айтысу күні, қоштасу күні, жылдардан-жылға сіздермен бірге әрқашан сұхбаттас едім. Тағам хұқылық, сөз хұқылық хақым бар. Ұзақ уақыт берген уәдемде, дат-сұрағымда [ғұмыр] сүрдім. Енді сіздерден сұрайтыным, егер қайсыңызды [↑106ᵇ/107ᵃ↓] өкпелеткен болсам, менен бір себептен, ойлап не ойланбай зұлым-қатаңдық тиген болса, Құдай үшін кешіргейсіздер! Маған разы болғайсыздар! Енді маған Алла тағдырының түні жетті, көңілім фәни дүниенің рақаты мен ләззатынан, берекесіз тілектерден суыды. Бейіл-ықтиярым ақирет әлеміне бұрылыпты. Қазаға ризалық бергенім керек, енді менің орнымда перзенттерімді көргейсіздер. Сіздерді, перзенттерімді Құдай мен Пайғамбарға, ата-бабаларыма тапсырдым. Сіздермен қош айтысып айырыламын" деп, сөзін тамам қылды. Сонымен, бұл жиынның айқай-шу, дауыс қылғанынан орда күмбезі күңіреніп кетті, еш кісі жас пен зардан өзін ұстай алмады.

Біраздан кейін бұл жиын барлығы көңілін басып арыз етті: "Иә, әлем Патшасы! Құдай тағала мүбарак денеңізге шипа сыйлағай! Барлығымыз сіздің құлыңыз, әскеріңізбіз. Біздің мойнымызда Хақ хұқықтары, қарызымыз шашымыздың санынан көп. Енді ризалық

Хазірет тарапынан болғаны керек. Хазіреттің хош-көңілдігі біздерге екі жаһан саясы" деп өзара жыласып, отандарына қайтады.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам үй-ішімен де қоштасты. Хазірет Қожа Абдалла мен Хазірет Қожа Мүминді өз жайларына дайын қылып Қашғарда тұруға тағайындады. Екі нұрдидарлы Хазірет Қожа Құтыб ад-дин мен Хазірет Қожа Бұрхан ад-динді [↑107ᵃ/107⁶↓], оны Ерке Қожа атайтын еді, бұл екеулерін өзіне серік етіп, алып баруға тағайындады. Қызметкерлері мен тәуелділерін бірге баруға дайындап, сапардың керек-жарағын қамдап, ұлы сапарға ықтияр етті. Мемлекеттің барлық халқы қоштаспақ үшін соңынан ермекші болды. Біреулеріне толық, енді біреулеріне жартылай рұқсат берді. Сонымен, Хазірет Қожа Абдалла мен Қожа Мүминнің маңдайларынан сүйіп, мүбарак көздеріне жас алып, айтты: "Ей, жүрекжардыларым! Сіздерді Құдай мен Пайғамбар, ата-бабаларға тапсырдым. Қияметте көргенше бақи қаларсыздар. Бастарыңызға не жапалар келер екен, неше түрлі өкініш-өкпелерді өткерерсіңдер. Менің жоғымда бақытсыздыққа ұшырайсыздар ма? Кейін өз басыңызға келген бәле мен опаттар қайранында қалармысыздар? Өйткені сіздерге өлім мен бақытсыздықтың басы төніп тұр. Жас пен зар сіздердің көздеріңізге парыз еді.

Сондықтан, бәйіт (түрки):

Досым, ах, жарым, жаман нышан көрінді, жан досым,
Әр тараптан қиындық келсе, сергек кісі тыншып саман болар.
Қазір бұл ғашықты жаман нышан кемтар қылды,
Бұл топан әлем жеңімпазын рәсуа етті.
Айырылысар күндері көзімнен қан жылаймын,
Білермісіз қай күні қай кісіден айырыларсыз.

Хазірет Йусуф-қожам перзенттерімен қоштасып, "Аллаға аманат" деп, рұқсат беріп Йафурға жолымен Йаркендке беттеді. Сонымен, саратан уақыты еді, күн райы ыстық болып, қиямет шөліндегі жаһаннам отындай болды. Кеселі күшейіп, тәуіптер көп уайымдап [↑107⁶/108ᵃ↓] қалды, не ілгері, не кейін жүруге болмады. Бұл жерде Хазірет Мир Әлішердің[276] бәйіттері жадыма келді.

---

[276] Низам әд-дин Мир Әлішер Науаи (1441–1501). Ол туралы қараңыз: *Эркинов А. С., Бабаджанов Б. М.* Нава'и // Ислам на территории бывшей Российской империи. Том I. С. 298–299.

Мир Әлішер ғазалы (түрки):

Мүшкіл мақсатқа жетпекке не деген кемшілік бар,
Қараңғы түнде көзі алақтаған ақсақ ат жол таппақ.

Сонымен, Хазірет Қожа Йусуф-қожам таңертең ерте қызметшілерді шақырып алып "Тоқтағанда не мақсат, шешуші сапарыма дайын болыңдар" деп әмір етті. Тәуіптер тамырын [ұстап] көрді, сауығу ізі белгі беріпті, барлығы қайран қалды. Хазірет Қожа Йусуф-қожам айтты: "Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, ақырында шипа сыйлады. Енді үмітім бар, мен осындайда теңдікке тиелмей, [өз аяғыммен] ата-бабам астанасына барып, өз көзіммен көріп, әке патшаның дидарларында лайықты дәрежеде бұл өмірден өтермін" деп, ойлаған жолына шықты. Йаркенд халқы бір деммен күтіп тұрды, ақырында Йаркенд шаһарына жақын келді, барлық шахзадалар қарсы алды, тілеуін тілеп Қожамды ат үстіндегі тақта алып келмек болды. Оны Хазірет-қожам қабыл тұтпай патшалық киімін киіп, кемерін бекем байлап, жүйрік атқа мініп, серілікпен шаһар ішіне кірді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның бұл қылған ерлігі мен көзсіздігіне мадақтар мен қошеметтер айтылды.

Хазірет Қожа Йусуф-қожам орда ауласында Хазірет Қожа Жаһан-қожаммен кездесіп, бір-бірімен құшақтасып, [↑108ᵃ/108ᵇ↓] жылап-сықтап, барлық халық, туысқандардың алдында көрісіп, сарайдың ішінде тақ құрметінде отырды. Ізбасар, пайғамбарлар мұрагері болған ғұламалар, әмірлер шаһарлар мен даладан келіп фатиха оқыды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам жұмсақ төсеніш төсеп, жақсы тамақ алдырып, тиесілі жағдаймен науқасты күтті. Өзге патшазадалар дәйім қызметте болды. Патша қыздары да, әсіресе Ұлығ-әзизам атты бір қызы бар еді. Сұлу да тәрбиелі, пәк табиғатты, әдептілігі пәкизаттай, Мәриям сипатты, құлқы айнадай, күн бейнелі, жұлдызы оңынан туған, ортасының сүйкімдісі, жастар ішінің жарығы, ғылым мен ақындық табы бар, анық сөз, мағыналы кісілерден еді. Бүгінгі күні тұрмысқа шықпаған еді, жүзі қызыл реңнен ақ реңге өтіп алабұртып тұрған еді. Өзі әлі де пәк еді, бейкүнәнің пәк етегіне шаң жуымаған, қырман гүлдерін ешкім жинамаған, көтеріңкі мұрнына ешкім тимеген, оймақ ауыз, жабық кеудесіне жел тимеген бойжеткен, құрылған торға түспеген еді.

Ақындықта өте жоғары дарыны бар еді. Көп уақыт Хазірет Қожа Сыддық-қожам бұдан ақындықты үйренер еді.

Хазірет Қожа Йусуф-қожамның екі қызы бар еді. Бірі күн дидарлы және бірі ай дидарлы еді. Бірінен-бірі өткен ұялшақ, Қаф тауында панада [↑108[6]/109[a]↓] өскендей еді. Бірінен-бірі өткен жаннаттың хор қыздарындай еді. Бірінің есімі Зухра бикем және бірінің есімі Зүбайда бикем. Зухра бикемді Сарығ-Бабағым, Зүбайда бикемді Қарғабас-қожа бикем атар еді.

Зүбайда бикемді Хазірет Қожа Жаһан-қожамның кіші ұлы Хазірет Қожа Мұхаммед-қожамға қосқан еді, алты айдан кейін Хазірет Қожа Мұхаммед-қожам Іле аумағына шыққан еді. Бұл үш әзізім бар уақыт Хазірет Қожа Йусуфтың, *Алла оған рақымды болсын*, қызметтерінде болған еді. Кеселі жазылуға бет бұрмады, бірақ көңілі бұл дүние сынағынан үзілді, ақирет әлеміне зауық, бейілдері күн санап көп болды. Бағзы уақытта бұрын өткен ұлылар келіп, тағзым етіп, дайын тұрғандарынан хабар берер еді. Қашғарда бұрында кеселді болғандар және осы тариқалық аруақтармен сөйлесіп, кейбір түндері бір қызметкерді серік етіп аттанып Хазірет Хұсайн Фазылалла-қожамның алдындағы бір қарыс жерде таң атқанша барлық аруақтармен мәжіліс құрып, бұлардың мәслихат-кеңестерін естіп жатар еді. Бұл кеселділер мен аруақтар дайын болып айтар еді: "Иә, перзентіміз! Сіздің жамалыңызға ынтықпыз, тезірек бізбен қауышқайсыз. Құдай тағаланың осындай хикметі бар. Әзірге сіз өмірдесіз, ол хикметке болмысыңыз кедергі. Бірақ ол істердің мекені жақын [↑109[a]/109[6]↓] болды. Сіздің біз жаққа келгеніңіз керек. Келіп сізге халық тағайындаған орын-мәртебеңізге иелік қылғайсыз" деп, қуаныш жеткізер еді. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның өзі өлмегенімен назары әр уақыт адамзат әлемінен ақиретте еді. Ешкімге кездеспес еді. Үш айға шейін бұл жағдайда өмірі өтті.

[Дабаржи мен Амур Синаның арасындағы тақталас]

Сонымен дастан естімек керек. Іле аумағынан Дабаржи деген кәпір осы заман қалмақтарының төресі еді. Мемлекеті өте бейберекет еді. Амур Сина деген кәпірде де төрелік *нисбаты* бар еді. [Дабаржиге] мойынсұнбай төрелікке таласып, Чин (Қытай) жерінде зұлымдық отын жағып, залал әлемінің күпірлігімен айналысып, бір

от шығарды, одан бетер [бейберекеттік] көтерілді. Қытай хақанына кездесіп[277], Дабаржиден қорқынышын баяндап, әскер сұрады. Уәдесіне Іле аумағы мемлекетінің *жизйа, баж-харажын* беретін болды. Бұрыннан Қытай кәпірлері мен қалмақтардың араларында бітпеген даулары бар еді. Бір-бірін торуылдап жүретін, бірақ жәрдем бермес еді. Бір-бірінен кегін алар қас еді.

Әлқисса, Қытай хақаны Амур Синаға көп ілтипат көрсетіп[278], үлкен әскер берді. Амур Сина Қытай әскерін бастап Іле аумағына беттеді[279]. Іле ішіне кірді. "Амур Сина Қытай хақанынан сансыз әскер алып келеді" деп Дабаржидің ішіне діріл [↑109⁶/110ᵃ↓] мен зілзала түсті. Тіпті мемлекет ішінде аздаған бөлінушілік бар еді, тағат қалмады. Кездесу жасап, татулықты таңдап, өз жақындарынан үш жүз атты кісілерді серік қылып [елден қашып] шықты. Амур Сина Қытай әскерімен келіп Іле тағын бос тауып, тақ салтанатына отырды, мемлекетті тәуелді қылды.

Дабаржи кәпір тығырыққа тірелді. Ақырында Раббым тағдыры, аспан қазасы оларды Уч шаһары тарапына түсірді. "Уч халқы бізге шаһарға кіруге жол бере ме, басымызға пана бола ма?" деп тыңшы жіберді. Ол уақытта Уч шаһарында алдамшы-арамза Қожа Сир бек хакім еді. Уақытты ғанибет көрді. Тыңшыны мол ілтипатпен қарсы алып, жақсы сөзбен шақырды. Бірақ Қожа Сир бек шаһар халқын толық қаруландырды, әрбірі арыстан, не жеті басты айдаһардай арпалысқан бұларды жасырын дайын қылды. Өзі ақырын Дабаржиді қарсы алуға шықты, осынша айла-арамдығынан сәуле берді, тіпті шындық оның алдында жалған бейнесінде болды. Бұл аңқау кәпір оны түсінбей шаһар ішіне кірді. Кәпірлердің бәрі шаһар ішіне кіргеннен кейін, дарбазаларды бекітіп, біреулерін үйде, енді біреулерін көшеде тұтқындап, байлады. Бұларды тұтқындап, байлап Дабаржиді қоса барлығын Ілеге жеткізді. Амур Сина бастаған Қытай әскерінің [↑110ᵃ/110⁶↓] сардар-басшыларына

---

[277] Амур Сина Қытайға Ханбалыққа (Пекин) 1167/1753–1754 ж. келген.

[278] Цин императоры Цяньлун (Ижен хан) Амур Синаға "циван" княздық атақ, оның інісі Банжұрға "жунван" екінші дәрежелі княздық атақ береді: *Кутлуков М.* Из истории международных связей. С. 60.

[279] 1755 жыл.

сыйға берді. Олар көп қуанып, бәрін Қытай хақанына жіберді. Ілеңің ісі аяқталды.

Содан Қашғар, Йаркендті басып алмақ жолына түсті. Араға кеңес салды, біреулері әскер жібергейміз деді, біреулері: "әскер жіберген өте қиын болады, қалмақ іші бөлінушілікте, Қытай әскері жырақтан келіп шаршаған. Ол жерге жеткізбектің шығыны көп, тағдыр жазып жеткенмен Йусуф-қожам өте зерек әрі данышпан, тапқыр кісі. Мұсылмандар кемел қуатты, барып жеңіп шығу қиын болар. Бірақ бұл тарапты қиратудың жақсырақ амалы бар" деді.

Сонымен Абд ал-Уаһһаб бейбақпен бірге Қожа Сир бек араға бірнеше кеңес салды: "Әскер жібермек қиын болады, бірақ бәрінен жақсырақ бір жеңіл айла бар, оның амалы мынадай: Іледе Қашғар қожаларынан екі қожа бар, өткен қожалардан жәдігер-дүр, барлық халық олардың ата-бабаларының *мүрид-мұхлистері*, әсіресе Қашғар халқы барлығы өте діншіл. Енді Қытай әскерінен бір сардар, қалмақ әскерінен бір сардар таңдап алып оларға ертіп елші қылу керек, бұл екі қожадан біреуін қосып: тамам мемлекет және Іле қалмақтары Қытай хақанының тәуелділігіне кірді, бұл қожаларды бұл шаһарларға билеуші қылды деп хабар таратылса, ақ [↑110^{б}/111^{а}↓] шалмалылар соғыссыз жеңілдікпен тәуелділікке кірер. Мемлекет жаулап алынған соң қожалардың тұрар-тұрмастығын Хан-төре өзі біледі" деп кеңес берді. Барлығы келісе кетті.

Мынадай амал қылды: Хазірет Қожа Йахйа-қожамнан, Хазірет Қожа Афақ-қожам перзенттерінен Қожа Ахмадтың, *Алла оған рақымды болсын*, перзенттері бар еді. Кәпірлердің қолында тұтқында, кіріптар еді. Туғаннан бұл уақытқа шейін тұтқыннан босамаған еді. Абд ал-Уаһһаб пен Қожа Сир бектің бұларға қамқоршылығы мен ықыласы көп еді. Сонымен, Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, бұл алыста, осыншама хикметті құлық қылған еді, ол хикметтер бұлардың құтылуында еді, онсыз мемлекет бітпес еді.

Содан Алланың жазуымен кәпірлер бұл ұлыларға құрметпен екі тайпадан елші қосып Ақсу шаһарына жіберді. Ақсу халқы барлығы қонақжайлықпен қарсы алып, бар ықыластарымен меймандостық көрсетіп, тәуелділікке ант берді. Бірнеше күн сонда тоқтады, мұнан өтіп Ош шаһарына келді, мұнда да осы жағдай қайталанды. Содан Қашғарға барардың мәслихатын араға салды. Қашғарға бар-

мақтың кеңесін айта аларлықтай ешкімде толық сенім болмады. Олар: "Осынау шаһарларда Хазірет Қожа Йусуф-қожамнан толық қауіпсіздікте тұрмағымызды Құдай білер. Қашғар, Йаркенд халқы кемел ұйымшыл, барлық оңтүстік өңірдегі қырғыздар жиналыпты. [↑111ᵃ/111⁶↓] Ислам билігі орнаған дейді. Елші кәпірдің сөзіне еріп осындай саны аз әскермен бармағымыз мүмкін емес. Егер олар бізге әскер шығарса бұл шаһарлардың шаңын аспанға шығарып, күлімізді ұшырар" деп, қорыққанынан қамығып не істерлерін білмей тұрған еді.

Сонымен сықыршы дастан мен жан күйдірер хикаят. Бұл орайда Мир Әлішер *газалы* жадыма келді. Бәйіт (түрки):

Жаһанға, бұл ықылым ішіне күйік түсті
Әлдеқайдан еліктеп сықыршы от жақты, жарақаттап елді.

[Хазірет Йусуф-қожамның өлімі]

Содан соң Йаркендтен естімек керек, Хазірет Йусуф-қожам, *Алла оған рақымды болсын*, оның кеселінің беті бері қарамады, барған сайын нашарлап, ауруы күшейе түсті. Бұл дүниелік өмірінде әр тараптан бүлікшілік оты соңына түсті, түрлі көтерілістер хабары жеткізілді. Біреулері "Іле аймағы бұзылыпты-мыс, Қытай хақанынан әскер келіп, Амур Сина таққа отырды, Дабаржиді Қытай еліне әкетіпті-мыс, содан осы уақытта Қашғар, Йаркендті бағындырмақ үшін Қытай әскері Ақсу мен Ошқа келіп басып алыпты-мыс. Енді бұл шаһарларға жеңіс үшін келеді-мыс" деп, қасіреттің қайранын таппайды. Бағзы біреулері "Қалмақ жаңа қолбасшы тауып әскермен келіп Ақсу мен Ошты алыпты-мыс, ендігі ойы Қашғар, Йаркенд аумағында-мыс" деп, осындай алыпқашпа сөздер таратылды. Осы себептен барлық ақылгөй кісілер, ақсақалдар мәслихат [↑111⁶/112ᵃ↓] жинап кеңесті. Хазірет Қожа Жаһан-қожамға арыз етті: "Ей, әлем Патшасы! Бұл мемлекет ішінде осынша түрлі сөздер пайда болды. Еш ылажы болмағандықтан болашақта өкініп қалмас үшін Хазірет Қожа Йусуф-қожамның кеселі қауіпті, ол халықтың әскері мен барлық басқа дұшпандар бұл жерге келсе біздерді басып алады, мемлекеттілікте әлсіздік тіпті құп емес. Дұшпан өзін жеңімпаз етіп көрсетпекке ұмтылуда. Сіз әскер жинап Ақсу мен Ош аумағына

барсаңыз лайық болар, сүннет-дүр. Ол жақтағы мұсылмандарға қорған болып, кәпірлердің тәуелділігінен ажыратсаңыз, кәпірлерге бетпе-бет кездессеңіз, егер мұсылмандардың Ислам әскері жеңсе, мұратқа жеткізер, яғни кәпірлерді Ілеге қуып тастар. Ал егер кәпірлер әскері жеңіп, артымыздан қуып мұнда келсе, мүмкіндігімізше соғысып көрсек. Құшақтасып, қауышып көрісерміз. Қатер жоқ жерде жеңіс те жоқ" деп кеңесін баяндады. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл кеңеске үндемеді, тура жауап та бермеді. Үш күн шүбәлі жаймен өтті. Бұл кеңесшілер тобы көп уайым айтып, қатты мазасызданды. Жаңа жас шахзадаларды батылдандырып қойды. Үш күннен кейін Хазірет Қожа Жаһан-қожам рұқсат берді. Сонымен Хазірет Йусуф-қожам бұл жағдайда әскердің баруына тыйым [↑112ᵃ/112ᵇ↓] салды. Рұқсат бермеді: "Шәк болмасын, ол кәпірлер әскері өзі-ақ бұл жерлерге қадам қоя алады. Керісінше, кәпір әскері біртіндеп ерегесіп келер. Біздің әскерге қырғыз аралас, сенуге болмас, және де менің кеселім қатты, жазылудың мүмкіндігі жоқ. Қазір әскер кісілері жергілікті емес, достардың көңілі сынық, дұшпандар шат, бұл уақыт сабыр мен шыдамдылықтың уақыты" деп дәлел айтып тоқтатты. Хазірет Қожа Жаһан, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, бұны қабыл етті. Бірақ ортасы өз ықтиярына қоймады, амалсыз әскер жіберді. Хазірет Қожа Йусуфтың мүбарак та шәріп құлағына бұл жай жетпеді.

Содан, әскер сан жетпестей болып жиналды. Қырғыздардан да сансыз әскер келді. Бұл әскерді Хазірет Қожа Йахйа бастап барар болды. Хазірет Қожа Йахйа-қожам бұл оқиғадан күмәнанып, бір жағынан, қорқынышта болып, елеңдеп бар назары қалмақ тарапында болды. [Қалмақтардың] бұл әскерді көріп жаугершілігі күшейді. Хазірет Қожа Йахйа бұл оқиғаның соңы жақсылыққа апармасын білді. Осы жағдайда әскерінің ажайын байқап көрді, қырғыздар дұшпандық ниетте, сенімсіз еді. Бұл әскерді жайғастырып, барынша тәртіпке келтіріп Хазірет Қожа Йахйа барынша қынжылыспен Йанги Хисар жеріне жиналып, әскерді алып Қашғарға келді. [↑112ᵇ/113ᵃ↓] Шаһарды толтырмау үшін Артуж жолымен Уч шаһарына беттеді.

Сонымен *дастан естімек керек*, Йаркендтен. Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, бақи әлеміне аттанды. Хазірет

Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, әскердің барғанын қолдамады. Ғази бастаған барлық әмірлер мен қырғыздар және барлық шахзадалар бұл әскердің жорыққа шыққанын дұрыс көрді: "Осы жағдайда барғаны дұрыс, өйткені біздің арамыздағы бөлінушілік ол тарапқа мәлім. Шүкіршілік етіп, бұл жорыққа шықсақ дұшпандардың көңіліне қорқыныш ұялап, көксеген ниеттерінен қайтар.

Бәйіт (түрки):

Кеш келген көмек батырға,
Майданда қылдай да көмектеспейді.

[Хазірет Қожа Йусуфтың өлімін естірту]

Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл кеңесті қолдауға мәжбүр болып, амалсыз ризалығын берді. Содан *таʿзийат-нама* (естірту хат) және *султанат-нама* жазып және бұл намаларды шахзадалардан өз күйеу баласы Сопы-қожамға беріп, өсиетін айтты: "Қашғарға барып бір күн *таʿзийат-нама* оқып еске алыңыз және бір күн тұрғындар мен мемлекеттің билеушілерімен жиын жасап *маншур-нама* (кеңес-хат) оқып, Қожа Абдалланы заңды тақ салтанатына отырғызарсыз" деп, рұқсат етті. Хазірет Қожа Наср Алла-қожам ұлы сапарды орындау үшін тездетіп Қашғарға келді. Хазірет Қожа Йахйамен [↑113ᵃ/113ᵇ↓] кеңесті. Мемлекеттің барлық сардарлары қарсы алған еді. Йаркендтен барған барлық атақты ғұламалар шаһарға кірді, олар Құран Хатым, Тәкбір дұғасын оқып, қазаға ишарат етті. Әулеттері ишараттан қасірет хабарын түсініп жылап-сықтады, дауыстары аспан күмбезін толтырып, қайғысы шартарапқа толып кетті. Сәлден кейін *таʿзийат-наманы* ашып Хазірет Қожа Абдалла-қожамға берді. Бұлардың ишаратымен *нама-хон* (хат оқушы) хатты оқыды, мазмұны: "**Жан біткеннің бәрі өлімнің дәмін татады**[280] үкімінен еш адам баласы және де барша жан иесі бас тарта алмас. Қай әулие мен әнбие, қай дана, қай әкім бұл дәмнен құтылды. Ажал елге етегін салған екен қайсысы надан, санасыз, әлде шах па, кедей ме, кәпір ме, мұсылман ба таңдамайды,

---

[280] Құран Кәрім, 21: 35.

бұлардың бәрі де адам, айырмасыз. Адам белгісі бардың бәрі бұл аспан астының ажал шәрбатынан дәм татады. Ешкім бұл жазмыштан азат болмас.

Бәйіт (түрки):

Егер Нұх пайғамбар өмірін сүрсең де бір күні
Жүз мың қасіретпен арманда кетесің.

Жаһан мүлкі тұрақсыз, әлем істері өткінші, мұның басы да, соңы да жоқ. Бала-шаға, сүйіктілерін жоқ қылып, айырылысу отына күйдіріп, сағыныш ауруына ұшыратар. Өмір бақшасында өлім жебесінен ешкім құтылмас, өмірден өтер. Тіршілік гүлстанында күздің суық дауылынан ешбір бүршік қалмас, [↑113^{б}/114^{а}↓] ұшырып бақиға әкетер. "**Жан біткеннің бәрі өлімнің дәмін татады**[281] деген, сол шараптан ауыз тиіп өкініште кетер. Мәңгілік мәжілісі жерінде адал, арам болмайды. **Жер бетіндегінің бәрі жоғалады**[282] сөзінен естен танып, қорықпау қажет. Қаза — тағдырдың жазмышының басы, ауыр жарақаттың емі. Әулие, әнбиелер бұл іске дәрменсіз, әлжуаз болар. Әкім, ғұламалар ақылы да бұл жөнінде білімсіз. Бақыт пен дәулеттің ақырының белгісі Хазірет Құдай риза болсын. Болар істің, әсіресе қасірет оқиғасының өз уақыты бар. Өздеріңді ризалық мекеніне алып, пендешілік пен бейшаралық көрсетіп, сабырлы болғайсыздар, әйтпесе күнәкарлық, жетімдік дағымен бақытсыздыққа ұшырарсыздар. Шахзадалармен тіршілікте, жақсы күндерде кездестірсін. *Алла қаласа*! Ей әзіз-перзент, Абдалла Қожа, қазаға риза болу уәжіп. Сабыр мен шыдамдылықтан басқа шара жоқ, дана болғайсыз. Хазірет Пәруардігердің ісіне разылық айтып, аздап жылап-сықтап, қалғандарға қамқор болыңыз. Көп қайғыруға мұршаңыз жоқ. Пенденің разылығына *тасалли* ету қажет. Ей, ақылы кемел перзент. Бауырыңыз Хазірет Қожа Мүминге және әулетіңізге, барлық халқыңызға насихат айтып, *тасалли* оқып жұбаныш еткейсіз. [↑114^{а}/114^{б}↓] Ендігі уақыт қалғандарға Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, аманшылық берсін. Олар әркез сіздің тәрбиеңізден құр болмасын. *Нама тамам уа-с-салам*". Бұл *тасалли-наманы* оқыған барлығының көңіліне қуат бітті, жылап-сықтауды тоқтатты, барлық ұлыларға естіртті.

---

[281] Құран Кәрім, 21: 35.
[282] Құран Кәрім, 55: 26.

[Қожа Абдалланы тақ салтанатына отырғызу]

Таңертеңгісін мемлекеттің барлық халқын шақырды. Қашғардың барлық тұрғындары жиналды, бұл жиынның алдына Хазірет Сопы-қожам бастап билікке тағайындау жарлық хатын (маншури имарат-нама) алып Хазірет Қожа Абдалла-қожамға берді. Хат оқушы әдеппен жерді сүйіп, хатты алып қатты дауыстап оқыды. Хаттың мазмұны:

"Мейірімді, рақымды Алланың атымен бастаймын! **"Жер бетінде халифа жаратамын"**[283], оған мың мадақ. Хазірет жаратушының ұлысы, жомарт патша белгісі адал сұлтандар мен фазыл әмірлеріне, тұрғындар мен бұқараға! Бұл фәни әлемі тыныштық, аманшылықта болсын. Әлділер әлсіздерге зұлымдық-қысастық көрсетпей, аманшылықта, тоқшылықта болсын. Уағда шүкіршілігіне ол шахиншах, кемел де құдіретті, хұқық берілген ислам патшасының *Захир* әлеміндегі ізбасарына мойынсұнған мұсылман халықтарына ақиретте осы патшаның, ғұламаның панасына жинап, жұмақ жамағатының басы қылады. Бұл ислам патшасына бұл дүниеде мойынсұнбаған әр кісіге бұл дүние ақырында жаһан рәсуасын келтіріп, қияметте жүз мың жазаға [↑114[б]/115[а]↓] кіріптар болады. Осыған орай Пайғамбар хадисі бар, яғни бір кісі болыпты, сол заманда [оны ешкім] танымапты, өз заманының ақиқат ислам патшасы болыпты, адамдық жәһілдікке жүз мың салауат, берекеті, ол жаратылыстың саййиді, тіршіліктің өзегі, яғни Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, садақа-құрбандығы екі әлемнің халқын тура [ислами] жолға бастап, дұрыс жолды көрсетті. Қияметке шейін мемлекет сардарларына, әділетті әмірлерге Құдай шариғаты үкімімен қағида-заң көрсетіп, мемлекет басқаруына заңдылық негіз беріпті. Сонымен, ей, Қашғар халқы, біліп қойыңдар, жылдар бойы кәпірлерге тәуелділікте өмір кештік. Біраз уақыт болды, *әл-хамду ли-л-Лах*! Ислам ілімін басымызға көтеріп, діни қауымды келімсектерден таза етіп, бұл аймақтардың үкімет тағы Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, сіздерге тиесілі болды. Иусуф-қожа бауырым пендешілік жолымен аманат жанын Иесіне тапсырды. Енді нұр дидарлы, іш-бауыры перзенті Қожа Абдалла-

---

[283] Құран Кәрім, 2: 30.

ны тақ салтанатына лайық көріп, Патша-қожа атын қойдық. Енді бәріңіз бұл дүние мен ақиреттің өзегі Патша-қожаның қол астына кіріңдер, ізетіне лайықты болыңдар. Егер кісілер бағынушылықтан бас тартса өздерін бұл дүниеде талан-таражға түсуге, ел-әйелімен тұтқынға түсуге, өлімге бұйырғаны. [↑115ᵃ/115ᵇ↓] Ақиретте Құдай мен Пайғамбар алдында, ата-бабаларым алдында қынжылыста болып, жаһаннамның кіріптары болғай.

Ей перзентім, Қожа Абдалла, мұсылмандардың дад-сұрақтарына әділеттілікпен хүкім етіп, қасиетті шариғат тәртібімен басқарыңыз. Және де сізді әскербасы болсын деп едік, қазір енді бауырыңыз Қожа Мүмин Қашғар әскерін бастап, Хазірет Қожа Йахйамен тез арада мақсат жолында қадам қойсын. *Нама тамам уа-с-салам*".

Бұл отырған көпшілік жиын нама мазмұнымен танысып, қол астында болуға ант беріп, Хазірет Қожа Абдалланы патшалық зембілге (зилча-йи кирманиға) отырғызып, бір тарапынан Хазірет Қожа Йахйа және бір тарапынан Хазірет Қожа Насыралла және бір тарапынан хакім Хош Кипек бек бастаған барлық әмірлер, бір тарапынан заман ғұламалары Ахунд Молла Махмұд бастаған барлық ғұламалар көтеріп, тақ салтанатына отырғызды. Барлығы бір мезетте мансап алып мүбарак халге түсті. Ұлы іс қылды. Бұл жиынға сыяпат қылды. Хазірет Қожа Абдалла-қожам заңды тақ салтанатына отырып: "Әмірлердің әрбірі өз қол астындағы әскерлерді дайын қылып, жолға шықсын" деп үкім етті.

Содан бұл әмірлердің әрқайсысы ынтымақпен әскерді ұлы сапарға аттандырды. Хазірет Қожа Мүмин мен бауырлары рұқсатымен сапарға шығып, Биш Кирам аумағында Хазірет Қожа Йахйамен қосылды. Содан бұл әскерге *хисаб-басы*, [↑115ᵇ/116ᵃ↓] *жабдық-басы* барды.

Бұл шаһардың тұрғындары ертеден осы жерді отан тұтады, сол себептен көшуден бас тартады. Ертеден ақшамға дейін кеңес жасап "осындай қиындықпен мақсатымызға жетіп болмас, әр кісі өз қамын өзі жасасын" деп әмір берді. Жауынгерлер өзімен алған [артық] әр нәрседен арылған болды, шындығында олай болмады. Ақырында дамылдаған жерден жиналып Ақсай жолымен Ош шаһарына жақындады.

[Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин]

Бұл кезде Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин ибн Қожа Ахмад кәпірлер [қалмақтар] қолдарынан босап, аман-есен құтылып, рақат өмір сүріп, жағдайдан хабарсыз еді. Осы кезде Қашғар, Йаркендтен әскер келер деген ойына келмес еді. Бейхабар жатқанда сансыз әскер келіп, шаңы көк әлемін толтырды. Әрбірі бір мың кісідей болып көрінді.

Бәйіт (түрки):

Қашан қастық ділі жүз пәре болды, қорқыныштан
Сұлтанның әскерінен шаңды істі алып келген
Жүрексіздердің есі кетіп, тәнінен жандары
Жазмышы Ислам дүниесінің иманынан.

Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин өз әскерін жинамаққа дайындалып жатқан болатын.

Сонымен дастан естімек керек. Хазірет Қожа Мүмин мен Хазірет Қожа Йахйа бұл қарулы әскермен Ош шаһары алдына жақын келіп, әскері қатар-қатар тұрып, тізгін тартты. "Әуелі елші жібергейміз, олар өз жауаптарын баян еткей, егер ант қабыл етсе пейілімен, болмаса соғысқа дайындық [↑116ᵃ/116ᵇ↓] жасаймыз" деп кеңесті. Қашғардан Биш Кирам хакімі Мұхаррам бекті, Йаркендтен кейінгі уақытта Қашғарда қазынашы болған Тохта бекті, онымен бірге Омар мырзаның бір қырғыз сардарын, Мөңке тұқымынан (ұрығынан) бір қырғыз сардарды, әрқайсысын өз қол астындағылармен бірге елшілікке *фирман* беріп жіберді. Нама жазды, мазмұны:

"Ей Қожа Сир бек! Біліп қойыңыз, көп уақыт заңсыздық (шариғатсыздық) болып, талай ғасырлар өтіпті кәпір залым істі қанішерлердің қол астында болып, олардың хүкім-жарлығы жолымен амал қылып келдік. Қазір Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, мейірім шапағатымен Исламды жария етіп, кәпірлерге қарсы шығып, олардың басына қылыш ұрдық. Хақ тағала, біз — мұсылмандарға жеңіс сыйлар деген үмітіміз бар. Сізге деген үмітіміз, сөз-тілегіміз де сол, сіз де кәпірлерден кетіп, Исламға көмек бергейсіз. Бұл Қашғар, Йаркенд шаһарлары кәпірлер жолында қақпа болады. Енді сіз де халқыңызбен Исламға жар болуға ант беруіңіз керек. Мұнан өтіп Ақсуға Абд ал-Уаһһабтың қасына барсақ, ол да Ис-

ламға ант берсе, барлығымыз ынтымақта осынау қақпа шаһарларды бекем ұстап тұрсақ. Және кісі жіберіп кәпірлер халінен хабар алсақ, егер кәпірлер іші басшылықсыз, әрі бөлінушілік пен қапысыз болса уақытты ғанибет санап әскер жіберсек. Құдай көмегі жар болса, кәпірлердің жанын мұрнының ұшына келтіріп, жеңсек. Иманға шақырайық, егер иманға келмесе өз жазмышымен, біріне қылыш ұрып, бірін тұтқындап, тағы бірін өлтірсек, амалсыздан [↑116⁶/117ᵃ↓] кәпірдің бәрі тұтқынға түсіп кіріптар болғай. Сайидзаладарды және ханзадаларды кәпірлердің қолынан азат етіп, бұл аймақтарға келтіріп, хандарды тақ салтанатына отырғызып, әрқайсымыз өз ата-бабамыздың аруақтарын пана тұтып, дұғагөйлік жолымен жазмыш ісімен шұғылдансақ. Әрбір хакім өз қызметін, міндетін Ислам жолымен орындап, амал қылса және неше жылдан бері кәпірлер тәуелділігінде қылған амалсыз істерге тәубе етіп, қалған ғұмырында оның тілеуін орындасақ. *Жихад-ғазат* істемекпен қара жүзімізді ағартсақ. Әрқашанғы арман-қиял осы бізге.

Ей Қожа Сир бек, енді сіз де жақсы ниетке қосылып, Ислам қол астына ант беруіңіз керек. Әйтпесе *махшар* күні таңында Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, құзырында ұлы аталарың, Ұлы Пайғамбар Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, алдында жүзіқаралықпен кәпірлер қатарында болғайсыз. Осыған Саруардың хадисі түсіпті, яғни кісі не тариқалықпен өмір сүрсе, ол кісіге сол тариқалық іс болар. Тариқасыз болса қияметте сол жолмен тексерер. Мүминдер тариқасында болса Мүминдер тариқасында тексерер. Және де хадис түскен кісі бұл дүниеде кіммен *сахаба* болса, ақиретте онымен бірге тексеріледі. Бұл екі күндік дүниеде, мысалы түс көргендей [↑117ᵃ/117⁶↓] шексіз дүниенің рақаты мен ләззаты үшін ақиреттің шексіз азап-қасіретіне кіріптар болмақ ақылдылар ісі емес. Енді кім де болса ықтияр қылу керек. Екі дүниенің дәулеті мен рақаты — Ислам мемлекеті. Кәпірліктің істері дәулет емес, сондықтан оның соңы ойран. Қазір егер сіз Исламды қабыл етіп, жан-діліңізбен тағат қылып, қарсы алсаңыз, Пәруардігер атына ант берсеңіз, сіздің ісіңізге еш кіріспей, өз аумағыңызда хакімдікті беріп, Ислам тариқасында әскер қолбасшысы етіп, ту-жалау, дауылпаз бен керней бергейміз. Және бүкіл мемлекет уәзірі етіп, сіздердің кеңесіңізбен мемлекетке еркіндік бергейміз. Бауырыңыз Абд ал-Уаһһаб бекке де осындай уағда.

Ал егер Исламды мойындамасаңыз неше лек әскер Йаркенд, Қотан, Йанги Хисар және неше *фирқа* қырғыз-қыпшақ, тоғыз-қыпшақ, сарығ-қалпақ, найман, шоң-бағыш, отыз-ұл тайпаларынан тұратын әскермен маңайыңызға келдік. Баһадүр би есімімен мәшһүр Қуат мырза да артымыздан неше мың кісімен ізімізді басып келеді. Бұл сансыз әскер шаһарыңыздың шаңын аспанға шығарады, халқыңызды тұтқындаймыз.

Егер мұсылмандар исламнан жүз бұрып, кәпірлерге жәрдем берсе шариғат бойынша оларды өлтіруге болады, дүние-мүлкін таражға салған — сүннет, шынайы парыз. Соғыс қару-жарағына мұқият болғын. Енді аспан Сақиы мұрат ыдысын не біздерге, не сіздерге ұстатқай. *Нама тамам уа-с-салам*" [↑117⁶/118ᵃ↓].

Бәйіт (түрки):

Ей, қарсыласым көңілі қатты, соғыс жарағын түзет,
Бауыр етпесең саған жүз мың насихат әсерсіз.
Қашан енді қатал көңіліңді жұмсартасың деймін,
Яки Алла тағдырынан жеңіс-дүр немесе қатер.

Бұл хатты алып елшілер жолға шықты. Содан наманы жеткізіп Қожа Сир деген қарабетке жолықты. Қожа Сир бек өз қожасына жол бастады. Бұлар хан сарайы мансап иелеріне толы, әскерлері қалмақ, қытай, мұсылман аралас екенін көрді. Киім киісі мен сөздері кәпірлерше ғажап мәнердегі, ғажап әдеттегі тайпаны көрді. Еш ислам дүниесіне сай келмейді. Сарай ішіне кіріп, тамашалады, ортадағы кілемде қадірлі Қожа Бұрхан ад-дин ибн Қожа Ахмад отырыпты. Сол жағында залым әмірлері, шайырлары мен сардарлары, жаман істі арамза кісілер, пасық ойлы, рақымсыз кісі өлтіргіш, кекшіл, тасжүрек, пешенесінен бақытсыз, қаны қарайған, бақсыз-талансыз, Исламнан бейхабар, иманның нышаны жоқ тайпалар отырыпты. Бұлардың жиіркеніште арамза болмысынан жаһан қаупі мен кек дариясы толқынданады және бақытсыз пешенесінен қастық топаны, жаушылық аптабы ұрып тұрды. Яғни бұл тайпа: Қашғардан Шир Мұхаммед Имин бек ұлы Абд ар-Рахман бек, Йусуф бек бауыры Әбдісаттар бек, Мұса бек, Құдайар бек ұлы Мұхаммед Имин, Йаркендтен Қарғалық хакімі Мир Нийаз бек ұлы Мир Әуез бек, Дәулет-қожа-пәле, [↑118ᵃ/118⁶↓] Ақсу хакімі Абд ал-Уаһһаб бек інісі Омар бек ұлы Абд-у Саттар бек,

Абд ал-Халық бек, Ош хакімі Қожа Сир бек ұлы Мұзаффар бек, есік-ағасы Сарт бек, Куча хакімі Аллақұлы бек, Сайрамның хакімі Мұхаммедйар бек, Дулан хакімі Сағадат. Іле бектерінен Рахманқұлы бек, Құрманқұлы, Абд Рақым бек, қырғыз Абдалла бек және мұнан өзге әмірлер һәм көп диуана, сопы сипатты, доңыз жолды сопылардан мұнда Сопы бек, Ундық сопы бек, Рахмат сопы бек, Аждар Нийаз, Нуштар Нийаз, жәһіл жолындағы ахундтардан Молла Әуез ахунд, Молла Құтлұғ ахунд, Сақал ахунд, Молла Қасым ахунд, Молла Барат ахунд, қанішер бектерден Мир Наурыз қазынашы, Сарығ жасауыл, Илийас мирахур, мұнан өзге аты белгісіз сопылар көп еді. Қалмақтан Даңжин Жайсаң деген Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, елшіні қуып шығарған кезде Йаркендте *қарахан* орнында отырған еді. Ол [Даңжин Жайсаң] бір мың қалмақ әскерін алып Амур Синаның жарлығымен келген еді. Бұл мәжілісте ол да бар еді. Хақан [Қытай] әскерінен Тұрымтай атты бір қытай елші, ол да бір топ қол астындағылармен бірге келген еді.

Осы жиын ішіне бұл елші кіріп, жер сүйетін әдетті орындап, хатты берді. Наманы алып оқыды, мазмұнын естіп, кекесінмен сөз айтты: "Бұл Йаркендтік Ысқақийа қожалары бұл жерге өздерінің күшін білмей қиялшылдықпен келіпті" [↑118[6]/119[a]↓].

Бәйіт (парсы):

Өз дүниесінен кемелдік дүниесіне аяқ басқан кісі,
Дүниенің Қожайыны алдында мәңгілік өлмес.

"Егер де бұлар уақиғадан бейхабар болса Амур Сина Қытай хақаны қасына барып, Қытай әскерінен келтіріп, Іле аумағы тағына отырды. Дабаржи қашып Үш Тұрфанға келген еді. Оны сабақ болсын деп ұстап, хақанға жеткізді. Іле қазір жақсы кемелінде, неше мың қытай әскері дайын тұр. Амур Сина хақан бұл шаһарлардың тақ салтанатын маған [Бұрхан ад-дин] берді. Бұл Ысқақийа қожаларын Ілеге шығаратын болды. Ол қожаларға Қытай хақаны мен Амур Синаның жарлығы: "енді бұл шаһарларда Ислам заманы өтті, шаһарларды тапсырып, өздері Ілеге барсын. Амбал Жайсаңдардан өлім күнәсін тілесін. Егер олай қылмасаңдар бізбен бірге қазір Қытай Ваны бір мың қалмақ әскерімен келді. Он мың қалмақ Ақсуда қалды, бұлар бірге барып Қытай хақаны мен Амур

Синаның жарлығын орындап, көп әскер жинап, бұл қожалардың анасының құрсағындағыларын жарып, қойдай бауыздап өлтірер. Егер бұл сөзді өтірік айтсам, ақыры Қытай хақаны азабына кіріптар болғаймын" деп, ант-су ішті.

[Әскер бұзылған оқиға]

Әлқисса, осындай саясатшыл, ашулы сөздерді естіп, елші болып барғандардың барлығы есінен танды. Бұл елшілердің көпшілігінің [↑119ᵃ/119ᵇ↓] затында [өз қожаларына] берілгендік пен мейір-опадан еш белгі жоқ еді. Керісінше табиғатында сатқындық ізі бар еді. Ол болмыстарынан теріс ықылас көрініс беріп, Хазірет Қожа Йусуф-қожамның опатын хош хабар етіп, Қожа Бұрхан ад-динге тәуелділікке ант берді.

Мұхаррам бек бастаған бірнешеуі ғана қалмаққа тәуелді болудан бас тартып, әсілінен шықпады. Тохта қазынашы бірнеше қырғыздармен әрқайсысы өз руларын бастап, әскерді бұзып, бұл тарапқа қосылмақты уағда етіп, Хазірет Қожа Йахйа мен Хазірет Қожа Мүмин әскеріне оралды.

Хазірет шахзадалар олардан уақиғаны сұрады. Арамзалар оқиғаны жүз есе асырып баян етті. Хазірет шахзадалар кеңпейілділікпен: "Халайық, біздер Хақ, *сұбхана уа тағала*, ризалығы үшін, ислам әскерін жинап, кәпірлерден бет бұрып, олардың басына қылыш тартамыз деген үмітіміз бар. Қазір қолымыз [әскеріміз] бір жандай, егер жүз жан етіп, жүз бөлек қылсаңыздар жеңбеспіз. Һәм Құдай Пайғамбары алдында, Ислам жолында жанымыз пида болар. Егер біздің ажал-шаһадатымыз Алла тағдырымен бұл құнсыздардың қолында болса мархаба, жүз мархаба. Қорғанышымыз екі дүниенің шахзадалары хазіреттер Имам Хасан мен Имам Хұсайннан, *Алла оларға риза болғай*, қалған мирасымыз — Пайғамбар әулеті абыройын қолдан бермей, бұл қансыраған тәндерімізбен қиямет күні [↑119ᵇ/120ᵃ↓] Құдай мен Пайғамбар алдында Кербала *шаһидтері* сапында болып, кек алу үшін *шаһадат* талап қылғаймыз. Неше уақыт болды, рақат (ишрат) ыдысымен еркін дәурен сүрдік, дәулет пен ізет көрдік. Асау Бураққа мінгесіп, тақ салтанаты үстінде менмендікте орынсыз қадам қылған болсақ және өз

басымыздың менмендігін басып қайтара алмасақ бізге күнә. [Осыдан] тәніміз шіріп бүлінген болса, *шаһадат* сабынымен өзімізді пәк еткеніміз абзал. Жан пида, *шаһадатқа* дейін нәсіп еткей, Құдайым мен кербалалық Хұсайн маған жақсылық (миннат) етер, көтеріліс шаңынан пәк етер. Өкінерсіз, бір күні ақыры жан мен тәнге ажал оғы захмат берер деген саясатшыл, саяз ақылды сөздерді сөз деп ойламаңдар, адастырар.

Иә, Қожа Бұрхан ад-дин кәпірлерді панасына алмай, бұл аймаққа келсе екен. Біздерге қарындас еді, оған көздеген орнын беріп, жан-тәнімізбен құрметтеп, сый-сыяпатын көрсетіп, қай шаһардың тақ салтанатын ықтияр етсе, онда отырғызар едік. Қазір ол кәпір әскерін бастап келіп, кәпірлер жарлығының саясатымен жүруде. Біздер мұндай қарындастардан безерміз. Құдай шариғаты хүкіміне тәуелдіміз, шариғатта не қабыл болса, сүннетке [↑120ᵃ/120ᵇ↓] жол жоқ-ты. Оны біз өзімізге жол көрмейміз. Енді бұл аспан асты шаңға толып, мұратты қолға бергей. Қожа Бұрхан ад-диннің бұл жерлерге қадам келтіргенінен біздер бейхабар едік. Бірақ біздер мұратымыз орындалса, оларды кәпірлер мемлекетінен азат етпекші едік. Біз одан біздердің хақымызда осындай опасыздық келер деп ойламаған едік.

Кек қылышын мұбарак белдеріңе бекем байлап, дұшпандардың басына төндіріңдер. Қазаға ризашылық бердім, не болса да кештім. Қашанғы көңілі қатты жардан қасірет тартайын. Опаны көп қылар едім, енді әркімге сондай жүз түрлі жапа келер болды, наразы болдым".

Әлқисса, бұл шахзадалардың әскері толық жабдықталған және соғыс аспабы түгел, мінген аттары семіз және әлі тарықпаған еді. Тек қана көңілдері Хазірет Қожа Йусуфтың, *Алла оған рақымды болғай*, қаза болғанын естіп торыққан еді. Оның үстіне қалмақтар басшылығымен әскер жиналғанын, оған Қытай әскері жәрдем беріп, Қожа Бұрхан ад-динді бас қылып, жер қайысқан қол қарсы тұрғанын естіген еді. Бұлардың саясаттары қалмақтың шынайы жағдайын ашты: олар [қалмақтар] бұл шахзадалардың халқына қарсылық қыла алмастығын, тек Қытай әскерлеріне сүйенгенін біліп, осындай артынан ерткен ұлы да тұрақты [↑120ᵇ/121ᵃ↓] әскерге сүйенген [қалмақтармен] бетпе-бет кездескеннің ақыры нешік болар екен деп, бәрінің көңіліне қорқыныш ұялады. Әсіресе, қалмақтар-

дан көп қысым көрген қырғыздарда еш береке қалмады. Мұраттары олжа-байлық еді, бұл әскерден олжа алудан үміттерін үзді.

Оған қоса, Қожа Бұрхан ад-дин елші болып барғандарға көп уәде мен ескертулер қылған еді: "Егер сіздердің дәлеліңізбен ол жақ әскерінен не қырғыз, не басқалар біздерге қосылып жәрдем берсе, хан мен төреге: "Тамам [Қашғар] мемлекетін оларға тапсырыңыз, хан мен төреден сый-сыяпат, жақсылық пен пана беріп, байлыққа кенелтерсіз. Олар қанша олжа алса да ешкім кедергі етпесін. Егер Қашғар және Йаркенд тұрғындарынан қандай да бір кісі "ханымыз бен төреміз" деп бізге жүз бұрса, оған жақсылық жасап, бір елі төмендетпей үлкен мансап беріп, қорғанышына жеті ұрпаққа дейін заңды болар қызыл тамғалы *тархандық*[284] белгі сыйға беріңіз" деп хат береміз" деп елші қырғыздарға уәде берген еді. Осынау уәдені бұл иманы нашар елшілер әскерге баян етті. Кейбір иманы нашар және Исламы саяз халықтардың көңілі ол жаққа бейіл болды.

Әлқисса, қырғыздар жан-ділімен оларға бейілді болды. Дегенмен, бұл қасіретті хабар барлық әскерлерге белгілі болып, кеңесіп сап бұзылғанша [мұсылман әскері] Қожа Бұрхан [↑121ᵃ/121ᵇ↓] ад-дин әскерінің быт-шытын шығарды. Ош дарбазасы бұзылғанша қалмақтардан жүз жиырма бір жанға қаза жетті, бірнешесі жарақаттанды, өйткені бұлардың [қалмақтардың] аттары нашар, соғыс құралдары жарамсыз еді. Бұларды бір сәтте жермен-жексен қылысты. Ислам әскерінен бір кісі ғана *шаһадатқа* аттанды. Осынау халде қырғыздар Хазірет шахзадаларға: "Біз артқа қарай қашып барсақ, Уч әскері ілгерірек келсе, онан соң қоршап алсақ, бір кісі де азат болмас" деп кеңес айтты. Олар мақұл қылды. Ислам әскері осылай кейін шегінді. Қырғыздардың Мөңке ұруғы уақытты ғанибет санап, әр тараптан ол жаққа аттанып, сапты бұзып Ош әскеріне қосылды.

Хазірет Қожа Йахйа мен Хазірет Қожа Мүмин әскер бұзылғанын көрді. Ол тараптың әскері майданға шыққанша күшейіп, көп болып ілгері шабуылдады. Бұл шахзадалар жау әскерінен гөрі өз әскерінің толық бұзылуынан қорықты. [Саны жағынан] дұшпандар әскерінен көбірек өз әскерін амалсыз "қиын-қыстау жағдайда,

---

[284] Мәтінде — در خانلیق

Пайғамбарларға да шегінген дұрыс" [нақылының] мазмұнымен шегіну жолын ықтияр етіп, артқа шегінді.

[Хазірет Қожа Мүмин мен Қожа Йахйа әскерінің жеңілуі]

Әмма көрмек керек. Уч әскері артқа қашқан бұларды қоршауға алып, сойды. Бәрі қашты, үлкен машақатта соғыс құралдарын тастап, шатыр-жүктерінен [↑121⁶/122ᵃ↓] және азық-түлік, жүк көлігі мен сапар жабдықтарынан ажырап, шығынданып, кейбірі жалаңаштанып Қашғарға қайтты. Бұл әскер ішінде неше тайпа қырғыздар бар еді, кейбір тайпасы Ош әскеріне қосылып, арттан шауып талан-таражға салды.

Бәйіт (түрки):

Жүз мың топырақ тас болып тисін сатқындар жанына
Шешімі құрып, отына түскей Мани ханының.
Құдай дініндегі адамдар әлемінен шыққан
Ислам иманына куәлік етпеген
Достық қылмаңыз ешбір достығы жоққа.
Опасыз болар, оның антындағы айла-амалы
Тағат емес жазмыштан қарақшылық.
Әрі харам қорлық, қадірінен айырылған Сұлтанға
Үлкенді тараж етіп, захмат берер мейманына.
Еш қауымға берілмеген, осынау сипатта бар ма
Дию мен шайтан да ұялар бұлардың қылығына.

Әлқисса, Хазірет Қожа Мүмин мен Қожа Йахйа осынша көп әскермен барып аз әскерден жеңіліп, жүгін тастап қашқандарынан ұятты болды. Хазірет Қожа Йахйа Келте-Йайлақ арқылы Йаркенд әскерін алып жүрді. Хазірет Қожа Мүмин Қашғар әскерін алып жүрді. Қызметшілердің бірінен жаршы (жапагон) жіберді. Бұл келіп Хазірет Қожа-патша аталған Хазірет Қожа Абдалла ибн Қожа Йусуфке, *оның қабіріне нұр жаусын*, баян етіп, уақиғаны түсіндіріп айтты. Ол өкінішпен қолын санына ұрып, намыстан дабыл (табл) [↑122ᵃ/122⁶↓] ұрды. Барлық мемлекет халқын шақырып алып, әскердің жеңілгенін естіртті. Он сегіз күндік мерзімге кетіп еді, он үш күнде бұл оқиға болды.

Сол түнде Хазірет Қожа Мүмин бүйір-қаптал дарбазасы арқылы кірді. Хазірет Қожа Абдаллаға кездесіп баян етті. Хазірет Қожа Абдалла-қожам көп ренішпен сөйледі: "Қаншама уақыттан бері үлкен бақыт біздің тарапымызда еді. Енді міне мақсатымыздың орындалуына нұқсан келгені мәлім болды. Не қылармыз, әрнеге қаза аспаннан келеді, оған риза болармыз. Еткен еңбегіміз бен жоспарымыз іске аспады. Жоспарымызға Құдай тағдырынан өзге бола ма?" деп, Хазірет Қожа Мүминге жұбаныш айтты.

Сонымен, Йаркенд қолбасшысы болған Хазірет Қожа Йахйа тез арада Йаркенд әскерін бастап, бұлар да болған істі баяндауға, (жапа) айтуға аттанды. Бұлар барып болған жайды айтып берді. Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, реніш етпей: "Алла тағдыры осындай, қазаға риза болу уәжіп. Әрне де Хазірет Хақтан, *сұбхана уа тағала*, келер. Оны дұрыс қабылдамақ керек, еш ылажы болмас. Пендешілікке бұйрық бар, Алла тағдырына ризамыз. Бұған қандай да бір шара істеп болмас" деп, баянына жұбаныш айтты.

Сонымен ақылды кісілер кеңес берді: "Мөңке қырғыздар ұрпағынан осында кісі қалыпты, оларға оқиғаны білдірмей болмас. Асқа шақырып: "Ошқа барған халық біздер үшін көп жақсы қызмет қылыпты, [↑122^{б}/123^{а}↓] жақын, жолдас, ашаларды мейман қылармыз" деп шақырсақ келер, содан ұстап кісендесек, отанына әскер барып тараж салса, тұтқындаса мұның сазайы осы" деп баян етті.

Әлқисса, қырғыздарға барды, үшбу мазмұнда шақырып келіп, төрт жүз жақтастарымен, көптеген жүгімен ордаға әкеліп тұтқындады. Отанына әскер барып тараж салды. Біреулері қолға түсті, енді біреулері қашып пана іздеді. Бұл сансыз тайпа қырғыз рулары еді, көбісі тауда жасырынды, кейін қарақшы болып келіп, Йаркенд шөлінде қарақшылық жасады. Тек Омар мырза қорқып бұған қатыспады.

Хазірет Қожа Йахйа ұяттан қамығып келіп Хазірет Қожа Жаһанға, *оның қабіріне нұр жаусын*, кездесті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұларға ілтипат етіп, бұлардың қысылысын көтеріп, басынан аяғына сый беріп, оларға қарғысын төгіп, сыбағасын берді. Бұл қырғыздар айлакер еді. Біраз жылап, айтты: "Ей патша, Жаһан панасы, Пайғамбар әулетінің қызметінен бас тартқан және Исламнан

жүз бұрған не деген жүзіқаралық, ақиретке шейін қарғыс атсын, жетпіс тұқымына лағынет жаусын. Халқымыздан бірнеше ауыш, жаман кісілер бұл істі бастапты. Біз олардан жиіркене бас тартамыз. Құдая Расул, бас тартамыз. Қазір олардың жазасына бізден бір құпия жансыз [↑123ᵃ/123⁶↓] кісі барсын, мақсаты қылған күнәсі үшін жөнге салып, ол халықтан бір жолмен *жизйа* алып келсе. Болмаса, әулетін тұтқындап тараж салсын, ақыры қолға түсіріп жазасы беріліп, өлтірілсін. Ал енді Йаркенд жазықтығына қашып шығып, қарақшылық қылып жүрген халықтарымызды біз өзіміз барып тұтқындаймыз, ол дұшпандарға: Ислам жолында жанпида қылыңыз деп тапсырамыз. Шулаған шіркіндер жүз мың ант ішіп, серт беріп, жабысып іші-бауырына кіріп уәде етті.

(Түрки):

> Иә Раббы, осынау қауымнан жаман сертті болар ма екен,
> Көзі жасты, ауызы жұмсақ, көңілі қатты, бауыры тас.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам, ділі өте жұмсақ, шыншыл, шыдамды әрі рақымды әзіз еді. Бұл пәлелердің сөзіне шынымен сеніп қалды. Біреулері қаншама қарсылық қылған еді, бірақ Хазірет Қожа Патша қабыл қылмады: "Мұсылман әр кез сертті бұзбас, әсіресе, Құранмен ант еткенде. Олардың исламына шәк болса да, біздің исламымызға шәк жоқ. Олар Құранға сәйкес амал қылмаса да, әлбетте, біздер амал қылғанымыз ләзім" деп, қырғыздарға рұқсат берді.

Бұл залым, серттен тайғыш кәпірлер дарбазадан шығып қарақшылық бастаған тау ішіндегі жамағаттарға қосылып Йаркенд жазығының елді мекендеріне тараж салуға кірісті.

Мұсылмандар еш жақтан тыныштық көрмеді [↑123⁶/124ᵃ↓]. Хазірет Қожа Жаһан-қожам қатты өкінді. Көкке айтар еді: "Ей аспан, осындай арамза-сатқын қылмыс пен айлакерлікке жол бердің. Бір мехнат, жүзіне шыдамдылық қылайын, қайсы қамығу мен ашуды келтіріп, қашанғы оқ жауынына нысана боларсың? Йусуф-Қожа бауырымның әлі қаралы күні, айырылысу ынтығы қырық күнге толмаған, ол жақтың арман-қиялын айтайын ба, әлде бұл пәле-сатқындардың залымдығын баян етейін бе?" дейді.

Бәйіт (түрки):

Тағатым жоқ, басыма іс түсірді аспан,
Жүз кісінің басынан асар азап шеккізді аспан.
Еш адам баласы болмай қалды ма,
Барлық түрлі бәлені жалғыз маған берді аспан.
Шахиншахтың басына түскен іс басылмас қанша шарап құйылса да,
Кербала *шаһидтерінің* жәбірінен де асырды аспан.

Және де: "Құдай бұйыртпады, әйтпесе қамығу мен қайғы уақытында қарындасым Йусуф-Қожа болса, бұл жат жерліктердің барлығын бәнгі қылар еді. Енді мәлім болды, біздің дәуіріміз өтіп, қасірет біздің жағымызға бет бұрды. Не қылсақ та бір көлеңкелі нәтиже болды. Мұның ақыл-ылажы енді тәуекелден өзге емес. Қазаға риза болу уәжіп. Аспаннан арамза, залымдық келсе, не шара қылып тұрармын. Еш уақытта өкінішім жоқ, ендігі істер ылажым — тәуекел. Осындай жағдайда көзімді ашып-жұмып тұрар жағдайым жоқ" деп, Құдай тағалаға тәуекел қылды.

Сонымен, *қамыққан хал хикаяты мен жағымды жар қиссасын естімек керек*. Сөйтіп Уч шаһарының Қожа Бұрхан ад-дин әскері ол күні [↑124ᵃ/124ᵇ↓] Хазірет Қожа Йахйа мен Хазірет Қожа Мүминнің әскерін жеңді. Көп олжа, байлыққа кенеліп, соғыс қаружарақтарын, шатыр, жүк малы, неше қатар түйе мен жылқы, тиелген сапар жүгіне ие болды. Қызметкерлері мен жақындары бұл істі көріп кереметке жазып, сенімдері жүз есе болды. Арандарының көзі ашылып, мол дүниеге кенеліп қайран қалды, тіпті мастықтан ақыл қалмады.

Бәйіт (түрки):

Бақыт егер жар берсе дәруішті сұлтан етер-мыс,
Әр күні ол күннен көп асқан байлық берер-мыс,
Адамның бақыт жұлдызы [оңынан] туса егер,
Әлсіз қына су құбырын Сүлеймен етер-мыс.
Бақыт жұлдызы теріс туса егер,
Ол тіпті жаһан шахы деп, пенде деп те елемес.
Садыққа кел, ей көңіл, бұл бақыт тағынан
Лезде арыстанды пақырға, пақырды сұлтанға айналдырар-мыс.

Әлқисса, Абд ал-Уаһһаб Мәңгіліктің [Құдай] бақытсызы бастаған бірнеше кісі араға кеңес-мәслихат салды: "Қашғар, Йаркенд

әскерін жеңіп, жеңіске жеттік, ендігі ақыл — ақырындап артынан қуып жүрсек, осыншама әскерден бөлініп келгендерді серік етіп, Қашғар аумағына барсақ һәм қырғыздар біздерге көмек бермек үшін келді, өйткені Қашғар халқының көбі [сіздің ата-бабаңыздың] *мүрид-мұхлисі*. Қашғар бұл шарасыздықта соғыссыз жеңілер, егер дәл қазір бармасақ соңында [↑124^{б}/125^{а}↓] біздің аумағымызға әскер тартар. Ол жерге біз әуелі барсақ аяусыз жеңіп қайтармыз, тезірек барғанымыз дұрыс. Егер Қашғарды басып алсақ Йаркендтің шаруасы оңай болады" деп Қожа Бұрхан-қожамға мәслихат айтты. Бұл кісілердің кеңесі барлық залымдарға жақты. "Ұлы сапарға шығамыз" деп бұйрық етті.

[Әндіжаннан Қуат мырзаның келгені. Абд ал-Мажидтің арандатушылығы]

Сонымен, *айлакерлік туралы дастан, арамзалық туралы қисса естімек керек*. Қашғарлықтар екі шахзада (ибн Қожа Йусуфтың) әскері жеңілгеннен көңілдері жасып кетті. Мемлекет ішінде айла-арамзалық істер белгі бере бастады. "Қожа Бұрхан-қожам келеді-мыс" деп, халық әр тараптан күтуге айналды. Тоқтатулардан пайда болмады, біреуін тоқтатса оншақтысы көнбеді, еш жақтан тыя алмады.

Ол уақытта Хазірет Қожа Хасан, *оның қабіріне нұр жаусын, мүридтерінен* Ахунд Молла Масжиди, Ахунд Молла Наурузи бастаған кісілермен Хазірет Қожа Йусуф Әндіжандағы Қуат мырзаға, *Алла оған рақымды болсын*, Дәруіш Букаулды нама беріп жіберген еді. Бұл наманы қабыл етіп ахундтар шаһарға келген еді. Хазірет Қожа Абдаллаға кездесіп, *тазиатқа* Құран хатымын оқып, жылап-сықтасты. *Тазиатта* қаралы бастарынан ұрады, тіпті қиямет болды. Хазірет Қожа Абдалла ахундтарға ілтипат етіп: "Әрқайсыңыз өз *мүрид-мұхлистеріңізді* жинап, шаһар қоршауы маңында әрқашан дайын тұрғайсыздар" деп тапсырма берді. Қуат мырзаны қарсы алуға сыйлықтар беріп, қызметшілерін жолға шығарды. [↑125^{а}/125^{б}↓]

Сонымен арамза, сатқын, опасыз, пайдақор, өзімшіл Абд ал-Мажидтен естімек керек. Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, бұл қарақшы-ұрыны өз перзенттерінен артық көрмесе, кем етпей тәрбие берген еді. Барлық орда қызметкерлері қызғаныш қылып ай-

тар еді: "Ей Патша! Әлемнің панасы, бұл Абд ал-Мажидке орда ішінен орын беріп, тәрбие қылғандарыңыз Хазірет Әли, *Алла оны ұлықтағай*, Абд ар-Рахман ибн Мулжамды өз үйлерінде тәрбие қылып, ақырында онан опасыздық пен қиянат көргеніне ұқсас. Мұның табиғатында опаның жемісі болмас, ақырында Хазіреттің хақында қиянат етпей қоймас" дер еді.

Хазірет Йусуф Қожам, *Алла оған рақымды болсын*, айтар еді: "Әрине, біз пақыр, пендеміз, дұшпандарға зеректік пен түсінушілік көрсетейік, қажет болған күні дайын болайық" деп еді. Шындығында ол бұлардың әлжуаз халінде бастарынан ұрды. Қуат мырзаны қарсы алуға шықты. Басқа қызметкерлерді Қуаттың маңайына жолатпады. Қуат мырза Алла жазмышы [Лаух-и Алла] қызметінің кемерін бекем байлап келген еді, оны осылай жолдан шығарды.

Бәйіт (түрки):

Адами, шайтани жүз түрлі қаталдық Ібілістен,
Хақ дейді шайтанды сайтандық сипатын жасырғанмен,
Барша халықты азар етер осы шайтан бұйрығымен
Бірақ шайтан ісі кем түсер адами шайтанның залымдығынан.

Қуаттың болмысына дақ түсіп [сатқындықты] мақұлдады. Ол зорлықшы жағына шығып, өз ықтиярын [арамзаның] қолына [↑125[б]/126[а]↓] берді. Ол жиылыстың кейбір сөздері осы.

Бәйіт (парсы):

Ей мырза! Жеңушілердің жары бол ол жеңіскер болып тұрғанда,
Жеңілгендердің жары болма, сен де жеңілерсің.

"Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, дүниеден өтті, әулеті басшысыз қалды. Және бұлар Ош шаһарына соғыс қаруын сермеп, қирап қашты. Қырғыздар Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин жаққа өтті, һәм Қашғар халқы бұлардан бет бұрып, Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожамға жүз келтірді. Бұларға жәрдем қылмай, айла жасап Қашғарға хакім болғаныңыз көп жақсырақ. Сөйтіп бұл шахзадалар шаһарды тастап кетеді. Талас-тартыссыз хакім боласыз және де көп уақыттан бері ордаға хакім Хош Кипек бектің жинаған мол дүниесі бар, бұларға сіз ие боласыз, олжа сіздікі" деп, олжаның атын шығарып еді, қырғыздар сөзге еріп кетті. Барлығын жамандық пиғылы жеңді.

Пақырлардың пақыры, кемсіндердің кемсіні Молла Садық Қашғари айтады (түрки):

Бұлардан жаман пиғылды бар ма екен бұл заманда
Опасыз, жапа толы, сенімсіз, жаман пиғылды,
Әрі тойымсыз, әрі ессіз, залым, әрі харам.
Құлқы нашар, ұлағатсыз, адамгершіліксіз,
Залым-қанішер, олжа үшін қорқыныш сеуіп жүрер,
Жүз кісіні өлтіргенде көзге ілмейді майданда.

Әлқисса, Абд ал-Мажид деген бұл қырғыздарға жауап-қолдау көрсетті. Қырғыздар "Біз бұл екі қожаның [↑126ᵃ/126ᵇ↓] ешқайсысына дұшпан емеспіз, өйткені екеуі де Пайғамбар әулетінен Махдұм Ағзамның немересі, панаға аламыз" деп, Хазірет Қожа Абдалла-қожамның қызметшілеріне бұл жауапты жіберіп, өзін бейкүнәдай ұстады.

Хазірет Қожа Абдалла Қуат бек арамзаның жауабын естіп көңілі қалды. Бауырларымен хал-ахуалдарын баян етіседі: "Ей қарындасым! Бұл не деген қиыншылық еді біздің басымызға түскен. Не деген қам мен қайғы біздерге келген. Атамыздың қайғысынан әлі қырық күн өтпей не деген уақиғалар бізге келіп өлім-қайғыны көбейтті. О, қасірет, отанымның ойран болар қаупінен айтайын ба? Бар күшіміз қырғыз Қуатта еді, ол да насырға шапты. Бұл келген қанішерлермен қалған бір-екі сап [әскермен] бетпе-бет соғысып болмас. Енді шахарды тастап шығуымыз керек. Егер шайқасайық десек әскеріміз жоқ. Қашғарлық көпшілік, Уч диуана сопылары біздерді ұстап беруі ықтимал. Егер бір уақыт бетпе-бет болмай тастап қашсақ, адамдық намыстан қорқамыз және кекесін уытына ілігерміз" деп, өкініш-мұңын айтыпты.

Сонымен, Қожа Бұрхан ад-дин жеделдей ілгерілеп, Каж Хар аумағынан Артуж жеріне келіп түсті. Бірден кездесуге келді, Хазірет Қожа Абдалла тақ салтанатта отырған, амалсыз қызбалық пен батырлық көрсетіп тұрған халде еді [↑126ᵇ/127ᵃ↓]. Абд ал-Мажид деген қашғарлық орда қызметкерлерінен күстахана айтып көрді: "Хазірет Қожа Абдалла тақты енді босатып берсін, иесі келді, өз орнын білгендері құп, мемлекеттің барлық ұлыларының арыздары осы, әйтпесе өзіне қатер, сіздерге жалғыз ақыл осы" деп, саясатсымақ сөздер қылды. Хазірет Қожа Абдалла бұл күстаханалық

сөзді естіп, біраз қапаланды. Біраздан кейін өзі [Абд ал-Мажид] Түмен[285] (өзен) жағасындағы жерде тұрып, ордаға қарап: "Ей шахзадалар! Енді тақты босатып беріңдер, хақылы орнын алуға иесі келді, кешіктіргеннің мағынасы жоқ" деп айғайлады.

Хазірет Қожа Абдалла ордада еді, мүбарак құлағына жетті, қолына садақ-жебе алып неше рет атпақшы болды. Қатысып отырғандар кедергі етті, бұлар да бір жерде отыра алмай тұрды. Хазірет Қожа Абдалла оған хабар айтты: "Ей арамза-опасыз! Бұл қиянатты біздің хақымызға қылғаның өзіңе қылғаның".

Мисра: "Қай жерден тұз жесең, тұзсалғышты сындырма".

Біздер саған тұз берген едік, енді сені ата-бабамның тұзына тапсырдық, сенің көңіліңе өз ниеттеріңе лайықты іс қылармыз. *Алла қаласа*, үмітім бар, бізге қылған соқыр сұмдығыңнан соншама апатқа ұшырағайсың, соншама пұшайман болғайсың, ешқашан пайда көрмегейсің" деп ашуланды. Ол жердегі дүние- [↑127ᵃ/127ᵇ↓] мүлкіне тараж салып, бала-шағасының кейбірін тұтқындап, кейбіреуі өлтірілді.

[Қаратаулықтардың Қашғарды тастап шыққан оқиғасы]

Хазірет Қожа Абдалла содан ойға батып, көңілін орнықтырар еш демеу таба алмады. Амалсыз балалары мен бауырлары бірге мәслихат қылысып, қаланы тастап шықпаққа ұйғарды. Хош Кипек бектен және мәслихат сұрады, ол айтты: "Ей әлем Патшасы! Хақ панамыз! Кеңесім сол — қалудың реті жоқ, елден безудің, ел кезіп қаңғырудың кезі келді. Енді бізге рақат пен тыныштық бар деп ойламаңыздар. Торығу мен айырылысу уақыты жетті. Ал егер сапарға ықтияр қылсаңыздар ешқашан Йаркендке аяғыңды баспаңыз, онда жан сақтауға болмас. Йаркендті де осы ауру [сатқындық] жайлап алды, бұдан ешқашан құтылмас. Егер бір тағдыр оларды жеңімпаз етсе, Хазіреттер жеңілген болса, нәсілдеріңді өлтіруі ықтимал. Әуелі Әндіжан жеріне жолға шықсаңыздар. Біздер, қызметкерлеріңіз, жолға серік болсақ, біздерден қауіптеніп бұл залымдар Йаркенд жерінен қадам баспас. Кейін, бір заманда

---

[285] Қызылсу өзенінің бір бөлігі Түмен өзені деп аталған.

бар тариқат бірігіп бұл шаһарларды қайтаруға болар деген үміт бар. Және де сіздерден бір кісі ілкіде тұтқын болса, өлтіруге кедергі болар" деп, Әндіжан жаққа баруға көп дәлелдер келтірді.

Сонан Молла Садық астарлап айтады. Молла Садықтың ғазалы (түрки):

Енді жетті елден безу уақыты, айырылу қайғысы,
Шаһар-үйімізді тәрк етіп, Шам, Ираққа беттедік.
Опасыз дүниені артқа тастап, табаланған уақытта,
Тастасаңдар бұл [↑127^{б}/128^{а}↓] күмбезді сарайды.
Неше арманымнан шықпағанды өткізді бұл тақ салтанат.
Бізден өтіп, болса біреуге таңсық.
Неше жыл рақат пен шаттық, хош өмір сүрдіңіз,
Қайғы уының дәмін таттыңыз, енді пана қылмақ керек.
Неше түрлі апат, аласапыран уақиғалар болды,
Шабуылға шық Қытай, қалмақ, қырғыз, қазақ.

Хазірет Қожа Абдалла-қожам Хош Кипек бектің кеңесін тыңдап, жауабына айтты: "Ей әмір! Қашғардың хакімі, кеңесіңіз көп мақұл. Бірақ, шәріп *қыблагох* бабамды, *ғаләйһи-с-салам*, тастап, басқа жаққа беттеген жақсы емес. Қазір біз бұл жолға шықсақ, бізге наразы болар, бабамды наразы етпек, жеті ықылым патшалығы болса да арам болар. Одан да екі дүниеде олардың ырзалықтарымен өлген абырой".

(Түрки):

Дәулет ұстау, әсте-әсте дәулет құсының саясында,
Кенет бір күн басыңнан сая қабырғасы құлар.
Көз көңілім хоштығын бос жағадан табамын,
Көшуден көңіліме қанталаған дақ түсті.

Бұл жауапты беріп, Хош Кипек бекпен бірге одақ-қайыр болсын қылды. Хазірет Қожа Абдалла-қожам ол кеште сенімді қызметкерлерін жинап, сапар мүлкін дайындап, құпия сақтаушы сенімді кісілермен бірге қайыр-хош қылысып, бір топ жақындарын алып қаптал дарбазасы арқылы Йаркенд жерінен кетті.

[Қожа Бұрхан ад-диннің Қашғарға кіргені]

Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болғай*, қазасына қырық күнге шейін қырық кісіні Құран оқуға тағайындаған еді. Бұл қырық кісіден әр күні кісі ауысып, он кісі қонып Құран қайыратын (тилават) еді. [↑128ᵃ/128ᵇ↓] Бұлар Алтынлық Сарайы ішіндегі арнайы *құжырада* еді, екеуі кем қырық күн болған еді. Құжыраның есігін шынжырлап жапқан еді. Бұлар ертесі күн шыққанша ғафіл отырып қалды. Есік бекем еді, қарақшылар келіп есікті ашып құжыраға кірді. Ахундтар көрді, әрқайсысы бір-бір адамжегіштей, қолдарында үлкен аса. Жүректеріне зілзала түсті, баса-жанша кілем бөлмесіндегі дүниені талап кетті. Ахундтардан күш-қуат кетіп, қашып шықты. Орданың ойран болғанын, үйлердің есіктері сынғанын көрді. Бұлар жүз машақатта өздеріне пана тапты. Қазір ол ахундтар тобынан бағзылары бақи болған, қалғандары "осы уақытқа шейін зәреміз ұшады" деп хикаят қылысады.

Сонымен хабар алған халық дүниеге кенелді. Хакім Хош Кипек бек те бала-шағасымен, бір топ жақындарымен сапарға дайындалып, Су дарбазасы арқылы шығып, Түмен жағасында кетіп бара жатыр еді. Абд ал-Мажид күнәкар қырғыздарға хабар беріп, дайын қылған еді, қорғансыз бұлардың алдынан шығып, қоршай бастады. Бұл бейшараларды улатып-шулатып, барлық мал-мүлкі, заттарымен бірге тұтқын қылды. Кипек бек өзі әйелімен онға жуық кісі ілгерірек еді, бас сауғалап құтылды. Азим-шах атты бір ұлы сайдың қабағында жасырынып, бірнеше күн өзін сақтап еді, бір ынсапсыз қызметшіге ұшырады. Бұл қызметші [оны ұстап] Қожа Бұрхан ад-дин-қожамға сыйға тартты, бірнеше уақыт [аман] сақтап, ақыры өлтірді.

Бұл оқиғадан Абд ал-Мажид хабардар еді. Хазірет Қожа Абдалла-қожам [↑128ᵇ/129ᵃ↓] шаһардан шығар-шықпастан-ақ шаттық дағырасын ұрды, барлық шаһар тұрғындары дүниенің астан-кестен өзгергенін білді, шаһар іші соншама бүліншілікке ұшырады. Үлкеннің де, кішінің де мазасы кетті. Бағзы надан жахил құлықты сопы Ош диуаналарының көңілі хош болды.

Таңертеңгісін Абд ал-Мажид басына отау тігіп, орда алдындағы алаңға келіп, әмір-ғұламаларды жиып: "Абд ал-Мажидтің қолынан іс келе ме екен, көрдіңіздер ғой" деп, қылған арам-айларын мақтаныш-мадақ қылды. Хазірет Ахунд Молла Махмұд

жасырын айтады: "Ей имансыз келімсек, білгейсің саған не істер келер екен, әлі соншама пәлеге ұшырарсың".

Ертеректе өткен ғұламалар айтады (түрки):

Егер етсең имандықты, бізге жүз келтір,
Елге азар беруден, діни қайғыдан таза бол.
Кісіге азар еткенге, ақырында азар жетер,
Жақсылықты кәсіп қыл, әлем қызығар шахзада бол.

Барлық әмір, уәзір, ғұламалар жиналып Қожа Бұрхан ад-дин-қожамды қарсы алуға жүрді. Бұлар барып кездесіп, зиярат қылды, көрді.

Бәйіт (түрки):

Хал-ахуал өзгеше, заң-жосығы өзгеше,
Сөз-сөйлемі өзгеше, жұмыс-жөні өзгеше,
Қызметшілер, жақындар ісі өзгеше,
Табиғат мінезі, түр-әлпеті өзгеше,
Пір-*мұхлис* өзгеше, ұстаз-шәкірт өзгеше,
Ғашықтар да өзгеше, сүйгендер де өзгеше,
Маснад, иршад өзгеше, тақ салтанат та өзгеше,
Ирадат та, *инабат* та өзгеше, *вирд* пен *зікір* өзгеше,
Сұрау халі өзгеше, хал *малақат* өзгеше,
Ілтипат, қайырым да өзгеше, шын имандық өзгеше.

[↑129ᵃ/129ᵇ↓] Бұл тариқалармен кездесіп қайтты, таңертеңгісін Хазіреттің нұр толы мазарына келіп зиярат етіп, мемлекет тұтқасы, керемет шамшырағымен иманды қала Қашғарға кірді. Таққа отырып, тақ салтанатында заңды болды. Қытай кәпірлері қалмақтармен келіп бірге билік жүргізді. Қашғар ішінде көп бүліншілік болды. Көпшілік халыққа "Қаратаулық" деп қатер төнді. Бағзы диуана жындар, доңыз сопылар, тау-далаларда жүрген дала халықтары Ошта құрмет тапты. Бұлардан мемлекет халқы көп тыныштық, бейбітшілікке жетті. Қожа Бұрхан ад-дин тұрғындардың арыз-ахуалына сәйкес қарақшылық қылғандарды көнбістікке келтірді.

(Түрки):

Ел күмәнінен көп міндет бар,
Істелген істерден артық күрес бар.

[Қожа Бұрхан ад-дин әскерінің Йаркендке жорығы]

Абд ал-Уаһһаб Мәңгіліктің бақытсызы, Рахман құлы *азали*, Пайманбек *азали*, қырғыз Абдалла Каж Хар әмірлері және бірнеше *диуана сопылар*, сенімсіз кісілер қате кеңестер берді: "Біртіндеп-біртіндеп әскер Йаркендке жолға шықса. Ол қожалардың жүректерінен зілзала, денелерінен діріл басылмай тұрғанда қуып барсақ жеңіс жеңіл болар. Уа Алла, иман берсе! Кейін өздеріне келіп, іс қиындыққа ұшырар. Бізге зиян келтірер мүмкіндігі де бар. Алдын алып тез арада әскер жиып барсақ, жақсы болар еді" деп, кеңес баян етті. Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожамға бұл кеңес [↑ 129⁶/130ᵃ↓] өте жағымды болды, осы жағдайда: "Әскер жиылып Йаркенд жолына түссін" деп бұйрық етті.

Қуат мырза-арамза Қожа Бұрхан ад-дин-қожамның алдынан шығып, қызмет кемерін бекем байламақ уағдасын берген еді. Бұны "Йаркендте жеңісті болғаннан кейін Қашғардың хакімдігіне барасың" деп алдаған еді. Бұл Қуат арамзаны әскер қолбасшысы қылып, Йаркенд жеріне баруға бұйрық етті. Қуат қырғыз бастаған Қашғар, Ақсу, Ош әскері ортақ тәртіп бойынша бес-алты жүз қалмақ, бес-алты жүз қытай, төңірегіндегі шексіз имансыздар бірігіп Йаркенд жолына шықты.

[Қожа Жаһан-қожамның Йаркендті соғыссыз тастап, қажылық сапарға шықпақ болып елімен ақылдасуы, әкімдердің тосқауыл болуы]

Сонымен Йаркендтен жан күйдірер қисса естімек керек. Хазірет Абдалла, Хазірет Қожа Мүмин қол астындағыларымен бірге Йаркендке кірді. Хазірет Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, зайырлы өмірдің тақ-салтанатынан ділін босатып, "патшалық шатырын шаһар артына тіккейсіздер" деп бұйрық етті. Барлық халық-әулеті мен мал-мүлкі, жақындарымен шығып орналасты. Йаркенд мемлекетінен ғұлама, әмірлер, *фазыл*, үлкен-кішісі жиылып келіп, ұлы ас қылып, қонақжайлық етіп, қайырымдылықпен үміт-сөз айтты: "Үмбетім, халқым, ей ғұлама, әмірлер, жан-құлағыңмен тыңда. Неше ғасырлар өтті, сіздермен Хақ тағамын бөлісіп, Хақ

каламын оқысып, өзара бақытты өмір сүрдім. Мемлекет саясаты үшін біздерден сіздерге [↑130ᵃ/130ᵇ↓] сөзбен болса да, қате болса да, әдейі болса да біраз реніш тиген болса кешіргейсіздер немесе қуып мені талақ еткейсіздер. Мен Құдай ризалығы, ата-баба разылығымен бұл уақытқа шейін сіздердің тарапыңызға опасыздық жасамадым, қиянат етпедім. Қазір де қиямет дәуіріне шейін сіздердің мемлекетіңіз гүлденуден, абадтықтан бос болмағай. Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, берекет нәсіп еткей. Бұл аймақтан Хазірет Қожа Афақ, *оның қабіріне нұр жаусын*, әулеттерінен Қожа Бұрхан ад-дин келіп, Қытай патшасының бұйрығымен және оның елшісін ертіп Қашғар шекарасынан жорыққа шығып келеді-міс. Йаркендті алуға қадам қойған екен. Егер тағдыр бізге қасірет әкелсе, арада қақтығыс болса екі тараптың мұсылмандарына бірдей қиын болар. Егер тәуелділік етейік десек, біз *әл-хамду ли-л-Лах*, Ислам жамағатынанбыз, мұсылманбыз. Оларға кәпірлер араласқан, [өміріміздің] ақырында Исламнан аттап, кәпірлерге тәуелді болғанымыз жарамайды. Және да олар [бізді бәрібір] бауыр қылмас, ақырында тартысқа әкелер. Бәрінен лайық келетін іс — біздер еліміз, әулетіміз, жақындарымызбен қажылық зияратына жолға шықсақ, *Алла қаласа*, нәсіп қылса керек. Бұрыннан екі қасиетті де шәріп [қалалар] көшесіне шықсақ [болар] еді, бірақ оңтайлы сәт тумаған еді. Қазір жақсы уақыт, ғанибет жағдай. Бар мақсат — ерте заманнан олардың ата-бабалары бұл мемлекеттерге билеуші болса, біздің ата-бабаларымыз ғибадаттың шыңына шығып, тақ билігінде отырған. Олардың ата-бабалары *брахман* болған. Қазір қилы уақыттар болып тұр. Біздер [↑130ᵇ/131ᵃ↓] бұл мемлекеттерде тақ салтанатта отырып рақат өмір сүрдік, еш реніш, тілек қалған жоқ. Енді олардың нәубеті келді. Хазірет Хафиз Ширази, *оның қабіріне нұр жаусын*, айтады екен.

Бәйіт (парсы):

Мәжнүн кешті нәубетін мастықтың,
Әркімге де бес күндік нәубет ол.

Арыз бен тілегіміз мұнан өзге емес. Көктің қазіргі панасы мен ұлы бақыты олар жақта. Бақытсыздық біздің тарапымызға бұйырыпты. Енді біз өзімізге және басқаға жәбір еткізбей алдын алып, шығып кетпекшіміз" деп бұл қасірет толы сөздерді баян етті.

Содан бұл жиынның айқай-шуы аспан күмбезіне өрлеп, дүниені кернеп кетті. Біраздан кейін Хазірет Омар Бақи ахунд бастаған барлық ғұламалар, Ғази бек бастаған барлық әмірлер айтты: "Ей, әлем Панасы, Патша Хазіреттен айырылып біздерге бұл әлем арам болар.

Назым (түрки):

Ұлы қымбат діннен айырылып ақырында не ләзім,
Біздерге тыйым етілген дүнияуи өмірден таршылық артық.

Егер сапарға ықтияр етсеңіздер барлық Йаркенд халқын серік етіңіздер, барлығымыз бірге ғибадат қылалық, болмаса біздің ақыл-ризалығымызды жерге тастап кетпегейсіздер. Олар ешқашан бұл жерлерге қадам баса алмас. Қашғарға ырза болар, бұрыннан ата-бабалары да Қашғарға ырза болған-ды, ол жақтың [ата-бабасы] Қашғарда мазар болып жатыр. Йаркенд [біздің Ысқақийа] хазіреттердің ата-бабаларының мирас-мекені, олар бұл жерлерде моласын тауыпты.

Қожа Бұрхан ад-диннің халқы кәпірлерді қойып, біздерге келсін, [осының] шарасына біз баралық. Әйтпесе, олар кәпірлермен [↑131ᵃ/131ᵇ↓] серік болып қадам келтірсе, біздердің ол пасықтардан зәредей қорқынышымыз жоқ. Соғыс қылысармыз, өлсек *шаһид*, өлтірсек *ғазилік* дәрежесін табармыз. Бір жандымыз, егер жүз жанымыз болса бәрі де Ислам пидасы болғай. Шариғаттың жолымен, бұл тариқалық құндылықтарда тұрған халықты не болсаң, ол бол деп тастап кеткеніңіз болмас. Қазір олар кәпірлер елшісімен келе жатқан екен. Егер кәпірлер жарлығымен бақсыз мұсылмандар бірге келсе, шариғат хүкімі осындай — Хазірет Қожа Муʻавийа, Хазірет Әли, *Алла оны ұлықтағай*, атымен әскер тартса болар" деп олар бар күйінішін айтып тыныштық бермеді. Әлқисса, "біздер, *әл-хамду ли-л-Лах!*, мұсылманбыз, патшамыз шәксіз Пайғамбар әулетінен және хазіреттеріміз Анхазірет хадисіне шын берілгендер. Сондықтан Хазірет Мир Әлішер, *Алла оның қабірін нұрландырғай*, айтады:

Бәйіт (түрки):

Алланың сүйіктісі Уәлиді пана қылған кісі [аман] жүрер,
Дүние-мал жиюды кәсіп қылған жоқ болар.

Мұсылмандарға қарсы әскер шығармақ шариғат есебі бойынша дұрыс емес, ендігі күнә оларда" деп, қажетті дәлелдер келтіріп, келісімшарттарына Құранға ант етіпті. [Қажылық] сапарға шығуға тосқауыл қылып көп уәж айтты. Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұлар шариғат хүкімін ортаға салған соң еш лаж таппай, амалсыз ниетін қабылдап, қазаға ризалық берді. Әр нәрсе Алла жазуымен болады. Осыған сағы сынып шаһарға кірді.

Пақыр да кемсін [↑131⁶/132ᵃ↓] Молла Садық айтады, бұл бәйіт жадыма келді. Молла Садықтың ғазалы (түрки):

Әрне келсе қазадан басыма болғаймын риза,
Болмағай әлемде еш іс зәредей қорқыныш бейқаза.
Тағдыр бізге дұшпан мемлекетінен ажал жіберсе,
Тағдырдан қашпақ, құтылмақ жолы жоқ.
Маған жалғыз ерер бейілмен тұрғындар әулетім білсе,
Болғамыз мирасқоры Кербала *шаһидтерінің*
Кім, қай уақытта дұшпан болар, жер-аспанда
Етсем де жүз мың айқай бір жауабын таппадым,
Үйімнен кетіп, жаныммен жанып,
Жүз түрлі бәлеге келтіріп жүз хадис.
Кезеріп ернім жүрер ем ажал кесесін ішерге
Ей шөлдеген келер, әр дем айқайыма.
Садақа, Шахиншахы аршының бермес көп қасірет,
Көңіліме әрқашан елден болса ашына.

Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, өтініштеріне риза болып, тәуекел қылып, Йаркендтің сахаралық халықтарын шаһарға кіргізіп, бекініс жарағын дайындап, қарауыл-жандауалдарды дайын қылып, әрнеге мұқият тұрған еді. "Қашғар жақтан шаң көтеріліп, оның арасынан лек-легімен әскер топтары пайда болды" деген хабар жетті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам мемлекеттің барлық қызметін, әскердің соғыс дайындығын Ғази-екіжүздіге тапсырып, әмірлерге, әскер қолбасшылары мен хакімдерге мемлекеттің толық билігін берді.

Хазірет Қожа Абдаллаға ренішпен айтты: [↑132ᵃ/132⁶↓] "Мұнша қорқақтық болар ма, пәлен жерде бүлікшіл келеді-міс деп, жырақтан естігеннен үркіп-қашып кеткен жарандарға намыс емес пе? Бір рет, екі рет дұшпаннан жеңілсең, амалсыздықтан пана тұтып, дұға оқу керек немесе жергілікті дәстүрге сәйкес қарсы

алып, өлтірмек керек. Өзінің батырлығын мақтаныш ететін кісілер ел басына іс түскенде сол жерден табылса керек еді" деп, барлығына ұрса бастады. Екі шахзада ұяттың күштілігінен бас көтере алмады.

Бәйіт (түрки):

Ей, аяқты [адам] ұялған оның самалынан,
Ұлылық Иесінің болмысынан.
Күнбе-күн көңілсіздікте тұрдым,
Қайсыбір дертімді, қандырарсың құштарымды.
[Сүйіктім] білмейді және келуге шамасы жоқ.
Жылағанымды айтайын ба, қасірет-қайғымды,
Естіртейін бе үй ойрандаған бәле-жаланы,
Яки дұшпандар шабуылдап жан-жақтан маған,
Қысқанда жаным қалғанын қасіретті әпсана етейін бе?
Қарсыласым баршаға ғам, бейғам басқа қайғы
Жеткізер әр деммен *маламаттан* мыңдаған *захмат*.
Жүз қастық, көрмеген жүз жапа қалды ма?
Опасыздық қылды бала-шаға, дәулетке.

Қашғар әскерінен бөлек-бөлек, топ-топ, лек-лек тобыр, байрақ-байрақ, найза-найза [әскерлер] Йаркенд жеріне келе бастады. Бұл келгендерді тұтқындап Йаркенд шаһары ішіне алып, кісендеді. Осындай амалмен он күндей уақыт өтті. Тіпті жау әмірлері алты жүзге жетті.

[↑132^{б}/133^{а}↓] *Сонымен*, үшінші күн дегенде барлық керемет сәнді жүріспен Қожа Бұрхан ад-дин-қожам келді. Ел есептеді: Хазірет Қожа Йахйа-қожам Ош әскерінен қирап келді, он күннен соң Хазірет Қожа Абдалла Йаркендке келді. Және он күннен кейін Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин қадам басты.

[Йаркенд үшін соғыс]

Сонымен ол күні Қожа Бұрхан ад-дин-қожам келіп, шахзадалар патшалық Йаркендтен қорғанысқа екі-үш топ атты әскер шығарды. Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұларға төмендегідей өсиет қылды: "Байқаңыздар, жүз рет байқаңыздар! Қашғарлықтарға оқ атпаңыздар, тек олардан бір [жаушылық] белгі аңдасаңыздар ғана, содан соң шариғаттың жолымен оқ атыл-

сын. Әйтпесе себепсіз оқ атсаңыздар, оған дүние мен ақиретте риза емеспін" деп, көп саясатпен дайындап шығарған еді. Бұл жақтан бұлар сап түзеп тұрды, әр кез шариғаттың рұқсатынсыз ол [Алладан] қорқынышсыздарға оқ атпады, майдан ішінде шайқас қылмады, ұстамдылықпен қозғалмай тұрды. Ол тарап әскерінен бірнешеуі алаңға шығып ойқастады, қит-қит айғайымен шабуыл қылды. Қиқулаған айқай аланды толтырды. Бұл жаман жолды бастаған айғайды аңдап неше кісі шаһарға хабар айтуға кетті. Бәрінен бұрын бұл хабарды Хазірет Қожа Жаһанға Ғази-бақытсыздың ұлы бақсыз Талғат жеткізді.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл хабарды естіп Құдай [↑133ᵃ/133ᵇ↓] тағалаға шүкіршілік қылып, айтты: "Неше уақыттан бері көңілімнің бір бұрышында "мұсылмандық қайда, олар да Алланың жамағаты, [мұсылмандар] бір-біріне шабуыл жасаса, арада соғыс, өлім болса ол жақтың халі не болар, бұл жақтың халі не болар екен" деген бір пікір-қиял және қайғым бар еді, қалың ойда едім. *Әл-хамду ли-л-Лах!*, енді бұл уайымым кетті, енді соғыстан қол тартпаймыз. Ерлікпен кәпірлерге оқ атыңыздар. Өлсеңіздер *шаһид*, өлтірсеңіздер *газилік* дәрежесіне жетерсіздер. "Иә, Алла! Иә, Расул Алла! Иә, Хұсайн! Уа, Ғариба! Уа, Шаһида!" деген ұранмен шайқасыңыздар" деп, соғыс-шабуылға рұқсат берді.

Бұл хабар тысқары майданға жеткізілді. Бұл рұқсатты естіген жауынгерлер жігерленіп, бұл тариқалық ең жақсы ұранмен соғысты. Оң жағын сол жағына, ортаны шетіне соқты, бұл әскер дариясын тас-талқан етті. "Иә, Алла! Иә, Расул Алла! Иә, Хұсайн! Уа, Ғариба! Уа, Шаһида!" деген дауыстардан қашғарлықтардың жүректеріне зілзала, денелеріне діріл пайда болды. Хақ айбаты көрінді, оларда жар қалмады, күші бітті.

Хазірет Қожа Абдалла-қожамның жүрекжұтқандығының баяны белгілі болды. Керемет мүбарак шайқаскердің ұлы дауысы адамды сүріндірер. Ұлағаттылығы да жеткілікті екен, басқа жағынан да теңдессіз. Бақыт [↑133ᵇ/134ᵃ↓] нәсіп болған, шаһадат сұраған, әулиелік белгісі көп, яғни Хазірет Қожа Инаят Хазірет Қожа Жаһанға, *оның қабіріне нұр жаусын*, ағайынды күйеу бала еді. Жасы үлкен, бірақ дене бітімі жап-жас еді. Әрқашан: "О, арман! Өмір шырыны зая кетіп жатыр, дін жолында еш амал жасамадым. Сондықтан *Алла тағала* өз Каламында хабар беріпті: **Дәулет**

те, әулет те (балалар да) дүние тіршілігінің зейнеттері. Адамға мәңгі қалатын — ізгі істердің сауабы. Тәңірінің назарында ол бәрінен артық. Үміт деген тіпті жақсы[286]. Хадис: Бұл дүниелік өмір ақиреттің егін майданы. Бұл ұлағатты батырлықты еш уақытта сарп ете алмадым, енді ғұмырымның соңында бір *жихад* мүмкіндігінде іске жараса болар еді. Ақ сақалымды қанға бояп, жанымды Исламға пида етсем деген жалғыз арманым бар еді. Бұл шайқас болатын кезде жастығым қайта оралып, бір күшім мың болса" деп өкініш қылар еді. Майдан ішінде, жауынгерлер арасында тегеурінді айқас салып, найзаласса да, семсерлессе де, садақ атысса да, жан қинап балталасса да, түйрелессе де сол жерден табылып, әскер ішінде қай жерге жай түссе, сол жерде аласұрып жүріп, өліктерді үйіп тастап еді.

Ғазал (түрки):

Бұл өмірде әрне істеп жақсы атты бол, кел,
Ақирет ахбарын келіп көр, бақи емес бұл өмір,
Тапсаң да Нұх өмірін, Сүлеймен дәулетін,
Ақыры бір күні ажал келіп, табасың өлім.
Бұл дүние өз адамынан кімге мәңгілік берді,
Әні бітті оның, әнім менің мықты бол,
Тарт тиек-шегін жалған дүниенің [↑134ᵃ/134ᵇ↓].
Дәуір шыңына жеткенде [жалғанға] талақ қыл,
Кәрілікпен таласар мастықта бар ма ұят.
Ақылға ерсең ей, бауыр, таста өзімшілдік жүгін,
Алдын ала кім білер ажал қашан [жаныңды] тонарын,
Ханыңның маңында ғұмыр кешіп, ғашығыңа жаныңды пида қыл.
Таңда көргейсің *шаһадат*, дәрежесін қыл *ғазылық*,
Садақаны жақсы іс етіп өтіпті шахтар.
Кәпірдің аузын қан қылды
Ертеде Лат, Манат және бір жүрекжұтқан.

Және Хазірет шахзадалардан бір батыр, гүрілдеген арыстан, майданда қайтпас шайқаскер, дүлдүл атты шабарман, күшті және жеке батыр, қайрат бабында, табылмас жаһанда осындай күші мен бабы дәрежесінде, ғажайып заман, білім мен тапқырлық, зеректікте теңдесі жоқ, ең сүйікті, ақыл-кеңесі орнықты, мемлекеттің күн

---

[286] Құран Кәрім, 18: 46.

сәулесі, ұлағатты тәрбиеші, адамзаттың ұлысы, яғни Хазірет Қожа Жаһанның *барадарзадасы* (бауырының баласы) Хазірет Қожа еді. Бұл перзентті мемлекеттің барлық азаматтары орынбасар санар еді. Сонымен соғыс күні Рүстем Дастан немесе Сам Нариман бұлардың жанында ақылы кем, түсінігі жетіспеген, әлсіз болар еді.

(Түрки):

Болса да Рүстем әулеті мен Рүстемнің өзі ол күні,
Майданда айқайласа, (басқаның) шықпас үні.
Бахадүрлер шап берер егер қашса,
Бір ізбен атпен қуып, өлтірер оны мұнда.
Найза атып, майдан ішіне қанын төгіп,
Егер әлем елі шықса да мың түмен бір жолы.
Саптан-сапқа айналар жаныңнан кеш, ей *захид*,
Алла арыстанының ашуын қылар намыс түні.
Садақа, сен кімсің, ол шах мадағы-дүр,
Уақыты болды заңды рәсімнің.

Сонымен, әмірлер арасынан [↑134[б]/135[а]↓] белгілі батыр, бахадүрлер ішінде арыстандай айбатты, жайын толған дариядай тойымсыз, от шашқан айдаһар, бүкіл жаһандағы тәтті нәсіп, қисапсыз шарапат Мырза Мұрад Ақсу есік-ағасы және Мырза ...(Мирлад?) болды. Хазірет Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, нәубет, ақыры ол кәпір-абад Іле аймағына [қара] ниет тұтып, [ақ] ниетін Ислам жеңісіне бағыштапты. Қашғарға исламға жәрдем бермек үшін келген еді, амалсыз [Қашғарды тастап] қиындық көріп Хазірет Қожа Абдалла-қожаммен Йаркендке келген еді.

(Түрки):

Кел, ей Сақи, ыдысың бер кезекпе-кезек,
Ішіп, мас болып, әлденеше күйіп-жанып,
Болсын ыстық от сарайы, жан сарайы,
Күйер қасиетсіздер қаласа да, қаламаса да.
Батыр-балуандар арыстандай сап бұзар,
Жарандарым болар саламандра[287] сияқты.
Оты күйдіргенде ол Нимруд[288] өлімтіктің,
Халил Аллаға болғанда гүлзар.

---

[287] Саламандра отта өмір сүре алады деген сенім болған.
[288] Нимруд — аңыздағы аңшы-патша.

Қорқақ, жанынан безер болғанда,
Жарандарым ұйқыдан оянған еді.
Мырза болды ол күн орман арыстаны,
Боран болғанда халқы ол орманның.
Не болды Мырза Махмұдтың пілі,
Жау көптігін ойлап болмайтын.
Көпірік толған ауыз аштырмас.
Елді аяқ асты қылып таптап,
Оңнан болсын, солдан болсын, ортадан да.
Ол жақсы құлық пен мейір қылыпты,
Ел бір жаққа қашып, дала кезіп.
Қаншама жауларын отар етіп,
Ел арасына жүз аласапыран, апат әкелген.
Жандарға олар қанша соққы берді.
Жау тобырын асып-сасқан үрейлендіріп,
Көп пендені айырып жанынан.
Тамам ете алмассың мадақ қылып,
Суреттесең қағазға сыймас.
[↑135ᵃ/135ᵇ↓] Кел, әй Садық, мақсат басына жүргіл (кіріс)
Саған кімдер бұл сөзде тұр деді.
Ғанибет уақыт, бұл сөзді тамам ет,
Білерсің таңдана ма? — "уа-с-салам" ет.
Тамам ет сөзді, бұл уақыт ғанибет,
Білмеймін, таңда бола ма мұрсат.
Мемлекет аймағындағы Хакімің[289] құп,
Сендей әлжуазға шапағаты көп.
Әсіресе анасы[290] өте мейірбан,
Ғажап, дана, зерек те нәзік жан.
Әзіз шахтарға бар ықыласы,
Машайық, әулиеге берілген хас.
Ұлағатты сөздерді бағалаушы,
Хикаят, қиссаларға ғашық-зар.
Әсіресе әзіздерден өтіп кеткен,
Көп ұнатып, оларды қажет етіп.
Бағалар болса уәлаят сардары,
Дәулетке қандай жақсы қымбат, ерекше зат.
Кісі мұндай осы жерде қылмаса сөз,

---

[289] Бұл жерде тапсырыс беруші Қашғар хакімі Осман бекті айтып тұр.

[290] Осман бектің анасы Рахима-ағаша.

Қиямете демей ме "Ей сухандоз!
Кәне қойғыл қадамыңды мақсат басына,
Сөзің баста енді бірден":
Жекпе-жекшіл бірі-дүр Мырза Қасым,
Не болғаны оған құпия емес, қауіп емес:
Ержүрек, жүрекжұтқан бірегей,
Ержүректіктен ол Рүстем белгісі,
Хақ жолын ұстап, көңілі тыншыр,
Аузында: Уа, Хұсайна! Уа, Ғариба!
Соғысып жаумен тайсалмай,
Шауып, шаншып қиналмай.
Қандай жақсы кімдер тапса егер *шаһадат*,
Екі дүниеден артық көп шарапат.
Және мырзалардан ол Мырза Ширдағ,
Қойыпты арыстандар көкірегіне жүз дақ.
Содан адамгершілікте еді ол тақ,
Кесіп басын қытай, қырғыз және қалмақ.
Қылады майданда тез ержүректік,
Күйер ел жаны қылышынан жаңқадай.
Оған өз жанының қаупі қашан бар,
Әзірше жалғыз ерсе ол Құдайар.
Және бір Мырза Абд ал-Уаһһаб еді,
[↑135[6]/136[a]↓] Ғажап құдіретті, бата алған жары еді.
Қылған зікірді: Алла! Алла!
Расул Алла! Уа, Хұсайна! Уа, Шахида!
Және орданың ол жанкештілер тобынан,
Ержүрек, батыр, құдіреттілерінен.
Бахадүр, батыр, кісіні қарсы келтірмес
Қайтпас Шихаб ад-дин Букаул.
Қолбасшы, қуатты, жылдам, мерген,
Дер едім — бір тәкаппар қыран.
Қайтпас батырлардың қайраты,
Десе болар оны Рүстем сияқты.
Ғажап емес, десе Рүстемге ұқсас,
Өйткені бүлікшілдік ақырзаманалық,
Әскер ішінде жарқыраған арыстан.
Жүреді ол алдында жүйрік атпен,
Ұлы бабасы оның Ұштұр халифа,
Аяны еді ғажайып-кереметтің.
Шихаб ад-дин еді оның көрінісі,
Әбден мас бура, түйедей.

Халайықтар оның тоқпағынан налиды,
Қылар ел соғыста айқай-ұйқай.
Оңнан да, сол жақтан да өлтіреді,
Ортаға да өліктен төбе жасап.
Діл-жанымен "Алла!" деп айқайлайды,
Дұшпан қолбасшылары қайран қалар.
Бар еді қолында күш парапар,
Қаншама ержүрек орда көпшілігіне.
Сөзге болмасын шектеу, тоқтау,
Егер атымен атап айтсам сіздерге.
Және қырғыз батырлары бар еді,
Арус атты, Тоқал және Қожам-йар.
Атақты жекпе-жекшіл палуандар,
Баянменен бердім нышанын.

Бұл батыр-баһадүрлердің бағзылары бұл майданда ойқастап тамам етіп, біразын өлтіріп, біразын жарақаттап, аттарынан құлатып, Қожа Бұрхан ад-дин әскерін бір *фарсах* жерге қуып тастады. Жеңіспен шаһарға қайтып, Хазірет Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұларға дұға-қайыр қылды. Шаһардың халқы "тысқары [↑136ᵃ/136ᵇ↓] жау әскері аз екен, таңда әскер жинап, Қашғар әскерін желге ұшырғандай етерміз" деп шешті, осындай ой-пікірде еді. Орда шатыры терезесінен сыртқа қарады, Каж Хар әскері топ-топ, фирқа-фирқа, аймақ-аймақ, санжақ-санжақ, бөлек-бөлек келіп шаһарды әр тараптан қоршап тұрыпты. Шаһар халқы денесінен күш кетті, шахзадалардан ешбіреуі демалысты жөн көрмеді. Соғыста ол жаққа аттанып, ол кісі шаһарды неше айналды. "Егер бұл түнде шаһар бұзылмаса жеңістің ықтималдығы бар" деді.

Назым (түрки):

Иә, Раббым, осы түнде бір алдамшы іс болар ма екен,
Таңнан кешке шейін жолдасым қайғы мен қасірет болар ма екен.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, бұл *газалды* мейірім етті. Назым (түрки):

Дәуірдің бейнесі ерекше болды, халі өзгеше,
Білмеймін бар ма екен әділет бұл кеште.

Бұл түнді толық сақтықпен саламат өткізді.

Әлқисса, Қожа Бұрхан ад-диннің әскері көп жиналды — Ақсу, Куча, Ош, Қашғар, Йанги Хисардан неше қырғыз *фирқасы* — Қуат бастаған Құсшы ұрұғы, Қыпшақ Сопы-мырза хакім, мырза Омар, Мырза Мөңке ұрығы, Чоң бағыш ұрығынан сансыз әскер жиылды, бір түн мен күн осы күйде отырды. Онан кейін әскерді әр тарапқа тарқатты. Үшінші не төртінші күні Йаркенд шаһарынан сансыз әскер жиналып араласқан күйінде соғыс салып, Қашғар әскерімен бетпе-бет сап түзеді. Бұл екі тарап әскерінен неше жерден шыққан каус, лаққара, соғыс нафирін, керней [↑136^{б}/137^{а}↓] аспаптарының үні аспан астына толды.

(Түрки):

Саптар арасында әр жерде аспап ұрып соғысқа шақырды,
Мағынасы кім бұл күні ерге айналар.
Бахадұр жарандардың ішіне от түсіп,
Майданда көкірек жарып, көзсіздік етер.
Жан кешіп, аспап ұрып ылғи жүректі,
Арыстандай ақырып найза салар.
Қатын сипатты, жаман пиғылды, қанішер табиғат,
Болмысынан таса-тасамен қашады.
Батырлардың жігерлі от түскендей ішіне,
Майдан ішінде көзсіздік етерлер де бар-ды бұл күндері.
Қайратты жарандар бұл күні өзгеше, Садық,
Қайратсыз жарандар жүрер жақсы ит сияқты.

Бұл екі әскер дариясы мынадай ретпен сап түзеді: палуан бахадұр атақтыларды алға, бағзысын оңға, бағзысын солға, бағзысын әскер артына, ортасына қойып дайын қылды. Бұлар алдарына мергендерді салып, жігерсіз, ділсіздерді артқа салып, Хазірет шахзадалар ту-жалау, айдаһар тобында пайда болды. Сонымен екі жақтан батырлық, жігерлі *чанг* ойнаушылар, батыр атақтылар екі сап арасында майдан іші ойран болып, оңнан да, солдан да, тіпті оңды-солды шапқылап, қайраттары тасығанда ортаға ат жүгіртіп жеке батырлық, көзсіз ерлік көрсетер еді. Бұл екі әскер дариясы бірте-бірте араласып, кірігіп, екі өзеннің тоғысқан жері (мажма‘ ал-бахрайн) болды. Жырақтан айырып болмады, бірақ майдан ішінде құшақтасып немесе найзаласып, немесе тіресіп, көкке жүгінер еді. Бұл майданнан жандарында от [↑137^{а}/137^{б}↓] тұтанды. Шұғыла жалыны көкке жетті, ажал бұлтынан өлім жаңбыры жауа бастады. Барлық құстар тамашаға куә болды, көру баян, рухани періштелер көрді.

Йаркенд әскерінен: "Иә, Алла! Иә, Расул Алла! Уа, Хүсейна! Уа, Шахида! Уа, Ғариба! Уа, Йатима!" айғайы келер еді. Бұл ызалы айғайдан дұшпандар денесіне зілзала және жүректеріне діріл түсер еді.

Керісінше Қожа Бұрхан ад-дин әскерінен "қит-қит" дауысынан өзге дауыс келмес еді. Өйткені әскердің басымы таулық, қалмақ, қырғыз, Дулан қытайларынан жиналған, барша жаман пиғылды (бад мазхаб) тайпалардан еді. Олар Ислам діні жолынан құр қалған еді. Әсіресе бұлардың дін исламнан теріс айналған, одан бейхабар бірнеше әскербасылары, әмірлері бар еді, яғни Абд ал-Уаһһаб-арамза, Рахманқұлы-бадбахт, яғни Шайтан-құлы қырғыз, Абдалла-жөнсіз, Абд ал-Карим жаман мақсатты, Әбдісаттар арамза, Усман жаман-дар, Мунди-сопы доңыз, Нийаз-доңыз, Қашғардан бірнеше әмірлер. Осыншама мұсылманға айбат қылмақ жақсыларға ар еді. Бірақ қызбалыққа салынып, жан дүниесінен арыз айтыпты.

Назым (түрки):

Ұстат, ей, сақи! Маған екінші рет кесе,
Соғыс заманы, уақыт кернейін тартамын.
Қылармын қарғыс-наз арамзаларға,
Жаман пейілді халық қанішерлерден.
Бар еді бірнеше сардары әскердің,
Діншілдіктен жырақ, иманнан бейхабар.
Шариғаттың қарпімен ісі жоқ,
Тариқат жолымен әсте ісі жоқ.
Күндіз-түні оларды жиіркеніштi
Азат етпек дүр бағзы орнына.
Құдай халыққа көп күш беріп денесіне,
Тіпті батин көздерін көр етіп,
Жаман істерге [137б/138а] шақырған,
Біреуді бастамаққа бар тарапқа.
Жаушылық басына, жаман мәслихаттар
Соғыс ісіне түн кеңестерінде.
Олар кәпір арасында күмәнді
Саларға қылыш, кемсін қанішерлер.
Уәзірлер болар мұндай екіжүзді,
Шах "бөркін ал" десе, басын кесер,
Ақылды уәзірлер шахқа нығмет берер.
Екі дүниеде одан рақат, әділетті аты ұшпас қияметке,
Көрер ажарын таңда Шексіз.

Уәзірлері залым, қанішер болса,
Қиянатшыл, пайдашыл, арамза болса,
Залым ықтиярымен шахқа жаманат.
Ел тұрғындары шахтан тоба қылмас,
Мүлкін тараж етер ол халықтың.
Көп шахтар өтіпті ықпалды,
Уәзірлер ақылынан құрметті болып.
Сүлейменге келіпті құдіреттің ісі,
Асаф[291] өмірдегі кереметтен.
Аристотельден шығып аты Ескендірдің,
Пікірін (тадбир) алып неше рет.
Болыпты Нуширван сұлтан әділ,
Бұзар халықты кәміл надан.
Беріпті Сұлтан Хасанға жақсы атты,
Науаи Мир Әлішер әр атты.
Жаман уәзір баянға қажет емес,
Өз шахын қалдырады жаманатқа.
Өзі серік болса да атын білмес,
О, Құдайа, кім уәлаяттың басы?!
Ақылды уәзір нәсіп етер,
Мүлкін талатпас, халқы таланбас,
Заңды болар сенімі.
Алла мадағымен қазір хош заман-дүр,
Барлық халқы Аман Құдайдың аман-дүр.
Садық, сөзіңнің тізгінін тарт,
Қиянда жүрсің, кел өзіңе,
Жан-жағың дұшпан уақытта.
Дос пен дұшпан жақында, соғыс жақын
Айтылған көпшіліктен кейбір ержүрек (батырлар).
Жекпе-жекшіл еді, арыстан сипатты
Ахриман[292] зада, Қаф тауынан Дию зада.
[↑138ᵃ/138ᵇ↓] Бәрі де дию ашуымен, бірі *афарин* ұрып
Айғай-дауысы "қит-қит" сөзімен
Мұсылмандарға салып мәшһүр опат,
Шахид етіп, мың-мыңды жарақаттап.
Мұсылмандарға өлім әкеліп

---

[291] Асаф — Сүлеймен патшаның ұлағатты уәзірі, өзінің ақылдылығымен атақты болған кеңесшісі.

[292] Ахриман — Зороастризм мифологиясында қасірет құдайы мен диюлардың билеушісінің аты, залым рух.

Тажал жолды жапаға толтырып, қылып қанды.
Мұсылманды өлтіріп, шейіттерді төбе-төбе үйіп тастап,
Оларда жоқ рақым, шапағат.
Ішінде кейбір кемсін, жаулық толы
Алла! Болмағай мұндай тобыр,
Баян теңізінде, дала мен тауда.
Қылма мұсылманды екі бөлек,
Кәпірді пиғылына қарай түксіз қалдыр.

Әлқисса, соғыс уақиғасы бірсыпыра жеңіске жетті, екі жақтың батырларынан көп шығын болды. Йаркенд әскері кәпірлерге жеңісті шайқас салды, тіпті Хазірет Қожа Абдалла-қожамның Қожа Йусуф-қожамнан, *Алла оған рақымды болсын*, қалған жәдігер екі тоғыз қарыш *фаранги* (шет елдік) мылтығы бар еді, бір *фарсанг* жерден атқанда, әр кез нысанадан қалт кетпес еді, сол мылтықпен атты. Қожа Бұрхан ад-дин Байтөбе атты төбеде тұрған еді, түрлі аңыз бойынша, жалаушының атына тиді, бір қолында ту-жалау алдына келіп құлады. Әскер тұрағы ұзақта еді, қандай жағдайда да қауіпті болып, төбеден артқа шегінді. Бұл жағдайды көріп Йаркенд батырларына күш бітіп, ойран салып майдан ішінде әскерді қуып, артқа шегіндіріп жүрді. Қожа Бұрхан ад-дин-қожамның әскерін күл-талқан еткен осындай таңғажайып оқиға болды. Бұл жағдайда Қуат қырғыз жүз бұрып, Йаркенд батырларын, [↑138[6]/139[a]↓] қолбасшыларын тұтпақшы болып амалсыз бұл батырлар жаман пиғылдың үзеңгісін қайтарып, тасадан аңдыды. Ол уақыт күн дүниені күйдіріп, оңтүстік тарапына батып және қанды көйлекті қанішер шапағы көрінді. **Ең бергі көктің жүзін біз шырақтармен (жұлдыздармен) безендірдік**[293] мағынасымен бірге жұлдызды аспан дүниесінен сенімділіктің шырағы — кемпірқосақ көрінді. Күн кеш болғанда бұл екі дария әскерлер дауылпаз ұрып артқа шегініп, тұрақтарына кетті. Йаркенд әскері Хазірет Қожа Абдалла-қожам, Хазірет Қожа Йахйа Қожам мен Ғази бек бастап, абырой-жеңіспен шаһар ішіне кірді.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, құзырына шайқас оқиғасын баян етіп, Қожам бұларға дұға-қайыр қылып қуанып қалды. Сонымен Қашғар әскері Йаркендке алдыңғы қатар-

---

[293] Құран Кәрім, 67: 5.

лы әскер (авангард) құрып, тура жолға түскен уақытта, Йаркендтік жұртшылық толық келісімде Хазірет Қожа Жаһан-қожамға жасырын арыз еткен еді: "Иә, Патша Жаһан панамыз, арызымызды мүбарак құлағыңызға құпия мәлім қыламыз. Әлбетте сарай есігінде қызметте жүрген пенделеріңнің жан-ділімен айтқан арызын қабыл етіңіз. Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин қытай, қалмақ жарлығымен Йаркендтен басқа күллі Моғолстан аумағын өз қол астына алды. Әзірше Моғолстан астанасы Йаркенд уәлаяты жалғыз қалды. Шаһардың барлық халқы жұмылып қарсылық етіп жеңіске жеттік. *Алла қаласа!* Егер өз ішімізден қиянат пен бөлінушілік көрініс бермесе, олардың қиянаты [↑139ᵃ/139ᵇ↓] орындала қоймас. Қиянат шықса осы сенімсіз арамза екі кісіден шығар деп күмән қыламыз, бірі хакім Ғази Падашы және бірі есік-аға Нийаз бекит. Қауіп Ғази бектен, себебі оның Қожа Бұрхан ад-дин тарапына ықыласы кем болғанымен, бір тұтам опасы жоқ, сыртқы түрімен сыннан өткенімен, мұның уәдесіне сенім жоқ. Қуат-мүмкіндігі көп, өзінің айла-амалы да жеткілікті, егер бір тағдыр қиянаты болса күш алған жаққа жүгінер" деді.

[Нийаз бектің опасыздығы]

"Ал, Нийаз бекке келер болсақ, ол ерте замандардан Қожа Бұрхан ад-дин қожамның әкесі Хазірет Қожа Ахмад-қожамның ата-бабаларына ықыласы көп-ті. Жамағатымен *нәзір-нийазын* етіп тұрған. Қаншама күндер Бахадұр бектің ұлдары Ошқа әскер барғанда біздерден жүз бұрып, Хазірет Қожа Бұрхан ад-динге кіріп қалған еді. Қазір оларға әскер болып келіпті, әрқашан Хазірет шахзадалар хақында келеңсіздікке бастар. Ішкерінің тысқарыдан артық қиянат қылуы ықтимал. Мал-мүлкі көп, туған-туысы көп, қиянат етсе оларды соңына ертер. Кейін өкінген пайда бермес, істің лажы бұлардың алдын алу керек. Біздердің кеңесіміз бұл екі сенімсізді тұтқындап, бір жерде отырғызып қойсақ, мемлекеттің ісіне кірістірмесек керек. Егер Алла қолдап, жеңіске жетсек кейін өз мансаптарына лайық сыйлық беріп, орынды орнына отырар" деп, барлығы арыз етті.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам жауабына қызылтілділікпен сөйлеп, ықылас танытты: [↑139ᵇ/140ᵃ↓] "Ей, Рақымның жаранда-

ры, сіздер бұл сөзді мемлекет ісіне күйіп айтасыздар, бірақ мен бұл екеуінің хақында бірсыпыра жақсылықтар істегенін білемін және жағымды тұзы таза деп санаймын. "Қай жерде болса да, тұз жеген жеріңде тұзсалғышты сындырма" деген. Ғази бек-сенімсіз неше рет біздің хақымызда қиянат қылмастыққа Құранмен ант берген, бұлар өз уәде-антына опа етер. Мұсылманға тек күмәнмен азар бермек жақсы емес. Егер Шәріп Калам Аллаға олар амал-сенім қылмаса, біздер сенім қыламыз. Егер шын сенім қылмай, қиянат қылса Құдай Пайғамбары, ата-бабама тапсырдым, дүние мен ақирет ісінен хабардар болар. Нийаз бек арсыздың Айиша-бике аты бір қызына құда түскен едік, қазір шынайы туыстық байланыс мықты болар, қиянат етпес, қай жерде тұз жесең деген.

Назым (түрки):

Ондайға қадам баспа бұл дақ сипатты,
Осындай дертті күйді басыңа келтірер.
Тұз татсаң бейқам болма, ей көргенсіз,
Бұл тұз ақыры саған жаза бермей қоймайды.

Бұл жамағат және арыз етті: "Егер бұл сөзге сенбесеңіз, мынаны қабыл етіңіз, бұл екеуіне осы орда ішінде патшалық шатыр тіккізіп беріп, күндіз-түні осы жайда хакім, есік-ағалық қылса барлық мемлекет тыныштық табады". Хазірет Қожа Жаһан-қожам айтты: "Әрине бұл сөзді қабыл қылса болар". Сол күні үй тігіп, хакім, есік-аға онда көшті, бірнеше күн айла-амалмен тұрып жүрді.

[Қожа Бұрхан ад-диннің елші жіберуі, арандатушылық оқиғалары]

Сонымен хикаят естімек керек, Қожа Бұрхан ад-дин тарапынан [↑140ᵃ/140ᵇ↓] келген хабар және айтушының естелігі осындай *риуаят* қылар. Бұл соғыстан соң бір күні Қожа Бұрхан ад-дин-қожам патшалық шатыры ішінде тақ салтанатында отырып, мемлекет тұтқаларын жинады. Оң қолда Абд ал-Уаһһаб інісі Омар бек ұлы Әбдісаттар бек, Абд ал-Халық бек, Кучар хакімі Құдаберді бек інісі Алла Құлы бек, Мұхаммед-Йар бек, Сайрам хакімі Әли бек, Дулан хакімі Сағадат-бадмазхаб, Рахман Құлы-бадрак, Абд

ар-Рақым бек, қырғыз Абдалла. Сол қолда Мұхаммед Имин бек ұлы Абд-Рахман бек, Йусуф бектің інісі Әбдісаттар бек, Мұса бек, Биш Кирам хакімі Мұхаррам бек, Файзабад хакімі Мир Ний-аз бек, Абд ар-Рақым бек, Құдайардың ұлдарынан Мұхаммед Имин, ортада Даңжин Жайсаң, Тұрымтай қытай, диуана келімсек сопылардан Мунди-сопы, Саранг Молла, Қалам-сопы, Рахмати-сопы, Саранг Лағынети-сопы, Аждар Нийаз-сопы, Ништар Нийаз-сопы, Молла-Құтлұқ, Хавас-Ахунд, Молла Әуез-сақал, Молла Барат, Молла Қалам, Мир Наурыз-қазынашы, Мырза Хакім, Мырза Муңки, тағы басқалар отырды. Бұл жиылыс өз арасында кеңесіп: "Бұл шаһарды қалай алса болады, қайсы жолмен көңіл одан тыныштық табар. Егер жедел соғыс қылайық десек, ол халық өз ықтиярымен келмегенше шығып соғысқа кіріспейді, шаһар маңайына жақын барайық десек, атып әр кез жолатпайды. Бір тағдырмен шығып соғысса біз жеңіске жетерміз, жағдай соған жақын. Біздің [↑140^{б}/141^{а}↓] әскер соққы бергей, енді бұл істің лажы не" деп мәслихат етті. Бұл қате кеңестер жиыны, әдеппен жер сүйіп: "Бұл істің лажы былай болғай, бұл тараптан елші барсын, Қытай хақаны елшісінен бір-екеуін, Амур Сина елшісінен бірнешеуін серік етіп нама алып барсын. Бұл Йаркенд қожалары қалмақтың қолының көптігін, қытайлардың сансыздығын, қатулығын естіген болар. Бұл елші намасының саясатынан қорқып қол қусырып, алдымызға шыққай, яки шаһарды тастап, пана тұтқай" деп кеңес берді. Барлығы бұл қате кеңесті жеткілікті көрді, сол сағатта саясатшыл-нама жазып, Молла Бақи шаштараз, төрт қалмақ, екі қытай, бірнеше мұсылмандармен бірге елшіліктерін ту етіп, дарбазаға барды. Елшілігін ту етіп Хазірет Қожа Жаһан-қожам ордасына келді. Орда әмірлері бұларға толық жаратпаушылық көрсетпек үшін неше өткелден жер сүю әдетін қылдырып, Қожамның құзырына келтірді. Бұл арамзалар көп рет Қожамның кереметтерін тамашалап, қайран қалып, таңғажайыпқа куә болды. Біраздан кейін өздеріне келіп, көз ашып көрді, ол мәжіліс шамы, аспан шамшырағының қызыл тілдісі, әділеттің жұлдызы, рақымшылықтың көркем гауһары, яғни Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, жарқыраған күн, тоғыз қат тақ салтанатта отырып, [↑141^{а}/141^{б}↓] оң қолында — шариғат үзеңгісін ұстағандар мен сұлтандар тәрбиешілері және фақир-

лар, яғни сахиб ғұламалар, құрметті де қадірменді Йаркендтің ағламы — Ахунд Хазірет Омар Бақи және Ахунд Қажы Абдалла және Ахунд Қажы Убайдалла, Ахунд Шах Абд ал-Қадыр, Ахунд Молла Абд ал-Қадыр, артында міндетті құлдар, әмірлер қошеметі мен байлығы, Йаркенд хакімі Ғази-сатқын, есік-аға Нийаз-бүлікшіл, Шах Йақуб бек, онан өзге Йаркенд әмірлері тиісті орындарына отырыпты. Ақсу әмірлерінен де шын берілген әулеттер Мырза Мұрад бектің бауыры Мырза Шах Мұрад бектің ұлы Мырза Зұлфиқар бек, Мырза Ширдағ бек, Мырза Нийаз бек, Мырза Қасым бек, Нийаз бек Каж Хардан, Фал Нийаз бек және йаркендтіктерден адамизада (қара халық), саййидзада, мыңбегі, жүзбегі, мираб және парванашылар барлығы бұл ғұлама, әмірлер саптарында отырыпты. Орталарында тақ жанында бақыттың биік күні, шарапаттың жұлдызы, тағат шамшырағы шахзадалар отырыпты. Бірі саййидтік бағының жас талы, болашақ жолбасшы, салтанат гүлстанының жаңа бүр жарған кемелі, яғни Хазірет Қожа Абдалла, Хазірет Қожа Мүмин ибн Қожа Йусуф, *Алла оған рақымды болсын*, Хазірет Қожа Құтыб ад-дин және Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин Қожа атымен мәшһүр болған еді. Бұлармен бірге нұр көрген Хазірет Қожа Жаһан-қожам, Хазірет Қожа Сыддық Футухи хан балалары, Хазірет Қожа Йахйа, күйеу балалары — Хазірет Қожа Омар, Хазірет Суфи-қожам және басқа шахзадалардан бір сап, [↑141[б]/142[а]↓] кейін тұрған бір сап Әуез-халифа, Абд-и Рахман-халифа, Салих-халифа, Мұхаммед Абдалла-Букаул, Шихаб ад-дин-Букаул, Фулад Қозы-халифа, Мырза Абд ал-Уаһһаб, Мырза Абд Манап, Мұхаммед Уәли, Дурға Хамдам-Букаул, Мұхаммеди мирахур, Молла Мұхаммед керек-жарақшы, Тулак-бахадүр. Қашғардан Хазірет Қожа Абдалла туыстарынан Сабыр керек-жарақшы, Дәруіш Букаул, Қожаш Қожа-қожам, Назар-қожа, Арус-мырза, Туқал-мырза, Тұрсын-қашқа, Қабул-бахадүр. Қотаннан Шах Зийадун-халифа, Қожа Лақ-халифа, Тухта-Қожа, Ақ Бурут және мұнан өзге мал-жандылар, әрқайсылары өз орындарында рет-ретімен отырды. Кейбірлері жерде, кейбірі орындықта, кейбірі бір аяғын бүгіп отыр. Орныққан әдеппен жерді сүйіп Хазірет Қожа Жаһан-қожамның мүбарак көз алдында күтіп тұрды.

Әлқисса, бұл елші-пәлелер неше рет патшалыққа ізет етіп көздеріне сүрме сүртіп, арамза, пәле бастарынан наманы алып берді.

Қожа Жаһан-қожам көз ұшымен ишарат қылды. *Мунши* (хат түзуші), Ислам *нама-хон* (хат оқушы) бітім-наманы алып, саламат сөздерді қызыл тілмен, қатты дауыспен оқыды. Наманың мазмұны:

"Ей, Қожа Жаһан және ей, Йаркенд адамдары! Біліп қойыңдар, сіздерге біріншіден, Қытай хақаны жарлығы, екіншіден Амур Сина жарлығы. Бұл аймақтар неше ғасыр болды қалмақтардың табиғи тәуелділігінде болып келіпті. Сіздерге бұл аймақты қалмақ төресі әр айда *жизйа* және әр жылда *баж-хараждыәр* ел беріп тұрмақ уағдасымен [↑142ᵃ/142ᵇ↓] берген, қазіргі мақсатыңыз не? Сіздер бұлардан теріс айналып, опасыздық істемекпен бірге, бұлардың басына қылыш тартыпсыздар, өлтірдіңіздер. Осыншама қысқа ойлыққа, осыншама пайдасыз, достықты үзер істерге қадам қойдыңыздар. Бос қиялға амал қылғансыздар, егер бұл ұлы уақиғаны толық естімеген болсаңыздар, сіздерге айла жасаған Дабаржи төрелік мекенінен күшпен орнынан алынды, шабарман арқылы Қытай жеріне жеткізілді. Енді Хақан жарлығымен Амур Сина төрелік тағына отырды. Қытайдың көп әскері Іледе қалды, барлық қалмақтардың ісі тәртіптеліп, орын-орнына қойылды. Олардың бұрыннан билік жүргізген жерлеріне заңды хақаны болды. *Жизйа, баж-хараж* Хақан несібесі, әзірге біздерді бірнеше кісілермен жіберді: "барып жер-аймақтарды тәуелділікке алыңдар, ханның жарлығын жеткізіңдер, әркім қабыл тұтса құп, егер тұтпаса, жағдайға қарай соғыс қылыңдар деп. Егер бағасын білмесе қытай, қалмақ бұл екі топтан болып, лек-легімен сансыз әскер келіп, барлық халықты, аймақты төрт аяқты жануардай өлтіріп, қырық кез жерге үйіп, дарияға ағызып, жоқ етерміз" деп, өз дінімен уәде-серт етті. Қазір сіздерге ақыл-сөз сол, осы жағдайда қылыш тартудан бас тартып, барлық мемлекет халқын бастап хан әскерінің алдынан шығарсыздар. Біздер барлығымыз ханға бас [↑142ᵇ/143ᵃ↓] ұрып, ханнан, төреден сіздердің күнәларыңызға кешу тілегейміз. Бір шаһарды сіздерге ілтипат қылар, біздерден шын туыстық, хоштық болғай. Ал егер бұл сөзімізді қабыл тұтпасаңыздар өз кінәңіз өзіңізге, осынау әскеріміз һәм неше *фирқа* бірте-бірте артымыздан әскер келіп, осындай шамада ойран қылармыз. Қияметке дейін еш кісі өз ханы, төресіне осындай опасыздық қылмаған. *Нама тамам уа-с-салам*".

(Түрки):

Ей, бауырлар! Насихатты аңда, кем істерді қой,
Қашанғы пайдасыз істерді қыларсыз.
Іздеген әрне қылған, дін Исламды қолдан бермегіл,
Ақирет деген әлем бар, үміт берер.
Дүние ісі есігіне кіруге қадам қылмағыл,
Өлім тұңғиығына жықтырар бұл күн.
Жақсы болса да, жаман болса да қылмыс саған бұл күн,
Бізге төрт оңды (қырық) тамұқ жоқ, бір тал шашта.
Адамгершілік етпеген, айла-амал оның сұмдығы
Екі әлемде сені қарғысқа ұшыратар, ей, жақсы әдепті!
Дос әңгімешіні кісі жаннан әзіз етпес пе екен,
Нәтижесі, оған нәсіп кемел іс түсті.
Неше жаман болмыстан келіп жолдан шығар шахты,
Бұл жаманатты денеңе дарытпа.
Айтады әлем халқы баршасы айлакер-дүр,
Садақа істе, көргіл құбылған бетін.

Әлқисса, бұл наманың харам мазмұнын тамам қылғаннан кейін, ол әділет шахы, заң мен бақыт панасы, Ислам Патшасы, яғни Хазірет Қожа Жаһан-қожам патша ашумен жарлық қылды "*намасын* жыртып, [↑143ᵃ/143ᵇ↓] отқа салғайсың" деп, сол сағат қызметшілер ұсақ-ұсақ қылып отқа тастады. Онан кейін Хазірет Қожа Жаһан-қожам мүбарак пешенесіне неше жерден жиіркеніш әжімін салып, бұл арамза елшілерге сөз бастады: "Ей, арамдалған кәпірлер! Сіздердің қожаларыңыз, хан-төреңіз түкке тұрмайтын, бірсыпыра келіссіз сөздер қылыпты, ақылы тым кем екенінің мысалы. "Өзіңді ер білсең және біреуді арыстан деп біл" деген белгілі сөз бар. Бұл істің ақылы, артыңа қарағыл. Жылдан-жылға амалсыздан бұл кәпірлер тәуелділігінде едік. Әзіз өмірді бұл фәни дүниенің қажет-жарағы үшін теңсіздікте таланып өткізіппіз. Енді бұл істі жөнге келтіру және кегін алу үшін сап құрдық. Біздерде бұл фәни әлемінде еш арман мен үміт қалмады. Неше жыл бұл тақ салтанатта отырып, барша ықтиярымызды [кәпірлерге] беріп тәуелділікте жүріппіз. Дін мұратымыз бар еді, әлемде барлығы бір-бір назарымыздан өтіпті. Бізге бұл *ғазат* ісіміз дүниелік мақсатымыздың сауабы болғай. Сондықтан жарандарды *ғазат* үшін халық қылып-

ты, *газат* сіздерге құпия болса біздерге жария. Өйткені, Алла Құдауәнда Каламы, Пайғамбардың хадистерінде оқып көреміз: барлық ғибадаттардың абзалы осы істе. Біздерге *газат* һәм *шейіттік* те мирас. Қайсысына нәсіп болса өз сертіміз, енді біздерден ол кісілер — жаман пиғылды кәпірлер [↑143⁶/144ᵃ↓] — тәуелділігіне кірер ме екен деп армандамай-ақ қойсын. *Алла қаласа!* Үмітіміз бар, аузымыздан ақырғы, кеудемізден соңғы демімiз шыққанша ісіміз кәпір жамандармен (бад нажас) болсын".

Назым (түрки):

Ойлаған батырлығым әуелгілерге ұқсамас,
Күш-қайратым әуелгілерге ұқсамас,
Сіз күмән қылмаңыз, енді біздерге жүз бұр,
Кейбір арманым әуелгілерге ұқсамас.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл сөгіс-сөздерді ақырындап айтып, пәле елшілерге рұқсат берді. Бұл арамзалар жүз-мың ренішпен шаһар сыртына шықты. Барып Бұрхан ад-дин-қожамға болған уақиғаны басынан аяғына дейін айтып берді. Барлық сардарлар, әскербасылары үмітсіз болды. Бұл жаман пиғылдылар осы үмітсіздікте ойланып тұрған.

Сонымен естімек керек, Хазірет Қожа Жаһан-қожамнан бұл пәлелер кеткеннен кейін мемлекеттің еріктілерін жинап, белгілі ғұлама, әмірлер және барлық мемлекет халқын шақырып, араға кеңес салды: "Ей, халық! Ей, ғұлама, әмірлері мемлекеттің! Біздер шын ниетімізбен Хазірет, *құдауәнда уа тағала*, ризалығы үшін бабам Хазірет Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, шариғат заңының шуағы үшін, кәпірлерден бет бұрып, Ислам ілімін басымызға көтеріп едік, бірнеше уақиға-істер нәтижелі болды. Енді мәлім болды, біздердің істеріміз керемет таппады. Бірінші-ден, Ош шаһарына әскер жібердік, ол халде Йусуф-қожа бауырым фәниден бақиға [↑144ᵃ/144⁶↓] аттанды. Осылай істеріміз бірсыпыра аяқталып, жөнге келтірілген еді. Ол барған әскердің көбі опасыздықты тұтқиылдан бастады. Біздің Бабақ-қожа, Абдалла мен Қожа Мүминге бірнеше түрлі арамдық, жаман істер, арамза-сатқындық қылмақпен, өзі ойлағанынан күмәншіл болып, тастап келді. Біз оларды тәрбие қылып, жабдықтаған едік. Дұшпандарға сатылды. Йусуф-қожа бауырым Дәруіш Букаулға бұйырып Әндіжаннан Қуатты шақырып келген еді, ол да тұзсыздық (көргенсіз-

дік) қылды. Қазір енді қытай, қалмақ және неше бөлек қанішерлер шабуылға шығып, Йаркенд шаһарын қоршап тұр. Елшілердің *намасын* естіңіздер. Ендігі жерде бабамыз Хазірет шахзадалардың Куфа және Кербала даласында болған уақиғалары келгенге ұқсайды. Менің ойыма бір істің келіп тұрғаны, барлық бала-шағамызбен қажылық жолына түссек. Егер нәсіп болса, осы мұратқа Алла нәсіп етсе, бұл шаһарды бос қылып бергеніміз жақсырақ. Әрне болса біздерге болсын, ешкімге шығын келмесін. Шаһарды бос қылып бергеннен кейін мемлекетке еш қасірет төнбес. Қазір бұл аспан астының барлық бақытсыздығы біздің басымызға төніп тұрғаны мәлім болды. Үлкен күш ол тарапқа бет бұрып тұр, егер біздің тарапта Рүстем Дастан мен Сам Нариман майданға шықса да жеңіске жетуіміз неғайбіл. Енді қазаға риза беріп, өзімізге пана іздейік. Егер (пешенемізге жазылған) ажал-тағдырымыз осы қауымның қолында болса қам жоқ. Шаһадат дәрежесі маңдайымызға жазылған мирасымыз. Әйтпесе, [↑144^{6}/145^{a}↓] құтылғаймыз" — деп, тәтті сөздермен сөзін тамам қылды.

Назым (түрки):

Опасыз ей аспан асты, жалғаншысың,
Қорқыныш етем сенен, осынша сатқынсың.
Қайда бар надан, жаман құлықты мұраты бар кісілер,
Ұлы жомарт, дана адам хақында арамзасың.
Зұлым, кекшіл кісілер басына бақыт жұлдызы және
Ұлы жеңісті нәсіп еткенің, оған қамқорсың.
Заты еркін қайда болса қасіретті ойға толы қыларсың,
Әкбарды нәсіп етерсің, аярсың.
Шахтар мен шахзадалар қанын өкінішсіз төгерсің,
Ғажап емес рақымсызсың, қантөгерсің, қанішерсің.
Көмек болса аздап, жақсылық түсіністігің дұшпанға
Кімге күмәнді, арамдыққа жарсың
Садақа егер осы ісі аспанның артықшылығы
Үмітсіз әлбетте тойымсызсың.

Әлқисса, Хазірет Қожа Жаһан-қожам қажылыққа бармақ ниетін бұл жиынның арасына салғаннан кейін айғай-шу көк күмбезі астын толтырды, зор дауыспен жылай бастады. Біраздан кейін, жылап-сықтап болып, ынтымақпен арыз етті: "Иә, Хазірет Патша,

жеңіс әкелуші құбылыс, екі әлемнің шуақты ізі. Хазіреттен мұндай ашыну-күмән не дүр? Өздеріңіз бұл бүлікшіл от топанын жаққан оқиғадан пана тұтып, бізді от ішіне тастап, не үшін күйдіресіздер, біздерден бұрын сіздерді ұстар, бөлінген дұрыс емес. Енді барлық кісі бір жан, бір тән болып қайрат күшін осы жағдайда тағы бір ысырап етіп, жан бергеймiз [↑145ᵃ/145ᵇ↓] яки мұрат жолын бұл өздері ұрынғандарға біз алдынан келтірерміз. Дұшпандар қарулы, бірақ дін күштірек, біздің тарапымыздан да елші шыққай, нама жазғаймыз, оның уытынан дұшпандар жігері су болғай. Даныштандардан бір және бірнеше туысқандармен бірге жауап-нама жазу керек" деп, араға кеңес салды. Хазірет Қожа Жаһан-қожамға бұл кеңес мақұл болып, хат жазғышқа жазуға бұйрық етті. Сол сәтте хат жазылды.

[Ысқақийалардың Қожа Бұрхан ад-дин-қожам тарапына елші жіберуі]

Салих-*халифа* барлық керемет сәнмен сыртқы шаһарға келді. Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожамның әскербасы қарсы алды. Және бұл хабар Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожам құлағына жетті. Бұлар да өз тариқа рәсімдеріншe топ-топ, бөлек-бөлек тайпаларды жинап, бар сәнімен *сұрұн* түзді. Салих-*халифа* елшілік жолын орындап, бастарынан наманы алып ұстатты. Хазірет Бұрхан ад-дин-қожа ишаратымен хат оқушы хатты алып, тоғыз қабат орама ішінен алып шығып, анық дауыспен, шарапат кәлима ғибраттарын оқымақ болды. Бұл наманы алдымен олардың лақаптарына мадағын келістіріп, үшбу мазмұнда жазыпты:

"Хазірет Хақ, *сұбхана*, Фазыл карамы және Латиф сыйы тауфиқ тауып кәпірлер тәуелділігінен босанып, Ислам ілімін басымыздан асыра көтеріп, *жихад-ғазат* ниет етіп, кәпірлер басына қылыш тартпақпыз. Сондықтан бұл ісімізді бастауымыздың себебі ақиретте шексіз сауапқа ие болғаймыз. *Алла қаласа!* Тозақ отынан [↑145ᵇ/146ᵃ↓] құтыламыз. Сіздерге де әлем Пәруардігерінің бұйрығы және Әлем Иесі Пайғамбарының жарлықтары және қасиетті шариғаттың хүкіміне сәйкес, егер иманды халық, Ислам халқы болсаңыздар да, кәпірлермен жолдас, сатқын болып, арсыздық істеп, біз мұсылмандар хақында осындай жапа-қасірет, осыншама залымдық істегенсіздер. Сондықтан Хазірет Құдауәнда

Каламы: **Мүъминдер анығында бір-бірімен (дін) ынтымағындағы жандар**[294], яғни мұсылман мұсылманның бауыры, бір-бірінің хақында ешқашан қиянат жасамас. Мұсылманның дұшпаны Құдайдың дұшпаны. Құдайдың дұшпаны әлбетте кәпір-дүр. Егер сіздердің қажетіңіз мүлік болған болса, кәпірлердің қолшоқпары болған ләзім емес. Сіздер ол тараптан шайқасқа шыққайсыздар, біздер бұл тараптан шығып гүлстаннан тікенекстанды алғандай, арамызда [кәпірлерді] жоқ қылайық. Онан соң қайсы мемлекетті қалайсыз, оның тақ салтанатына заңды отырарсыз. Егер осыншама тойымсыздық етіп, барлық аймақты ләзім тұтсаңыз, ол да мақұл болар. Біздердің көңілімізден еш уақыт арамдық шықпас еді, шариғат ниетінен аспайтын едік. Енді ұлы қажылық жолына қолайлы уақыт туды. Ендігі сіздің нәубетіңіздің бастамасы әрнешік болса біздердің мақсатымыз бұл пәлелердің қадамын мұсылман аумағынан құрту. Ғазат сауабы түсер. Ерте заманнан біздің ата-бабаларымыз кәпірлер тәуелділігіне көнбіс болған емес, *газат* өзгелерге мүмкіндігінше парыз болса, сіздерге және біздерге нағыз парыз. Біз саййидзадалардың мирасымыз. Ей, Қожа Бұрхан ад-дин [↑146ᵃ/146ᵇ↓] егер сіздердің несібеңізге шәк-қарсылығыңыз болмаса, мәлім болсын Құдай Ағзам, араб және *ажам* саййиді, яғни Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам,* сүннетімен орындамақ керек. Шариғат хүкіміне берік болмақ керек. Ол сүннет — *газат*. Дүние мен ақиреттің саясы осы. Барлық кісіге Ислам діні иманынан тәртіп пен тамға несібесі бар. Егер Ислам иманын несібе тұтпаса, қасиеті шариғат хүкіміне сенім болмаса, ол кісінің қаны біздерге халал. Өлсек *шаһид*, өлтірсек *газы* болармыз. *Алла қаласа!* Шариғат хүкімімен кәпір мұсылман бейнелі болып иман етсе де, намаз оқыса да, ораза тұтса да ол кісі кәпір, өйткені мұсылман қанды, бірақ табиғаты кәпір болса [оған қылыш көтеруді] халал етіпті. Құдай мен Расулдың әр азанымен дін Исламнан алтынды қызғанған харам. Біз бұлар үшін еш қиянат, жаулық қылған емеспіз, кінәміз шариғат бойынша Исламды жария қылғанымыз еді. Бұл жаулардың қиянаттары ол болмыстан-дүр, Хазірет ғұлама Сад ад-дин

---

[294] Құран Кәрім, 49: 10.

Тафтазани "Шарх акаид-и Насафида"[295] келтіріпті: мұсылманды мұсылманның найзасымен өлтіруші, яғни дін исламды дұшпан тұтып, өлтіруші болмас, егер де болса кәпір болар. Сондықтан Ислам иманына жаулық күпір. Егер мұсылман кәпірге берілер болса, жауыздық етсе, қан төксе қатты күнәкар болады, кәпір болады. [↑146⁶/147ᵃ↓] Сонымен, сіздер кәпір жарлығымен, кәпірлер әскерін бастап келіпсіздер, бар болмыс құдіретіңізбен кәпірлермен бірге соғысып бірлік қылыпсыз. Әрине кәпірлер әскері бірсыпыра жеңісті болса, мұсылмандар әлсіресе, ол жағдайда, еш лаж жоқ амалсыздық болар. Бірақ сіздердің бұл қылған істеріңізді Адам [атадан] Хатымға (пайғамбарлар мөріне) дейін еш мұсылман атаулы кісі әуел-ақыр қылмаған. Ей, иттің өлімтігі, сіздердің бұл істеріңіз Ислам ілімінен шығады, мұсылманның пиғылы емес, күпір жаман пиғылдылардың ісі. Сондықтан бұл хикаят-дастанға ұқсайды: Өткен заманда кешкі мәжілістің шамы, інжу-маржан түзгендегі қызыл тілділердің тәжі, бақыт тәжі, жаһан табы (белгісі), яғни Ғази Сахибқыран Хазірет Қожа Хасан, *Алла оған рақымды болсын*, Йаркенд шаһарына Ислам жеңісі үшін соғыс ашып, сансыз әскермен қоршапты. Ол уақытта Йаркенд қалмақтың қол астында, Йаркенд шаһарын күзеткен шаһар іші мұсылмандарына билік еткен бірнеше қалмақтар, бұл Ислам әскері дауысынан қорқып қашып, Ілеге беттепті. Сол уақытта бұл кәпірлермен бірнеше әмірлер қызметшілерін бастап Ілеге беттепті. Хазірет Қожа Хасан, *Алла оған рақымды болсын*, шаһарды жеңгеннен кейін сол уақыттың ғұламаларына сауал қойып: "бұл әмірлер Ислам әскерінен бет бұрып, кәпір әскеріне қосылған, олардың мүлкіне тараж салуға бола ма?" деп пәтуа (фетва) сұрады. Сонымен, ол уақытта абзал ғұламалар [↑147ᵃ/147⁶↓] бұқара басшылары, Йаркенд ғұламасы Ахунд Молла Нийаз Калан, сол уақыттағы мүфтиі Ахунд Молла Кипек, бұл ғұламалар "Хидайа" кітабынан осы *хадисті* шығарып пәтуа етіпті: "Қайтып келіп менің әскерімді көбейтсе оған мейірімім бар, яғни егер біреу кәпір әскерін көп етпек үшін оған сатылса ол кісі

---

[295] Насафӣ – "Наçафӣ" деп жазылған. Бұл Са'д ад-дин ат-Тафтазанидің (шамамен 792/1390 ж. қайтыс болған) "Шарх 'ақа'ид ан-Насафи", яғни 'Умар ан-Насафидің Құдайдың болмысы мен белгілері мәселесіне арналған шығармасына түсіндірмесі.

сол кәпір әскерінен, яғни кәпір" деп, пәтуа етіпті. Бұл пәтуамен лағынет атқыр болған әмірлердің үйлерін тонап, дүниесін ғанибет санап, мал-мүлкін кіріске алу Ислам әскеріне, біздерге халал деді. Кейінгі біздер де жан шыққанша халқымыздан ешқашан қашып кетпеспіз, құшақтасып, пышақтасып өлерміз. Қазір де Йаркенд шаһары ішінде сіздер шешім бергенше кісіміз бар, бір мұсылман екі кісі орнында, иманы бір кісі, өзі бір кісі. Бұл сенім арқасында біздің әскеріміз сіздердің әскеріңізден көбірек болады. Халық ішінде жүрген мысал: әлдебір шаһардың қамалы қағаздан болса, ішіндегі халық барлығы әйелдер болса да, соғыс құралыңыз дін болса, онда шаһар ішінен бұзылмағанша тысқарыдан ала алмассыз, өйткені біздер неше уақыт шаһар билегенбіз, сақтаған неше жылдық су мен ас, отынымыз бар. Ықтиярымызға келгенде шығып соғыс қылғаймыз, болмаса іште тыныш отырғаймыз. Егер сіздер қиянат етсеңіздер, біз де қиянат етерміз. Қазір соғысқа шықса жүзден бірге нәубет тимейді. [↑147^{6}/148^{a}↓] Бұл халде барлық кісі соғысқа шығады, өйткені кәпір әскері Исламға шабуыл жасағанда *ғазат* барлық мұсылмандарға міндетті парыз екендігіне айат-хадистер түскен. Қатын ерінен, пенде қожасынан рұқсат сұрамайды, соғысқа әзір болған ләзім. Мағрибтан машриққа дейін әрбір кісі тыс қалмайды, Исламға келіп көмек беру бәріне парыз болады — шариғаттың хүкімі осы. Бұл тариқалық шабуыл қылғанда аспан асты билігі ықтиярын біздердің қолымызға бергей, яки сіздердің қолыңызға бергей. *Нама тамам уа-с-салам*".

Бұл наманың мазмұнын тамам қылғанша барлық кісінің бойына діріл түсті, әсіресе дін Исламнан несібесі бар кісіден зәре кетті. Сонымен Қожа Бұрхан ад-дин басын көтеріп елшілерге қарап айтты: "Сіздердің қожаңыз шектен тыс көп білім оқыпты, мұндай саясаттық хақ сөздермен жаугершілік болмас, біздер бұл жерге өз ықтиярымызбен келген емеспіз. Қытай хақаны Амур Сина бұйрығымен келгенбіз, бұл іліміңіз оларға шынайы болмас, оларға қабыл болмағаннан кейін, бізге де мақұл болмайды. Бірсыпыра пайдасыз сөздер қылыпсыздар, өйткені біздер екі бөлек таққа байланып тұрмыз. Қазір бұл шаһарыңыз жалғыз қалыпты, егер жүз мың осындай шаһарлар болса да, оларды [қалмақ, қытай] жәрдемімен алғаймыз. Ұзақ сақтағанмен шаршамаймыз, ақыры қолға келмей қайда кетерсіздер" деп, қонақасы беріп елшілерге қайтуға рұқсат берді.

Сонымен, [↑148ᵃ/148ᵇ↓] елші намасы мазмұнынан барлық кісіге сұс түсіп, бұл үмітсіз халде Ғази бек арамзаның Құзғын атты, таулық көр-жер саудагерлерден алған келіншегінің әкесі, яғни қайын атасы бар еді, өте арамза, сатқын, қашақ, оңбаған еді. Бұл Қожа Бұрхан ад-дин әскерімен серік еді, бұл арамза-оңбаған кеңес айтты: "Күйеу балам Ғази бектің дайындаған маңызды Қожа атты бір уәзірі бар еді, барлық ісіне шешім беруші еді, оның кеңесінен әр кез шықпас еді. Қазір бұл елшімен мен де шығып, мені өз отаныма алып бар деп, оны жолдан тайдырсам, ол кіріп Ғази бекті жолдан тайдырса, сол айламен шаһарды оңай алуға болар, өз ішінен бұзылар, әйтпесе мұратымызға жетуіміз өте қиын" деп, айла-шарғысын түсінікті қылып, арызын айтты. Қожа Бұрхан ад-дин бұл айланы мақұл көрді. Бұл өкінішті іске көп ілтипат етіп уағда берді. Бұл имансыз көмекті өз отанына [қарсы] бастады. Кешкісін көп мейман қылып, күдікті сөзден бастады. Өз қожасы атынан уағда қылды: "Егер Ғази бек біз деп, ол қожалардан жүз бұрып, шаһарды бір жолмен бұзып берсе, оған біз Йаркендтің хакімдігін шексіз бергейміз және барлық ұлылардың сардары қыламыз, барлық шаһарға хүкімші болып, оның бұйрығына ешкім, тіпті қалмақ төрелері де қарсы келмес. Біздің хақанның құзырынан оның жетпіс әулетіне шейін мансап мирас [↑148ᵇ/149ᵃ↓] болғай. Егер осы сөзді Ғази бекке мақұл алғызсаңыз сізге де ұлы мансап беріп, әулетіңізге қызыл тамғалық *тарханлық*[296] нышан береміз. Егер бұл сөзді қабыл тұтпасаңыздар бір тағдырмен шаһар қолымызға келсе Ғази бекті тауып жетпіс сегізге шейін ұстап қойша бауыздаймыз" деп, уәде-ескертумен саясатын тамам қылды.

Бұл мазмұндағы жолмен қолхат жаздырып берді. Бұл анты нашар осы көмек-уағдаға міндеттеме алды. Ғази бекке жасырын айтар еді: "бұл шаһарды біз бұзып берсек Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожам Йаркендтің хакімдігін шексіз беріп, бұрынғыдан шексіз мәртебеге шығарамын деді" деп. Үміт ететін, бұл үміт кәпірлерге көмегінде еді. Оны да баян қылды. Бұл оңбағанның қанішер бейнесін байқап Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожам бастаған барлық халық ырза болысты. Сонымен, бұл оқиға құпиясын Салих *халифаға* сездірмей, таңертеңгісін көмекшісі (жансызы) Ғийасты қосып, елшілерге рұқсат берді.

---

[296] Тархан — мәтінде در خانلیق

Бұл елшілер аман-есен шаһарға кірді. Хазірет Қожа Жаһан-Патшаның сарайына ұлы мәртебелілерге барып кездесіп, болған уақиғаны баян етті. Бұл намаға жауаптарды да қысқаша берді. Хазірет Қожа Жаһан, *оның қабіріне нұр жаусын*, айтты: "Әр нәрсеге Алла тағдыры, оны да көргеміз, мұндай саясаттардан уайым етпеңіз" деп, ризалықта отырды.

Ғийас жансыз Ғази бек оңбағанды аздырушылығын бастады.

[Нийаз есік-ағаның сатқындығы]

Сонымен дастан [↑149ᵃ/149ᵇ↓] *естімек керек Нийаз есік-ағa доңыздан*. Оның ағайындары Бахадүр бектің оғландары, Кучар хакімі Алла Құлы бек інісі Мұхаммедйар бек, мұның қайын-атасының ағасы Шир Мұхаммед Имин бек және мұның жамағатынан неше кісі Қожа Бұрхан ад-дин әскерімен бірге келген еді. Бұл доңыздардың әрбірі бұл әзіздер хақында мақұл етпей, опасыз істер бастар еді. Бұл доңыздар Нийаз бекке найза ұшына (оқ пурлиққа) нама байлап жолға шығарды, яки хабаршы ортаға түсті, қандай жағдайда болмасын мазмұны мынадай: "Ей, Нийаз бек, сіздің үй ішіңіз, жарандарыңыз бұрыннан біздерге, біздің ата-бабаларымызға *мүрид-мұхлис* едіңіз. Қазір шаһарды бұзып бергейсіз, сізді әмірлердің әмірі, *пақырлардың* жол сілтері етеміз, өйткені хакімдік сіздің мирасыңыз" деп, өтірік сөздерді айтыпты. Бұл жамағат осы сөздердің хақтығына неше рет ант-су ішіп, "егер бұл сөзді қабыл тұтпасаңыздар шаһарды алғаннан кейін, барлық әулет-еліңізбен бірге өлтіріп, нәсіліңізді жоямыз" деп саясат етіпті. Бұл хат мазмұнын естіп Нийаз есік-аға шаһар бұзбақтық жолына түсті. Өзінің жақын бірнеше кісілерімен кеңес қылып, оған шешім тапты. Оның [Нийаз есік-аға] бақшасы шаһар шетіндегі қоршаумен жалғасқан еді. Бұл бақ бос қалған бақ орнында еді. Шаһарға барар бір жол баққа барып үзілген еді. Осы бақтың бір бұрышынан ұңғып отыз құлаш [↑149ᵇ/150ᵃ↓] жерді ұңғылап қоршау тасы жанынан *қылует* жасалық. Ол жерден ауыз ашсақ, тесіктің екі жақ аузына қос қабық дарбаза орнаталық. Атты кісі жүріп өтер үлкен ұңғы болса. Ұңғы тамам болғаннан кейін Қожа Бұрхан ад-дин әскеріне хабар берсек, бір кісі маған жақын бахадүрлерден шаһарға келсе, біз өз адамдарымызбен қосылып, ордаға жүгірсек. Бейхабарлық халінде

түнгі қантөгіс салсақ, кернейханаға шығып шаттық соқсақ, көше-көшеде шақырсақ: "Қытай хақаны дәуірі, Амур Сина дәуірі" деп қатты айғай шығарсақ. Дарбазаларға жүгіріп қолға алсақ, тысқарыдан кірсе, ішкеріден шығармасақ, осы жағдайда ешкім құтылмай қолға түссе, шаһарды оңай алуға болар. Сіздің тараптан еш кісіге зарар тимес" деп, мәслихат шешім етіп, ұңғылауға кірісті. Күндіз-түні бар күштерін салды. Кеште құдыққа түсіп, екі-үш мұзхана бар еді, оны толтырды. Бақ тасада, көзге түспес жерде еді. Әрі қыс мезгілі еді, бақта қыдыру кезеңі емес еді. Ұңғының аузына қос қабық дарбаза орнатып, күндіз-түні бекем етті. Осы жолмен ұңғыны қарама-қарсы жаққа қазғанша ылаж еткен еді. Өз туыстарынан бір ақылды-ынсапты кісі бар еді, бұл құпияны кездейсоқ естіді. Құдай тағала бұл кісіге көмек берді. Сол сәтте Хазірет Қожа Жаһан-қожамға жасырын арыз қылып, ұңғының жағдайынан хабар [↑150ᵃ/150ᵇ↓] берді. Нийаз бекті сол сәтте ордаға шақыртып, соңынан жасырын ұңғының рас-өтірігін біліп келуге кісі жіберді. Барғандар ұңғыны өз көздерімен көріп, шындығынан хабар берді. Хазірет Қожа: "Нийаз бек лағынет ұрғанды ұстап, байлап-шынжырлағайсыңдар" деп бұйрық берді. Сол сәтте ұстап көп алдында тұтқын қылды. Ел-жұртына және тараж салды. Өзіне көп кемсіту қылып айтты (түрки):

Хақ қарабеті тұзын сақтамай, мен сақтадым дейді,
Қалыңдықтық хақын сынайды.
Қорғаушының сыны бар алда, ешкімге азар етпе,
Әркімге жапа қылсаң, [махшар] таңында алдыңа келер.
Біреуге зұлымдық етіп пайда-кіріс алма,
Баспа мұндай қадам, кісіге қиянат қылма.
Екі әлем ішінде жанға қатты батар іс істеме,
Әрне қылсаң да, бірде-бір пақырдың көңілін азар етпе.
Хақиқатта шах еді, сен оны қорлама,
Неше дұшпанды өзіңе жасырын жақын еттің,
Басың кетер, бұл жасырын бөтендерді жар етпе.
Егер саған хақиқат елінің ісі мәлім болмаса,
Жан-ділмен сенім еткендерге қиянат істеме.
Жеті қат аспанның неше түрлі жапасын, аяр
Дұшпанға да көрсетпе, өзің дертің жұтып,
Садақа ет, өткен әзіздер рухынан білетін бол
Аталарыңның аталары жолында бол, ұятқа қалма.

[Ашур Қозының сатқындығы]

Сонымен дастан діл күйдірер және бұл алдамшы тұз жеген, тәрбиелеген онан бір сөз. Ашур Қозы атты бір тексіз бар еді. Асылы қалмақтардың көр-жер саудагерлерінен еді. Оны Хазірет Қожа Жаһан-қожам тәрбие қылып, тауға хакім қылған еді. Кейін Ислам-ды жария қылған кезде Хазірет Хан [Ашур Қозыны] жарақтаушы (керек-жарақшы) етіп тағайындап, тамам Йаркенд мемлекетінің [↑150[6]/151[a]↓] істерін және барлық орданың соғыс құралдарының тәртібін соған тапсырған еді. Барлық мемлекеттің уәзірі еді, оның рұқсатынсыз еш іс тамам болмас еді. Мұның көргенсіздігін көрмек керек. Хас Мақсұм Молла Сыддық бастаған бірнеше кісі қалмаққа бейілдері бар еді, ол малғұндарды алдымен ұстап зынданға салған еді. Бұл малғұндар бірнеше күн зындан ішінде қамалған еді. Хазірет Қожа Жаһан-қожам: "Хабар жеткізді: зындан түбі дым екен, ылғал екен, су шығып күнәкарларға бірсыпыра обал болыпты. Күнәкарларды зынданнан шығарып, әрқайсысын бір кісіге тапсырыңдар, үй ішіне мұқият қамап қойыңдар" деп әмір етті. Содан зынданнан шығарып әр кісіге тапсырды. Ашур Қозы бақсыз Молла Сыддық пен Қожа Мақсұмды тұтқын қылайын деп, өз үйіне алып барады. Бұл арамзалар бірнеше күн Ашур Қозының үйінде отырып, оны өз қожасына бұрмаққа әрекет қылып еліктіреді. Ашур Қозы бар түйсігімен оларға иланады. Бай Фулад атты сенімді қызметшісі бар еді. Сол арқылы Хазірет Қожа Бұрхан ад-динге хат жібереді, мазмұны: "Мен өз қожаларымнан кеттім және Қытай хақаны, Амур Сина мен Хазірет Қожа Бұрхан ад-динді қожам дедім. Сәрсенбі күні екі мың кісі Йаркендтің арғы тарапына ат қойсын, біздің елдік алпыс кісі шаһар тарапына қарай мылтық атсын және елдің кісісі кетпенмен қақпаны жығып жол ашса, ол екі мың кісі сол жол арқылы шаһарға кірсе, [↑151[a]/151[6]↓] "Қытай хақаны, Амур Сина, Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин" деп дабыл ұрарсыңдар. Осындай жолмен шаһарды оңай аларсыздар. Қожалардан және жақындардан еш зиян тимей қолға түсер. *Нама тамам уа-с-салам*".

Қожа Бұрхан ад-дин халқы бұл хош хабарды естіп көңілдері көтеріліп қалды. Содан қуаныштан шашу шашты. Бұл жаман ниеттілер Ашур Қозыны Йаркендтің есік-ағалығына ұйғарып, уағда қылды. Бұл Бай Фулад шаһар көшесіне кіріп, болған уақиғаның бірін

қалдырмай баян қылды. Таңертең сенбі күні еді. Өз қызметшілерінен Қожа Бұрхан ад-динге *нисбаты* бар ықыласты халайыққа кісі жіберді. Осы жағдайда өз әйел, бала-шағасымен, елімен кеңесті. Сұлтан-қожа атты ақылды да парасатты [Ашур Қозының] бір ұлы бар еді. Хазірет Қожа Жаһан-қожамның жақын қызметшілерінен еді, айтты: "Ей, ата! Бұл не деген имансыздық, қиянатшылдық. Бұл істің обалынан қалай құтылуға болар. Ислам дінін тастап, кәпір халқына тәуелді болмақтық және талан-тараж көздемектік не деген ауыр күнә. Әсіресе, Пайғамбар әулеті хақында кісі осындай қиянатшылдыққа өзін бұрар ма екен? Бұған қоса, жылдан-жыл біз бұл қожаларымыздан үлкен ілтипат көрген болсақ, бізге түздарын шексіз молшылықта берген, біз жегенбіз және тәрбиесінен бұл мансабымызға жеткенбіз. Бар болмысымызбен бұлардың хақында осыншама қайшы істерді бастамалық, [↑151^{б}/152^{а}↓] осынша жаманатты басымызға алмалық. Бұл адам баласының ісі емес. Осыншама сатқындықты амалға алып, жер бетінде патша болғаннан пәктікпен, шыншылдықпен өлген мың есе артық. Бұл дүниеде қияметке дейін лағынет жіберер және жүз мың лағынетпен еске алар. Ақирет мәңгілік тозақта азап-жазаға бақи қалып, осындай дінді дүниеге сату істерінен аулақ болайық" деп, әкесі Ашур Қозы сатқынның мәслихатына бар болмысымен қосылмады. Атасы айтты: "Ей, ұлым! Бұл іс енді өтті, тосқауылыңның уақыты өтті. Бай Фулад шығып бұл жақтың хатын келтірді, сәрсенбі күні таңертең ерте істі бастағаймыз" деп жауап айтты. Бұл ұл және тоқтау айтты, оңбаған атасы қабыл тұтпады. Атасының ашуы келді, семсеріне жармасты. Ұлы "пана қыл" деп қашып көшеге шықты. Жүгіріп орда басына келіп, Хазірет Қожа Жаһан-қожамға уақиғаны бастан-аяқ хикаят қылды. Қожам айтты: "Сен жалған айтасың, өйткені сен атаңнан төмен отырсың. Сол себептен атаңа ғайбат сөз қыласың. Ешқашан ондай істер қылма" деп қабыл етпеді. Ол айтты: "Тақсыр, ей Патша Жаһан, панам! Бұл істе зәредей қайшылық жоқ, іс жүріп жатыр, тоқтатпақ керек, әйтпесе өкініште қаларсыз" деп, шындығына ант етіп және айтты: [↑152^{а}/152^{б}↓] "Бай Фуладты келтіріп саясатшылықпен бұл істің барысын, шындығын айтқызсаңыздар, егер бұл сөзге зәредей ұқсас болмаса бұйрықпен лайық жаза алармын" деп, көп дәлел қылды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл сөздердің қатесі жоқ шындық екенін парасатпен білді. "Бай Фуладты келті-

ріңдер" деп бұйрық берді. Осылай келтірді. Бұл кәпірдің қолдарын байлап, тақтың алдына келтіріп, семсер меңзеді де айтты: "Ей тұзы харам, көргенсіз, оқиға осылай ма айт, егер айтсаң өлтірмеспін, егер айтпасаң шындықпен өлгенің жақсырақ" деп, саясат қылды. Бай Фулад келісіп, айтты: "Ей, әлем панасы патшам, мүбарак шәріп құлағыңыз естіген әр нәрсе де хақ, рас" деп, уақиғаны бастан-аяқ баян етті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам Ашур Қозыны келтірмекке бұйрық берді. Хазірет Қожа Құтыб ад-дин мен Хазірет Қожа Абид шахзадаларды бүлік салмай алып келуге аттандырды.

Сонымен, Ашур Қозы ұлының бұл жағдайда ашуланып шығып кеткенінен күдіктеніп, үйде отыра алмады. "Бұл құпияны біреуге ашып, хабарлап қояр ма екен" деп, аттанып келер еді. Шахзаларға кездесіп қалды, шахзадалар күдіксіз, қатерсіздік үшін: "Ей, Ашур Қозы бек, біздің үйімізге барып ойнап, мейман боларыңызды біліп үйіңізден қашып шықтыңыз ба?" деп [↑152⁶/153ᵃ↓] ілтипатпен сөзге тартты. Ашур Қозы "патшазадалар мені үйіне шақырып "самарқанша дәстүр" бастағанына қарағанда менен хабар аңдамай шыққан екен" деп ойлады. Хазірет шахзадалар айтты: "Бізбен бірге ордаға барыңыз, бір сағаттай күліп, көңіл көтерсек болар деген үмітіміз бар" деп орда басына жүрді. Диуанхана алдына жеткен соң "Хан жарлығы" деп, киімін салдырып, күнәкар бейнесінде Хазірет Қожа құзырына алып кірді. Қожам жазалы-кінәліге қарап: "Ей тұзы харам, қалмақ пен қытайдың көргенсізі. Дін мен қожаңды сатып, келтірген хатың қайда?" деді. Бұл мойындамады. Ұлымен кездестіреді. Өлімге ризасы бар ма, әрине ризасы жоқ, амалсыз саясатты шектен шығарғаннан кейін мойындады. Сандықта жасырған жерін айтып, белгісін берді. Қызметшілер барып сандықты алып келді. Орама ішіндегі мөрі бар бір хатты алып оқыды, мазмұны осы оқиға еді. Қожам қызметшілерге "байлаңдар" деп әмір етті.

Таңертең барлық халықты, мемлекет ақсүйектерін, яғни құрмет ету ләзім болған ғұлама, қошеметті әмірлер, барлық көпшілікті, барлық Йаркенд тұрғындарын жинап, мәжіліс құрып, Ашур Қозының жазасын сол жерде берсек деп, бұл реттегі бір рәсіммен таза жаңа киім кигізіп, *сұрұнханада* ел ұлыларының ортасына отырғызды. Қожам бұл доңыздың жаман ойын жұрт алдында баян етті. Ашумен тыңдатты, сөйледі: [↑153ᵃ/153⁶↓] "Ей залым-пәле! Жара-

тылысы жаман сені пәлен уақытта пәлен қалмақтан сатып алып, азат қылмап па едім. Ұлы мансапқа жеткізерге бар күшімді салдым, бүкіл мемлекет ісін тапсырдым. Өзімнің қамсыздығымды да саған сеніп тапсырдым, не берсең жедік, бермесең жоқ. Осы мақам-мансабыңа біздің арқамызда жеткенсің. Бізге өзіңді қара санасаң, қанымызды жүктесең, бұл қылғаныңның жазасын өзің айтқыл" деп, ренішті сөздер айтты. Бұл бүлікшіл басын төмен салып айтты: "Мұндай пиғылды қылған кісінің жазасы — өлім" деп, өз тілімен ризалық берді.

Одан Хазірет Қожа Жаһан-қожам ғұламаларға қарап: "Бұл тариқалық дін Исламнан жүз бұрып, кәпір әскеріне көмекшілік қылған кісіге шариғат бойынша жазасы қайсы?" деп сауал қойды. Ұлағатты ғұламалар барлығы бірауыздан жауап берді: "Осындай дін сатқан лағынетті кісінің жазасы — өлім" деп пәтуа берді.

Онан кейін мемлекет тұғырлары әмір, сұлтан, сардарларға қарап айтты: "Сіздер не дейсіздер?". Бұлар да барлығы сарай табалдырығын сүйіп, арыз етіп айтты: "Патша Жаһан панамыз, осындай қиянатшыл кісілерден безерміз, қарындасымыз болса да дұшпанымыз. Біз Құдай мен Расулға, Ислам патшасына жармыз, Алла есігінен қуылған кісіге жар емеспіз. Ол діл-көңілімен берілген болса, тілі [↑153^{б}/154^{а}↓] өзге болса да жар. Көңілі өзге болса ол жар емес. Қазір өзіне-өзі өлтіруге ризалық берді, ұлағатты ғұламалар да пәтуа берді. Егер ондай болмаса мемлекеттің жаулап алу саясаты үшін, көрінеу жаза ғибраты үшін өлтірілсе біз риза едік. Енді мұны өлтіру хүкіміне еш тоқтау қылып болмас. Бұл мемлекетте Йаркенд шаһары ұлы, мұндай бір-екі жүз кісі өлгенімен мемлекетке еш нұқсан болмас. Жаулап алу саясаты болмаса, ол мемлекет емес. Бұл қылықты таңда және бірі, одан тағы бірі қылар. Мемлекетте тәртіп болмас, дұшпандық билік күшіне мұқияттылық керек" деп, тездетіп өлтіруді жақтап дәлелдер келтірді.

Бұл шахзадалардан Хазірет Қожа Абдалла-қожам арыз айтты: "Таңда жұма күні базар ішінде дарға асып өлтірсек, барлық қас және қара халық өз көзімен көрсе, сабақ етсе" деп, кеңес-арыз етті.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам, *оның қабіріне нұр жаусын*, мақұл тұтып, таңға белгіледі. Бұл жиылыс аяқталған соң Хазірет шахзада Қожа Абдалла-қожам хакім Ғазиді әзір қылып арыз айтты: "Бұл Ашур Қозыға өлім келмек лайық еді, шариғат бойынша болса да, саясат бойынша болса да. Бірақ өлім лайық емес бір тұсы бар,

осындай [адал] ұлдың атасының қиянатына ортақ тәртіп бойынша қиянат етпес. [Ұл] әрнеге риза берсе де, ешқашан [↑154ᵃ/154ᵇ↓] өлімге риза емес еді. Әкесінің өлім күнәсіне ұлы Сұлтан-қожам тілеу етті, оған ілтипат етіп, үй ішіндегі істі әскерге бұйырса, яки *ғазатқа* жабдық болса" деп арыз айтты. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл арызды мақұл көрді. Осы тариқалық әмір етті. Сонымен мемлекет халқы таңертеңгісін келіп, өлім жазасын тездетпекті қалады. Қожам айтты: "Ұлы атасының күнәсін тіледі, мен де сіздерден тілеймін" деп кедергі етті. Әмірлер айтты: "Бұл аз істе бір-екі кісіні өлтірмегенше мемлекет тәртіп таппас, дұрыс емес" деп, көп қарсылық қылып, Бай Фуладты, Қожа Мақсұмды дарға астырды. Мемлекет халқын қорқытты.

Назым (түрки):

Арамза өлмеген, қорғаушы өзіңді аңдап ұста,
Құдайға тәуекел қыл, баршадан бостандықта бол.
Көп ойланып алаңдығын бұзба,
Алдамшының әлемі еліңе жақын, дайын бол.
Түзбе сұхбат опасыз елмен, жанынан қастық,
Етер саған, одан бұрынырақ жолға шық.
Әсте дүниеге тыныштық жоқ, тыныштық саған,
Ықтияр ет, түн тыныштығында дін-намаз ұста.
Жүз қапада емес ұлағаттылықтың маңызы
Дүниеде пір немесе ахундзада ұстап пайдалы бол.

[Қожа Бұрхан ад-дин тарапының торығуы]

Сонымен Қожа Бұрхан ад-дин-қожамнан естімек керек. Нийаз есіқағаның уағдасы орындалмады, Ашур Қозының уағдасы құзырына түспеді, бұл жақта бұлар көп қынжылды. Әр күні аласапыран болды. [↑154ᵇ/155ᵃ↓] Йаркенд шаһарынан неше жекпе-жекшіл атақтылар әр күні шығып төбе-төбе өлік қылады: "Иә, Хұсайна! Иә, Йатима! Иә, Ғариба! Иә, Шаһида!" деп шабуыл қылады. Бірнеше сап бұзар жабайы жануарларша ұрысады, жеті басты айдаһар отты аузынан ұшқын шашады, халық арасында өлім қаупінен жан құтқармақ қиын болды. Әр кісі оларға қайранда еді.

Әсіресе, ол атақты ержүрек құбылыс, Хайдар-и Каррар, сап-бұзар арыстан және Рүстем Дастан, кісі жығар ала атты айбатты,

яғни Хазірет Қожа Инайат-қожам жекпе-жекте заманның бірегейі еді. Бұлардан Қожа Бұрхан ад-диннің барлық әскері налыр еді, әрқашан айтар еді: "Ей, барыс, ей ала атты құл! Бұл ала атты барлық әмірлерімізді бір-бірлеп өлтіріп бітірер. Сөз осы, егер бұл ала аттыны қолға түсірсек немесе өлтірсек Йаркенд шаһарын ашық етерміз. Ал, бұл кісі саламат тұрғанда одан жаныңды саламат еткейсің" деп өкініш айтып налитын еді.

Назым (парсы):

Ержүректігі ерді жауынгер етеді,
Қызыл жүзді етер батырды бір шиша да.

Сонымен, бірінші күн бұл әдіспен уақыт өтті, бірақ бұл адасқан сиқыршы аспанының барлық қасіреті бұл әзіздер бастарында еді. Бұл қасіреттің барлығынан бақытсыз бір күні, бір арамза бүлікшіл жасырынып қарауылдап, зеңбірекпен атты, оқ тиіп он жанның бас сүйегін парша-парша, бөлек-бөлек қылды. Болмысынан мұсылман ол бүлікшіл тарапына оқ атып еді, [↑155ᵃ/155⁶↓] барып ол кәпірдің кеудесінен ұшып өтіп жер ішінде ғайып болды. Сонымен әлсіреп, қараңғылық әлеміне ауысты, құрметпен ала атын мейіріммен қоя берді. "Ала аттыны" шаһар ішіне алып жүрді, дарбазадан жүріп отанына жеткізді, үшінші күні бақи әлеміне жол тартты. Хазірет Қожам патша [Жаһан-қожам] бастаған барлық шахзадалар келіп, ұлы қасіретпен жоқтап, шексіз-шетсіз қайғыға кез болды. Намаздарын өтеп Алтын мазары ішіне жерледі.

Сонымен, Хазірет Қожа Жаһан-қожам "бұл қайғы-қасірет тек Қожа Инайаттың емес, барлығымыздың ақырымыздың жеткенінің әуелгі нышаны" деді. Енді осы мұрсаттың уақыты болғай, не бізге жаназа намазын оқығанша шыққаймыз, не қасірет жоқтау қылғанша, не жерлегенше қазір өз жоқтауымызды өзіміз қылғаймыз, қайыр-тілеуімізді қылғаймыз" деп, Йаркенд халықтарын дүниеге кенелтті.

Сонымен, Хазірет Қожа Бұрхан ад-диннің әскері жағында "ала аттыдан" азат болғанына жүз мың қуаныш қылысты. Әр күні бұрынғыдан көбірек шабуыл қылды, бірақ Йаркенд бахадүрлері шабуыл қылғанда бұларда тағат қалмады. Өйткені Ислам әскеріне Хақ айбаты тілеуші болды. Әр кез зиян келтіре алмады. Бір түні үлкен қамалдан [↑155⁶/156ᵃ↓] қоршаудағыларды, шаһар ішіндегілерді нысаналап атқан дауыс шықты. Таңертеңгісін Йаркенд ба-

тырлары шығып мылтық дәрісімен от қойды. Аспан асты күйіп күл болады, діншіл халықтың бағзысы тұтқын болып, бағзысы күйіп күл болды, бағзысын жерлестері панаға алды. Бұл дарбаза Хазірет Қожа Абдалла-қожамның тасалайтын жері еді, неше уақытта бұл тариқамен жолбасшы болды.

Қожа Бұрхан ад-дин әскері күтуден шаршады, қырғыздар да олжаға кенелуден күдер үзіп, ешкімде тағат қалмады. Әскерилер де үмітсіздік жағдайында еді.

[Ғази сатқынның оқиғасы]

Сонымен естімек керек, ол арамза-оңбаған Ғази сатқыннан. Бір күні Ғазидің кісісі Хазірет Қожа Бұрхан ад-диннің хатын алып келіп, Ғази бектің басын айналдыра бастады. Ғази бектің қиянатшыл тамырлары қисая бастады, көңілі бұзылды. Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин тарапына бұрылды. Екі дарбазаның арасы мұның қамалы еді және үкімі жүретін жер еді. Дарбазадан да, қоршаудан да жансыз шығарар еді. Тыстан да жансыз кіріп Йаркендтің, әсіресе хакімдік уағдасы үшін Шәріп Калам Алламен ант қылар еді, бұл тариқамен неше уақыт өтті. Бұл құпияның сыры шахзадалардың, Йаркендтің барлық ұлыларының құлағына [↑156ᵃ/156ᵇ↓] жетті. Бұлар бір-бірлеп Хазірет Қожам [Жаһан-қожам] патшаға жеткізді, барлығы жиналып кеңес қылды. Бұл Ғази бек арамза, оңбаған, қиянатшыл кісі. Арам-айласы бұрыннан белгілі болған еді. Осыған белгілі бір хадис, яғни әр нәрсе бірте-бірте шегіне жетіпті. Әлбетте, үшіншіде тыяр депті, бірақ бұл арамзаның арамдығы бір емес бірнешеге жеткен, қиянатында шек жоқ еді. "Енді бұл арамзаның ұлын ұстап тұтқын қылсақ керек, әйтпесе халықтың көңілі қарар-шешім тапса, біз бұрынырақ оның ісін қылмасақ, ол біздің хақымызда іс жасамай тұрмас. Ақырында өкінішке әкелер, пайда бермес" деп, мәслихат арыз етті. Қожам айтты: "Ей перзенттер, сіздер ақылдан сөз қылдыңыздар, енді тағдырдан сөз қылармын. Сіздер ой-қиял мекеніндесіздер, мен тәуекел мен риза мекенімін". Хазірет Мир Әлішер назым айтады, (түрки):

Әртүрлі арыздардан көңілім тынбас-ты,
Көңілімді тындырып, ризашылыққа қадам бастым.

"Ғазимен неше рет Құранды бірге [Жаһан-қожам] оқыдық, ол да бірсыпыра бөлімін жад қылған еді. [Құранның] айаттарына жалбарынып сенім қыларға уәде байлаған еді. Егер ол уәде антына опа етпесе, мен әлбетте опа етемін. Өйткені Пайғамбардың "иманы жоқ кісі антына опа қылмайды" деген хадисі бар. Оған иман керек болмаса, маған иман керек. Антына опа қылмаған ондай кісілерді өз жарандары қатарына алмайды. Ол адамгершіліксіз, орынсыз іс қылыпты". Осындайға Хазірет [↑156[б]/157[а]↓] Мир Әлішер ишара қылыпты (түрки):

Жаһанда адамның қадірлісі сөзді ұқса,
Сөзге тұрмағанды сыйламайды.

"Және іс ішінде де істер бар, пенде тағдырдың құпиясына қарамақ керек. Әзірше бұл істі қоя тұралық, істің хақиқаты таңда мәлім болар, қазір көп тәптіштеп [тексеру] ләзім емес" — деп, шахзадаларға тоқтау салды.

Сонымен Ғази арамзадан сөз естімек керек. Бұл бүлікшіл ешқайда өтпейді, Хазірет Қожа Бұрхан ад-динге жансыз шығарып, шаһар ішіндегі құпия оқиғаны хабарлап тұрған, оннан да мыннан да жансыз-аярлар хабар жеткізіп жүрген еді. Бұл жердегі шаһардың қоршауларынан және атыраптан қай жерден апат тигізер жерлер болса, оның айла-амалын істеп жеткізер еді. Бұл тариқамен неше күн өтті. Еш зиян тигізе алмады. Қожа Бұрхан ад-дин қатты назалы болды. Ғазиге жасырын кісі жіберді: "Біздер әбден зеріктік, бұл жерлерде қашанғы жатамыз, бір тариқамен біздерге айла-тәсіл айтсаңыз екен. Біздер соған тоқтап, жеңіске жетсек екен, иә, өзіңіз бір жолын тапсаңыз екен, бұл қылған қызметіңізге төреден көп жақсылық қылуға тырысамыз" деп, айла-арамдықпен ілтипат қылды. Ғази "мұның жауабын таңда айтып шығарайын" деп жансызға рұқсат берді.

Сонымен өзі ойына арамдықтар түсірді. Айла-арамдық атына мініп әр тарапқа шапқылады, ақыры мынадай шешімге келді: "Йаркенд әскерін [↑157[а]/157[б]↓] жинап, өзім бастап шыққаймын, өзім артқа шегініп қашсам, сонда барлық әскер қирап, өлім келгей. Осы жолмен Қожа Бұрхан ад-динге Йаркенд шаһарын бұзып алып беремін".

Содан бұл кеңесті көңілінде өткеріп Хазірет Қожа Жаһан-қожамның құзырына барып, арыз айтты: "Иә, әділетті Патша, па-

нам! Қашанғы бұлай қоршауда тұтқын боламыз, ақырында шаһар ішіндегі мұсылмандарға таңсық бетпе-бет шайқасқа шыққан еш пайда бермес іс. Лажы оқиғаның алдын алу керек, қазір мұның көрінісі: осыншама мүмкіндік барында жетпіс жасардан он екі жасардың арасы әскерге шығып, бір рет жиналса, Қожа Бұрхан ад-дин әскерін бір шайқаста жойып жіберсек, осы жолмен бұл жауыздардан құтылармыз" деді. Қожа [Жаһан-қожам] бастаған барлығына бұл ұнап: "Барлық мұсылмандар, сөзсіз әскер болғай" деп бұйрық етті. Жаршылар көше-көшені аралап: "Уа, халайық! Ей, Мұхаммед үмбеттері! Ей, мұсылмандар! Соғысқа дайын болыңдар, кәпір әскері біздерден көп те сансыз, жаулап алмақшы болып тұр, енді тез арада соғыс бірінші парыз болып тұр. Өлсеңіздер *шаһид*, өлтірсеңіздер *ғази* боларсыздар. Бұл соғыстан қашпаңыздар, дінсатқыш екіжүзділердің астында қалмай, қасиетті шариғаттың жазасына лайық өзіңіз жаза тартқызарсыздар. Мұхаммедке салауаты болсын" деп, жар салды. Әмір қылды, соғыс дабылын ұрды.

Бұл жағдайда Ескендір каусі, Жамшидтің кернейі, ай сипатты Кайумарс, Адам сырнайы, Кейхұсраулардың [↑157[б]/158[а]↓] айғайы, құс жолымен аспан айналымына жетті. Күлдір-күлдір даусынан дұшпандардың жүректері жүз пәре болды. Батыр, палуандар арқаланып, соғыс аспаптарын, найзаларын түзер еді. Бағзы қорқақтар, Исламға иманы әлсіздер дауысы құрып, пана таппақтың ойымен таса жайды армандар еді. Қалай болса да әр кісі бұл ең ұзақ түнді бірдей ұйықтамай өткерді.

Сонымен естімек керек Ғази-арамзадан. Түн басында [Ғази бек] Қожа Бұрхан ад-динге хат тасушыны жолға шығарды. Қожа Бұрхан ад-дин мемлекет тұтқаларымен бірге отырған кезде хат тасушы жетті. Тасушы хатты ұстатты, оқыды, мазмұны: "Пенделердің кемтары қызметкер Ғази бектің арызы: неше уақыт, неше мүддаттар өтті, бұл Йаркенд шаһарын жеңу ісіне ақылым ақыр-аяғында ойыма ыңғайлы шешім әкелді. Қазір көңілім шахристанының мәстек жүрісінен тапқыр шешім іздеген едім, жүз машақатта таптым. Енді алда ханның, Амур Синаның, Хазірет Қожа Бұрхан ад-диннің бақыт-бағы жар берсе орындалады. Таңда жеті жасардан жетпіс жасарға шейін соғысқа шығар болар, бір-екі майдан соғысқаннан кейін, мен оңнан солға беттеген болармын, қай тарапқа беттеймін сол тарапқа соғыс қылармын, әскеріме жеңіліс

беріп қашқаймын. Онан кейін қалай істесеңдер өздерің білерсіздер, шаһар ішіндегі шешімді өзім білермін. [↑158ᵃ/158⁶↓] Менің қылған қызметімді сіздер білгейсіздер. *Нама тамам уа-с-салам*".

Қожа Бұрхан ад-дин бұл қасірет әкелер хабарды аңдап, туған-туыс, қол астындағылармен бірге ырзалық қылып, соғысқа дайындық қылды. Бұл сұм хат тасушыға көп ілтипатпен уағда беріп аттандырды.

Сонымен, бұл кісілер осылай перзент, дүние-мүлкімен, бір-бірімен қоштасар еді. Тіпті бұрынғы қайрат-күштері нұқсанда еді, Мәңгіліктің [Алла] жазуында бақытсыздықтың белгісі — Сатурн бұлар тарапында еді. Оның құпиясынан ақыл-көңілдеріне зілзала, денелеріне діріл жол табар еді. Осы қамкөңілдікпен таңғы самал мұрындарына жеткенше көңілдері осындай сипатты кешті. Өздері соғыстың керек-жарағымен толық қаруланып, дарбазадан шықты. Әскерден жеңіліп қашқанша дарбаза әскер шыққаннан бос болмады. Йаркенд әскерінің адам саны 40 000-ға жақын жиналыпты.

Қожа Бұрхан ад-дин әскері де осыншама саптарында, орындарында тұрды. Сонымен Қожа Бұрхан ад-диннің әскері де неше түрлі тайпалардан еді. Бірақ Йаркенд әскерінің алдында дарияның қасында түкке тұрғысыз тамшыдай, күннің қасында қоспасы көп алтындай болып көрінер еді.

Әлқисса, бұл екі әскер дариясы бір-біріне қарама-қарсы саптарын түзді, тіпті екі жақта да ауыр сәттер пайда болды. Кей пысықтары майданда қыдырымпаздық етіп біресе оңға, біресе солға жүріп сап бұзып қозғалыс жасар еді.

Сонымен, Ғази бек сұм болмысымен кедергі қылып, [↑158⁶/159ᵃ↓] әр кез атуға мүмкіндік бермес еді. [Йаркенд әскері] Хазірет Қожа Бұрхан ад-диннің әскерін неше *фарсах* жерге қуып тастады, кәпір әскерінің быт-шытын шығаруға жақын болды. Бір тап берсе аспан астына ұшқан шаңдай қылғандай еді. Кәпір әскері жандарынан үміт үзіп, өкініштің мекеніне келді. Ешкім де Құдай жарлары жағына қадам баспай, Қуат-лағынет өз адамдарымен тасада отырып, тамаша көріп тұрды.

Сонымен Ғази бір сайға барып, әскерді жинаған болып тұрды, осы кезде Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин әскерінен бірнеше кісі Ғази қолымен шайқасқан болды. Ғази осы сылтауды ғанибет санап, туды жырғап, артқа қаша берді. Бұл жағдайды қырғыздар

көріп, артынан ат қойды, Йаркенд әскерінің қолбасшылары қайран қалып, амалсыз қарғыс айтып кейін шапты. Аспаннан әскер түсіп басып алғандай болды. Жығылғандары, өлгендері соншама, сайдың тасындай болып, қаны дария-дария болып ақты, артқы қақпа дарбазадан сыймай, бір-бірін басып-жаншып, бағзылары қоршау үстінен секіріп өтпекші болып аласапыран болды.

Хазірет Қожа Абдалла-қожам ол уақытта әскерге шықпаған еді. Дарбаза аузындағы соғыста ол өз үйінде тұрып, әскердің кемшілігін тәртіпке шақырып, шаһардың күзеті үшін тұрған еді. Бұл уақиғаны көріп, қолын санына соқты, дарбазадан [↑159ᵃ/159ᵇ↓] шығардың амалы жоқ, амалсыз қоршаудан асып түсіп, өз қызметшілеріне, алдыға Тоқал, Арус, Абдалла-қожаммен бірге неше рет найзамен аластатып, бұл адам дариясын қорқытып кейін шегіндірді. [Абдалла]-қожам [бұл тұстан] өткеннен соң бұлар [шегінген әскер] ағындай еді, бір тарапын тоқтатса және бір тараптан ұмтылып келетін. Бұл қырық мың елдік кісі қашқан халықта шек жоқ. Артқа шегінген болмыста еш сенім болмас. Амалсыз өз [қаласын] қоршауға алды, сонымен күн кеш болды. Дарбазадан кіргені саламат қалды, қалғаны өлді, [іштегілер] дарбазаны бекем қылды. [Бұрхан ад-дин әскері] таң атқанша шала-жансарларды өлтіріп, өлгендерінің киімін алып, бір-бірлеп жалаңаштап қойды.

(Түрки):

Жоқ еді осы қауымдай әлем ішінде залым-аяр,
Мұндай қасіретте ақыл да залымдық қылған.

Бұрхан ад-дин әскерінің доңыздары олжа-байлық алмаққа жақсы мезгіл, жайлы уақыт тапты.

Сонымен естімек керек Ғази арамзадан. Әскерді бұзып шаһарға кіріп, сарайында бекініп, ордаға бармады. Ғази-арамзаның әскерді бұзып қашқаны халық арасында белгілі болды. Шаһар іші барлығы қасіретте болды, еш кісі жоқтаудан ада емес еді, барлығы зарлап жылады. Хазірет Қожа Жаһан бастаған [↑159ᵇ/160ᵃ↓] барлық жақындар ендігі лажы қайсы деп кеңес қылады. Барарға жер, тұрарға тағаттары жоқ. Барарға қуатым бар-ды, тұрарға тағатым жоқ, бізге бұл жағдайды сен қылдың деп көңілі кіріптар кісілердің кеңестері еш шешімге келе алмайды. Ғазиді шақырып кісі жібереді, Ғази келмейді. Бұл күн осылайша өтеді.

Арнайы қызметкерлерден және кісі жібереді, [Ғази] бұларға: "Сіздер барыңыздар, мен де арттарыңнан барармын" деп бармайды. Барған сайын жағдай қиындайды. Қожам Хазірет уақыттың ұлысы Ахунд Омар Бақиды шақыртып айтты: "Ей, құрметті ғұламалар, барып хакім Ғазиді ақыл-насихатпен алып келгейсіз. Мақсаты не келмейтін, біз бір-біріміздің хақымызда қиянат қылмасқа Калам Алла Шарифпен ант-су ішкенбіз. Ештеме де жоқ, келіп бір рет айтса, біздің осы шаһарда тұрғанымыз дұрыс па, не пана іздегеніміз дұрыс па? Егер шықсақ қайсы тарап дұрыс. Талай жылдардан бері Хақ тағамын бірге жеп, Хақ Каламын бірге оқыған едік, мұндай қиын уақытта бізден жүз бұрғаны жөн емес. Біздерге опа қылғай, мұсылман мұсылманның бауыры, шын жүректен достық ниетіміз екіжүзділік емес. Алланың жазғаны болар.

(Түрки):

Достық құру үшін сенімді ақтар күн керек.
Қарыз берген сатушы, қарызын талап еткен достан жақсы.
Жаран болар қолын беріп қиналғанда демеген
Дос көздері қасымның назарындай емес, қызғанышы кем түсер.
Бермес, алмас, жемес, көңілі таза сүйіктінің көзі.

Екі күндік фәни әлемі үшін дінді дұшпанға сатпақтық ақылдылар ісі емес. Осынау қиындықты қисса [↑160ᵃ/160ᵇ↓] ұзақ, қысқартқан дұрыс болар, әуелі ақылға ишарат деп ахундқа баруға рұқсат берді.

Ахунд келіп, Ғазиге кеңес-насихат берді, әр тараптан сөз айтты. Кеңес ақырында шешім тауып, Ғази бек бармай: "Шахзадалардан қорқамын, әртүрлі сөздер құлағыма жетті, екі-үш күн көңіліме тыныштық беріп, одан кейін барғаймын" деп жауап берді. Таңға дейін уақыт өтті, бірнеше қызметшілері ахундты шақырғалы келді. Азар бергелі тұрған қызметшілерді тоқтатты. Ғази бектің қызметшілері жиналып және шаһар ішіне сенімсіздік және қиянатшылық доңыздары бар еді, олар да жиналып, әр кез ол жиылысқа сыртан кісі жолатпады. Шаһардың осы жағындағы палуандарын жинап алып, Ғазидің сарайына кіріп барды. Орда жақындарынан кісі кездессе өзгеше мінез көрсетер еді. Бұл оқиғаны барып көрген қызметшілер ордаға мәлім қылды. Бағзылары бақытсыздықтан Ғазиге қарғыс-сөгісін жаудырды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бастап бар-

лығы оны ұстап дарға тартпаққа ұйғарды. Хазірет Қожа Жаһан-қожам айтады (түрки):

Көңіл әртүрлі арыздан тыншымас еді,
Риза күйге қойдым қадам, көңілімді тындырдым.
Іс орнынан өтіпті достар сөкпеңіздер,
Әрнеге тағдырдың қазасы бар, енді оны көргеймін.

Өйткені Ғази бек хақында қиянат етпеске [↑160⁶/161ᵃ↓] ортада өскен ол біздің хақымызда мұндай жапа мен қиянат қылса мен оны Құран антына (қасам), ата-бабама тапсырдым, көрейік Ғази осы аймақта бір, не жарым жыл тұрғанын. Бізге қылған әр ісіне бізден артығырақ жаза келер ол малғұнға. Бұл уақиғалар топаны жалғыз біздерді суға кетіргей. Бұл айдаһар-бәле біздің ел-үй әулетімізден артық дәм татқай. Мұнда не дос, не дұшпан, не кәпір, не мұсылман, не *мүрид*, әйтеуір бірі қалғай. Бұл от қауымға бір рет тұтасқай.

Бәйіт (түрки):

Ғашық бүлікшілім етті күшті сиқыр, ей ақыл,
Жетті жерге күн жетектеп арыстан, ей түлкі қаш.
Бүгін ғашықтың жылау-сықтау күні,
Бұл топанды рауа ет, дүние айналымы тоқтамайды.

[Ысқақийа қожаларының қазаға ұшырауы]

Ахунд Омар Бақи келіп Ғази арамзаның арамза сөздерін жеткізді, оның тарапынан саясатшыл сөздерін баян қылды. Ахундтың сөздеріне үндемей, рұқсат берді. Бұл кісі барлық ұлы шахзадалар, туысқандарымен неше мәртебе жиналып, қорғаныс мәселесінде әртүрлі кеңестер айтылды, бағзылары "осы шаһар ішінде тұрғанымыз жақсырақ" деді. Ал Хазірет Қожа Абдалла-қожам мен Шихаб ад-дин Букаул айтты: "Барып Ғазиді сарайында қоршап ұстап алғаймыз, Ғази бекті алғаннан кейін дұшпан өкініште қалар, келуге бата алмас. Егер шегінбесе шаһарды бекем еткеніміз дұрыс болар". Бұл мәслихат мақұлданбады. "Дұшпан күші тысқары болса және бұл есепте жеңіліс біздің тарапымызда болған болса және [↑161ᵃ/161⁶↓] шаһар ішінде осындай жедел соғыс қылмақтық бұл да мәслихат емес" дер еді. Ақырында кеңестері былай деп ұйғар-

ды: "Қазір жолға шығып жазираны кезер болсақ, дарияны өтсек, пәлен таудың ішіндегі үңгірге кірсек. Үңгірдің аузы бар, бірақ іші кең, отын-суы ішінде, неше жыл тұрғылық қылсаң таршылық көрмейсің. Егер бір кісі шайқасып үңгір аузында отырса дұшпан жүз мың болса да ешқашан жақындай алмас. Дұшпандар тоқтап біздің артымызға түскенше біз үңгірге кіріп алармыз" деп үкім қылысты. Тағдырдың қазасы қайдан, қашан боларын білмеді.

Осы кеңеспен амал қылып пана тұтарға шешім қылды, бағзысының баласы білетін болды, бағзысының атасы білетін болды, ұлы бейқам қалды, осы көпшілікте біреуі атқа мініп, біреулері түйеге мініп, енді біреулері мінгесіп, кейбірі жаяу жүретін болып, сапар жабдығын дайындады. Құдіретсіз жолдастар осынау кемқастықпен Масқара дарбазасы арқылы шығып Қарғалық жолымен сапарға аттанды. Біршама тура жолмен жүріп шеңгел тарапына жетті. Ол жерде қырғыздар тосқауыл қылған еді.

Осындай қиындықпен шеңгелдіге кірді. Бұл шеңгелдің суретін қысқаша айтсақ онда не аспан, не төрт тарап көрінбес, [↑161⁶/162ᵃ↓] қорыққандары сонша, егер ата жығылса ұлы, ұлы жығылса атасы қол ұшын беру мүмкін емес, ер ерлікті білмеді, қуылған қуылғанды білмеді, тіпті қиямет сахарасынан да қиынырақ болды. Бармақшы болған жерден өтпек мүмкін емес, әрбір шеңгел ағаштарының өздері мұнда болса, бұтақтары басқа жерде жалғасып тіркесіп, оның үстіне адам баласының бұл шеңгелден шығуы мүмкін емес еді. Осы көпшіліктің әрбір ағашқа бағзыларының мүбарак денелері, бағзыларының киімдері жыртылды, қайғы-зармен неше түсті киімдерін бастарына ту көтеріп, осы жағдайда бар мүмкіншілікпен Зарафшан дариясына шықты, оны шетсіз-шексіз айдай Тиз дариясы деп те атар еді. Алдарынан қаншама [қиындық] душар болды, бұл дарияның сипаты шеңгелден артығырақ. Дарияны мұз басқан екен, ортасының мұзы түскенмен екі жағалауының мұзы әлі орнында. Тереңдігі адам бойы, тіпті одан да тереңірек. Кімде-кім, не астына мінген жануары қар мен мұзға жығылса шыға алмас еді. Шарасыздықтан тиеген заттарын жоғалтып дауыстап жылайды. Бағзыларының міністері дарияның мұзынан секіріп шыққанша үзеңгісі үзіліп артқа жығылады да, онда [↑162ᵃ/162⁶↓] шапандарымен жығылған соң шыға алмай қалады. Сөйтіп аттылардың біразы мұздап қалады. Бұған қоса қырғыздар хабар алып аңдуға түсті, әр кез аман-

шылық бермеді, қайсылары кейін қалса не панаға шықса оларды шауып таражға салып, тұтқын қылды немесе өлтірді. Шеңгелден шықса дарияның қиындығы, дариядан шықса шеңгелдің азабы, бұлардан да қиынырағы қырғыз бүлікшілдер (рафизилердің) захматы қорлады.

Бәйіт (түрки):

Көтер сақи маған бір нысан мәй,
Аспан Рүстеміндей, неше сөзді
Өткен заманнан көп арыз қыл.
Әзіздер басынан өткізген хикаят
Не істер келтіріп шахзадаларға
Барлық нәзік дене кәпірлерден азат.
Жаһанның мехнатын әуелден ақырға,
Бұлар басынан өткізді бәрібір.
Бұларға келген істер кімге келеді,
Қай кәпір мұны мұсылмандарға қылды.
Аяусыз дұшпандар, көңілі жамандар,
Қара тілді жыландар, сары шаяндар,
Бұлар басқа болды жаулап алып.
Арамза, қанішер, әрі естен ауысқан.
Бұлардың жаратылысында рақымшылық жоқ.
Өлтірер бұлар адамды рақаттанып,
Имансыз бейнесін баяндап болмас.
Жетілмеген десе болғай бұл халықты,
Қылармын олардың бейнесін имансыз,
Күнә емес жаманды сөз қылған.
Қылайын суреттеуді әуелі Сахиб Қыран,
Ләзім емес, тамаша әрбір зікір баяны.
Түсіп әзіз дүниесі
Жаулардың тобырынан болған аман.
Жоқтарға дала пана болар,
Жарын, үйін тастаған қасіретті қадамға.
Бірақ шеңгелді дала
Жәрдем етпес, шеңгелі арыстандай,
Киім жыртар шөңгірі түйедей,
Кірер аяқ-қолыңа жебесі тікенектің.
[↑162^{б}/163^{а}↓] Оянған арыстан немесе қаблан сияқты,
Шауып өтер балта сияқты.
Марапаттаушы Құдайдың сипатына арнаған

Сұлуыма бірсыпыра өлең сөзім бар.
Бұл заманның жаман бейнесін көр,
Айыра алмас жаман-жақсыны.
Перғауындарды суға кетірмес еді бұрын,
Мұса оларды саламат етер еді,
Қазір суға кетірді Мұса бұларды.
Аспан астына жүз жыл бақыт десең егер,
Түгелмес оған дейін, шегі жоқ.
Сөзіңнен аздап үзінді қыл Садық,
Бұл істердің бәрі сансыз.

Бұл шахзадалар *мүридтерімен* бірге жүз мың мехнат-машақатпен шеңгелдің [азабына] тойды.

Сонымен, әлқисса дастан естімек керек, Ғази жаратылысынан. Бұл Хазірет шахзадалар шаһарды тастап пана тұтты. Ол уақытта Ғази арамза өз жақындарына: "шаттық дағарасын ұрыңдар, шаһар тараптарына, көшелерге "Қытай хақаны дәуірі! Амур Сина және Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин" деп жар салыңдар деген үкім қылды. Өз ұлдарын бес кісімен бірге Хазірет Қожа Бұрхан ад-дин-қожамға жіберді, "бұл қожалардың әскеріне жеңіліс бермекпен бірге, шаһар ішінде өз адамдарымен бірге бұзылып бүлікшіл болып, қорқытып [Ысқақийаларды қаладан] шығардым. Тез арада әскер барып жазасын бергей, бізден өтті, енді сіздерге қалды. Олар мекенжай тапқаннан кейін пайда бермес, бәлки олардан бір жан тірі құтылса, бұл жерде сіздерді аман отырғызып қоймас. Қалған жұмысын өздеріңіз білгей" деп арызын тамам етті.

Қожа Бұрхан ад-дин бұл сөзді естіп, қуаныштан барлық жақындарын шақырып, уақиғаны [↑163ᵃ/163ᵇ↓] баян етті. Қырғыздардан Мөңкені, қалмақтардан бір жайсаңды, өз адамдарынан Йаркенд хакімі Рахман-құлыны, Йанги Хисар хакімі қырғыз Абдалланы, Сарығ Йасауылды, Бахадүр бек пәленің ұлдары Молла Йулдашты, Абд ал-Уаһһаб бектің ұлы Әбдісаттарды, Шир-Мұхаммед-Имин бектің ұлы Абд Рахман Зарқыны, мұнан өзге батырларын, рақымсыз, имансыздарды жинап артынан әскерімен жіберді. Айтты: "Тез жүріп барып жолдарын кесіп, тұтқын қылып келтіргейсіңдер, әр кез рақым-шапағат көзімен қарамағайсыңдар, сазайын тартқызып, азаптасаңдар болады" деп, өсиетін тамам қылып жолға салды. Бұл бақытсыздық жұлдызы астында туған, харам, өлігі

далада қалғыр иттер әзіздерді *шаһид* қылмақ қастық мақсатпен жолға шықты.

Сонымен естімек керек, шаһар ішінен Нийаз есік-аға орда ішінде бекітілген еді, бейшара шахзадалар дарбазадан шығысымен шынжырдан босанып, орда билеушілерінің алдына қызмет жасауға дайын болып келді.

Хазірет Қожа Жаһан-қожамның бір Айиша-бике атты гаремдегі кәнизагі (Харам хасс) бар еді. Бұлардың үй заттарын алды, одан қалғанын Ғази алды, онан қалғаны тасталды. Шаһар халқы дүниеге кенелді, ұялмаған сазбеттер, дінсіздер алды. Оның ықыласты бейшаралары жетімдікте, далада қалғандай ах ұрып, қайранда және қасіретте қалып қайғы мен зарын жасырып, білдірмеді. Бұл жерде Хазірет Мир Әлішердің шәріф бәйіттері жадыма келді.

Бәйіт (түрки):

Ішіме сырттан жүз найзағай ұрса да қорқынышым жоқ,
От салып, үй ішін кеңейту мүмкін емес.

[↑163^{б}/164^{а}↓] *Сонымен жан кешкен хикаят, жүректі аймалар қисса естімек керек.* Ізіне түскен өңкей пәлелерден жан сауғалап жөңкілген бұлар ұзақ жол жүріп, таң ата бастаған уақытта әзіздерге жетті. Бұл сүйікті әулеттер уақиғаға тап болды: бағзылары балалары қолдарында, бағзылары дүниесімен бірге атқа мінгескен, бағзысының үзеңгісі үзілген, осы қашқан күйінде оларды жаман ниетті дұшпандар алты жақтан қоршап алды. Бұл шахзадалар мыңға жуық кісі еді, бірақ кейбір иманы нашарлар қашып, кейбір иманы беріктер азайып, бағзылары хадис айтып бес жүзге жақын кісі қалды. Сонымен бұлардың ішінде көпшілігінде тағат қалмады. Екіжүзді, діннен безгендерге тағы душар болып, соғысты.

Ол арқыраған арыстан, сапбұзар және сапқиратар Рүстем Дастан, кісіні аяғынан жығар қызба, яғни Хазірет Қожа Абдалла-қожам бұл шахзадалардың қайраты мен рухын бірнеше батырлармен серік қылып оңды солға, солды оңға соғып, ортаға да, артқа да шауып өлікті үйіп, дұшпандарға шапты. Бұл батырлардан өзгелер әрқайсылары өз халдерінше дұшпан тарапына (шауып) шетте қалмайды.

Хазірет Қожа Жаһан-қожамның Шарифа-ағаша атты сүйікті кәнизагі бар еді, бәрінен бұларға ерекше мейірбан еді, бар уақытта шетінде кәнизагімен жеке қалар еді. Барлық қызмет-қажетінде

бұлармен болар еді, ғашық еді, [↑164ᵃ/164ᵇ↓] шайырды бұларға арнап айтар еді. Бұл кісі жүкті еді, тастап кетуге қимай алып шыққан еді. Бұларды қорғайтын осыншама қызметшілері бар еді. Жағдайды тамаша қылмақ керек, бір қатты нала мен зар дауысы келеді, оқиға былай екен: бұл ағаша күтпеген жерден толғатыпты, амалсыз бейшара аттан түсіп, босанғалы отырыпты. Бұл жағдайда өз қызметшілерінен біреуі келіп атты алып кетіпті. Арттан адамжегіш көп дұшпан да қаптап келеді. Ілгері кеткен шахзадалардың бұл жағдайдан хабары жоқ еді. Әрі арттарынан жау келіп қалған бұлардың өздерінде де қуат-амал да, ешкімнің айғайына қарайтындай жағдайы да жоқ еді. Сөйтіп бұл бейшаралар отырып қалады.

Сонымен шахзадалар жағдайында хикаят естімек керек ол Рүстем Дастан, Шахрийар Зухур, Хазірет Хайдар Каррар, яғни Хазірет Қожа Абдалла-қожам өз қызметшілерімен бұл сансыз дұшпан күшіне қирата соққы берді. Дұшпандар қайсы тарапқа шабуыл қылса, сол тарапта ерлік көрсетіп, садақпен атқан әрбір жебесі бір дұшпан батырына тимей текке кетпес еді. Әлқисса, осындай арпалыс намаздыгерге дейін болды, бұл тарап неше кісіден айырылды. Осы күйде Зарафшан дариясы жанына келді, алдарындағы дұшпандар ілгері барып дарияның таяз тұсынан мылтық атып тұрды. Сүйікті әулеттер [↑164ᵇ/165ᵃ↓] амалсыз бейшаралар дарияның жеңіл жерінен өтпекке бекінді. Бұлардың алды суға батып, біреулері енді кетіп барады, бұл жағдайда тасадағы дұшпандар тағы шабуыл жасады. Мұны көрген Әділ Шах Дарханның ұлы Исмаил бек Хазірет Қожа Жаһан-қожамның жақындарынан еді. Бір топ халықты бастап дұшпанға қосылды. Мұны көріп мұсылмандар шошыды, дұшпандар тағы қуат алды, тағы ат қойды. Хазірет Қожа Абдалла-қожам бес қайтара кәпірлерге шабуылдады. Дұшпандар да қайтпай келер еді. Бір адырна тартып, жағын бос қылып тұрады, тіпті әлі де қорықпайды. Оқ атады, оқ келіп бұның сауытынан ұшып өтіп, бір жердің шетінде ғайып болды. Мұны көріп дұшпан-пәлелердің естері шығып кетті. Барлық бектер артқа қашты, бұл пәлелер айтушы еді, "ешкімнің күні өзіне қайта келмес, қабыл көрмес" деп. Бұл шахзадалар хақында қатал, мейірімсіздер бастап соғысқа кірер еді. Бұл пәленің қолынан неше мұсылмандардың қаны төгілген еді, оның қаруы екі жебе, екі ұлпақ және қалқан. Сонымен сауыт

болаттан, жарақтан өтіп жерде ғайып болғанын дұшпандар көріп ақылдарынан адасып, тағаттары таусылып, жігерлері жасыды. Сонымен Хазірет Қожа Абдалла атын қамшылап, ол пәленің атының үзеңгісін алып қалған жерден қол созып дулығасын [↑165ᵃ/165ᵇ↓] алып беліне байлады. Айбалтамен шауып еді, балтаның басында сауыт байланды, неше қадам жерге сүйреп келіп дарияға тастады, ағып кетті, дұшпандардан айғай-шу шығып, нешеуі бұл пәленің өлігін алмаққа ерегесіп кетті.

Мұсылмандар үш бөлек болды, бір бөлігі дариядан өтті, бір бөлігі дария ішінде, бір бөлігі бұл жағада. Хазірет Қожа Абдалла-қожам айғай салып тұрды: "Ер болсаң бері кел, кәпірлерден қашпа, өзіңді оққа тұтып бері кел, қашсаң өлтіреді, қашпасаң да өлтіреді, өлімнен өзге шара жоқ, сондықтан қорлық-зорлықпен өлгеннен пышақтасып, құшақтасып өлген артық" деп айғай салады. Бірнеше қызметшілерден басқасының құлағына ештеңе кірмейді. Әр кісі өз жанының қамында және басқада ісі жоқ, әрне қылып өзін ілгері алып, дұшпандардан жырақ болмақта. Ақырында дұшпандардан қарғыс жетіп қашқаннан соң төрт тараптан қоршап ұстамай қоймайды. Сондықтан әулеттерімен бірлескен бұлардың бәрі қанша асығыс жүрсе де дұшпан жетпей қоймады. Өйткені аттары тың жау салт, жеңіл жүрер еді. Хазірет Қожа Абдалла қанша [↑165ᵇ/166ᵃ↓] жүрекжұтқан батыр болғанымен, жүз мың дұшпанға төтеп беру қиын болды. Бір тарапты қайтарғанша, келесі бір тараптан келіп ойран салатын.

Әлқисса, Хазірет Қожа Абдалла-қожам көп айқай қылды, ешкім де құлағына ілмеген соң, көп шығынмен дарияға кірді, дұшпандар мұны көріп су жағасындағы мұсылмандарға ұрынды. Хазірет Қожа Йусуф-қожамның, *Алла оған рақымды болсын*, кіші ұлының есім шәріптері Қожам Бұрхан ад-дин еді, бірақ Ерке-қожа атымен белгілі еді. Бұл шахзада әлі дария жағасында еді, кәпірлерден бір пәле келіп соншама садақ атты. Шахзада атының басынан төмен жығылып, *шаһадат* дәрежесіне аяқ басты. Мүбарак тәні дұшпан аяғы астында қалды. **Біз Алланың пендесіміз және оның алдына қайтып барамыз**[297]. Ол кәпір айбалтамен басын шапқан еді. Молла Йулдаш дегеннің ол жерде басына оқ тиіп өлген еді. Бұл істерді

---

[297] Құран Кәрім, 2: 156.

көріп мұсылмандардың зәресі кетті, амалсыз барлық бейшаралар өздерін дарияға салды.

Сонымен тамаша көрмек керек. Ол арыстан жас шайқаскер Қожа Назар-қожамнан. Ол шахзаданың *шаһадат* дәрежесін тапқанын көріп көзі қарауытты, тіпті ес-түссіз болды, көзі қан толған кеседей, ұрғашысынан айырылған арыстандай көзінің ақ-қарасы көрінбей, сонша сада қ атып, [↑166^{a}/166^{б}↓] найза ұрды. Кескін-келбеті ерекше келген еді. Әрнеше зор қылғандар пәлеге тура келмеді. Дұшпандар бірсыпыра түрлі *фирқа*, тайпадан еді. Амалсыз Қожа Назар-қожам қол салып шахзаданың мүбарак денесін атпен алып жүрді. Дұшпандар тасадан шабуыл қылып, бұл жағадан шабуылдады. Денені дариядан алып өтуге болмады, түсетін, шығатын жері жоқ, тереңдігі адам бойы еді. Құрғақта дұшпан аяғында әлде дария ішінде қалған жақсырақ па деп жерді қойып, дарияға түсті. Хазірет Қожа Абдалла-қожам дария ішінде еді, бауырларының мүбарак денелеріне көзі түсті, батылданып бір қарады да, екінші рет қарамады.

Сонымен дария ішіндегі тамашаны көрмек керек. Мұнша халық дарияға кіріп еді, судың тұрған жеріне келгенде артына қарап тұрып, ұлыланып мұсылмандарды көтеріп кетті. Бір ұлы айғай аспанға жетті де, батып кетті. Бұл дінсіз дұшпандар өткен мұсылмандардың бағзыларын ұстап алды, өлгені *шаһадатқа* жетті, бағзылары дарияның саясында аман қалды. Қожа Назар-қожам дария ішіне кетіп бара жатқан еді. Дұшпандардан бірнеше кәпір дария ішінде жасырынған еді, бір зорлықшыл дұшпан келіп артынан найза салды. Кеудесіне киген екі бөлек ұлпағы бар еді, найза өтпеді. Екі аяғын үзеңгісіне салып күш-қуатымен аттың үстіне мықтап отырды. Тіпті жиырма-отыз қадам жүргенше сүйреп барды. Аттан жыға алмады, екі жақтан бағзы хабардар кәпірлер [↑166^{б}/167^{a}↓] көріп, қолпаштап тұр. Содан бұл жағдайда және бір қызба дұшпан келіп, тұғырымен желкесінен ұрды. Бейшара амалсыз аттан жығылып, қырық-елу қадам жерге дейін суға ағып барды. Дарияның жағасындағы адам бойы мұздан сауыт-сайманы, киімдері [су болған] бұларды көтеріп шықпақтың лажы жоқ. Бұл жағдайды Хазірет Қожа Абдалла-қожам көріп, тәуекел етіп, сүйретіп тартып алды. Тұла бойы мұздаған екен, сол сәтте киімдерін шешіп, өзінің киімін кигізді.

Сонымен бұл әулеттерден хикаят естімек керек, дарияның арғы бетіне өтіп, шахзадалар түсіп көрді, біреулерінің аналары жоқ, бі-

реулерінің аталары жоқ, бірінің баласы жоқ. Ең қиыны Хазірет шахзадалар қараса Қожам [Жаһан-қожам] жоқ, барша қасірет, жоқтаумен айқай-шу көтерді, жер мен көк налаға толды, серіктерінің көздерінен бұлақ ақты, шеңгел ағашының шөңірлерімен, тырнағымен жүзіне жарақат салды. Көңілдері мұздап, қатты. Сонымен бұл жағдайда Хазірет Қожа Абдалла-қожам қайғылы көзімен азапталып, шахзада, азимдерге ұрысты: "Ей, надандар, бұл нала-зарды не деп қыласыңдар, мұнан көп болса онда не қылғайсыңдар".

Бәйіт (түрки):

Өзіңді өлімге қисаң боларсың күнәлі,
Күнәсіз бала үлкейгенде [атыңды] жоққа шығарар.

Айтты: "Ей, халық, бұл жамағаттан дұшпандар қолына бір кісі түссе әлбетте [↑167ᵃ/167ᵇ↓] аман қалмайды. Құдай білер, қайда болсаң да қайратты бол, ешқашан бұл тайпаның қолына түспе, не қылсаң да өлтіреді. Әсіресе саййидзада болсаң, оққа қарсы тұрып қарсылық ет, бәрібір зорлықпен өлтіреді. Абыройыңды қолдан бермей, шайқасып өлгейсің" деп айғайлап жар салды. Бұлар жылап-сықтап тыныштық тапты, бірақ бар кісі өз халімен қайғырған: бір тарапта соғыс, бір тарапта жылау-зар және бір тарапты мұңды тыныштық басты.

Әлқисса, дұшпандар тарапынан бірнеше арамза-оңбағандар дарияның бұл жағасына келісім қадамын ұсынды: "Ей, мұсылмандар, өздерің жапа қылмаңдар, келіңдер енді беріліңдер, дін-жаныңды қазаға риза беріңдер, бұл екі жақтың қожалары бір дариядан айырылғаны күнә болады, бір гүлзардан екі гүл, бір ағаштан екі миуа едіңдер".

Бәйіт (түрки):

Гүл мен тікенінің айырмасынан басым қайранда,
Гүлстанның қай жағынан келеді гүлге тікен.

Бұл арамзалар айтады: Хазірет Қожа Жаһан-қожам, тариқатсыздыққа ықтияр қылды, шариғатқа харам ниеттері болса, елдерін тура жолға салып, Үндістан жеріне дейін жеткізіп, құрмет-кереметтеріне лайық орналастырса сол тариқалық болар. Егер бұл аймақтарды ықтияр етіп, тұрақ қылып, келісімді мақұл көрсеңіздер

шахзадалар азап-қасіреттен құтылады. Енді қабыл ету қажет. Егер келіспесеңдер әне Құран-антым" деп, қырғыз Абдалла, Рахман-құлы [↑167⁶/168ᵃ↓] таулық, Сарығ Йасауылшы бұл кәпір әскерінің үш сардары жұмсақ сөйлеп, ант-су ішті.

Мұнда Мұхаммед Абдалла Букаул, Саид халифа, Шихаб ад-дин Букаул, Мырза Абд ал-Уаһһаб Хазірет Қожа Жаһан-қожамға арыз айтты, барлық шахзадалар, әзіздер жиналып, мұнан өзге еш шара жоқ десіп, амалсыз келісім берді.

Сонымен Хазірет Қожа Абдалла-қожамның көрген азаптары басылмай: "Іс басқаша болса бұл кемтар, күнәкар пенде бір оқ атса, солай өз жанын періштеге тапсырса. Бұл келімсектерге билігімізді бермесек. Шайқасып өлуді нәсіп қылсын. Не болса да маған осыны нәсіп қылсын. Бос ылаң қылып осынша соғыс қылдық, бәрі бос әурешілік болды, жеңіс нәсіп болмады" дейді.

Сонымен Хазірет Қожа Жаһан-қожам оған насихат айтады: "Ей Бабақ-ботам, енді ойыңыздан қайтсаңыз, қазаға риза берсеңіз, біздерге *шаһадат* дәрежесі мирас еді, өзгеге бақпа, менің жүзіме бағын" деп тоқтам берді. Хазірет Қожа Абдалла-қожам айтады: "Иә, ұлы Бабам, біздерге рұқсат берсеңіздер, бірнешеміз бөлек қарсы шыққаймыз, Құдай тағала жол берсе кәпірлерден құтылғаймыз. Егер біздер құтылсақ, сіздерге әр кез зиян болмас, егер барлығымыз бұл жолмен осы тайпаның қолына түссек еш жанды тірі қоймай [↑168ᵃ/168⁶↓] өлтірер. Иә, ұлы әкеміз! Бұл жаман мақсатты кәпірлердің ант-уәдесіне сенбеңіз, өйткені Ғази бектің ісінен сабақ алып, байқау қажет. Иә, ұлы әкеміз! Мен бұл сөздерді өлімнен қорқып қашпақ үшін айтпаймын, олай емес. Қазір маған жеті қат жердің тәнінен өлім артығырақ көрінер. Екі себептен бұл арызды баян қыламын, әуелі ол ата-бабамның нәсілдері жер бетінен өшпесін. Екіншіден, бұл қара ниетті залымдардың қолына түсіп қорлық-зорлық, азаппен өлгенге тағатым жоқ. Қайрат-күшіміз бар, ешқашан мұндай іске разы болмаймын".

Бәйіт (түрки):

Қылыш тартып мені жүз пәре қылсаң разымын,
Залым тасадан ұрса оған разы емеспін.

Сонымен, Хазірет Қожа Жаһан-қожам былай деп тағы уәж айтады: "Ей, перзент, бұл қылған сөздерің басынан аяғына дейін бар-

лығы тура, бірақ аспан қазасына қандай шара істерсің, ырзалықтан өзге ешқандай шара жоқ. Біздерге Алла құдіреті азалда [әуелде] осы тағдырды жазған болса, оны біз көрмей, тартпай лажымыз болар ма? Біздерге шейіттік мирас. *Әл-хамду-ли-Лах*, ниетті зая қылмай мирасымыз қолға келді, Кербала даласының қағидасын ақырғы уақытымызда Хазірет Хақ, *сүбхана уа тағала*, сый қылды".

Бәйіт (түрки):

Сұлуды таңда, құпия сұлуда болар,
Бөлінуге жанынан кім ықтияр қылар.

[↑168⁶/169ᵃ↓] "Ей, перзенттер, жан құлағыңмен аңдағайсыздар, бұл дүние фәни пайдасыз, мұның дәулеті де мәңгілік емес. Сонымен ақиреттің дәулетінің шегі жоқ, иманның бір шарты дүниенің ісінен ақирет ісіне қадам тұтпақ. Бұл дүние фәни мұсылмандардың орны емес, Пайғамбар хадисі, яғни "бұл дүние мұсылмандардың зынданы, кәпірлердің бақшасы", пайданы бұл дүние фәнидің мехнат-машақатын тартқан кісі алады, зиян мен зарар ол кісіге пайда қылар, бұл дүние фәнидің рақат, ләззаты және өзіне ұлы мұратты ықтияр етпекпен бірге, ақиреттің азабына кіріптар болса ғажап емес. Ей, перзенттерім! Ей, сүйікті ержүректерім! Бұл келген бәледен бізге ақиретте үміт бар — оның мехнатына қандай дәреже кемел келерін Құдай тағала өзі білгей. **Жан біткеннің бәрі өлімнің дәмін татады**[298] мазмұнымен бірге еш адам, еш тірі жан өлім шәрбатын татпай қалмас, біреу бұл түрде болса, біреу және бір түрде нәубет табар".

Бәйіт (парсы):

Дәуірі Мәжнүннің өтті, нәубеті мастық,
Әркімге бес күндік нәубет ол бұл жағдайда.

"Ілгері-кейінгінің еш айырмасы жоқ, бірақ мұндай өлім әр уақытта таппассың. Қазір бейнет суретінде, рақат пен ләззат өлгеннен соң мәлім болар, мехнатқа батып бақытты боламыз. Бұл дұшпандардың қолында әрнешік қорлық, жапа, азап-қасірет, қорлық-зарлық тартып өлсек, оның азабы көбірек. Бұл уақыт ізет-құрмет уақыты емес, қайрат пен ерлік уақыты емес, бірақ [↑169ᵃ/169⁶↓] са-

---

[298] Құран Кәрім, 21: 35.

быр мен көнбістік уақыты. Әр сөз орнын, әр нүкте мекенін білсін. Сабыр сансыз көп дәрежемен кемел, осынша көп мәртебе берер. Алла тағала өз Каламында хабар беріпті: **Өзі үшін күрес жолында кезіккен қиындықтарға төзе білгендерді Алла дос тұтады**[299], яғни Алла тағала сабыр қылғандарды дос тұтар. Енді соғыстан қол тартыңыздар, шараның жақсысы тәуекел еткенге көніңіздер, басымызға жазылған қазадан не келсе соны көргейміз" деп, бұл сөзді тамам қылды.

Шахзадалар жылап-сықтап арыз айтты: "Иә, ұлы әкеміз! Разымыз, Құдайға разымыз, енді тағдыр бізге не салса соған мойынсұнамыз, әрнешік жапа мен қорлықта көнбістікпен сабыр етеміз. Дұшпандардан не тариқалық істер басымызға келсе, оған риза бергейміз. Оны Құдайдан деп білгейміз, мақұлықтан көрмегейміз" десіп, қазаға риза берді. Мойынсұнып дұшпандармен келісімге келді. Сонымен Хазірет Қожа Абдалла-қожам бұнымен келіскенімен, қайрат-күші разы болмады. Бұл келіспей жедел дариядан өтті.

Рахман-құлы таулық, Қырғыз Абдалла, Сарық Йасауыл бірнеше әскер сардары жиналып Хазірет Қожа Жаһан-қожам құзырына келіп құдірет кереметін орнына келтіріп арамза, қанды тілдерін шашып, бұрынғы келісімдерін тағы арыз етті. Хазірет Қожа Жаһан-қожам бұл арамзалардың арамдығын әзірше білсе де амалсыздықтан қабылдап: "Ей, халайық, сіздердің қолдарыңызға тұтқынға түстік, енді ықтияр сіздерден, не қылсаңыздар да қазаға риза беріп тұрмыз" деді.

Бәйіт (түрки):

Көңілім тынбас еді әртүрлі арызбен,
Риза күйге қойдым қадам, көңілімді тындырдым.

Сонымен, [↑169[6]/170[a]↓] бұл арамзалар мына тұрғыда арыз айтты: "Біздердің сөзімізге сенім болмайды және куәлік болмайды. Егер ондай болса Хазірет Қожа Йахйа-қожам, басқа кісі лайық емес, Хазірет Қожа Бұрхан ад-диннің (афақийалық) өз ауызынан естуге [бізбен] жүрсін" деп, арамза айлаларымен өтініш етті. Хазірет Қожам Патша [қожа Жаһан] рұқсаттан өзге еш лажын таппай, амалсыз қабыл қылып Қожа Йахйаны шақырып, мүбарак маңдайынан

[299] Құран Кәрім, 3: 146.

сүйіп: "Барыңыз, сізді Құдай мен Пайғамбарға тапсырдым" деп рұқсат берді. Хазірет Қожа Йахйа-қожам барлық шахзадалармен қол алысып көрісіп, бір-бірлерінен ризалық тілеп, жылап-сықтап, қалың дүшпан арасына кіріп, аттанып кетті. Күн кеш болды.

Бүл сүйікті әулеттер халін көрмек керек. Әрбір отбасынан кісі шығын болды, көбі дарияға батқан еді, әркім өз қайғысымен қамыққан күйде еді. Киімдері су болған мұсылмандар шешіп, киімдерін құрғатар еді. Бағзылары мінген аттарын сойып кәуәп қылып, жақындарымен тамақтанар. Хазірет Қожа Абдалла-қожам кісі түгендегенде шахзадалардан, екеуі ересектерден, екеуі ұсақ балалардан төрт кісі жоқ болып шықты. Бұлардың *шаһадат* тапқаны нақты мәлім емес еді. Дүшпандардың әскер сардарына айтты: "Бізді өлтірер болсаңыздар бәрімізді түгел жинап өлтіргейсіздер, біздер әйел-балаларымызды бөтендердің қолында тұтқын қылып, қарап тұруға тағатымыз жоқ. [↑170ᵃ/170ᵇ↓] Біздерді бірге өлтіріп бітіріңдер, онан кейін не болса ол болсын. Бірақ біздер әлі де тіршілікте тұрғандықтан мұндай заңсыз да тәртіпсіз істерге ризалық бермеспіз, кеудемізден соңғы демімiз шыққанша ұстасармыз, мұндай келісімге риза болмаспыз" деп бірсыпыра саясат қылды. Сол сәтте залым сардарлары үйме-үй жүріп жаршылар айғайлап жар салып іздеп еді, бұл әзіздер қырғыздардың қолына түскен екен, саламат жеткізіп, шахзадаларға тапсырды.

Мұсылмандар бұл күнді жылап-сықтап, айғайлап өткізді. Дүшпандар шат қуанышпен, ырзалықпен күліп, масаттанып өткізді.

Түн ортасы ауған уақыт еді, Хазірет Қожа Абдалла-қожам Қожа Назар-қожамды, Сабыр *керек-жарақшының* ұлы Тохта-қожамды, Шихаб ад-дин Букаулдың ұлы Мырза Хайдарханды қолынан ұстап Хазірет Қожа Жаһан-қожамның құзырына келтірді де арыз айтты: "Иә, ұлы бабам, біз Сайид әулетіненбіз, әрнешік рұқсат тіледік, қабыл болмады. Енді не болар, әулетіміздің бұл үш баласына [қашып шығуға] рұқсат болса. Егер біздің нәсіліміз өлтірілетін болса, ата-бабамыздың ертеден қызметші-жарандары және халифаларының нәсілдері өлтірілмесе, бәрімізге дұғагөйлік бұларға қалса" деп өтініш қылды.

Хазірет Қожа Жаһан-қожам олардың өтінішін қабыл қылып, бұларға бата беріп, "сіздерді Құдай тағалаға, бабамыз [↑170ᵇ/171ᵃ↓] Хазірет Мұхаммед Расул Аллаға тапсырдым" деп, рұқсат берді.

Қожа Назар-қожам бұл екі баланың бірін алдына, бірін артына мінгестіріп, бір атпен пана тұтты. Дұғаның берекетінен Хазірет Хақтың, *сұбхана уа тағала*, өнеріне тамаша қылмақ керек: бұл дұшпан-қанішерлер неше қатар қоршап жатқан еді. "Сақ бол! Әзір бол!" деген дауыстары тынбас еді. Бірақ Хазірет әлемді жаратушы бұл қиянатшыл тобырдың көздеріне топырақ ұрып еш кәпір сезбеді, бұл үш кісі жүре-жүре қырғыздардың жеріне өтіп құтылды.

Сонымен, таңғаларлық қисса, ол Пайғамбарлар көсемі, қасиеттілер ішіндегі көрнектісі, яғни Мұхаммед Мұстафа, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, Меккеден Мединеге көшерінде (хижра) неше қатар кәпірлер қоршап жатқан еді. "Бұл кәпірлер өлімінен қашып, Хазірет Әбу Бәкір Сыддықты, *Алла оған риза болғай*, жолдас етіп, пәлен таудың ішіндегі үңгірге жасырын. Кәпірлер ұйықтап бейқам болғаннан кейін, оларды қателестіріп Мединеге барыңдар" деген аян түсті. Анхазірет, *салла Аллаһ ғаләйһи уа-саллам*, айтты: "Иә, бауырым Жәбірейіл, осыншама сақ кәпірлерден қалай құтылуға болады?". Хазірет Жәбірейіл, *ғаләйһи-с-салам*, Құдайдың бұйрығымен баян қылды. Қаһарман Хазірет Расул, *ғаләйһи-с-салам*, бір уыс топырақ алып, Фатиха сүресін дем қылып, кәпірлердің басына шашты. Хақ тағаланың құдіреті осылай көрініс берді, барлық кәпірлер тіпті өліктей болды. Хазірет Расул, *ғаләйһи-с-салам*, Хазірет Әбу Бәкір Сыддық, [↑171ᵃ/171ᵇ↓] *Алла оған риза болғай*, тыныштықта кәпірлерді таптап құтылыпты. Осы уақиға кезінде бұл аят түсті: **Іс жүзінде оларды Құдай құртты, сендер атқан оқ тиген жоқ, бәлкім, Алла атқан оқ тиді**[300], яғни сен жұдырықпен ұрмадың, сенің бейнең көрінгенмен, Құдай тағала соқты, бұл ақиқат. Бұл үш халифазада және хадимзадаларды (қызметшілердің балалары) Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, өз панасында сақтады.

Сонымен бұл шахзадалар халінен естімек керек. Бұл түнді бірсыпыра қиындықтармен өткерді, таңда дұшпандар сардарлары келіп, шахзадаларға айтты: "Енді мұнан көшіп Йаркенд шаһарына ұлы жолға шығып, барып Қожа Бұрхан ад-динге бас иесіздер, қандай жолмен хүкім қылса сол жолмен тұрарсыз. Қайсы шаһарды ілтипат қылса, сонда барып тұрарсыздар" деп арамза айлаларын кеңес түрінде айтты. Шахзадалар парасат нұрымен сезіп "бізді қайсы

---

[300] Құран Кәрім, 8: 17.

қорлық пен зорлыққа, қайсы азап-қасіретке салып барарсыздар, оның шегін Құдай білер, білдіртпейсіздер" дер еді. [Олар] тағы айтты "Жарақ-жабдық, соғыс қарулары сіздерге енді қажет емес, көтеріп жүргенше біздерге беріңіздер, оларды біз алып барсақ" деп алдап-сулап жарақ-жабдықтарын алды.

Әлқисса, шахзадалар амалсыз артынан еріп, жолға шықты. Намаздыгерге дейін жол жүріп Ақтам деген жерде бір қорыққа түсірді. Сонымен, жаршылар дауыстап сөз таратады: "Күнәкарларға жолағанның әрбірі күнәкар, жанасқанның әрбірі күнәкар" деп. [↑171^{б}/172^{а}↓] Бұл себептен ешкім, тіпті достары да бұларға қарай алмас еді. Олар Хазірет шахзадаларды бір үйге түсіріп, отырғызыпты. Бұларда тамақ қыларға азық, не от жағарға отын болмады, аштық күшейіп, шөлдейді. Әсіресе кіші балалардың нала-зарына жан-жігерлері өртенді. Дұшпан әскерінің сардарларына кісі жіберді: "Бұл не деген зұлымдық, не деген дәстүр, не деген әділетсіздік. Кәпірлер дәстүрінде де кіші балаларға өлімді дұрыс көрсе де, азаптау әдет емес-ті" деп, бірсыпыра сөкті. Екі тал жас қарағаш береді. Бұтақтарын сырып тастап, бұл әулеттер әр қанша шақпақ жағады, үлкен машақатпен, тал-талшықтарымен отты тұтатты. Амалсыз бір-екі атты сойып кәуап қылмақ болды, бұдан түк шықпады. Амалсыз болып Хазірет Хақ, *сұбхана уа тағала*, дәргаһына нала-зар етті. Машақатқа сабыр-көнбістік қылып отырды. Ақыры бұл кешті осындай мехнат-машақатпен өткерді. Таңертеңгісін әскер сардарлары келіп көшіруге қам жасады, бұлардың жарамды заттарын, семіз аттарын алып, арық аттарға мінгізіп, көшіріп алып жүрді.

Сонымен Мөңке қырғыз ұрығынан уақиғаны естімек керек. [↑172^{а}/172^{б}↓] Бұлар артынан жетіп келіп, талан-тараж салды, тіпті нағыз қиямет болды, дұшпан әскері қаншама тоқтау қылса да олар қабыл етпеді, күнәкарлар "әуелі қуып ұстаған кісі біз болсақ, оның жапасын біз тартсақ, олжаны сіздер алып, біз құр қол қаламыз ба?" деп, ешкімді назарына ілмей, бағынбай, бүлік шығарды. Бұл мұсылмандарда бер деген нәрселерін бермеуге тіпті шара жоқ. Қанша тырысқандарымен мүбарак бастарынан, үстерінен киімдерін шештіріп алып, ешқандай рақым қылмайды. Бұл қатты суықта тоңып, өліп қалар демейді, тіпті аналарының құшақтарынан балаларын тартып алып, найзаға шаншып тастайды. Осындай азап-қасі-

ретпен намаздыгерге дейін жол жүріп, саны көп адамды ауладағы жаңа салған ұра сияқты тұрғызған, төбесі аласа қораға түсірді. Бұл хайуандарды қамайтын қора екен, киімдеріне нәжістері жұғыпты. Шахзадалардың әрқайсысы өз жақындарымен түсіп отырды. Ерлер жүдеп, пұшайман болды. Сонымен бұрынғыдан да ауыр күйге түсті: ішіп-жейтін ештеңе болмады, отын болмады, ұсақ балалардың нала-зарына [↑172ᵇ/173ᵃ↓] шыдау мүмкін емес еді. Жігерлері құм болды, тастары еріді, ал бүлікшілердің көңілі қатты тасыды.

[Билеушілер мен әулиелерді мадақтаған мәснәуи (түрки)]

Көтер сақи, маған ыдысыңды алып кел,
Мұндай сөзден ессіз мас болған жақсырақ.
Бұл сөзге тағатым жоқ болып,
Қашан қылмыскер бұл істерді қылмақ,
Маған жүз келтіріпті бос жақ.
Тілімде қалмайды сөз де, орнында көзім,
Дін тамшы-тамшы тәнімде жас,
Талассыз өлді діл мен жан.
Каламды алып, пәршелеп жыртты,
Онан жүзі дымды қағаз болды,
Мұнан өтер қатыгездік болар ма?
Мұндай залымдықты кәпір де қылар ма?
Бұл сұмдық, бұл кесапат ол қылыпты
Жаһанға от тұтаспай қалыпты.
Бастар болса Пайғамбар әулеті
Адам баласына емес Сәруар тәжі
Ұрып кәпір елі, аштықта ұстап
Ислам қылышын, шариғат хүкіміне жария берсе
Сұраныс алса, залым елінен *баж-хараж*
Намаз бен зәуза, қажылық, зекет
Олар уақытында алды жақсы атты.
Қашан әлемдер тауып ол уақыт құдіретті ізет болып
Ей, шайырыма тараптан құрмет
Әділетте екен хақиқат дүрі
Болып Анушырванға әділ сыйлық
Заманның анасы тумады ұқсас.
Жомарттықта одан теңіз ғана жомарт түсер,

Оған тең келмес адам баласы.
Сараң атты құлы болса бұйыратын,
Десем құлқы, санасы жүз жыл
Түгелмес қысқа пәленің ақылы.
Бұл сөздерден арыз-бейнелеу емес-ті,
... мадақ иесі емес-ті.
Әзіз оған осындай шахтарға,
Хақиқат басынан білетіндерге,
Жапа мен қор етпек жөн бе?
[↑173ᵃ/173ᵇ↓] Әлсіз бен әлжуаздан сансыз
Бар еді бұлардың арасында,
Бұл қанішерлердің арасында.
Кәпір мұсылманға қылмады рақым,
Не жақсы, не жаманнан келмеді рақым.
Қатадан мұсылман бар ма еді,
Қашан жақсы-жаманы бар ма еді.
Осында еді жамандардың жаманы,
Қияда тұрған қабандардың қабаны.
Тасада бір мұсылман болған еді
Жан мұндай әділетсіздік қылған еді.
Мұсылмандар көріңдер шексіздікті
Ғажап бір теріс залым замананы.
Дегейлер бір топ мұсылман еместер
Мұндай кәпір қауымын мұсылман
Ұшырып бәлке берер бір *иршад*.
Тариқат пен хақиқаттан нышан беріп
Білер олар ілтипатын жаннат бағының.
Бақыт түсініп айтар, қылса шапағат,
Тамұқты ел білер кірер болса.
Еткендер сенім оны көп жаман,
Болар ма бұл сипаттың ешқашан да.
Емес-ті уақиға ондай болған емес,
Бұл іс — арамза, дінге қиянат.
Мұсылмандар арасы қатты жиіркеніште
Адасқандар қылды бұл істерді халыққа.
Көріңдер бұл ынсапсыздық бастан-аяқ,
Денесі оның таза емес-дүр.
Рауа білсе бір мұндайлар ісі
Мұсылман деуге болғай ма бұл кісіні?
Халал күнә сенімсіздік шәк жоқ,
Бұған шәк қылғанша, дін дәйім шәк.

Кейбіреу күнә қылса жаңанда
Таза уақытында бұл ұрпақтар
Естіп оны іңкар қылса,
Осындай пиғылдан көп ар қылса,
Дегейлер шариғатта, әне мұсылман.
Иманнан жаны-ділі ләззат тауып,
Естігенде оны егер іңкәр етпесе,
Өмірде оны бір рет таңдау қылмас.
Онда шариғат ішінде жоқ-ты зәредей иманы,
[↑173⁶/174ᵃ↓] Мұсылмандар арасында бір мұсылман еместер
Бар емес пе бұл заманда көп халайық.
Қара халық қате сенім мұнафиқ сияқты,
Өтірік шариғатты өзіне дос тұтар.
Күнә қылған жарандар ....
Дегейлер әрне қылсаң дұрыс қыл.
Біліп қылмыс, әзірше көбі қылмыс,
Бұл істер бізге сүннет-дүр бұлардан,
Қылармыз әзірше бидғат олардан.
Алла бұл халық тобына
Тура жолды нұсқап, теңізден талансыздарға,
Тура жолға салды дана тариқа аят.
Оны білсе етер ме оңбағандық,
Қылар ма еді бұл сенімді.
Білер ме Хақ елін бидғат елі,
Қашан куәландырар сүннет елі,
Мұндай істер надандықтан емес пе?
Білместік қиындығы хайуандықтан,
Бұларды дұрыс жолға салып жібер.
Олардың қынжылып сұрағанын кешіріммен қабыл ет,
Кешіргін, мейірім қылғын жомарттықпен.
Шығарғын барлығын жолсыздықтан, отқа табынудан,
Тура жолға сал, жолсыздықтан.
Ғажайып ет, иә, Раббым, бұл мінажатқа,
Баршаның қажетінен толық шығуға,
Мен күнәкар, қарабетке қыл мейірім.
Сөз айтарда бере гөр білімділік,
Баян етіп әзіздер басынан кешкенін.
Ұлы жоқтау, бақытсыздық азасын,
Мұнша мұхлис ішінде көп ғұлама,
Салады әлемге одан қасірет-қайғы.
Тесік етті денесіне дақ қалар,

Шашып бұл бүлікшілден басқа топырақ.
Дұға қайырмен жад етіп
Әзіздер рухтарына шад сыйлап.
Үмітім тамұқ отында басы биік
Болғай, жаһан халқы арасында басшы,
Замана ақырында етсең егер,
Нысана, белгіні осындай жүз бәлеге.
Замана басынан ақырына,
Адам баласының келмес ешбіріне.
[↑174ᵃ/174ᵇ↓] Алла бұл заманнан қияметкe дейін,
Адам баласының басынан ал бұл мехнатты.
Әзіздер басынан аластап бәлені,
Кетірме тасаға бұл оқиғаны.
Тамам болсын осымен бұл жоқтауым,
Құтылсын бұл бәледен әлем халқы.
Кел, ей Садық, тамам ет бұл сөзіңді,
Кетер қылғай сөзіңді һәм өзіңді.

Ей құдайым, бізді, біздің ата-аналарымызды, ұстаздарымызды, бізде хақы болғандарды және Мұхаммед, *ғаләйһи-с-салам*, барша үмбеттерін кешір! Сенің кешірімің, о, рақымдылардың рақымдысы!

Жомарт Құдай көмегімен кітап аяқталды. Екі [Алла алдында] кемтар да пақыр, кемсітілгендер қолыменен, ол екеуінің бірі — Маулана Мұхаммед Йусуф Йаркенди, екіншісі — Абд ал-Латиф. Оның (кітаптың) қожасы Абд ал-Латиф ибн Маулана Мұхаммед Йусуф, Йаркенд қаласының [тұрғыны]. Алла тағала ол екеуін кешірсін, ол екеуінің жүректерін нұрлы етсін, айыптарын жасырсын!

Бұл дұға [сауабы] жаһан жаратылысынан да ұзағырақ болсын! Әумин!

Қосымшалар

Ысқақия/қаратаулықтардың шежіресі[301]



---

[301] *Papas A.* Soufisme et politique entre Chine, Tibet et Turkestan. Étude sur les Khwajas Naqshbandis du Turkestan Oriental. Paris: Librarie d'Amérique et d'Orient, 2005. P. 285.

Афақийа/ақтаулықтардың шежіресі[302]



[302] *Papas A.* Soufisme et politique. P. 286.

Глоссарий

ағлам (а‘лам) — қазының шариғат мәселелері бойынша кеңесшісі

әдеп (ādāб) — жақсы мінез-құлық ережесі, этикет

ажам (‘аджам) — араб еместер, арабша нашар сөйлеушілер, Хорасан, Мауераннахр, Түркістанның парсы тілді мұсылман халықтары

ақида (‘ақīда) — діни қағида

амал (‘амал) — діни практика

ариф (‘āриф) — Құдай туралы құпия ілімнің білгірі

аршы (‘арш) — тоғызыншы аспан, Алла тағы

асхаб ал-хадис (аṣḥāб ал-ḥадīṣ) — хадис білгірлері мен айтушылары

афарин (āфарīн) — мақтау

ақирет (āхират) — Исламның негізгі үш тұғырының бірі, яғни “өлімнен кейінгі өмір”

ахкам шариа (аḥкāм-и шарī‘а) — шариғат үкімдері

ахл-и байт (ахл-и байт) — Мухаммед Пайғамбардың жанұясы, ұрпақтары

ахунд (āхӯнд) — медресенің аға мұғалімі

ашна (āшнā) — жолдас, серік

бад мазхаб (бад мазхаб) — өтірік мазхаб

бақи (бақā’) — мәңгілік дүниесі

батин ілімі (бāṭин) — ішкі, құпия білім

бахр (баḥр) — поэтикалық өлшем

башарат (башāрат) — болжау

бәнгі (бангī) — нашақор

бидғат (бид‘ат) — діни тәжірибеде тыйым салынған жаңалықтар

букаул (букāвул)— жоғарғы әкімшілік мансап, билеушіге берер тамақтың дәмін алып тексеретін аса сенімді қызметші

вирд (вирд) — сопы ағайындастығының қосымша намаздары

ғазал (ғазал) — мазмұнында махаббат жайы басым, жеті және одан да көп екі жолды лирикалық шумақ

ғазат (ғазāт) — қасиетті соғыс

ғазы (ғāзӣ) — Ислам діні үшін ғазатқа қатысқан жауынгер

ғайыб (ғайба) — имам немесе әулиенің құпия, жасырын күйі

ғафіл (ғāфил) — сопының жаратушыға деген ой-пікірінің дүниелік істер ықпалымен басқа жаққа аударылуы

ғибадат (ʻибāдат) — құдайға құлшылық ету

дадқа (дāдхʷāх) — би

даруға (монг. дāрӯғā) — белгілі бір қаладағы ханның орынбасары, ол алым-салықтың уақтылы және дұрыс түсіп отыруын бақылайтын болған

даст-и ирадат (даст-и ирāдат) — пірге қол беру

дәргаһ (даргāх) — Құдайдың құзыры

дәреже (дараджа) — сопылық жолдың сатылары мен кезеңдері

дәруіш (дарвӣш) — дүниеден безіп ел кезіп, садақамен күн көретін сопы

диуан (дӣвāн) — поэтикалық шығармалар жинағы

есік-аға (ишӣк-āғā) — XVI–XVII ғасырларда Шығыс Түркістандағы жоғарғы әкімшілік мансап

жабдық-басы (джабдӯқ) — әскердің жабдықталуын қадағалайтын әкімшілік мансап

жазба (джазба) — Құдайға құлшылық етуге Жаратушыдан түскен жол

жануби (джанӯбӣ) — оңтүстік

жахрийа (джахрӣйа) — Алланың аттарын арнайы формулалармен дауыстап мадақтау, еске алу

